

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 32. 001 (574)

Қолжазба құқығында

АСЫЛТАЕВА ЭЛЬНУРА БЕЙСЕНБЕКОВНА

**Қазақстан қоғамының демократизациялануы контекстіндегі
азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері**

6D050200 - Саясаттану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
саяси ғылымдарының докторы,
профессор А.С.Балапанова

Шетелдік ғылыми кеңесші,
профессор Э.Матинья (АҚШ)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2013

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	13
1.1 Бірегейлік теориясы әлеуметтік бірегейліктің құрылымдық элементі ретінде шетел және отандық әлеуметтік-саяси ойлардағы даму эволюциясы....	13
1.2 Азаматтық бірегейлікті түсіндірудегі негізгі теориялық көзқарастар.....	26
1.3 Ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастырудағы азаматтық бірегейліктің рөлі.....	46
1.4 Саяси-салыстырмалы контекстегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі.....	61
2 ҚАЗАҚСТАНДА ДЕМОКРАТИЯЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ	74
2.1 Қазақстандағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері: кезеңдері және спецификасы.....	74
2.2 Қазақстанда азаматтық бірегейліктің трансформациясына институционалды өзгерістердің әсері.....	83
2.3 Қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудың қазіргі жағдайы.....	90
3 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ	105
3.1 Қазақстан қоғамының бірегейлік иерархиясындағы азаматтық бірегейліктің орны.....	105
3.2 Азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы қазақ бірегейлігінің рөлі.....	118
ҚОРЫТЫНДЫ	129
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	132

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда Қазақстан Республикасы қоғамының демократиялануы жағдайындағы азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері мен үдерісіне саясаттанулық талдау жүргізіледі. Жұмыста қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың қажеттілігі анықталды. Автор азаматтық бірегейліктің қоғамды жұмылдыру мен мемлекетте саяси тұрақтылықтың орнығуы, жалпы ұлттық демократиялық мемлекеттің қалыптасуындағы, сонымен қатар этносаралық келісім мен бейбітшілікті орнатудағы рөлі мен орнын айқындайды. Сонымен қатар еңбекте азаматтық бірегейліктің батыс ғылымындағы тұжырымдамасына жүйелі талдау зерделеніп, Қазақстан тәжірибесіне қолайлы азаматтық бірегейліктің индикаторлары мен компоненттері анықталды. Қазақстан Республикасы азаматтарының санасында азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен нығаюына септігін тигізетін нақты ұсыныстар жасалды.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының азаматтары бірегейлік трансформациясын басынан кешіріп келеді. Онда басты назар азаматтардың бірлігі, этносаралық келісім іспеттес мәселелеріне аударылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің елдің ортақ мүддесі мен болашағын айқындайтын «**Қазақстан-2050» стратегиясы** қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім - біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған», - деп, оның маңыздылығын ашық көрсетеді [1]. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап Қазақстан халқын біріктіру, жұмылдыру жолында бірнеше жұмыстар жүргізіліп келді. Қазіргі таңда Қазақстан өзінің ұлтаралық татулығын сақтап қана қоймай, бір шаңырақтың астында олардың үйлесімді өмір сүруіне үлкен мән беріліп отыр. Ендігі мақсат - сол татулық пен келісімді сақтап, әрі қарай дамыту табылады. Осы қазіргі кезеңде азаматтық бірегейліктің, ұлттың қалыптасуы жаңа кезеңге қадам басқандығы аңғарылады. Елдің «Қазақстан - 2050» стратегиясында көрсетілген бұл қадам қазақстандық патриотизмді дамытумен тығыз байланысты. Ресми құжатқа сәйкес, қазақстандық патриотизм негізінде – азаматтық бірегейлік жатуы қажет. Ол дегеніміз - ұлты, діні, шығу тегіне қарамастан барлық азаматтардың үндестігі негізінде халықты ортақ мүддеге жету жолында жұмылдыру. Қазақстанның болашағы үшін ортақтаса әрекет етуді талап етеді. Сондықтан қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға үлкен мән берілуі қажет.

Қазақстан қоғамының азаматтық бірегейлігін қалыптастыру қажеттігі тек қана мемлекет ішіндегі тұрақтылықты орнатуға емес, қазіргі күрделі жаһандану жағдайында азаматтардың мемлекеттің толыққанды мүшесі ретінде патриоттық сезімін дамытуымен сипатталады.

Ал бұл орайда азаматтық бірегейлікке қатысты таңдаулы анықтаманың жоқтығы мәселені күрделендіре түседі. Ол өз кезегінде бірегейлендірудің ортақ механизмдерін анықтауға кедергі келтіреді.

Тақырыптың өзектілігі жетпіс жыл бойы кеңестік бірегейліктің Қазақстан Республикасы құрылған сәттен бастап трансформацияға ұшырауының жай-күйін анықтаумен сипатталады. Өйткені бірегейліктің бір түрден екінші түрге ауысуы күрделі үдеріс болып табылып және де көп уақытты талап етеді. Сонымен қатар қазіргі таңда біздің мемлекетіміздің өтпелі қоғам жағдайын ескеретін болсақ, әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени мәселелердің орын алуы елдегі ішкі тұрақтылыққа өз әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені елдегі түрлі реформалар, қоғам, мемлекет институттарының модернизациялануы қоғамда жаңа құндылықтар жүйесінің орын алуына септігін тигізді. Осы тұста елдің біртұтастығын сақтап қалу маңызды шарт ретінде қарастырылады. Сондықтан мемлекеттің күн тәртібінде өздерін Қазақстан Республикасының шынайы, толыққанды азаматы ретінде позициялайтын ұрпақты тәрбиелеу тұруы қажет.

Қазақстанда ұлтты қалыптастырудың өзіндік ерекше үлгісі қалыптасты деуге болады. Бұл көбінесе, қазіргі ғылыми әдебиеттерде азаматтық ұлттың қалыптасуымен анықталады. Осылайша қоғамның азаматтық бірегейлігінің өзіндік үлгісі қалыптасты. Дегенмен, қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті жаңғырту мен оның мәнін ашу, жаңаша көзқарас беру мәселесі орын алуда. «Қазақстанның азаматы» анықтамасының мазмұнын байыту қажет. Ал бұл тұста шынайы, бірегей, бәсекеге қабілетті Қазақстан ұлтын қалыптастыру өзекті болып отыр. Сол ұлттың бірігуінің жемісі ретінде азаматтық бірегейліктің жоғары деңгейі орын алуы керек. Себебі қазіргі Қазақстан қоғамы түрлі топтардан тұрып, кішігірім бірегейлік түрлеріне бөлшектенуімен сипатталады.

Елдің егеменділігі, биліктің легитимділігі қазіргі таңда азаматтық бірегейлік деңгейіне тығыз байланысты болып келеді. Ондағы басты мәселе халықтың толыққанды бірегей ұлт болып қалыптасуында жатыр. Ұлт өзін-өзі айқындайтын, мүдделерін қамтамасыз ете алатын біртұтас қауымдастық болып табылады. Ал біртұтас қауымдастық ортақ бірегейлікті қалыптастыру арқылы өмірге келеді. Сондықтан да Қазақстан қоғамы санасында ұлттық, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мемлекеттің егеменділігін сақтап, нығайтуда үлкен рөл атқарады.

Азаматтық, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үдерісі әр мемлекетте өзекті тақырыптардың бірі ретінде саналады. Кейбір мемлекеттер үшін мемлекетішілік қоғамның бірегейлігін қалыптастыру өзекті болса, кейбір мемлекеттер ұлтүстілік, бірнеше мемлекеттердің азаматтарын біріктіретін бірегейлік түрін қалыптастырумен айналысады. Еуропа мемлекет үшін бірегейліктің қалыптасуы еуропалық ортақ бірегейлікпен қалыптасуымен қатар жүреді [2].

Ал Қазақстан үшін қазіргі таңда басты мақсат – ел ішіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін бірегейлікті қалыптастыру.

Қазақстан ғалымдарының пікірінше, ұлттық және мемлекеттік бірегейлік арқылы ғана қазіргі жаһандану кезеңінде басқа әлемдік қауымдастық алдында Қазақстан өзінің орны мен рөлін сақтап және жаһанданудың қатерлеріне жауап бере алады. Сонымен қатар бірегейлікті сақтау арқылы елдің әрі қарай өркениетті даму мүмкіндігіне ие болады [3, 36].

Сондықтан бірегейліктің көптеген түрлерінің кең етек жаюы, жаһандық әсердің күшеюі елдің жұмылуын қажет етеді. Ал бұл орайда азаматтық бірегейлік мемлекеттің тұрақтылығына қамтамасыз ету факторы ретінде қарастырылады. Қазақстан өзінің тұрақтылығы мен ұлттын қалыптастырудың маңызды кезеңіне аяқ басып отыр. Бұл кезеңде тарихи маңызды мәселе ретінде халықтың татулығы мен келісімін орнату мақсатында барша азаматтарға ортақ құндылықтар жүйесін анықтап, азаматтылықтың берік негізін қалыптастыру жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттеу мақсаты – Қазақстан қоғамының демократиялануы жағдайындағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуының негізгі ерекшеліктері мен рөлін анықтау.

Зерттеудің алға қойған мақсатын жүзеге асыру үшін:

- бірегейлікті зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін нақтылай және қорыта отырып, «бірегейлік» ұғымына анықтама беру;

- саяси-әлеуметтік ғылымдарындағы әлеуметтік бірегейліктің ерекше түрі ретінде «азаматтық бірегейлік» түсінігінің батыс ғылымындағы анықтамасының мәнін ашу, Қазақстан саяси ғылымында және саяси шынайылықтағы «азаматтық бірегейлік» ұғымына анықтама беру;

- саяси-салыстырмалы контекстегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі мен азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері және түрлі мемлекеттердегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу кезеңдерінің спецификасын анықтау;

- азаматтық бірегейліктің ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастырудағы мәнін тұжырымдау, оның орны мен рөлін анықтау;

- қазіргі Қазақстандағы азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері мен негізгі тенденцияларын талдау;

- қазіргі таңдағы «қазақстандық бірегейліктің» мәнін ашу;

- Қазақстан қоғамының санасындағы азаматтық бірегейліктің бірегейлік матрицасында орнын анықтау;

- қазақстандық қоғамның азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған ұсыныстарды жасау мен негіздеу сияқты **міндеттерді** шешу алға қойылды.

Зерттеу нысаны - Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық бірегейлігі.

Зерттеу пәні - Қазақстан Республикасы қоғамының демократиялануы жағдайындағы азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін азаматтық бірегейлік пен азаматтық ұлтты құру, ұлттық демократиялық мемлекет құру мәселелері

бойынша зерттеулер жүргізетін отандық және шетелдік ойшылдар, ғалымдардың ғылыми жұмыстары құрайды.

Автор диссертациялық жұмыста зерттелініп отырған тақырыптың пәнаралық сипатын ескере отырып, жан-жақты жүйелі зерттеу мақсатында жүйелі талдау әдісін пайдаланды. Сонымен қатар салыстырмалы, тарихи, контент-талдау, әлеуметтік сауалнама жүргізу зерттеу әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің деректік негізін: *нормативті-құқықтық құжаттар* бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлік туралы» тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары, Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың еңбектері, «Ұлт бірлігі» доктринасы, Үкімет қаулылары құрайды; диссертацияның *эмпирикалық базасын* 2013 жылы автормен жүргізілген республикалық әлеуметтік сауалнама, контент-анализ нәтижелері, республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинағы, азаматтық форумдар, ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарының жариялаған ғылыми еңбектері құрайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу нәтижесінде келесідегідей *жаңа ғылыми нәтижелерге* қол жеткізілді:

- Саясаттану ғылымы шеңберінде Қазақстан ғылымында азаматтық бірегейлік мәселесін зерттеуде теориялық-әдіснамалық әдістер кешені жүйеленді;

- Шет мемлекеттер тәжірибесіне сүйене отырып, саяси-салыстырмалы контекстінде азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі жан-жақты зерттелінді. Зерттеу еңбегінде батыс мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері анықталды;

- Азаматтық бірегейліктің ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастыруда орны мен рөлі анықталды. Қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақтылығының басты факторы ретінде Қазақстанның демократиялық даму жолында азаматтық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері мен кезеңдері айқындалды;

- Азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы саяси механизмдер ретінде азаматтық бірегейлік трансформациясына институционалды өзгерістердің әсері анықталды;

- Қазақстан қоғамы арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы азаматтардың бірегейлік иерархиясында азаматтық бірегейліктің орнын анықтау арқылы қазақстандық бірегейліктің мазмұны ашылды;

- Мерзімді басылымдарға контент-талдау жүргізу нәтижесінде «қазақстандық» бірегейліктің қалыптасуына кешенді зерттеу жүргізілді;

- Тұрақтылық пен этносаралық келісімнің негізі ретінде Қазақстан қоғамының санасында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру жолында нақты тәжірибелік ұсыныстар келтірілді.

Ғылыми зерттелу деңгейі. Азаматтық бірегейлік мәселелерінің зерттелуі ең алғаш батыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс табады. Бұл жалпы «бірегейлік» ұғымының өзі батыс ойшылдардың еңбектерінде орын алып, алғаш рет ғылыми айналымға ене бастағанымен тығыз байланысты. Бұл орайда

«бірегейлік» ұғымы мемлекеттік пайда болуымен тұспа-тұс келіп, «азамат», «азаматтық қоғам», «демократия» ұғымдары шеңберінде қарастырылып келді.

Ғылыми еңбектерді талдай келе, көптеген ғалымдар азаматтық бірегейлік ұғымының ұлтты құраудағы орны мен рөліне назар аударғандарын байқаймыз. Бұл бірінші кезекте «ұлтты» құраудағы «азаматтық ұлтшылдық» идеяларымен сабақтаса келді [4]. Өйткені ұлт батыс мемлекеттерінің тарихында мемлекетті құраушы басты категория болып табылды. Осы орайда саяси ғылымдардың негізгі зерттеу объектісі болып табылатын мемлекет ұлттың жемісі ретінде көрініс тапты.

Қазіргі таңда тек қана саяси ғылымдарда емес, әлеуметтік-қоғамдық ғылымдарда азаматтық бірегейлік тақырыбы жазылған зерттеулер айтарлықтай көп емес. Дегенмен, қазіргі кезеңде, әсіресе, посткеңестік мемлекеттерде әлем сахнасында тәуелсіздікке жаңадан қол жеткізген мемлекеттер үшін азаматтық бірегейлік мәселелерінің өзектілігі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда тек батыс ғылымында ғана емес, әлемнің түпкір-түпкірінде азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың әдістері, индикаторлары, ерекшеліктері, компоненттері зерттелініп келеді.

Әр мемлекеттің зерттеушілері азаматтық бірегейлікті өздерінің тарихи, әлеуметтік, экономикалық, саяси жағдайларына байланысты өзіндік зерттеу мен түсіндіру дәстүрлерін қалыптастырды. Кейбір ғалым, ойшылдар азаматтық бірегейлік ұлтты орнықтыруда жалпы ұлттық, тең құқықтық, еркіндік, бостандық құндылықтары арқылы қарастырса, зерттеушілердің басқа тобы азаматтық бірегейлікті саяси әлеуметтенудің көрінісі немесе патриотизмнің көрінісі ретінде зерделейді. Яғни қазіргі таңда азаматтық бірегейлікті зерттеу, қолдану аясы күннен-күнге кеңейіп бара жатқандығын байқауға болады. Дегенмен, қазіргі таңда азаматтық бірегейлікке анықтама беруде ортақ, көпшілікпен қабылданған түсініктеменің жоқ екендігін аңғарамыз. Кейбір зерттеушілер ғылыми талдау шеңберінде оны мүлдем жоққа шығарса да, ол ең көп талқыланатын тақырыптардың бірі болып отыр. Оған шетелдік мамандар барынша көп көңіл бөліп келеді, оның ішінде мақсатын басқаша көретін, мәселені талдаудың басқа әдістерін немесе басқа терминдерді («американдық арман», «еуропалық идея» және т.б.) қолданатындар да бар.

Дегенмен, қоғамдық, гуманитарлы ғылым салаларында азаматтық бірегейлік ұғымына берілген біржақты, ортақ анықтама жоқ. Әр ғалым бұл феноменді әртүрлі қырлардан қарастырып, аталған ұғымның күрделілігін дәлелдейді.

Азаматтық бірегейлікті қозғамас бұрын, жалпы бірінші кезекте «бірегейлік» терминінің бірыңғай анықтамасы жоқ екенін байқауға болады. Ол қоғамдық ғылымдардың әр саласында өзіндік зерттеу пәні мен әдістерін қамтиды.

«Бірегейлік» ұғымын зерттеп, түсіндірме жасап, талдаған ғалымдардың алғашқы легіне психология саласындағы З. Фрейд [5.], Э. Эриксон [6], А. Раттанзи мен А. Фоникс [7], Дж Марсиа [8], Э. Фром [9] және т.б.сынды ұлы ғалымдарды жатқызуға болады.

Ал «бірегейлік» ұғымын әлеуметтік интеракционизм шеңберінде қарастырған зерттеушілердің қатарында Дж. Мид [10], А. Тешфел [11], Дж. Тернер [12], М. Шериф [13], Ч. Кули [14], У. Джемс, А. Гидденс [15], Г. Брейкуэлл [16] және т.б. табылады. Л. Краппман [17], Э. Гоффман [18], Е. Гелнер [19] сияқты ғалымдар индивидтің бірегейлігін сақтау мен басқара алу мүмкіндігіне назар аударып, микроәлеуметтік ортада индивидтердің өзара әрекет нәтижесінде азаматтық бірегейлікті зерттейді.

Бірегейлікті модернизация мен интегративті дәстүр тұрғыдан қарастыратын тұжырымдама шетелдік С. Лаш пен Ж. Фрайдман [20] өздерінің «Модернизация және бірегейлік» («Модернизация и идентичность») атты еңбегінде, сонымен қатар Ж. Буркит [21], М. Хоггс [22], К. Седикидес [23], Р. Аткинс, Д. Харт, Т. Доннелли [24], М. Бамберг [25], М. Бернштайн [26] және т.б. сияқты авторлардың назарында болды.

Бірегейліктің біздің зерттеуіміздегі азаматтық түрі де ғылымның әр саласының дамуымен қатар түрлі қырлардан сипатталып келді.

Осы орайда азаматтық бірегейлік мәселесі ең алғаш батыс ғылымында үлкен талқылауға ұшырады. Көптеген ғалымдар азаматтық бірегейлікті ұлт қалыптастырудың нәтижесінде пайда болған субъективті сана-сезім болып табылады деп есептеді. Сонымен қатар азаматтық бірегейліктің азаматтық ұлтты қалыптастырудың жемісі ретінде түсіндіретін ғалымдар саны ұлғая бастады. Осы орайда ғылымға өз үлесін саналы таңдау (rational choice) дәстүрі қосты. Аталған дәстүр көбіне Д. Лайтиннің [27] еңбегінде көрініс табады. Ғалымның еңбегінде тіл мен азаматтық бірегейлік арасындағы арақатынасы талқыланып, тілдің бірегейлікті қалыптастыруда орны анықталған. Азаматтық бірегейлікті саналы таңдаудың жемісі ретінде зерттейтін ғалымдардың санатына Т. Куран [28], К. Чандра [29], Р. Брубейкер [30], Дж. Гибсон [31], Д. Сирс [32] және т.б. қосылады.

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуын либералды бағытта, яғни азаматтардың бірегейлігінің мемлекеттегі азаматтық қоғам, еркіндік, сонымен қатар, азаматтық бірегейлікті «азаматтық ұлттың», халық ұғымымен синоним ретінде қарастыратын ғалымдардың ішінен И. Гердер [33], Г. Гегель [34], Дж. Роулз [35], Я. Тайлор [36] атауға болады. Аталған ғалымдар азаматтықты азаматтық қоғам мен еркіндік категориялары шеңберінде қарастырады.

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуын ұлтты қалыптастыру тұрғысынан зерттеген У. Кумлика [37], Д. Миллер [38], Ф. Фукуяма [39] еңбектерінің үлесі өте зор. Ал азаматтық бірегейліктің әлеуметтік-мәдени құрылымы тұрғысынан қарастыруда Е. Смит [40], С. Шульман [41] және т.б. еңбектері әлеуметтік ғылым дамуына, оның ішінде ұлтты қалыптастыру тұрғысында маңызды әрі құнды еңбектер қатарына жатады.

Ұлт қалыптастыруда конструктивистік әдісті әр қырынан сипаттап, ұлттың қалыптасуы белгілі бір конструкт ретінде жүзеге асады деген пікірді Э. Геллнер [42], Б. Андерсон [43], Э. Хобсбаум [44] сынды ғалымдар ұстанды.

Азаматтық бірегейлік мәселелері оның либералды дәстүрдегі түсіндірмесінде Ресей Федерациясы ғалымдарының өте өзекті тақырыптарының біріне айналуда. Бұл тұрғыда азаматтық бірегейлік

патриотизм мен азаматтылық тұрғысынан қарастырылады. Осы орайда елеулі үлес қосқан ғалымдардың ішінен А. Г. Здравомыслов [45], В. А. Тишков [46], Э.А. Поляков [47], П. А. Цыганков [48], В. Журавлева [49], Р. Анисимов [50] және т.б. атаса болады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік ғылымдарында азаматтық бірегейлік мәселесін тәуелсіздік алған жылдардан бастап көп талқыланып келеді. Бірегейлікке қатысты азаматтардың мемлекеттік бірегейлік, этностық бірегейлік және қазақ бірегейлігіне қатысты диссертациялық жұмыстар қорғалды. Дегенмен, азаматтық бірегейлік мәселесіне арналған жүйелі әрі толыққанды еңбек жоқ. Азаматтық бірегейлік көп жағдайда әлеуметтік зерттеулер қорытындылары тұрғысынан ғылыми зерттеу жобаларының есептерінде зерттелінеді. Осы тұста жүйелі түрде азаматтық бірегейлік деңгейіне мониторинг жасап тұратын ғылыми зерттеу институттарының ішінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Стратегиялық зерттеулер институты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан әлеуметтік-экономикалық зерттеулер мен болжам жасау институты және т.б.-дың қадамдарын атап кеткен жөн.

Ал азаматтық бірегейлік тақырыбы шеңберінде азаматтық бірегейлікті этносаралық келісімнің, саяси-әлеуметтік тұрақтылықтың негізі ретінде таныған Қазақстанның беделді ғалымдары Ә. Нысанбаев [51], А. Косиченко [52], Р. Қ. Қадыржанов [53], Е. Қ. Әлияров [54], В. Д. Курганская [55], М. С. Әшімбаев [56], А. С. Балғымбаев [57], Л. С. Ахметова [58] еңбектерінің бірегейлік мәселесін талқылауда ғылымға қосқан үлесінің зор екендігін байқауға болады.

Сонымен қатар азаматтық бірегейлік мәселелерін жан-жақты қырынан өз ғылыми еңбектерінде Б. Бектұрғанова [59], Г. Оразалиева [60], М. Шайкемелов [61], М. Нұрғалиева [62], Н. Романова [63], Ж. Нұрғалиева [64], С.С. Ахметова [65], Г.А. Бейсенова [66] қарастырған.

Жоғарыда көрсетілген еңбектердің барлығы ғылымда азаматтық бірегейліктің мәнін, мағынасын ашуда елеулі рөл атқарды. Қазақстан Республикасында демократиялық трансформация жолында азаматтық бірегейліктің маңыздылығы айқындалып келеді. Дегенмен, осы диссертациялық жұмыста азаматтық бірегейліктің ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастыруда, елде этносаралық татулық пен саяси тұрақтылықты орнатуда, мемлекеттің егеменділігін нығайтудағы азаматтық бірегейліктің құрылымдық компоненттеріне ерекше назар аударылады. Сонымен қатар азаматтардың бірегейлік иерархиясында азаматтық бірегейліктің орны мен рөлі айқындалып, жан-жақты зерттелінеді.

Қазіргі таңда азаматтық бірегейлікті зерттеуде теориялық-әдіснамалық әдіс-тәсілдердің әлі де жүйеленбегендігін ескеретін болсақ, біздің зерттеу жұмысымыз осы тұста әлеуметтік ғылымның ішіндегі саясаттану ғылымы шеңберінде азаматтық бірегейліктің бірінші рет зерттелініп отырғандығы ғылымдағы жаңалық ретінде есептеледі.

Жұмыстың гипотезасы ретінде қазіргі кезеңдегі Қазақстан қоғамын демократиялануы жағдайында азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен нығаюы азаматтардың саяси белсенділігі, мемлекет пен қоғам алдындағы саяси жауапкершілігін арттырып, біртұтас ұлттық демократиялық мемлекет құруға өз септігін тигізетіні туралы болжам жасау табылады. Көпэтносты және көпконфессиялы мемлекетте саяси тұрақтылықты сақтап қалу мақсатында азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі факторларына, олардың тиімділігін арттыру мен осал тұстарын жою мәселелеріне назар аудару уақыты келді. Қазақстан қоғамында азаматтық бірегейліктің қалыптасуы басқа мемлекеттерден өзгешеленеді. Сондықтан кез келген қоғамның даму сатысында ұлттың рөлі мен орны, мазмұнының ерекшелігіне байланысты Қазақстан Республикасы қоғамында азаматтық бірегейлік ұлттық мемлекетті қалыптастыруда, мемлекеттегі тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етуде ерекше маңызға ие.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Қазіргі кезеңде қоғамның бірегейлік дағдарысы орын алып, кішігірім жеке бірегейліктердің дамуымен сипатталатын Қазақстанның шынайы саяси өмірінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мемлекеттің егеменділігі мен тәуелсіздігін орнату жолында өзекті мәселелердің қатарына жатады. Азаматтық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бір түрі ретінде азаматтардың субъективті сана-сезімін білдіріп қоймай, қоғамның саяси үдерістегі іс-әрекеттерінде көрініс табады. Ол бірінші кезекте белгілі бір мемлекетке мүше болуымен қатар, мемлекеттің дамуына үлесін тигізуге мүмкіндік береді. Сондықтан азаматтық бірегейлікті этносаралық келісімді орнату мен әлеуметтік-саяси тұрақтылықты орнатуда басты құралдардың бірі ретінде қарастыру жөн. Ал бұл азаматтық бірегейлікті саясаттану ғылымының, оның ішінде этносаясат тармағының объектісіне айналдыру өзекті мәселелердің қатарына жатады.

2. Бірегейліктің оның ішінде азаматтық бірегейліктің әр елде өзіндік ерекшеліктері бар. Қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуде азаматтық бірегейліктің мазмұны, құрамдас компоненттері, индикаторлары әрқилы болады. Сондықтан мемлекет өз қоғамының азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда өзіндік ішкі тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеру қажет. Бір мемлекеттің қауымдастығында қалыптасқан азаматтық бірегейліктің үлгісін басқа мемлекеттің қоғамын біріктіруде пайдалану өзінің тиімділігін, нәтижелігін бермейді.

3. Азаматтық бірегейлік ұлттық демократиялық мемлекетті дамытуда өзіндік функция атқарады. Өйткені демократиялық принциптердің жүзеге асуы тікелей азаматтардың іс-әрекеттері, сана-сезімі арқылы орындалады. Осы орайда қоғамның санасында азаматтық бірегейлікті дамыта, қалыптастыра отырып, азаматтардың мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне араласуына, саяси шешімдерді қабылдауға әсер етуіне қол жеткізуге болады. Ал тұтас халықпен біріге отырып, қабылданған шешім ұлттың ұлт болып қалыптасуына, саяси институт ретіндегі түсініктегі мемлекеттен тәуелсіз болып қалыптасуының бірден-бір анық жолы болып табылады.

4. Қазақстан Республикасында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру өзіндік даму жолмен жүзеге асуы тиіс. Өйткені қазіргі таңда қоғамды біріктіру мен этносаралық ынтымақтастықты арттыру мәселелері елдегі әртүрлі әлеуметтік, мәдени, экономикалық және қоғамдық-саяси жағдай ескеруді талап етеді. Сонымен қатар мемлекеттегі әлеуметтік, саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету контекстінде, сондай-ақ демократиялық даму жолындағы азаматтық бірегейлік қоғамның санасындағы бірегейлік иерархиясында елеулі орынды алуы қажет.

5. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттің рөлі зор. Өтпелі кезеңде азаматтық бірегейлік мемлекеттік саясат арқылы қалыптастыруы шарт. Сонымен қатар қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда саяси институттардың үлесі орасан болып табылады. Оның ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі, үкіметтік емес ұйымдардың іс-әрекеттері және т.б. қазақстандық қоғамды жұмылдыруға септігін тигізетіні анықталды. Яғни бұл дегеніміз азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мемлекеттік тұрғыдан институционализациялануды талап етеді.

6. Қазіргі кезеңде «қазақстандық» бірегейлікті қалыптастыру этносаясаттың басты принциптері ретінде қарастырылады. Қазақстандық бірегейлік қоғамның жұмылуына елеулі үлес қосты. Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдардан бастап аталған бірегейлік елдің татулығы мен келісіміне елеулі септігін тигізді. Сондықтан қазіргі таңда азаматтық бірегейліктің қазақстандық үлгісін дамыту, азаматтар санасында нығайту қажет деп есептейміз. Қазақстандық бірегейлік тұтас ұлт (саяси мағынада) бірегейлігінің көрінісі ретінде қабылдануы қажет.

7. Азаматтық бірегейлік Қазақстанда өзінің ерекшеліктерімен сипатталып, білгілі-бір даму кезеңдерінен өтті. Әр кезең өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлармен сипатталды. Аталған факторлардың әсерінен азаматтық бірегейліктің де негізгі компоненттері күрделі өзгерісті талап етеді. Өйткені қазіргі кезеңде мемлекет өзін тәуелсіз, егеменді ұлт ретінде анықтап, ұлттың қалыптасу үдерісіне үлкен мән беруі қажет. Қазір ұлт құрудағы азаматтық бірегейлік мәнінің толығын қажет етеді. Азаматтық бірегейлік ретіндегі қазақстандық бірегейлік пен мемлекет құраушы қазақ ұлтының бірегейлігі бір-біріне қарама-қайшы емес, бір-бірін толықтырып отыратын ұғым ретінде қабылдау қажеттігі орын алуда.

Диссертацияның теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы қазақстандық гуманитарлы ғылымдарда азаматтық бірегейлікті зерттеуде алғаш рет теориялық-әдіснамалық негіздер жасақталуымен анықталады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық бірегейлік мәселесіне саясаттанулық қырынан кешенді зерттеу алғаш рет жүргізіліп отырғандығымен сипатталады.

Жұмыста келтірілген теориялық тұжырымдамаларды саясаттану мамандығы бойынша азаматтарды даярлауда «Этносаясат» курсына оқыту кезеңде пайдалануға болады.

Зерттеудің практикалық маңызын қазіргі жаһандану кезеңінде, оның салдары ретінде бірегейлік дағдарысын басынан кешіріп отырған қоғамды

ортақ мүдде астына біріктіріп, этносаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттік этносаяси бағдарламаларында пайдалануға болады. Сондай-ақ этносаралық қатынастар мәселелерін реттеуші, конституциялық орган Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысын жетілдіру мен жүзеге асыруда қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар диссертацияда қарастырылған бірегейлік мәселесін, оның ішінде бірегей ұлт ретінде қалыптастырудағы азаматтық бірегейлік мәселелерін ғалымдар өз зерттеулеріне көмекші құрал ретінде қолданыла алады.

Жұмыстың жариялануы және сыннан өтуі. Диссертацияның негізгі тұжырымдамасы, нәтижелері мен қорытындылары: «Демократические процессы в государствах Центральной Азии: Философия, Экономика, Политика» (Ташкент, 2010); «Астаналар мен аймақтар: өзара әрекет ету параметрлері» (Астана, 2010); «Жаһандық жағдайда Қазақстан Республикасының халықаралық имиджін қалыптастыру стратегиясы» (Алматы, 2010); «Modernní vymoženosti vědy – 2012» (Прага, 2012); Қазақстан-Шығыс-Батыс: мәдени-білім беру сұхбаты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Ғылым әлемі» жас ғалымдардың халықаралық конференциясы (Алматы, 2012), Білім беру ғалымдарының Бесінші әлемдік конференциясы (Рим, 2013) сияқты халықаралық конференцияларда апробациядан өткізілді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, 3 тараудан, 9 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы мәтіні 142 бет құрайды.

1 АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бірегейлік теориясының әлеуметтік бірегейліктің құрылымдық элементі ретінде шетел және отандық әлеуметтік-саяси ойлардағы даму эволюциясы

Қазіргі таңда бүкіл әлемде өтіп жатқан әлеуметтік-саяси өзгерістерді түсіндіру мен әлемнің болашақта даму жолдарын анықтау мақсатында ғалымдар бірегейлік мәселесіне жүгініп отыр. Аталған мәселеге назардың ауысуы бекер емес. Бірегейлік ұғымы бірінші кезекте, мемлекеттің егеменділігін сақтап қалу мұратын халықты ортақ игілікке қол жеткізу үшін жұмылдыру ниетін көздесе, екінші қырынан, жаһандану жағдайында әлемдік сахнада «өркениеттер қақтығысын» болдырмау ниетінде ортақ және бірегейлік дағдарысын, оның салдары ретінде құндылықтарды бөлісе алмаған азаматтар немесе басқа да әлеуметтік институттар арасындағы жанжалды алдын алу мақсаты түрткі болды. Осы тұста байқалатын бір жайт, бірегейлік ұғымының әлеуметтік, гуманитарлы ғылымдардағы қолдану аясының кеңістігінің кеңеюі. Өйткені соңғы он жылдықта бірегейлік тек қана психология, әлеуметтану мен әлеуметтік антропология ғылымдарының жеке меншігінде еді [67, 86.].

Аталған мәселе бастапқыда ХХ ғасырдың басында Батыс мемлекеттерінде пайда болып, өзінің өзектілігінің жоғарғы деңгейін көрсетсе, қазіргі таңда бұл мәселені көтеріп отырмаған ел жоқ деп айтуға болады. Осыған дәлел ретінде тек интернет жүйесінде «бірегейлік» ұғымының орыс тіліндегі нұсқасы «идентичность» терминінің 2 540 000 нәтижелері барын көрсетсе, ал «бірегейліктің» ағылшын тіліндегі «identity» ұғымы интернетте 599 000 000 жуық ақпаратты шығарып береді. Бұл мәселе ағылшын тілді халықтар үшін өзекті екендігін аңғартады. Сонымен қатар қазақ тілінде «бірегейлік» ұғымының интернет жүйесінде 10 000 жуық ақпараты көрініс тапқан. Әрине, қазіргі Қазақстандағы «бірегейлік» ұғымының сөздіктерде, ғылымның салаларында ортақ аудармасының жоқтығы да ескерілуі қажет. Кейбір ғылыми еңбектерде «бірдейлік», «сәйкестік», «ұқсастық» сияқты сөздермен аударылып келеді. Бұл «бірегейлік» мәселесін қазақ ғылымда зерттелуіне кедергі болып отырғанын көрсетеді. Өйткені ортақ терминологиялық анықтамасының болмауы әр ғылымда мәселені талқылауды, шешуді қиындатады. Дегенмен, «бірегейлік» ұғымы тек қана қазақ тілінде толық анықтауды қажеттілік білдіріп отырған жоқ.

Қазіргі ғылым мен білімнің дамуын, әлемдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық өзгерістерді, көптеген мәселелердің орын алуымен сипатталған жағдайда «бірегейлік» ұғымы әлемдік қауымдастықта болашақта та күрделі талқылауды қажет етеді. Оның ішінде Қазақстан үшін де бірегейлік ұғымы өз өзектілігін көрсетуде.

Осы орайда бірегейлік мәселесінің түрлі ғылым салаларына және теориялық-әдіснамалық зерттеулердегі тұжырымдамалардағы анықтамаларына назар аудару керек.

Қазіргі Қазақстан қоғамында бірегейліктің нақты анықтамасы, түсіндірмесі қалыптасқан жоқ. Дегенмен, әмбебап анықтама ретінде азамат «Мен кімін?» деген сұраққа жауап беруі керек. Сондай-ақ қазіргі кезеңде халықтың санасында «Біз кіміз?» деген сұраққа жауап алу үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бұл орайда аталған мәселелер, сұрақтар төңірегінде біраз мақалалар мен ғылыми жұмыстар жарық көруде. Олардың әрқайсысы өзіндік ғылыми қызығушылық тудырады. Көптеген жарияланымдарды бірегейлікті жеке және ұжымдық ретінде қарастырылу үрдісі байқалады. «Мен кімін?» сұрағына жауап беруде жеке бірегейліктің мәні ашылса, «Біз кіміз?» сұрағы ұжымдық немесе әлеуметтік бірегейліктің мағынасын ашады. Бұл орайда жеке және ұжымдық бірегейлікті бір-бірін түсіндіретін, анықтайтын ұғым ретінде қарастырған жөн. Өйткені азамат өзінің кім екенін айта отырып, белгілі бір ұжымның мүшесі ретінде тиістілігін байқатады және керісінше, ұжымдық бірегейлікті атай отырып, азаматтың кім екендігіне көз жеткіземіз.

Сондықтан біздің зерттеу объектісіне арналған бірегейліктің ұжымдық, әлеуметті түрі әр азаматтық жеке бірегейлігін де анықтауға мүмкіндік береді. Бұл орайда біз бірегейлікті әлеуметтік бірегейлік ретінде қарастырамыз. Ал бірегейлену сөзі нені білдіреді?

Бұл сауалға жауап беру үшін екі жағдайды ескерген жөн. Біріншісі, бірегейленудегі ішкі сезімнің, сананың түбінде жататын өзіндік анықтау арқылы жүзеге асса, екінші жағдайда бірегейлену сыртқы қоршаған ортада кездесетін басқа азаматпен немесе ұжыммен салыстыра отырып, өзінің ерекшеліктерінің негізінде анықтау болып табылады. Бұл орайда өзіндік ішкі анықтама мен сыртқы ортаның беретін анықтамасы тағы бар.

Біздің жұмысымызда қарастырылып отырған азаматтық бірегейлік осы жағдайда қоғамның өзіне беретін анықтамасы арқылы анықталады. Яғни бірегейлікті анықтауда ішкі ұжымдық сананың рөліне үлкен мән беріледі. Өйткені ұлттық бірегейлік көп жағдайда сыртқы анықтама арқылы анықталады. Мысалы, Қазақстан азаматы ретінде ұлттық бірегейлік шетелде жүрген кезде көп сезіледі. Бұл орайда азаматқа басқа мемлекет азаматтарынан өзгешелейтін белгілі бір ерекшеліктерге үлкен мән беріледі. Қазақстанның кез келген азаматы басқа шет мемлекетке барғанда өзін «Мен Қазақстаннанмын» дей отырып, өзінің елі мен жерінің өзгешеліктерін, мәдениетін, тілін, тарихын ортаға салады. Дегенмен, азаматтық бірегейліктің басты компоненттері ретінде мемлекетке деген сүйіспеншілігі, ортақ мүддеге жету жолында барша халыққа тиістілігі туралы сөз қозғалмайды. Сол себепті бірегейлікті ұжымдық бірегейлік ретінде анықтау өзіндік қиыншылықтарға тап болады.

Ұжымдық бірегейлікті анықтау үшін жеке бірегейлік арасына параллель жүргізіп көрейік. Жеке бірегейлік «мен...қазақпын» деген анықтамасының астарында қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тілін, діні, ділін, тарихын, мәдениетін білу жатыр. Бұл орайда ол тек қана біліп қоймай, сонымен қатар оларды жүзеге асырудың белсенді мүшесі ретінде анықталады. Сонымен қатар біздің қоғамымызда өздерін жоғарыда аталған нәрселерді білмей-ақ, жүзеге асырмай-ақ өздерін «қазақпыз» дейтіндер де баршылық. Бұл орайда олардың бірегейлігі емес, «қазақпыз» сөзінің тек туыла берілген қасиет ретінде

анықтама беру ретінде түсіну қажет. Өйткені қазіргі кезеңде халықтың көпшілігі өздерін ата-анасының ұлтымен анықтайды немесе төл құжаттағы жазбамен анықтайды.

Осы тұста бірегейлік сөзіне, ұғымына терең мән берген жоқ. Ол тек анықтама ғана емес, азаматтың, қоғамның терең түсіну үдерісі салдарынан пайда болатын өзіндік сана-сезім ретінде қарастырған жөн.

Қазіргі таңда бірегейлік мәселе өзекті мәселелер қатарында табылып, жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бірегейлікті өзіндік әдіспен түсіндіретін ғалымдар өте көп. Себебі біздің қарастырып отырған бірегейліктің әлеуметтік түрі пәнаралық сипатқа ие. Бірегейлік психология, саясаттану, әлеуметтену, философия, тарих сынды гуманитарлы ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады.

Ұжымдық бірегейліктің мәнін ашпас бұрын оның анықтамасына назар аударған жөн.

«Бірегейлік» термині латын тілінен аударғанда «idem», «identity» «ұқсау», «тану» деген мағына береді [69] Яғни бұл дегеніміз - өзінің басқа адамға ұқсауы, сәйкес болуын білдіреді. Кейбір сөздіктерде бірегейлік бірдей болу ұғымдармен синоним ретінде талқыланады.

Бірегейлік мәселесі басқа ғылымның өзекті мәселелері ретінде өзінің зерттеу мектептерін, парадигмаларын қамтиды. Бірегейлік ұғымын ашу мақсатында әр ғылымның өзіндік ерекше зерттеу амалдары мен дәстүрлері орын алады. Мысалы, психология ғылымы бірегейліктің индивидтің санасындағы өзіндік сезімі, жан күйзелісі ретінде қарап, бірегейлікті индивидуалды және әлеуметтік деп бөледі. Сонымен қатар қазіргі психология ғылымында бірегейлік мәселесі біріншіден, саналы еліктеудің әлеуметтік-психологиялық механизмі ретінде, екіншіден, екі адамның өзара эмоциялық күйзелісінің ұқсастығымен ерекшеленіп, үшіншіден, топтық іс-әрекеттегі индивидтердің тұлға аралық қарым-қатынастарының механизмін сипаттау үшін қолданылады [49, 161б.].

Ал әлеуметтану ғылымы үшін бірегейлік топтық жүріс-тұрыс, сана-сезімі ретінде азаматтардың сәйкестенуін білдірсе, философия бірегейлікті өзіндік сәйкестік мәселесі тұрғысынан назар аударады.

Философия бірегейлікті адамдардың ортақ көзқарастары, құндылықтары, нормалары мен ортақ мүдделерінде көрініс табатын әлеуметтік сананың негізінде біртұтас қауымдастыққа бірігуі ретінде анықтайды. Бұл орайда психологтардың айтуынша тұлғаның басқа тұлғамен ұқсас болуымен түсіндірілмейді, индивидтің қоғамда қалыптасқан әлеуметтік құндылықтарды игерумен түсіндіріледі. Яғни субъект пен субъект арасындағы қарым-қатынаста көрініс табады. Философиядағы бірегейлік мәселесі бихевиоризм шеңберінде зерттеу мәнін ашты. Бихевиоризм тұрғысынан бірегейлік индивидтің басқа адамның атрибуттарын және сипаттамаларын, ерекшеліктерін саналы немесе санасыз түрде көшіру, екінші деңгейлік бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтуда көрініс табады.

Бірегейлікті түсінуде ғылымдағы *классикалық психоанализ* тұрғысынан талқылаудан бастаған жөн. Өйткені бірегейлік түсінігі өзінің бастауын Зигмунд

Фрейдтің еңбегінен алады. Ол бірегейлікті адамның өзін басқалардан өзгешілігін эмоциялық тұрғыда сезіну ретінде қарайды. Демек, «Мен» ұғымы «бөтен Мен» ұғымымен байланысып, адам өзін басқа бөтен адамға ұқсауға ұмтылады делінеді [5]. З.Фрейд бірегейлену үдерісін сипаттай отырып, адам мен бөгде адам арасындағы эмоциялық байланыстың алғашқы көрінісі, сол үдерістің салдары ретінде адам өзіндік «Мен» ұғымына ие болады деп түсіндіреді. Ғалым ол үшін отбасындағы жасы кішкентай балалардың әкесіне не анасына ұқсап бағуға талпынысына немесе қоршаған ортадан қорғанудағы әке-шешесіне ұқсап қорғануға деген ұмтылысына назар аударады.

Жалпы бірегейлік классикалық психоанализде әртүрлі жолмен жүзеге асады. Мұны З.Фрейдтің бірегейлікті екі жолмен қалыптасатын құбылыс ретінде түсінуінен көрсетуге болады. Бірінші жағдайда, адам өзін басқаларға ұқсау, еліктеу ниетінің нәтижесі ретінде қабылданса, екінші жағдайда, өзіне ұнамайтын, өзгешелерден бөлек болып, ерекшеленетін құбылыс ретінде анықтайды [69, 102б.]. Біріншісі топтық бірегейлік түріне жатса, келесі жағдай психологиядағы индивидуалды бірегейлік болып табылады. Бірегейлікті түсіндірудегі психоаналитикалық дәстүрдің келесі маңызды мәселесі бұл тұлғаның қорғану механизмі ретінде қабылдануында жатыр. Бірегейленудің жиі кездесетін көрінісі ретінде тұлғаның агрессордың іс-әрекетін қайталау, еліктеу сияқты өзін қорғану мақсатында санасыз түрде бірегейлену механизмін атайды [70, 15б.].

Бұл орайда тұлға шынайы немесе елестетілген қауіптен ғана емес, жағымсыз ақпарат пен өзі қаламайтын бағалар мен сындардан қорғану механизміне жүгінеді. Мысалы, Зигмунд Фрейд өзінің әлеуметтік бірегейлігін қозғай отырып, оның ішінде этностық бірегейлігі туралы «Бнай Брит» қоғамының мүшелері алдында өзін еврей этносына тиісті болуының негізіне дін де емес, ұлтына деген мақтаныш сезімі де еместігін білдіріп, еврей ұлтына өзін жатқызудың екі негізгі: біріншісі, еврей этносындағы артықшылық - басқа ұлттардың интеллектуалды дамуына кедергі келтіретін наным-сенімдерден аулақ болуы болса, екіншісі, «біріккен көпшіліктің» келісімінсіз оппозицияда болуы себебін айтады [6, 30б.].

Бірегейлікті зерттеуде ғылымның түрлі бағыттарында біркелкі ортақ ой жоқ. Соған дәлел ретінде Е.Эриксонның тұлғаның жеке өзіндік бірегейлігі [71] және А.Раттанзи мен А.Фоникстің тұлғаның ұжымдық бірегейлік теориялары дәлел бола алады [7].

З.Фрейдтің бірегейлікті түсіндірудегі классикалық дәстүрін жалғастырушы, индивидтердің тұлғалық даму үдерісін ғылымда зерттеген тұлғалардың бірі Эрик Эриксон болып табылады. Бірегейлік мәселесі Э.Эриксонның адамды зерттеуіндегі негізгі мәселесі болып табылады. Өйткені ол өмір циклі мен бірегейліктің эпигенетикалық тұжырымдамасын жасақтады. Ол бойынша адам дүниеге келе салысымен бірегейлік кезеңдерінен өтіп, бірегейлік дағдарысына дұшар болады. Бірегейлік мәселесіне арналған жұмыстарының ішінде «Бірегейлік: жастық пен дағдарыс» («Идентичность: юность и кризис»), «Балалық шақ пен қоғам» («Детство и общество») [72], «Жас Лютер. Психоталдаулық тарихи зерттеу» («Молодой Лютер.

Психоаналитическое историческое исследование») [73], «Өмір тарихы мен тарихи сәт» («История жизни и исторический момент») атауға болады.

Э.Эриксон - ғылымда бірегейлік мәселесін бірегейлік дағдарысы тұрғысынан зерттеген алғашқы зерттеушілердің бірі. Ғалым пікірі бойынша бірегейлік дағдарысы адам өмірінде ерекше орын алады. Өйткені уақыт өте келе әрбір бірегейлік өзінің өзектілігін жоғалтып, қажеттілігін азайтады [6]. Индивидтің бірегейлігі екі бірдей: өзінің басқалардан ерекшеленуі мен сол ерекшелігінің басқа қоршаған ортамен мойындалуы сияқты түйсікте негізделеді. Бірінші кезекте адам өзінің басқалардан өзгешеленуін саналы түрде ұғыну табылса, екінші кезекте қоршаған орта немесе қоғам оны бір қауымдастықтың мүшесі ретінде сырттай баға беруімен байланысты болады. Эриксон бірегейлік мәселесін адам өмірінің циклі мен құрылымында орнын анықтау арқылы түсіндіреді. Сол себепті бірегейліктің:

1. Индивидуалдылық - өзінің қайталанбас ерекше екенін және өзгелерден бөлек өмір сүретінін саналы сезіну.

2. Ұқсастық пен біртұтастық – адамның өткенде кім болғандығы, болашақта кім болуы және өмірдің мәнге ие болуы туралы ішкі сезімнің болуы.

3. Бірлік пен синтез – ішкі гармония мен бірліктің сезімі.

4. Әлеуметтік ниеттестік – қоғам идеалдарын іштей мойындау, оларды қабылдауға дайын болу сияқты аспектілерін көрсетеді [74].

Сонымен қатар Э.Эриксон бірегейліктің қалыптасуы мен бекітілуіне әсер ететін кедергілерді атап өтеді. Олардың қатарында бірегейліктің дамуына әлеуметтік топтардың әсерін көрсетеді. Өйткені әлеуметтік топтар индивидтің тұлғалық сана-сезімін басып, қоғамда ортақ қабылданған құндылықтарға бет бұруға итермелейді. Әлеуметтік топтардың әсерімен қатар, қазіргі таңда күрделі саяси, әлеуметтік, технологиялық өзгерістер индивидтің санасында қорқыныш сезімін ұялатады. Ол қорқыныш сезімі сыртқы қоршаған ортамен байланысты үзе отырып, дәстүрлі және үйреншікті құндылықтарға әсер етеді деп түсіндіреді.

Бірегейлікті зерделеуде Э.Эриксонның ізбасары Джеймс Марсиа бірегейліктің теориясын әрі қарай дамытуға тырысты. Ол бірегейліктің төрт қалпының болуын айтады:

- *Тұрақты бірегейлік немесе бірегейліктің қалыптасуы.* Бұл жағдайда индивидтер бірегейлік дағдарысын бастан кешіріп, белгілі бір міндеттемелерді бойына сіңіреді.

- *Күні бұрын шешіп қойылған бірегейлік.* Аталған сатыда индивидтер бірегейлікке қатысты міндеттемелерді өзіне жүктегенімен, оларды мойындауға өздері шешім қабылдау үдерісіне қатыспаған болып табылады. Олардың шешімдері алдын-ала қабылданып қойылған.

- *Бірегейліктің диффузды жағдайында* индивидтер бірегейлік дағдарысын өтпегендіктерімен қатар, қандай да болсын бірегейлікті таңдауға қызығушылық білдірмейді.

- *Мораториялы бірегейлік.* Аталған жағдайда индивидтер бірегейлік дағдарысын өтудің және шешім қабылдаудың орта шенінде болып, ешқандай

міндеттемелерді орындамайды. Басқа сөзбен айтқанда, «өздерін ізденісте» сезінеді [75].

Дж.Марсияның ойынша бірегейліктің даму үдерісінде негізгі және маңызды рөлді шешім қабылдау үдерісі атқарады. Адам қаншалықты саналы түрде өзінің бірегейлігі туралы шешім қабылдаса, соншалықты бірегейлік дағдарысынан жеңіл өтеді. Индивид өзіне қатысты шешім қабылдаған сайын бірегейлік құрылымы дамып, өзінің әлсіз және күшті тұстарын, өзінің іс-әрекетінің мақсаттылығы мен мәнін түсінетін болады. Марсия бірегейлік дамуының басқа да аспектілерін көрсетеді, дегенмен, әр үлгі шешім қабылдау аспектісіне негізделеді [76].

Бірегейлік ұғымының зерттелуі Э.Фроммның да еңбектерінде көрініс табады. Ол адамның негізгі экзистенциалды қажеттіліктерінің ішінде бірегейлену қажеттілігін бөліп көрсетеді. Бұл қажеттіліктің негізінде басқаларға ұқсамау, ерекшелену мен өзінің кім екенін анықтау жатыр. Фром бойынша өзінің кім екенін біліп, өзінің даралығын саналы түрде сезінген индивид өзінің өмірінің иесі ретінде түйсіну жатыр. Ғалым «еркіндіктен қашу» тенденциясын түсіндіре отырып, оның бір жолы ретінде қоғамда қалыптасқан нормалар мен құндылықтарды өзіне сіңіруді ұсынады. Дегенмен, бұл жол, оның айтуынша, адамның өзіндік даралығын, бірегейлігін жоғалтады. Бұл қазіргі қоғамда өмір сүріп отырған азаматтарға тән құбылыс ретінде анықтайды. Ал оны болдырмас үшін ғалымның пайымдауынша, «жағымды еркіндік» терминін алға тартады. Ол бойынша индивидтер өздерінің ішкі сана сезімін, құндылықтары мен нормаларын сақтай отырып, қоғамда белсенді әрекет етеді [9].

Бірегейлік теориясының әлеуметтік дәстүрі Солтүстік Америкада ХХ ғасырдың 50-жылдары кең етек ала бастады. Қоғам мен тұлғаның арасындағы қатынаста пайда болатын мәселелерді шешу мақсатында, «бірегейлік» ұғымын әлеуметтік феномен ретінде алғаш қараған Рисменнің «Жалғыз топ» атты еңбегінде көрініс тапты. Онда қазіргі қоғамға және адамдардың санасы мен жүріс-тұрысына модернизацияның әсері, топтық бірегейлену мен жеке бөлектену мәселелері зерттелген болатын [77].

Бірегейлік ұғымының әлеуметтік тұрғыда түсіндірілуі Дж.Мид, А.Тешфел, Дж.Тернер, М.Шериф, Ч.Кули, У.Джемс және т.б. еңбектерінде көрініс табады [70, 226.].

Олардың тұжырымдамаларындағы бірегейлік термині *рәміздік интеракционизммен* тығыз байланыста болып, өзіндіктің (self) прагматикалық теориясымен түсіндіріледі. Рәміздік интеракционизмнің зерттеу пәні ретінде әлеуметтік кеңістік пен уақыт, әлеуметтік институттар жүйесіне тәуелді болатын бірегейлікті қалыптастырудың әдісі мен бірегейленудің үдерісі, бірегейлену құрылымының талдауы саналды [15]. Яғни бұл орайда әлеуметтік бірегейлік көптеген ғылыми мектептерде индивидтің басқа әлеуметтік топтармен және институттармен өзін ұқсастыруды білдіреді. Мұндағы «Мен-бірегейлігі» индивидтің жүріс-тұрысының басты реттеуші күші болып табылады. Осылайша У.Джеймс бойынша, бірегейлік – бұл адамның субъективті сезімі, қоршаған ортаға деген өзінің «эгосының» қарсыластығы. Ал

Дж.Мид пайымдауынша, бірегейлік адамның өмірі мен жүріс-тұрысының біртұтас әрі тығыз байланысқандығын қабылдау мүмкіндігі болып есептеледі. Осы орайда Мид бірегейліктің екі: саналы және санасыз түрін бөліп көрсетеді. Ғалым бір жағынан, индивидтер қоғам анықтаған ортақ құндылықтар мен нормаларды қабылдаса, екінші жағынан, индивидтің өзі сол құндылықтар мен нормалар, заңдардың қоғамда қабылдануына әсерін тигізеді [10]. Мидтің ғылымдағы ізбасарлары Л.Краппман, Э.Гоффман, Г.Горфинкель сияқты ғалымдар индивидтің бірегейлігін сақтау мен басқара алу мүмкіндігіне назар аударып, микроэлеуметтік ортада индивидтердің өзара әрекет нәтижесінде пайда болатын сана сезімді айтады. Бұл орайда қазіргі сөзбен айтқанда, «бірегейлік саясаты» түсінігімен тұспа-тұс болып келеді. Ол идеяны алғаш ұсынған Гоффман бірегейліктің негізгі үш түрін көрсетеді: элеуметтік, жеке және «Мен-бірегейлік». Бұл жердегі элеуметтік бірегейлік қоғаммен жіктелсе, жеке бірегейлік өзін қоршайтын жақын адамдарының анықтамасы, ал «Мен-бірегейлік» өзі туралы өзіндік сана сезімді білдіреді. Қоғамдық орта адамның өзі туралы ақпаратқа елеулі әсер етеді, оның салдары ретінде элеуметтік бірегейлікке қол жеткізеді деп есептейді. Бұл «бірегейлік саясаты» арқылы жүзеге асады. Осы орайды Гоффман адамдардың бірегейлігіне әсер етудің үш: аулақ болу технологиясы, өтем беру технологиясы, қайта бірегейлендіру технологиясын ұсынады. Бұл технологиялар индивидті бірегейлік дағдарысын жеңіп шығуға өз септігін тигізеді [70, 236.].

Осылайша, рәміздік интеракционизмнің Чикаго мектебінің өкілдері бірегейліктің қазіргі таңдағы анықтамасына жақын келетін «Мен-концепциясын» ғылымға енгізді. Бұл жетістікке Ч.Кулидің «Әлеуметтік теория мен элеуметтік зерттеу» еңбегінің зор екендігін атап кету керек. Аталған еңбекте адамның бірегейлігі сыртқы ортаның беретін анықтамасымен бекітіледі. Бұл ғылымда «айнада шағылысқан Мен» теориясында көрініс тапқан. Бұл идеяның астарында индивидтің түрлі маңызды топтар, таптар, кәсіби қауымдастықтар, формальды емес ұйымдарға мүше болудың негізінде белгілердің өзара тәуелділігі жатыр. Осылайша «Мен-тұжырымдамасы» адамның бір топқа тиісті болуын сезінуді қамтамасыз етеді.

Келесі интеракционизмнің өкілдері бірегейлікті қоғамға тәуелді, қоғамның қойған тұжырымдамаларымен тығыз байланыста болады деп есептейді. Бұл орайда Л.Краппман бірегейлікті қолдап отыратын мүмкіндіктерді көрсетеді. Олар - рөлдік дистанцияға мүмкіндік, эмпатия сезімі, келіспеушіліктерге деген толеранттылық, өзін жағымды жағынан көрсете білу қабілеті. Аталған қабілеттер индивидке қоғамның ішіндегі келеңсіз жағдайларға тап болмай интеграциялануға көмек береді. Оның еңбектеріндегі «персоналды бірегейлік», «элеуметтік бірегейлік» «Мен» бірегейлік баланс-концепциясын құрастыруда пайдаланылады. Ғалымның пікірінше, индивид элеуметтік өзара әрекеттесу (interaction) үдерісінде өзінің бірегейлігін сақтап қалу үшін келісу әрекетіне жүгінеді. Бұл орайда элеуметтік және персоналды кеңістікте коммуникацияның қатысушылары бәріне ортақ мүдделерге бағынады, екінші жағынан, басқалардан ерекшеленеді [17].

Жоғарыда келтірілген идеяны әрі қарай жалғастырушы, әлеуметтік бірегейлікті түсіндірудегі *конгнитивті дәстүр* өкілдері Х.Теджфел, Дж.Тэрнер, Г.Брейкуэлл сынды ғалымдарды атауға болады. Олар психоанализ бен рәміздік интеракционизм идеяларын түйістіріп, бірегейліктің бір күйден екінші күйге ауысу тенденциясының болуын айтады. Бұл жердегі бірегейлік индивидтің өзінің жүріс-тұрысын конгнитивті реттеп отыратын күш ретінде қабылданады. Оның өзі екі: лингвистикалық және әлеуметтік жүйешіктерден тұрады. Бірінші жүйешік адамның физикалық, интеллектуалды, адамгершілік терминдердегі өзін анықтауын қамтыса, екінші жүйешік индивидтің белгілі бір этносқа, топқа, жынысқа жатуын білдіреді. Әлеуметтік бірегейлік индивидке маңызды болып табылатын ішкі және сыртқы топтарға тәуелді болады. Х.Теджфел мен Дж.Тэрнер бірегейліктің екі негізгі құрамдас бөліктеріне: жеке және әлеуметтік бірегейліктерге аса назар аударады [12].

Г.Брейкуэлл еңбектерінде әлеуметтік бірегейлік жеке тұлғалық бірегейлікке қарағанда бір саты жоғары тұрады деп есептейді. Адам сыртқы ортамен өзара байланыста бола отырып, өзін тануға көмек беретін негізгі түсініктерді меңгереді. Осылайша, Г.Брейкуэлл жеке тұлғалық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің жемісі болып табылады және қалыптасып болғаннан кейін қайтадан сол әлеуметтік бірегейлікке әсер етеді деп санайды. Жеке индивид бірегейлігінің даму эволюциясы бұл өзінің жеке және әлеуметтік бірегейліктерінің диалектикалық өзара әрекетінің ұзақ уақыттағы үдерісі болып табылады. Адам бірегейлігінің құрылымы әлеуметтік контекст өзгеріске ұшыраған сайын ол да өзгере береді. Ал сыртқы орта аса өзгеріске ұшырамаса да бірегейлікті құрайтын элементтер әрқашан өзара әрекетте болып, бірегейлік құрылымында өзгерістер өтіп жатады.

Бірегейлікті зерттейтін қазіргі ғалымдар жаһандану, плюрализация, виртуализация, қоғам өмірінің жаңа формаларының пайда болуы сияқты қазіргі заманның ерекшеліктерімен байланысқан бірегейлену үдерісінің түрлері мен әдістерінің трансформациясына аса назар аударады. Яғни кейінгі кезеңде пайда болған бірегейлік теориялары қоғамның өзгеруі, заманның өзгеруімен байланысты болды. Мысалы, Э.Гидденс бірегейліктің жаһандану жағдайында өзгеруі туралы зерттеу жүргізді. Олар қалыптасып келе жатқан бірегейліктің екі полюсі: абсолютті бейімделік және өзіне тұйықталу арқылы түсіндіреді. Осы полюстерде орын алатын қазіргі кезеңдегі бірегейлікке: 1. унификация – фрагментация; 2. дәрменсіздік – иелену; 3. авторитарлық – екіұштылық; 4 жеке қажеттіліктер – нарықтық индивид сияқты сипаттамалар тән деп есептейді [15]. Сонымен қатар Ф.Гидденс бірегейлікті қазіргі мәдениеттің құбылысы ретінде қарап, бірегейліктің пайда болуын дәстүрлі қоғамның құлдырауымен түсіндіреді. Ол қоғамды модернизацияға дейінгі дәстүрлі қоғам және модернизациялы дәстүрлі қоғам деп екіге бөледі. Оның пайымдауынша, дәстүрлі мәдениеттерге белгілердің бір ұрпақтан келесі ұрпаққа берілу, өткенге құрмет көрсету сынды құндылықтар тән болады.

Сонымен қатар әлеуметтік-саяси ғылымда бірегейліктің *модернисттік және постмодернисттік теориялары* қалыптасқан. Бұл дәстүрдің өкілдері С.Лаш пен Ж.Фрайдман өздерінің «Модернизация және бірегейлік» атты

еңбектерінде қазіргі бірегейліктің үнемі өзгеріс үстінде болатынын және субъективистіктің жаңа формаларының пайда болатынын айтады [20].

Осы орайда адам өзінің кім екенін анықтай алмайтын болса, қоғам қалай болмақ? Жеке адам және оның бірегейлік сезімі үшін «мен» ұғымы әрқашан ортақ категориялардың бірі болып табылады. Ол белгілі бір уақытта пайда болып, күрделі трансформацияға ұшырайды. Бір уақытта бірегейліктің бір түрі басымдыққа ие болса, келесі уақытта сол бірегейліктің орнын басқа түрі басады. Соңғы онжылдықта Ресей мен посткеңестік мемлекеттерінде пайда болған күрделі еңбектер бірегейліктің дағдарысын елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістердің салдары ретінде сипаттайды [70]. Ғылымда көп көтеріліп отырған бірегейлік дағдарысы қазіргі таңда барша әлемде көзге үйреншікті құбылыс ретінде қабылданады. Ал жалпы бірегейлік мәселесін зерттеу қазіргі қоғамда өтіп жатқан үдерістердің әлеуметтік-психологиялық, саяси астарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Бірегейлікті зерттеудегі әлеуметтік ғылымдарындағы тағы бір бағыты *интегративті дәстүр* ретіндегі атаққа ие. Бұл зерттеу әдісі психологиялық және әлеуметтік зерттеу амалдарын біріктіріп, қазіргі кезеңдегі бірегейлік саясаты сияқты құбылысты әлеуметтік бірегейлік жүйесінде алатын орны мен рөлі туралы зерттеулер жүргізеді. Мысалы, Ж.Буркит өзінің «Әлеуметтік тұлға: тұлға қалыптасуының әлеуметтік теориясы» атты кітабында адамдарды тумысынан емес, бір-бірімен өзара әрекет ету нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік ұйым ретінде қарастырады. Ол бірегейлікті түсіндіруде әлеуметтану, психология, философия сияқты ғылым тармақтарының өзара интеграциялануы нәтижесінде түсіндіру дұрыс деп табады [21]. Әлеуметтік бірегейлік теориясының интегративті дәстүр шеңберіндегі талдауы индивидтің өзіндік санасы, басқа индивидпен өзара байланысу әрекетінен пайда болған жүріс-тұрыс ерекшеліктері мен қоғамшілік ортақ құндылықтарды меңгеру нәтижесі ретінде түсінуге болады [78].

Сонымен қатар қазіргі кездегі әдебиеттерде бірегейлік туралы түрлі көзқарастарды талқылаймыз. Олар төмендегі сұрақтарға жауап ретінде қарастырылады: (1) Бірегейлік жеке, реляциялық немесе ұжымдық құбылыс болып табылады ма? (2) Белгілі бір бірегейлікке ие болған тұлғаның қасиеттері тұрақты ма, әлде әрқашан өзгерісте болады ма? (3) Тұлға өздігінен қалыптасады ма әлде қоғаммен байланыста қалыптасады ма? Біздің ойымызша, осы айтылған әр сұрақ бір-бірінен ерекшеленеді.

Бірегейлік терминіне анықтама бермес бұрын біз бірінші кезекте «тұлғаны» анықтап алуымыз қажет. Біздің ойымызша, жиі тұлға «Сен кімсің?» деген сұраққа жауап беретін адамды білдіреді. Бұл анықтама бір жағынан қарапайым болып көрінуі мүмкін, дегенмен, көптеген күрделі мәселелерді қамтиды. Біріншіден, «Мен» деген жұрнаққа көптеген сөздер тіркес бола алады. Мысалы, адам өзі туралы өзінің ішкі ойынан анықтама береді. Сонымен қатар адамға басқа да адамдар тұрғысынан беретін анықтама да болады. Ол көбінесе, адамдардың әлеуметтік өзара қатынасында пайда болады. Басқа сөзбен айтқанда, тұлға тек қана адамның өзі туралы беретін өзіндік анықтамасымен қатар, басқа адамдардың сол тұлғаға беретін анықтамамен де сипатталады.

Сондықтан тұлға «мен кімін?» деген сұраққа түрлі мазмұнды жауаптарды білдіріп, ғылыми зерттеулердің сан түрлі салаларында зерттеледі. Біз осы «тұлға» терминін бірегейлік тұрғысынан зерттейтін боламыз. Қазіргі заманғы академиялық дискурста бірегейлік терминін психологиялық, әлеуметтік-демографиялық позиция тұрғысынан зерттеген жұмыстар көп.

Дегенмен, тек қана сол елдің төлқұжатын беру сол елдің бірегейлігін беруді білдірмейді. Тұлғаға берілетін анықтама немесе сипаттамалар тек қана тұлға мен әлеуметтік ортаның өзара байланысуы жағдайында пайда болады. Яғни басқа сөзбен айтқанда, осындай мән адамды немесе адамдар тобын басақалардан бөлу үшін қолданылады.

Қазргі таңда батыс ғалымдары тұлғаны зерттеуде «үш»: жеке, реляциялық және ұжымдық деңгейге бөліп қарастырады [79]. Олардың әрқайсысы бірегейліктің түрлі формалары арасында орын алған ерекшеліктермен сәйкес келеді. Сонымен қатар уақыт аралығында ұқсастықтар қалыптасып, қолдауға ие болып, үрдістердің түрлеріне байланысты болады.

Индивидуалды немесе жеке деңгей әрқашан жеке адамның өзіндік ішкі анықтау аспектісіне жатады. Олар мақсат, құндылықтар мен тұжырымдамаларды, діни және рухани сенімді, жүріс-тұрыс ережелер мен шешім қабылдаудың этикасын, өзін сыйлау мен өзіндік бағаны қамтуы мүмкін [24]. Тұлғаны анықтаудағы жеке деңгей әрқашан адамның өзіндік бірегейлікті қалыптастыру мен дүниеге әкелуімен тығыз байланысты.

Ал реляциялық бірегейлік адамға басқа адамдардың беретін анықтамасына аса тәуелді болып табылады. Реляциялық бірегейліктің түрін жақтаушылар бірегейлікті түсіндірудегі әдіс-амалдарда тұлға аралық қарым-қатынастар пайда болады деп есептейді [25]. Мұндағы басты мәселе сол бірегейлік әлеуметтік аудиториямен мақұлдануы шарт.

Ұжымдық бірегейлік топтар мен әлеуметтік категориялармен ұқсасуды білдіреді. Сонымен қатар ол топтардың ішіне ғана еніп қоймай, бойына топтың сезімін, тұжырымдамалар мен көзқарастарын сіңіреді [80]. Ұжымдық бірегейлік әлеуметтік топ пен категорияға мүше болуды білдіреді. Мысалы, бір этностық, діни топқа жату немесе мемлекеттің азаматы болу, белгілі бір жыныс өкілі болу. Ұжымдық бірегейлікке қатысты теориялық тұжырымдар ұжымдық үрдістерді де қамтуы мүмкін. Яғни белгілі бір уақыт шеңберінде іс-әрекет ету, өзара қарым-қатынас жасау нәтижесінде пайда болады.

Осылайша, осы бірегейліктің түрлі аспектілері тұлғаны анықтауға мүмкіндік береді. Жеке адам тұрғысынан қарайтын болсақ, адам өзін, өзінің тұлғалық қасиеттерін, өзі туралы ойларын, басқа адамдарға қатысты рөлін таңдау мен қоғамға бірігуді білдіреді. Сонымен қатар ұжымдық бірегейлік әлеуметтік топтар мен категорияларда, нақты бір географиялық кеңістікте адамның соларға тиістілігін танытады. Тұлғаның көптеген аспектілері адам өзін бір уақытта бірнеше рөлдерге тиістілігін қабылдаумен байланысты. Әрине, ол аспектілер түрлі әлеуметтік контекстерде маңызды және өзекті болуы да, болмауы да мүмкін [81]. Дегенмен, тұлғаның көптеген аспектілері бір-біріне тәуелді болып, өзара қиылысып, байланыста болады. Бірегейліктің категориялары әлеуметтік үрдістер мен тарихи кеңістікте орын алады.

Осылайша бірегейлік тек қана өзінің мазмұны бойынша жеке немесе әлеуметтік қана болып қоймай, уақыт өзгерген сайын белгілі бір үрдіс аумағында қалыптасып, сақталады. Көптеген адамдар бірегейлікті саналы түрде өзіне сіңіріп қана қоймай, сыртқы ортаның, әлеуметтік топтардың да адамға тиеселі бірегейлік түрін үлестіреді.

Мүмкін болатын мақсаттарды, құндылықтар мен тұжырымдамаларды зерттеу сияқты жеке бірегейліктің қалыптасуының көптеген үрдістері тұлғаның мақсатқа бағынған және себебі бар саналы түрде жасалынған таңдау болып табылатынын дәлелдейді. Сонымен қатар бірегейліктің саясаты мен әлеуметтік өзгерістер шарт бойынша, ұжымдық сананың маңызын көрсетеді. Яғни өзін басқалардан өзгешелеу өздерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін толыққанды түрде жүзеге асыра алмау кедергілеріне алып келеді [26]. Адамның өзіндік ар-намысын қауіп-қатерлерден құтқару сезімі сияқты тұлға қалыптасуының басқа да үрдістері адамның еркінен тыс пайда болады. Сонымен қатар қазіргі кезеңде көптеген жылдар бойы конструктивизмнің әлеуметтік болашағы туралы идеялар адамның ұлттық немесе гендерлік сияқты бірегейліктердің қалыптасу үрдісі жайлы хабардар болатындығын көрсетеді. Яғни олар сол бірегейлікті құрады, ол бірегейлікті құру үрдісі саналы түрде өтеді. Сәйкесінше, олар жүзеге асқан жағдайда олар әлеуметтік конструкциялар болып табылады да, қайтадан қарастырылып, деконструкцияланады. Бұл үрдіске классикалық мысал ретінде батыс қоғамында соңғы кездері орын алған феминистік қозғалыстардың нәтижесінде пайда болған гендерлік рөлдерді алуға болады. Яғни адамдар өздерінің қоғамдағы рөлдерін саналы түрде өзгерте бастады.

Осылайша бірегейлікті зерттеу барысында нақты ашық немесе астыртын үрдістер мен мазмұндарды және олардың арасындағы байланысты қарастырған жөн.

Ресейде әлеуметтік бірегейлікті түсіндірудің өзіндік бағыты қалыптасқан. Бұл орайда бірегейлікті түсіндірудегі этносаяси зерттеу аясында орын алғандығын байқауға болады. Мысалға, бірегейлік мәселесі А.Г.Здравомысловтың «Этносаяси үдерістер және ресейліктердің өзіндік ұлттық санасының динамикасы» атты мақаласында адамдардың бірегейлену үдерісіне, бірегейлік түрінің ауысуына елдегі саяси жағдай қатты әсер етеді деп көрсетеді [45]. Яғни бірегейлік мәселесі посткеңестік мемлекеттердің әлеуметтік ғылымдарында «этностық бірегейлік», «азаматтық бірегейлік», «аймақтық бірегейлік» сияқты ұғымдар шеңберінде зерттелу үстінде екенін көруге болады. Дегенмен, соңғы жылдары «бірегейлік» ұғымы саяси талдау пәні ретінде қарастырылу тенденциясы орын алуда. Бұл ойға дәлел ретінде Ресей ғылым академиясы Әлемдік экономика және халықаралық қатынастар институты ұйымдастырған «Бірегейлік саяси талдаудың пәні ретінде» атты конференцияның өтуін атауға болады. Конференция шеңберінде бірегейліктің әдіснамалық аспектілерін саяси ғылым контекстінде зерттеу мақсаты қойылды [67].

Ресейде полиэтносты халық құрамын ескеріп, мемлекеттік және этностық бірегейлік түрлерін «Біз-бірегейлікті» құру стратегиясы арқылы зерттеу жұмыстары көбейе бастады. Олардың авторлары ішінде Ядов В.А., Данилова

Е.Н., Климова С.Г. және т.б. атауға болады. Сондай-ақ Ресейде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда нақты әлеуметтік мысалдарда В.А.Тишков, И.С.Кон, Л.М.Дробужева, В.В.Коротеева, В.С.Малахов, Э.А.Паин, В.А.Шнирельман сияқты ғалымдардың түсіндірме ғылыми еңбектерін атап кеткен жөн.

Осылайша саяси ғылым шеңберінде бірегейліктің тарихы мен әдіснамасын зерттеуде О.В.Попованың еңбектерін атауға болады. Ғалым әлеуметтік бірегейліктің бір көрінісі ретінде саяси бірегейлікке ерекше тоқталады. Адам бір позицияны ұстана отырып, өзінің жағдайын, өзінің көзқарастар жүйесін басқа индивидер мен топтардың жағдайы мен көзқарастарын саяси объектілердің бірқатар түрлері арқылы бағалау қажет. Бұл орайдағы саяси бірегейлік адамдардың саяси өмірдегі орны мен рөлін, саяси ұйымдар мен саяси билікке қатысты өздерінің бірігуін немесе алшақтануын білдіреді. Автор саяси бірегейліктің тарихтағы даму эволюциясына назар аудара отырып, саяси бірегейлікті түсіндірудің «Бірінші толқыны» ХХ ғасырдың 60-70-жылдары саяси бірегейліктің партиялық бірегейлік арқылы түсіндірілуі басым болды деп есептесе, «екінші толқын» Еуропа мемлекеттерінде 70 – жылдардың ортасынан бастап пайда болған ортақ еуропалық бірегейлік, жаһандану жағдайындағы бірегейлік, бірегейліктің гендерлі, конфессиялы, этностық түрлерінің саяси бірегейлікке әсері тұрғысында жарық көрген еңбектермен түсіндіреді. Ал саяси бірегейлікті зерттеудің «үшінші толқыны» 1990-2000 жылдары пайда болған мультикультурализм, толеранттылық сияқты ұғымдар арқылы қарастырып, ұлттық (батыс әдебиеттеріндегі жалпы азаматтық) және этностық бірегейліктің орын алуымен түсіндіреді [82].

Ресейлік зерттеушілерінің бірегейлікті зерттеудің индивидтің әлеуметтенуі үдерісі арқылы түсіндіру дәстүрі орын алған. Аталған бағытта үлес қосқан ғалымдардың ішінен И.В.Конода, М.А.Юшин, Д.А.Авдиенко, С.Г.Климова, Г.Ц.Солдатова және тағы басқаларды бірегейлікті түсіндірудегі ұлттық-мәдени тұрғыдан түсіндіруде В.Ю.Папаян, В.С.Мартьянов, В.И.Пантин, В.А.Тишков және т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Аталған дәстүр бойынша қоғамдағы қалыптасқан стереотиптердің орны, құндылықтар жүйесі мәселелеріне аса назар аударылады.

Яғни ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде бірегейлікті саяси категория ретінде қабылдау үдерісі орын алып келеді. Бірегейліктің дамуына саясаттың ықпалы тұрғысынан зерттеуге аса назар аударылады.

«Әлеуметтік бірегейлік: теориясы мен тәжірибесі» атты авторлар ұжымы (Иванова Н.Л., Румянцева Т.В.) әлеуметтік бірегейліктің келесі көрсеткіштерін анықтады:

1. Әлеуметтік бірегейлік индивидтің «Мен-тұжырымдамасындағы» өзін белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі ретінде қабылдауымен байланысқан аспектілерді қамтиды.

2. Әлеуметтік бірегейлік қандай да болсын топқа ену немесе сол топта өзінің орнын анықтау үдерісінде құрастырылады.

3. Әлеуметтік бірегейлік жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін, өйткені қоғамда әлеуметтік категориялар тең мәртебеге ие емес.

4. Бірегейліктің мотивациясы жағымды өзін құрметтеу мен өзіне деген бағасын арттыру мен сақтауға бағытталады.

5. Индивидтің өзінің тобы туралы пікірінің және бағасының қалыптасу механизмі болып әлеуметтік салыстыру табылады.

6. Дифференциацияның негізгі мақсаты – кейбір параметрлер бойынша басқа топтан артықшылығын сақтау болып табылады [83, 17б.].

Бірегейлік мәселесі Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік бірегейліктің қалыптасу тұжырымдамасы туралы» 1996 жылы жарияланған Қазақстан Республикасы Президентінің Үкімінде «бірегейлік» термині саяси, әлеуметтік, мәдени, этностық құбылыстарды түсіндіруде қолданылып, адамның өзімен, қоршаған ортасымен нақты шеңберде өмір сүруі мен, болмысының анықталуы, қатысты өзгеруі, жылжымалы тұрақты, біртұтастық ретінде анықталады. Сонымен қатар бірегейлік объектінің қалыптасқан жағдайы оның санасындағы қалаулы жағдай секілді бағалау категориясы ретінде де түсіндіріледі [84].

Қазақстандағы бірегейлік мәселесі этностық, тілдік, мемлекеттік, ұлттық, азаматтық бірегейлік сияқты құбылыстармен зерттеу дәстүрі орын алған. Бұл орайда ғылымда «бірегейлік» терминінің қолданылып, дамуына, жаңа түсіндірме беруде үлес қосқан ғалымдардың ішінде Ә.Н.Нысанбаев, Р.Қ.Қадыржанов, В.Д.Курганская, Ж.Ж.Молдабеков, Г.Оразалиева, Шайкемелев сынды отандық ірі ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Сонымен қатар Қазақстанда ұлтты қалыптастыру мәселелерімен айналысатын А.Қайдарова, С.Мұсатаев сынды ғалымдарды атауға болады. Аталған ғалымдардың бірегейлік туралы тұжырымдамалары келесі бөлімде қарастырылатын болады. Өйткені бірегейлік ұғымы қазақстандық ғалымдардың мемлекеттік, азаматтылық, этностық және т.с.с. қырында зерттелініп, әлеуметтік бірегейлік шеңберінде анықталады.

Әлеуметтік бірегейлік әлеуметтану, әлеуметтік антропология ғылымдарының зерттеу объектісі бола отырып, қазіргі таңда конструктивистік дәстүрдің бір бағыты ретінде саясаттану ғылымында өз орнын тапты. Өйткені, әлеуметтік бірегейліктің бір көрінісі ретінде қазіргі таңдағы ұлттық бірегейлік, этностық бірегейлік, мемлекеттік бірегейлік және осы жұмыстың негізгі объектісі болып табылатын азаматтық бірегейлік мәселелері саяси-әлеуметтік үдерістерді зерттемейінше, мәселені шешу мүмкін болмайды. Р.Баумастер қазіргі таңдағы индивидтің бірегейлігінің кезеңдерін бөліп көрсете отырып, қазіргі заманғы бірегейліктің қалыптасу кезеңі «міндетті таңдау» деп анықтайды.

Сонымен қатар, бір тұлға бір уақытта бірнеше бірегейліктерді қамтуы мүмкіндігін естен шығармаған жөн. Мысалы, тұлғаның әлеуметтік дәстүрінде бір уақытта бір-біріне тәуелді болатын, өзара байланысқан бірнеше бірегейлік түрлерін қарастыру қолға алынуда. Дегенмен осы орайда есте сақтайтын бір мәселе бар, ол бірегейліктер бір-бірімен қайшылыққа келмеуі қажет. Бұл терминология тұрғысынан бірнеше түсінбеушіліктерге алып келеді. Дегенмен, адам өзінің бойында екі бірегейлікті ұстануы мүмкін, олардың ішкі дүниесінде бір-бірімен келісушілікке келу үрдісі қиын болуы мүмкін. Адамдардың

бірегейлігінің бірлігі туралы сезімінің орын алуы эмпирикалық мәселе болып табылады. Ол бірегейліктің теориялық конструкциясынан мүлде басқа мәселе. Адамдардың бірегейлік сезімі мен оны сақтау үрдісі көп жағдайда субъективті болып келеді.

Әлеуметтік бірегейліктің жиі кездесетін келесі түрлері кездеседі: ұлттық, этностық, азаматтық, территориялы (аймақтық, географиялық), діни, гендерлі және т.б. Осы орайда қазіргі кезеңде әлеуметтік бірегейліктің құрамдық компоненті ретінде азаматтық бірегейліктің ғылымда алар орны мен маңызы ерекше. Аталған «бірегейліктің» азаматтық түрі келесі тарауда талқыланатын болады.

1.2 Азаматтық бірегейлікті түсіндірудегі негізгі теориялық көзқарастар

Азаматтық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бір түрі ретінде көрініс тауып, қазіргі кезеңде саяси-әлеуметтік ғылымда өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Өйткені, қазіргі қоғамдық-саяси үдерістердің сипаты күрделене бастады. Қоғамды біріктіруші факторларды анықтауға қажеттілік орын ала бастады. Оның ішінде тек қана халықаралық аренада жаңадан пайда болған мемлекеттер үшін ғана емес, көптеген жылдар бойы дамып келе жатқан, ұзақ тарихы бар мемлекеттер үшін де маңызды. Өйткені, қазіргі демократиялық құндылықтардың орын алуы, жаһандық үдерістің әсерінен қоғамның азаматтылығы төмендей бастауда. Бұл мемлекет алдына үлкен мәселелер кешенін дүниеге әкеледі. Оның ішіндегі басты мәселе мемлекеттің егеменділігін сақтап қалу, бірегей ұлт қалыптастыру және т.б. Сол себепті қазіргі таңда азаматтық бірегейлік терең зерттелуді қажет етеді.

Азаматтық бірегейлік ұжымдық бірегейліктің бір түрі ретінде қазіргі таңда ортақ анықтамасының, түсіндірмесінің болмауымен сипатталады. Әр мемлекеттің ғалымдары азаматтық бірегейлікті түсіндірудің өзіндік әдісін дүниеге әкелуде. Бұл тенденция көбінесе ішкі саясатпен тығыз байланысты болып келеді. Өйткені, азаматтық бірегейлікті қалыптасыру мәселелері ішкі саяси тұрақтылық пен тыныштықтың іргетасы ретінде қабылданады, Дегенмен де әр мемлекеттегі азаматтық бірегейліктің анықтамасына назар аударатын болсақ, ортақ принциптерінің барына көз жеткіземіз. Сондықтан қазіргі кезеңде жұмыстың зерттеу объектісі болып табылған азаматтық бірегейлікті зерттеуде ғылымның әр саласында жазылған ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу керек. Өйткені, әр ғылымда өзіндік түсіндірме әдісі біздің зерттеуімізде талданып отырған азаматтық бірегейліктің мәнін, мағынасын ашуға септігін тигізеді.

Азаматтық бірегейлік ең алғаш батыс мемлекеттерінде терең талқылана бастады. Бұл азаматтық бірегейліктің азамат, азаматтық қоғам, мемлекет секілді ұғымдардың алғаш рет сол мемлекеттерде пайда болғандығымен түсіндіріледі. Сондықтан азаматтық бірегейлікті қарастыруда батыс ойшылдарының еңбектеріне назар аударған жөн.

Азаматтық бірегейлік ағылшын тілінен аударғанда «*civic identity*», яғни азаматтық барабарлық, азаматтық ұйқастық, азаматтық сарындастық ретінде аударылады [85].

Бірақ та азаматтық бірегейлікті зерттеуде ғалымдардың көзқарастырының бөлінгенін байқауға болады. Азаматтық бірегейлікті тек қана аудару емес, оның мән-мағынасын түсіндіруде біршама алшақтықтар орын алуда, Мысалы, батыс мемлекеттерінде көптеген мемлекеттердің ғалымдары азаматтық бірегейлікті ұлт қалыптастыру нәтижесінде пайда болған категория ретінде қарастырады. Бұл кезекте азаматтар өздерін азаматтық ұлттың мүшесі ретінде анықтауы негіз болып табылады. Ал ұлт қалыптасу үдерісі аяқталмаған мемлекеттер үшін азаматтық бірегейлік қоғамды жұмылдыру мен азаматтық ұлтты қалыптастыруда, азаматтық қоғам құруда, патриоттық белгілердің дамуы мен нығаяуында септігін тигізетін азаматтардың әлеуметтенуінің нәтижесі ретінде қарастырады. Сонымен қатар азаматтық бірегейліктің мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде талдау дәстүрі жүзеге асуда. Бұл орайда азаматтық бірегейлік этносаралық келісім мен бейбітшілік, татулық орнату үдерісінде басты құрал ретінде пайымдалады.

Біздің зерттеуіміздегі азаматтық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бір түрі ретінде ұлттық мемлекетті қалыптастырудағы бір факторы ретінде қарастырылады. Қазіргі біздің қоғамымызда азаматтық бірегейлікті мемлекеттік бірегейлікпен шатастырып, үнемі этностық бірегейлікке қарама-қарсы қою тенденциясы орын алуда. Мемлекеттік бірегейлік индивидтің белгілі-бір мемлекетке, саяси институт ретінде үкіметке өзін жатқызуды білдіреді және ол көбіне әлемдік сахнада, кеңістікте басқа мемлекеттердің азаматтарынан өзгешелену үшін қолданылады. Осы орайда азаматтық бірегейлік мемлекеттік бірегейліктен мазмұны терең ұғым болып табылады. Бұлай түсіндіру бағыты көп жағдайда көрші Ресейде кең қолданысқа ие. Оны Ресей Федерациясының этносаяси, этнодемографиялық, әлеуметтік жағдайы мен мемлекеттің құрылысының ерекшеліктерімен түсіндірсе болады. Ресей федеративті мемлекет ретінде бірнеше ұлттық мемлекеттерден тұратыны белгілі. Сондықтан азаматтық бірегейлік мәселелері өзіндік қырынан анықталады. Өзінің жеке компоненттерінің болуымен сипатталады.

Ресей ғалымы Л.М.Дробижеваның пікірінше, либералды демократиясы бар мемлекет түрінде мемлекет халық үшін қызмет етеді. Сондықтан ондағы мемлекеттік бірегейлік азаматтық бірегейлікпен сәйкес келеді деп есептейді [86, 106.].

Дегенмен де азаматтық бірегейлікті анықтауда барша ғылымға ортақ негіздемелердің орын алуына көз жеткізсе болады.

Азаматтық бірегейлік мәселесін талқылау өзінің бастауын сонау антика заманынан алады. Онда азаматтық бірегейлік нақты қазіргі кезеңде қолданыста жүрген терминологияда емес, мемлекеттің азаматы болу қырында қарастырылды. Ол заманға тән құбылыс мемлекеттің, азаматтық қоғамның жаңадан пайда болуы. Сонымен қатар сол қоғамдағы азаматтардың орны мен рөліне жаңаша көзқарас қалыптасып, үлкен мән берілді. Осы орайда адамның «саяси» болмысы идеясын алғаш көтерген Аристотель, Платон еңбектерін атап кеткен жөн. Аристотель өзінің «Никомах этикасында» «адам өзінің болмысы бойынша қоғамдық құбылыс» болып табылады, ал «саясатты» саяси ағза ретінде қарастырады. Ұлы ойшыл адамдардың саяси ағза ретінде дүниеге келіп,

қоғамда біріге отырып өмір сүруге инстинктивті ұмтылысы болады деп тұжырымдайды. Тума қабілеттердің теңсіздігі топтарға адамдардың бірігуінің себебі, ал осыдан қоғамдағы адамның орны мен ролі анықталады деп есептейді [87]. Яғни, Аристотель мен Платон еңбектерінде мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінде азаматтың ролі ерекше бағаланады. Бұл өз кезегінде азаматтық бірегейліктің қалыптасу мәселелерін алғашқы талқылау ретінде қарастырылады. Өйткені, адам олардың пікірінше, қоғамның айырылмас мүшесі болып табылады. Ал мемлекеттің тиімді қызмет етуі әр азаматтың санасындағы ұжымдық бірегейлікке тікелей тәуелді деп есептейді.

Азаматтық бірегейлік мәселесі Николло Макиавелли еңбектерінде де кездеседі. Оның негізгі бірегейлікке қатысты идеясы – билеуші әрқашан кез-келген жағдайда адамдардың мемлекетке және билеушіге деген қажеттілігін сезіндіріп отыру қажет [88]. Сонымен қатар Макиавелли бойынша, мемлекеттік билеуші халықты басқарғысы келсе, бірінше кезекте оның бірігуіне, азаматтардың арасындағы өзара тығыз қарым-қатынасына назар аудару қажет. Өйткені, азаматтық құрылымға біріккен азаматтар тобы мемлекеттік билеушіге қауіп төндіреді деп есептейді. Сондықтан оның пайымдауынша, мемлекеттік билеушілер елді басқару үшін қоғамның арасында ішкі бытыраңқылықты қолдап, елдің жұмылуына кедергі жасайды. Осы орайда қоғамның азаматтық негізде бірігуі өз қырынан мемлекеттік билікке әсер етудің ең ұтымды жолы ретінде қарастырылады.

Бірегейліктің азаматтық қырына аса назар аударған кейінгі ойшылдардың қатарында Дж.Локк пен Т.Гоббсты [89] атауға болады. Бұл XVII ғасырдың философиясында бірегейлікті адамның уақыт пен кеңістіктегі өзімен ұйқас болуын сезінуден бастау алды. Аталған ғалымдардың пікірінше, азаматтардың мемлекетке мүше болып бірігуі қауіпсіздік мәселелерінің орын алуымен түсіндіріледі. Яғни, азаматтардың жеке мүдделерінің қатарында ортақ, жалпы халықтық мүдделер аса маңызға ие болып, басымдық сипат алады. Мұнда азаматтық бірегейліктің либералды түсіндірме әдісінің алғашқы көріністері байқалады деуге болады. Ол бойынша азаматтардың еркіндігі, заң алдында теңдігі, құқығы сияқты категориялар басты назарға алынады.

Сонымен қатар азаматтық бірегейлік мәселерін азамат туралы ой қозғаған неміс классиктерінің ішінде Кант пен Гегельді атауға болады. Олардың еңбектерінде қоғам мен мемлекеттегі азаматтың алар орнына, азаматтың болмысына аса назар аударылады [90, 120б.]. Жеке ғалымдарға келетін болсақ, Кант үшін бірегейлік тұлғаның өзіндік санасымен, санасындағы «Мен» ұғымымен тығыз байланысты. Ғалымның пікірінше, бірегейлікті тек қана тұлға иемденбейді, бірегейлік бір ұлтқа да тән құбылыс. Ал сол бірегейлік тек қана саналы таңдауға ғана емес, азаматтың немесе ұлттың қабілетіне байланысты. Бұл жерде азаматтың немесе ұлттың өзіндік бірегейлігін сақтап қала алу қабілеті туралы сөз қозғалып отыр. Оның ішінде бірегейлікті сақтап қалу мен нығайтуда тілдің маңызы өте зор болып табылатынын дәлелдеген. Кез-келген қауымдастықтың бірегейлігі тілмен анықталады, ерекшеленеді деген тұжырым жасайды [91]. Қазіргі таңда И.Канттың осы тұстағы идеясы тек біздің қоғам үшін ғана емес, барша қоғам үшін өзекті мәселелердің шешімі ретінде

қабылданады. Өйткені, кез-келген мемлекет өзінің бірегейлігін анықтауды тілдік ортақтықтан бастуы тиіс. Яғни бір жағынан, тілдік бірегейліктің берік болуынан азаматтық бірегейліктің берік болуы тәуелді. Сол себепті азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда И.Кант еңбегінде келтірілетін тұжырымдамалар үлкен ғылыми мағлұматтар береді.

Сонымен қатар азаматтардың бірегейлігінің азаматтық түрі жайлы К.Маркс еңбегінде көрсетілген. Ол бойынша азаматтар өздерін белгілі бір топпен, қауыммен, таппен бірегейлену өте маңызды, өйткені ондай қатынастарда адам өзін субъекті ретінде санап, өзінің жеке мүдделерін қамтамасыз етумен қатар, оларға жетудегі негізгі мақсаттарына қол жеткізуге тырысады.

Қазіргі әлемдік саяси ойлар тарихында азаматтық бірегейлік мәселелері өзінің *либералды дәстүрін* дамыта бастады деп айтуға болады. Бұл жоғарыда көрсетілген XVII ғасырдағы саяси ғылымдар тарихындағы либерализм бағытының дамуымен сипатталады. Осы орайды жоғарыда аты аталған ойшылдардың еңбектеріндегі ұлттық мемлекетті құраушы азаматтардың санасындағы либералды көзқарастардың басымдыққа ие болған кезеңнің орны ерекше болып есептеледі. Либералды тұжырымдаманың негізгі ортақ категориялары ретінде индивидтердің бостандығы, адам құқықтарының басымдығы, мемлекетті құру мен мемлекет ішіндегі өмір сүру еркіндігі, адам мүдделерінің мемлекет мүдделерінен жоғары тұруы және т.б. анықталады. Сонымен қатар, саяси либерализм бойынша адамдар өздерінің қауіпсіздіктері мен қорғануы үшін өздерінің еркіндіктері мен құқықтарының бір бөлігін мемлекетке береді. Яғни, бұл тұжырымдама мемлекеттің қоғам үшін, қоғамның мүдделері үшін қызмет атқаруын білдіреді.

Либералды тұжырымдама бойынша азаматтар өздерінің мемлекетке азамат ретінде өздерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра отырып, ортақ мүдде үшін бірігуі нәтижесінде азаматтық бірегейлік туындайды. Бұл батыс ғылымында пайда болған саналы таңдау (*rational choice*) идеясымен тығыз байланыста болады. Саналы таңдау теориясы бойынша адамдар өздерінің түсініктері бойынша әділетті болып табылатын жеке өз бастарынан, мүдделерінен жоғары тұратын және басымдыққа ие болатын ортақ бірегейлік түрін таңдайды.

Либералды дәстүрдің тағы ғылымға енгізген жаңалығы ол «ұлт» ұғымының «халық» ұғымымен синоним ретінде анықталуында жатыр. Бұл тұжырымдамаға үлес қосқан И.Гердер мен Г.Гегельдің еңбектерін атауға болады. Олар халық пен мемлекет ұғымдарының ұқсас, бір болуы тұрғысынан қарастыруға негіз салады. Мысалы Гердер үшін табиғи мемлекет болып бірегей ұлттық (азаматтық) сипаттағы халықтан тұратын мемлекет табылады. Ал Гегель үшін мемлекеттік құрылымынсыз болған халықта ешқандай тарихы, ерекшелігі болмайды. Олар қазіргі кездегі жабайы ұлт ретінде өмір сүреді деп көрсетеді [49, 366.].

Сонымен қатар либералды дәстүрдің өкілі Джон Роулз өзінің «Игілік идеясы мен құқық басымдығы» атты еңбегінде әділеттілік идеясы жүзеге асатын қоғамды құруда тепе-теңдік, тежемелік институционалды

механизмдерімен қатар қоғамның азаматтық рухы басым болуы қажет деп көрсетеді. Ал азаматтық қасиеттердің қалыптасуы азаматтық қоғамның құрылуының және мемлекеттің демократиялық, либералды құрылысының орнығуының кепілі болмақ. Роулздың еңбегінде маңызы ерекше идея ретінде «әділетті әлеуметтік ынтымақтастық» идеясын атауға болады. Ол бойынша азаматтар демократиялық мемлекеттің мүшелері ретінде сол мемлекеттің саяси институттары жіктеген міндеттемелерді жүзеге асырады [35]. Яғни либералды-демократиялық құндылықтармен қатар қоғамда тұлғаның бірегейлігі мен қауіпсіз ортада мүше болуы қажет деген тұжырымдамаға тоқталады. Тұлғаның өзін қауіпсіз ортада ғана жүзеге асыралатындығы, бірегейлігінің нығаюы байқалады.

Демек, белгілі бір қауымдастыққа, қоғамға мүше болуда бірінші кезекте қауіпсіздік мәселесін шешу қажеттігі анықталады. Сондықтан әлеуметтік ынтымақтастық орнату мақсатында қауымдастықтың барлық мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Мемлекеттің пайда болуын түсіндіретін кейбір теорияларды осы қауіпсіздік мәселесі ерекше орынға ие болды. Ол теория бойынша адамдар «қасқыр» іспеттес. Осылайша бір-бірінен қорғану үшін, өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өздерінің еркіндіктері мен құқықтарын шектеп, мемлекетке жүктейді. Осы орайда әділетті әлеуметтік ынтымақтастықтың орналуы мүмкін. Азаматтың іс-әрекетіне деген бағаны қауымдастық қалыптастырады. Өйткені, қауымдастық жүріс-тұрыс ережелерін бекітеді. Мысалы Я.Тайлордың айтуынша, «мемлекетке мүше болу жеке бірегейліктің құрамдас бөлігі болып табылады. Адамның өзіне беретін бағасы ортақ қауымдастықта қалыптасқан жағдайға тәуелді болады» деп есептейді [36].

Азаматтық бірегейлікті зерттеудегі либералды әдістің өкілі Уилл Кумлика ғылымға либералды ұлтшылдық (национализм) атты ұғымды енгізді. Ғалымның негізгі идеясы тұлғаның жеке автономиясы тұжырымдамасы болып табылады. Либерализмнің негізгі еркіндіктері барлығына маңызды, өйткені либералды еркіндіктер адамдарға таңдау еркіндігін береді. Осы еркіндіктің көмегімен азаматтар өздерінің өмір жағдайын жақсартатын жолды таңдайды және қайтадан қарастыру арқылы әлеуметтік мәдениетке қол жеткізеді. Кумлика бойынша «әлеуметтік мәдениет» - бұл бір территорияда ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, ортақ тілі бар жеке және мемлекеттік өмірді қамтитын институттар жиынтығы. Осылайша әлеуметтік мәдениет таңдау контексті ретінде қарастырылады. Аталған идеяның маңызы адамдардың басым бөлігінің әлеуметтік мәдениеті ортақ авторитетті горизонт болып табылуында жатыр [37].

Сонымен қатар Уилл Кумлика қоғамдағы мәдени қауымдастықтың орнын көрсете отырып, барлық азаматтардың ортақ қауымдастыққа, ортақ мәдениетке бірігу жолын дұрыс деп атайды. Дегенмен де ортақ қауымдастыққа мүше болу кішігірім мәдени ерекшеліктер, бірегейліктер арқылы ғана мүмкін деген тұжырымдама келтіреді. Кумлика Америка Құрама Штаттарындағы ұлттың қалыптасу жолын ең ұтымды деп көрсетеді [92, 46.]. Өйткені, оның ойынша Америка Құрама Штаттарында ұлтты қалыптастыру кішігірім ұлттық

(этностық) бірегейліктерді, жеке мәдениеттерді жою жолымен емес, оларды дамыту мен сақтау жолымен жүріп келді. Нәтижесінде көптеген кішігірім мәдениеттерді біріктіретін ортақ ұлттық бірегейлік дүниеге келді. Кумлика бір қырынан либералды қоғамда әлеуметтік азшылық топтың өз мәдениеттерін сақтауға деген еркіндіктерін қолдай отырып, екінші қырынан, әлеуметтік азшылық топтың үлкен либералды қоғамның мәдениетіне ассимиляциялану арқылы мүше бола отырып, одан да жоғары рахатқа бөленеді деген тұжырымдама жасайды [93].

Бұл орайда азаматтық бірегейліктің ұлттық бірегейлік ретінде түсіндіру жолы сипатталады. Яғни, ұлттың бірегейлігі ұлттық-азаматтық бірегейлікпен толыққандығын білдіреді. Дегенмен де, қазіргі кезеңде ұлттық және азаматтық бірегейлік түрлерінде алшақтықтар байқалады. Олар көбінесе әр мемлекетке тән саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық жағдайлармен сипатталады. Өйткені, кейбір мемлекеттер ұлттың қалыптасып болғаннан кейінгі бірегейлік түрін зерттесе, кейбір мемлекеттер үшін бірегейліктің ұлтты қалыптастырудағы орны мен рөліне ерекше назар аударады. Осы тұста азаматтық бірегейлікті түсіндіруде өзіндік әдіс-тәсілдер дүниеге келді. Дегенмен де қазіргі таңда көптеген мемлекеттерде азаматтық бірегейлікті түсіндіруде либералды әдістің көп қолданылатындығын байқауға болады. Либералды әдіс бұл орайда әмбебап дәстүр негізін салды деп есептейміз.

Либералды зерттеу әдісінде азаматтық бірегейлікті әділеттілік принциптері мен демократияның либералды формасын қолдаудағы ұжымдық әрекет арқылы және азаматтардың «өзара сенімі» арқылы ортақ азаматтық бірегейлікті құруға болады деп көрсетіледі [38]. Бұл орайда азаматтық жүріс-тұрыс мәселелеріне үлкен мән беріледі. Азаматтар демократиялық институттардың қозғаушы күші ретінде есептеледі. Ал олардың бірігуі мен ортақ мақсатқа қол жеткізуі тек «өзара сенім» арқылы жүзеге асады. Сенім тек қана азаматтардың арасында болып қана қоймай, азаматтардың мемлекеттік билікке, және керісінше мемлекеттік биліктің азаматтарға деген сенімінде көрініс табады. Яғни, мемлекетте демократияға ортақ күшпен ғана қол жеткізуге болатыны туралы сөз қозғалады. Осы орайда азаматтық бірегейліктің мазмұнының кеңейе бастағанын көрсетіледі.

Либералдық құндылықтар азаматтардың санасында басқаларға деген құрмет пен толеранттылық сияқты категориялармен қатар өздерінің жеке мүдделерінің ішіндегі әлеуметтік қорғау талабын ортаға салады. Бұл орайда американдық зерттеушісі Ральф Уолдо Эмерсонның еңбектірендегі зерттеулер елеулі еңбек сіңірді [94]. Ол либералды азаматтылық пен азаматтық достастық мәселесіне саяси талдау жүргізеді. Оның ойынша азаматтық достастық тек бір-бірін жетік түсіну орын алған жағдайда ғана мүмкін. Мысалы азаматтар қоғамда тек қана келісім арқылы ғана бірігіп қоймай, қауымдастыққа өздерінің ашықтығы, басқаларды түсіну, ойын бөлісу арқылы мүше бола алады деп тұжырымдайды. Эмерсон үшін либералды индивидуализм мен ұжымдық индивидуализм арасында Кумликаға қарағанда екіншісіне басымдық береді. Оның пікірінше, қоғамдағы діни, этностық, трайбалистік құбылыстар қоғамның жұмылуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан ғалым демократияны түсіндірудің

радикалды әдісіне жүгініп, қоғамдағы біріктіретін азаматтық бірегейлік тек қана барша азаматтарға ортақ болатын еркіндік, құқық сияқты ұғымдардан тұрады деп есептейді.

Осылайша азаматтық бірегейлікті түсіндіруде либералдық құндылықтардың мазмұны мен қажеттілігі арқылы талдау дәстүрі қалыптаса бастады. Бұл орайда азаматтық бірегейлік бірінші кезекте ұжымдық мүдде, ортақ құндылықтар негізін қалыптасуы тиіс деп табылады.

Ендігі кезекте азаматтық бірегейлікті демократияның дамуымен анықтау мәселесі көтерілді. Соның ішінде Ф.Фукуяманың еңбегі қызығушылық туғызады.

Франсис Фукуяманың ойынша, қазіргі таңдағы бірегейлікті зерттеушілердің басым бөлігі азаматтық бірегейлікті либералды демократия тұрғысынан талқылауы кең етек жайды. Бұл азаматтардың топтық мүддеге басымдық білдіріп жұмылуын білдіреді [39]. Осылайша азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың негізі болып заң, құқық, Конституция, қоғамдық игілік табылады. Азаматтардың төмен деңгейлі азаматтық бірегейлігі олардың басқа елге көшіп кетуіне ықпалын тигізеді деп есептейді. Ал оны болдырмас үшін әрбір мемлекетте заң, құқық өз деңгейінде орындалып, сақталуы тиіс.

Осылай батыс әлеуметтік ғылымдарында азаматтық бірегейлікті зерттеудің либералдық әдісі өз дамуын тапты. Аталмыш әдіс бірнеше автономиялы мемлекеттерді біріктірген, мемлекеттік құрылысы бойынша федеративті мемлекеттердің қатарына жататын, көрші Ресейде өз қолдаушылары мен жақтастарын тапты.

Азаматтық бірегейлікті саясаттану ғылымының шеңберінде зерттейтін Ресей ғалымы В.Ю. Журавлева өзінің «Ресей азаматтарының XX ғасырдың 20-90 жж. азаматтық бірегейлігінің эволюциясы» атты диссертациялық жұмысында азаматтық бірегейліктің либералды дәстүрін ұлт, ұлттық мемлекет немесе мемлекет-ұлт түсініктерімен қарастырады. Оның ойынша, қазіргі замандағы «ұлт» түсінігі «халық» түсінігімен сипатталады. Ондағы негізгі және басты категория ретінде азаматтылық, азамат табылады. Автор түрлі Батыс елдеріндегі азаматтық бірегейліктің көріністерін сипаттай келе азаматтық бірегейлікті «ұлт» түсінігімен түсіндіру тар және саяси мағына береді, кейбір полиэтносты қауымдастықтарда азаматтық бірегейлену үдерісін толық түсіндірмейді деген қорытындыға келеді [49, 49б.].

Осылайша, азаматтық бірегейліктің либералды түсіндірме әдісі бойынша азаматтық бірегейліктің астарында адам еркіндігі мен бостандығы, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерге қарамастан қоғамдық құндылықтарды жатқызылады [95, 95б.].

Азаматтық бірегейлікті зерттеудегі келесі ірі дәстүр - *әлеуметтік-мәдени әдіс*. Аталған дәстүрдің шеңберінде азаматтық бірегейлік мәселесі өздерінің мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысатын полиэтносты қоғамдарда ұлттық, мәдени ерекшеліктері арқылы сипатталады. Бұл орайда аталмыш әдісті жақтаушылардың ортақ идеясы азаматтық бірегейлікті әлеуметтік-мәдени құндылықтар мен ерекшеліктер негізінде қарастыру қажеттілігінде жатыр. Мысалы, Энтони Смит ұлттық бірегейліктің

калыптасуына құндылықтар жиынтығы, рәміздер, белгілер, естеліктер, миф және дәстүр жатады деп есептейді [40]. Яғни, аталған әдісте азаматтық бірегейлікті ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жағынан қарастырылады. Оның ішінде басты мәселе ұлттық мемлекетті қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар ұлттың басты мақсаты ол ұлттық мемлекетті қалыптастыру ретінде анықталады. Осы орайда Э.Смитке сәйкес, ұлттар өздерінің рухы, жігері арқылы өздерінің тағдырын өздері шешуге мүмкіндік алады. Ал ол негізгі үш принциптің негізінде жүзеге асуы мүмкіндігіне ие болады:

1. әлем бірегей органикалық ұлттарға немесе мәдени (тілдік) топтарға бөлінеді;
2. ұлттық өзін-өзі көрсету саяси күрес арқылы жүзеге асады;
3. тұлғаның еркіндігі органикалық мемлекеттің мүддесіне бағынуы тиіс [96]. Бұл орайда азаматтық бірегейлік мәселесі әлеуметтік бірегейліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ оның астарында мәдени құндылықтар жатуы тиіс деген қорытындыларға келеді.

Осы орайда ғалым ұлтты бірегейліктің мазмұндық қасиетіне ұлттық естелік, этнобелгіліктің бірқатар бейнелерін (көсем, қасиетті тұлғалар, батырлар, жеңістер мен жеңілістерді) жатқызады [97]. Бұл көбінесе ұлты қалыптасып үлгерген мемлекеттер мысалына тән.

Әлеуметтік-мәдени дәстүр шеңберінде азаматтық бірегейлік категориясының дамуы 1980-1990 жылдардағы этностық бірегейліктің өршуімен сипатталады. Осылайша, этностық тіл, мәдениет, белгілер, стереотиптер және т.с.с. этностық топтық ерекшеліктер басымдыққа ие бола бастады. Бұл өз кезегінде объективті, субъективті себептермен түсіндіріледі. Дегенмен, шығатын қорытынды, бірегейлену үдерісіне мәдениеттің (этностық) ықпалы күшейе бастады. Бұл мемлекеттердегі екі тенденциямен түсіндіріледі: *біріншіден*, мемлекеттің құрылысы этностық бірегейліктің негізінде (посткеңестік мемлекеттерге тән) жүзеге асса; *екіншіден*, этностық топтарды саяси үдерістерге араластырып және саяси институттарға тарту әрекетімен түсіндіріледі. Яғни, бірінші кезекте көптеген ұлттардың басын біріктірген КСРО ыдырауымен сипатталады.

Бұл орайда ұлттық және мәдени тұрғыда халықтың өз мемлекеттік құрылысын өзі таңдау құқығының демократиялық келесі бағыттары айқындалады:

1. Ұлттың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы егеменді мемлекеттердің құрылуына әкеліп соғады;
2. Ұлттың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы көпұлтты мемлекеттердің құлдырауы мен ыдырауына себеп болады;
3. Ұлттың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы халықтар мен этностық топтардың федерация немесе одақтарға бірігуіне әкеледі;
4. Ұлттың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығы қоғам өмірінің әр саласын интернационализацияға, егеменді мемлекеттердің конфедерация мен ірі одақтарға қосылуына себепші болады [98, 476.].

Осы орайда Э.Смит азаматтық бірегейліктің компоненттері ретінде ұлттық патриотизм, ұлттық тарих, азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтары,

азаматтық тәрбие, саяси рәміздер, саяси мәдениет жатқызады. Смит бойынша азаматтық бірегейлік бұл – белгілі бір жағдайдағы (территориядағы) саяси (институционалды) және мәдени бірегейліктің түрі. Сонымен бірге Энтони Смит азаматтық бірегейліктің критерилері мен көрсеткіштерін, индикаторларын анықтайды.

Кесте 1 – Смиттің азаматтық бірегейлік компоненттерін жіктеуі

Өлшем критерийлері	Көрсеткіштер	Индикаторлар
Саяси	Демократия негіздерін білу	Демократиялық құндылықтарға қатысты негізгі принциптерді білу, <i>демократиялық құндылықтардың бір-біріне өзара алмасып отыратын машықтары</i>
Саяси	Азаматтылық негіздерін білу	Негізгі адам құқықтары мен міндеттерін білу, адам құқықтары мен міндеттері саласында машықтардың болуы, <i>адамгершілік пен мемлекеттілік түсініктеріне қатынасы</i>
Әлеуметтік	Азаматтардың ұлттық бірегейлігі	Ұлттық топтардың болуы туралы білімнің болуы, өздерінің ұлттық топтарына мүше болуы, отан тарихын, мәдениет тарихын, ұлттық рәміздерді, ұлттық сана мен стереотиптерді білу, <i>өзінің этностық тобына қатынасы</i>
Мәдени	Мәдениетті білу	Құндылықтар мен нормаларды мойындау, мәдени тәрбиелі, мәдени жүріс-тұрысты игеру, <i>коммуникативті машықтар</i>

Жоғарыда көрсетілген кестеге сәйкес, азаматтық бірегейліктің саяси компоненті демократия негіздерін білу және азаматтылық негіздерін білу сияқты көрсеткіштерден тұрады. Сонымен қатар әлеуметтік критерий бойынша азаматтың бойында өз этносының тобына мүше болуы санасы қажет. Ал ол отан тарихын, мәдениет тарихын, ұлттық рәміздерді, ұлттық сана мен стереотиптер арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ азаматтық бірегейліктің мәдени компоненті барша халыққа ортақ мәдени жүріс-тұрыстың болуымен сипатталады.

Яғни бір сөзбен айтқанда, азаматтық бірегейлікті зерттеудегі әлеуметтік-мәдени дәстүр саяси компоненттермен қатар ұлттың әлеуметтік (Ұлттық топтардың болуы туралы білімнің болуы, өздерінің ұлттық топтарына мүше болуы, отан тарихын, мәдениет тарихын, ұлттық рәміздерді, ұлттық сана мен

стереотиптерді білу, өзінің этностық тобына қатынасы) және мәдени (құндылықтар мен нормаларды мойындау, мәдени тәрбиелі, мәдени жүріс-тұрысты игеру, коммуникативті машықтар) құрамдас бөліктерінің маңызы зор екендігін көрсетеді [99].

Ал Смиттің тұжырымдамасындағы этностық бірегейлік тарихи естелік, мәдениеттің ерекше элементтері, ата-баба туралы аңыз, атамекен сияқты компоненттерден тұрады десе, ұлттық бірегейлік компоненттері болып ортақ территория, ұлт, тарихи естелік, ортақ мәдениет, саяси рәміздер табылады деп есептейді. Азаматтық бірегейліктің жоғарыда аталған компоненттері азаматтық бірегейлік *азаматтық ұлттың қалыптасуына* әкеліп соғады деп тұжырымдайды. Нәтижесінде батыс мемлекеттерінде пайда болған «азаматтық ұлт» құбылысы дүниеге келеді. Кейіннен ол еурапалық бірегейлік атты бірегейлік түрінде көрініс табады.

Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісін зерттеутін ғалымдардың пікірінше, соның ішінде Александра Латунина өзінің «мультимәдени қоғамдардағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуы: әлеуметтік-мәдени әдіс» атты мақаласында азаматтық бірегейліктің қалыптасу түрлерін: шашыраңқы, баламалы, кемеліне жеткен болып бөлінеді деп көрсетеді. Сонымен қатар, ғалым азаматтық бірегейліктің қалыптасуының екі үлігісі барын айтады. Бұл орайда азаматтық бірегейлік ұлтүстілік тұрғыда ұрастырылады. Бірінші үлгі бойынша азаматтық бірегейлік этностық бірегейлік негізінде қалыптасады, этностық тұрғыда ұлттың мәнін білдіреді. Ал екінші үлгі бойынша мультимәдениеттерді қамтитын, яғни бір ұлтқа басымдық берілмей барлығын «қайнаушы қазан» принципімен біріккен саяси ұлттың қалыптасуын білдіреді. [99]. Екінші үлгідегі азаматтық бірегейліктің қалыптасуы Америка Құрама Штаттарындағы ұлт қалыптасу үдерісін анықтаса, бірінші үлгі белгілі-бір этностық топтың, ұлттың негізінде пайда болған ұлттың қалыптасу салдары ретінде қарастырылады. Яғни, бұл жерде азаматтық бірегейлік этностық бірегейлікпен тығыз байланыста болады. Ол ұлттың этностық белгілері бойынша қалыптасуын білдіреді. Дегенмен екі жағдайда да азаматтық бірегейлік бірегей саяси ұлттың қалыптасуының негізінде пайда болады деп көрсетіледі. Ал олардың жету жолдары әрқилы болады. Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда әр мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи жағдайын ескеру қажет деген қорытынды жасауға болады.

Яғни азаматтық бірегейлік ортақ интеграцияның негізінде пайда болады. Кейбір ғалымдар интеграция деген ұғымды ассимиляциямен шатастырады. Ал интеграция ол ассимиляцияны білдірмейді, керісінше, өз ерекшеліктерін сақтай отырып, белгілі бір қоғамға мүше болуды білдіреді. Бұл кезекте азаматтардың жеке бірегейлігі сақталады. Ал ассимиляцияда азаматтардың мәдени ерекшеліктері мүлдем сақталмауы мүмкін. Сондықтан азаматтық бірегейлік өзіндік интеграцияны білдіреді. Бұл орайда интеграция саяси, экономикалық және тілдік, мәдени интеграция болуы мүмкін деген тоқтамға келеді.

Интеграцияның азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы мәні төмендегі мәселелерді шешуге септігін тигізеді:

1) Азаматтарды мемлекеттің маңызды мүшесі ретінде қабылдап, оның мемлекеттен қашықтанбауын;

2) Ортақ қоғамдық мүддені жүзеге асыру бағытында азаматтардың мақсаттарына жетуге серпіліс беру;

3) Азаматтардың өз этностық, мәдени ерекшеліктерін сақтап, дамытуға үлес қосу;

4) Мемлекетте әр азаматтың мәдениетін сақтай отырып, ортақ мәдени жүріс-тұрыс үлігісін қалыптастыру [99, 608б.]

Қазіргі таңдағы зерттеушілер азаматтық бірегейліктің ұғымын кеңейтіп оның құрылымының компоненттері ретінде саяси бірегейлік, мәдени ерекшелік, этностық бірегейлік, ұлттық бірегейлік, еуропалық бірегейлік және демократия деп көрсетеді. Азаматтық бірегейлікті түсіндіруде мемлекеттің этностық, ұлттық және көпұлтты түрлеріне жіктелетінін ескерген жөн. Осы орайда мемлекетті құру этностық ерекшеліктер, мәдениет пен дәстүр сияқты біріктіруші факторлар ретінде көрсетілсе, көпұлтты мемлекеттердегі халықты саяси құбылыс ретінде ортақ мәдениет пен дәстүр біріктіреді деп түсіндіреді. Бұл жерде екі жағдайда да ұлтты құрайтын негізгі фактор мәдениет табылса, мәдениеттің астары, түсінігі екі түрлі болып келеді. Бірінші мысалда мәдениеттің негізін этностық мәдениет құраса, екінші жағдайда барлық топтарға ортақ (наднациональная культура) ұлттан жоғары мәдениет біріктіреді. Осы орайда батыс ғалымдарының пікірінше, ұлт түсінігінің «шығыс еуропалық» (мәдени, этностық) түрі мен «батыстық» (саяси, азаматтық) болып екі түрлерінің жіктелуіне әкеліп соғады.

Осылай жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылдарында ұлтты қалыптастырудың этномәдени аспектілері орын ала бастады. Олар көбінесе Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдеріндегі этностық белгі бойынша мемлекеттердің қалыптасуымен сипатталады.


Роджерс Бубейкер Шығыс Еуропа посткеңестік мемлекеттердегі ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерісін зерттей отырып, оның этностық түріне басымдық берілгендігін айтады. Ғалым Шығыс Еуропа мен Еуразия мемлекеттерін өтпелі кезеңге аяқ басқан мемлекеттер деп танып, ұлтты құруда этностық белгі бойынша мемлекет құраушы этностық топтың мүддесін қорғауға бет алғандығын айтады [100]. Азаматтық бірегейлікті әлеуметтік-этномәдени тұрғыдан түсіндіру үшін этностық мәдениеті сақталған Шығыс Еуропа мемлекеттер мысалында көрсету жөн деген қорытындыға келеді. Осыдан көретініміз, жаңадан пайда болған демократиялық мемлекеттерде азаматтық бірегейліктің этномәдени негізде институционализиаланғанын көруге болады. Бұл орайда мемлекеттік тіл, мемлекеттік мейрамдар, тарих, мәдениет сынды көрсеткіштер этностық белгі бойынша құрылды. Яғни, бұл орайда азаматтық бірегейліктің қалыптасуы этностық бірегейлік төңірегінде жүзеге асады.

Сонымен қатар ғылымда ұлттық бірегейлік пен азаматтық бірегейлік арасындағы ерекшеліктерге байланысты бірнеше зерттеулер орын алды. Олардың басым көпшілігі ұлттық бірегейлікті азаматтық бірегейліктен жоғары тұратын, оны қамтитын бірегейлік түрі ретінде сипаттайды. Ұлттық бірегейлік

этномәдени белгілер бойынша қалыптасқан мәдени ұлттың қауымдастығы ретінде де қарастырылады.

Аталған зерттеу әдісі бойынша ұлттық бірегейлік азаматтық, мәдени, этностық бірегейліктерден тұрады. Бұл орайда азаматтық бірегейлік ұлттық бірегейліктің құрамдас бір компоненті ретінде қарастырылады. Сондықтан Шығыс Еуропа азаматтық бірегейлігінің қалыптасуын зерттейтін ғалымдар азаматтық бірегейлікпен қатар ұлтты қалыптастыруда этностық және мәдени ерекшеліктерге үлкен мән береді.

Ал олар өз кезегінде келесідей құрылымдық компоненттерден тұрады:



Сурет 1 – Ұлттық бірегейліктің мазмұны (С.Шульман бойынша) [41]

Яғни бұл орайда азаматтық бірегейлік бірегейліктің мәдени, этностық бірегейлік түрлерімен қатар ортақ, ірі ұлттық бірегейлікті құрайды. Аталған зерттеу көбіне Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейлік мәселесі төңірегінде өрбиді. Осылайша төл ұлты бар полиэтносты мемлекеттердегі азаматтық бірегейлік қалыптасуының өзіндік ерекшелігі болады деген тоқтамға келеді.

С.Шульман бойынша Орталық және Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі ұлттық бірегейліктің азаматтық компонентін этностық топтың басым бөлігі қолдауын ұлттық мемлекеттердің азаматтық үлгісінің жағымдылығын және беделді болуымен түсіндіреді. Еуропаның транзитті демократиялық мемлекеттеріндегі этностық топтар ұлттық және мемлекеттік құрылыстың азаматтық үлгісін ұлттың қайта өркендеуінің құралы ретінде, өздерінің мәдениеті мен төл этносты топтар мен элитаның бірегейліктері мен

мүдделерінің жүзеге асуы деп біледі [101]. Өйткені ол Батыс мемлекеттеріндегі бірегейлік түрлерін зерттей келе, демократия мен тұрақтылық дәстүрін дәріптеп келген батыс қоғам мемлекеттерінде ұлттық бірегейліктің таза азаматтық бірегейлік түрінің қалыптаспағанын айтады.

Дамыған демократиялы мемлекеттерде мәдени компоненттің де маңызы зор. Ол қоғам арасында мультимәдени саясат пен этностық топтардың ассимиляциясын қолдайтын жақтастардың болмауымен түсіндіреді [41]. Яғни, демократиялық мемлекеттер бір этностық мәдениеттің кішігірім топтардың мәдениетін ығыстырмай, кеірісінше сақталуы мен дамуына мүкіндік береді деп есептейді.

Азаматтық бірегейліктің әлеуметтік-мәдени дәстүрі осылайша нақты мәдени-ұлттық жұмылдырудың үлгілерін көрсетеді.

Азаматтық бірегейліктің мәнін ашудағы қолданылатын келесі маңызды әдіс *конструктивистік дәстүр*. Негізгі өкілдері Э.Геллнер, Б.Андерсон, Э.Хобсбаум болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, батыс ғылымында азаматтық бірегейліктің қалыптасуына мемлекет пен саяси элиталардың рөлі зор болып табылады.

Азаматтық бірегейліктің конструктивизм бағыты мемлекеттік, азаматтық бірегейліктер қоғамда орын алатын ортақ категориялар мен классификациялар арқылы тұлғаның әлеуметтену үдерісі нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдайды. Мемлекеттік не азаматтық бірегейліктер этностық бірегейлік іспеттес категоризация үдерісіне тұлғаға құнды болып табылатын білім элементтері негізінде дүниеге келеді.

Осыдан келіп отбасы, мектеп, БАҚ секілді институттардың бірегейлікті қалыптастырушы сегменттері көрініс табады. Яғни, бірегейлікті қалыптастыруда арнайы институттар мен құралдар арқылы қолдан жасалатын құбылыс ретінде сипатталады.

Осы орайда американа саяси антропология саласының ғалымы Э.Геллнер өзінің «Ұлттар мен ұлтшылдық туралы» атты 1980 жылдары жазылған жұмысы конструктивистік бағыттың негізгі түсінігін ашып көрсетеді. Геллнер қазіргі ғылымда көп талқыланатын «ұлт» түсінігіне басқаша анықтама береді. Ол ұлтты түсіндіруде бірегейлік мәселесіне ерекше назар аударады.

Қазіргі кезеңде «ұлт» түсінігіне берілетін анықтаманың көп болуын ескерсек, кейбір ғалымдар осы орайды ұлтты теорриториялық, тілдің біртұтастығы, экономикалық өмір сүру салтының ортақтағы, психологиялық біртұстас елдердің жиынтығы ретінде түсіндіреді. Ал кейбір ғалымдар «ұлт» түсінігін саяси тұрғыдан «саяси қауымдастық» ретінде түсіндіреді. Сондықтан да осындай түсініктің көптүрлілігін ескере отырып, «ұлт» түсінігіне беретін Геллнердің анықтамасы қызығушылық туындатады.

Геллнер ұлтты түсіндіруде территориялық, экономикалық, психологиялық біртұтастыққа аса назар аудармай, ұлтты бірегейленудің конструкциясы ретінде анықтайды.

Ол эмоциялық және бір-бірімен қиын байланыста болатын бір тағдыр, еркін таңдау, ынтымақтастық, еркін бірегейлену сияқты блоктардан тұратын ғылыми конструкциялар арқылы түсіндіруді ұсынады [42]. Сонымен қатар

Геллнер өзінің еңбегінде ұлтшылдық, ұлттық азаматтық сананың өршуі қоғамның дамуы сатысы ретінде қарастырады. Бұл орайда мемлекет азаматтарының санасында ұлтшылдық олардың дамуының бір сатысы ретінде көрініс табатынына ерекше мән береді.

Ұлтшылдық термині қазіргі таңда негативті қырынан қабылданатынын ескеретін болсақ, Геллнер бойынша ұлтшылдық бұл қоғамның артта қалуын білдірмейді, керісінше, қоғамның жоғары сауаттылығының көрінісі ретінде бұқара ақпарат құралдары, ұлттық элитаның пайда болуы мен қоғамға кәсіби кадрлардың сұранысында көрініс табады. Яғни, адамдар бірегейленудің жоғары сатысына өтеді, ал ол сатыда бірегейлікті қалыптастыратын элита, БАҚ, кадрларға аса назар аударылады. Осы орайда қазіргі кезеңде ұлт идеясы Геллнер екі жағдаймен түсіндіреді:

1. Екі адам бір ұлттың өкілі болып оларды идеялар жүйесі, шартты белгілер, байланыстар, жүріс-тұрыс және қарым-қатынас әдістері арқылы бір мәдениет біріктірген жағдайда табылады.

2. Екі адам бір ұлттың өкілі болып өздері іштей сол топқа мүше болуын мойындаған жағдайда табылады. Басқа сөзбен айтқанда, ұлтты адамның өзі жасайды, ұлт — бұл адам ойының, сенімінің жемісі [42]. Адамдар тобы бір-бірін біріктіретін ортақ құқық пен міндеттерді анық мойындаған жағдайда бір ұлтты құрай алады. Осындай өзара мойындау оларды бір-бірінің ерекшеліктеріне назар аудармай, басқа ортақ қасиеттердің болуына қарамастан ұлтты құрайтынын білдіреді.

Ұлтты түсіндірудегі жоғарыда көрсетілген екі әдістің де ғылымда орын ерекше. Әрине, ұлтты мәдениетсіз, ортақ құндылықсыз біріктіру мүмкін емес, дегенмен қазіргі кезеңде мемлекеттің негізі болып табылатын азаматтық қоғам тек құқық пен міндеттер, заң негізінде қызмет атқарады. Бірінші жағдай көбіне ұлтты этнографиялық тұрғыда түсіндіреді, ал екінші жағдай нормативтік-құқықтық негізде айқындайды. Осы тұрғыда Гоббс пен Локк еңбектеріндегі мемлекеттің пайда болуы мен қызмет етуінің негізі ретінде ортақ мүдде мен жеке мүдделердің шектелуін есепке ала отырып, ұлтты құрайтын ортақ мәдениеттің рөлі де зор екенін айтып кеткен жөн.

Геллнердің айтуынша, ұлтты құрауда ерекше орынды ұлтшылдық ойнайды. Өйткені тек ұлтшылдық қана ұлтты құрайды. Ұлтшылдық жоқ жерден пайда болмайды. Ол бұрын ұмыт болған тілдердің жандануы мен қайта өрлеуі, көптеген мәдениеттердің трансформациялануы негізінде орын алады. Ұлтшылдық – бұл ойдан шығарылып алынған немесе идеологиялы жасанды ой емес, ол ұлттың дамуының факторы, қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуы ұлт түсінігімен қабаттас жүретін үдеріс ретінде талқылайтын Геллнер теориясын ары қарай дамытушы ғалым болып Э.Хобсбаум табылады. Ол ұлтты аяқ астынан пайда болған немесе әлеуметтік қауымдастықтың бір мезетте пайда бола салатын феномен ретінде қарастырмай, оның қалыптасып, дамуына нақты тарихи кезең мүмкіндік береді деп тұжырымдайды. Азаматтарды біріктіретін ұлтшылдық бұл орайда тек қана этностық, ұлттық сипатта қабылданбай саяси мағынада қабылданады. Хобсбаум ұлтты әлеуметтік құрылым ретінде қазіргі территориялды мемлекет

түрінде түсінеді. Және осы орайда «ұлттық мемлекет» идеясы шеңберінде ұлтты құрастыруда жасанды конструкциялау, мақсатты бағытталған іс-әрекет немесе әлеуметтік инженерия ерекше рөл ойнайды деп есептейді [44].

Бұл орайда әрине, айтып кететін жәйт, конструктивистік дәстүр азаматтық бірегейлікті *азаматтық ұлтшылдық* (civic nationalism) ретінде түсіндіруге басым болады. Ал «ұлттық мемлекет» немесе «мемлекет-ұлт» идеясы сол азаматты бірегейліктің жемісі ретінде қарастырылады. Бұл орайда азаматтық ұлтшылдық негізі болып табылатын азаматтық бірегейлік идеясы Батыс тарихында бірінші рет орын алып, қазіргі таңдағы азаматтық бірегейлікті түсіндірудегі дәстүрден алшақтанады. Әрине, қазіргі таңда көптеген ғалымдар азаматтық бірегейлікті сол Батыс мемлекеттеріндегі алынған, қалыптасқан түсінік бойынша әлі де түсіндіріліп келеді. Дегенмен, азаматтық бірегейлік әр мемлекетте өзінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін, түсіндірудегі басқа дәстүрлердің орын алуын естен шығармаған жөн.

Осылайша жоғарыда көрсетілген конструктивистік дәстүрдің басқа да өкілдері азаматтық бірегейлікті арнайы алдын-ала ойластырып жасалатын конструкт ретінде қарастыруға болады деп пайымдайды.

Қазіргі жаһанданып отырған жағдайда конструктивистік дәстүрдің елеулі өкілі Б.Андерсон өзінің «Ұлт пен ұлтшылдық» атты еңбегінде ұлтқа байланысты екі тенденцияны атап көрсетеді: біріншісі КСРО ыдырағаннан кейінгі, әлсіз, экономикалық жағынан қуатсыз ұлттық мемлекеттердің құрылуын мойындаса, екінші жағынан, ұлттық түсініктің жаһандану жағдайында жойылып бара жатқанын айтады [43]. Андерсон өзінің еңбектерінде қоғамның санасында «елес арқылы пайда болатын қауымдастықтың» негізін тіл қалайды деп есептейді. Ол арқылы саяси одақ ретінде мемлекет қалыптасады деген тұжырымдама жасайды. Бірегейліктің ішінде ұлттық бірегейлікке және ұлттық қауымдастықтарға ерекше мән береді. Оның ішінде ұлтты қалыптастыру тілдік конструкт негізінде жүзеге асады деп есептейді.

Осы орайда ұлтты сақтап қалудың негізгі факторы ретінде бірегейліктің орны ерекше болатынын айтады. Өйткені, бірегейлік қоғамның тұтастығын сақтап отыратын субъективті санада көрініс табады. Тілдік біртұтастық, бірегейлік ұлттық бірегейліктің берік дінгегі ретінде анықталады.

Ұлтты, мемлекеттік қалыптастырудағы тілдік конструктпен қатар аталған әдіс шеңберінде Ю.Хабермас еңбектерінің үлесін атып кеткен жөн деп есептейміз.

Ю.Хабермас осы орайда мемлекет пен ұлттың өзара түйісуі қазіргі кезеңдегі деморкратиялық ұлттық мемлекеттердің пайда болуына септігін тигізеді деп қорытындылайды [102]. Бастапқыда бір мемлекетке мүше болу сол мемлекеттік билікке бағынғандықты білдірген болатын. Кейін демократиялық ұлттық мемлекетті қалыптастыруға ауысқаннан бастап мемлекетке мүше болу принципі басқаша жолмен жүзеге аса бастады. Яғни мемлекеттің демократиялық институттарын дамытуда азаматтың рөлі үлғая бастады. Азаматтардың бір қауымдастыққа, мемлекетке мүше болуы саяси және мәдени мәнге ие бола бастады. Яғни, азаматтылықтың мазмұны тек бағыну ғана емес

басқаша қырынан көрініс таба бастады. Бұл әрине, азаматтардың өз өмірін құру мен бақылау, қоғамдық, саяси іс-әрекетке белсенді түрде араласу сияқты азаматтылықтың жаңа мазмұны өмірге келгендігін дәлелдейді.

Осы орайда азаматтылық мәселесі тек қана саяси, құқықтық негізде бірігуі немесе саналы түрде мойындалуы емес, сонымен қатар бір қауымдастыққа мәдени негізде мүше болуды білдіре бастады.

Мемлекет пен ұлт түсінігінің Батыс мемлекеттерінде алғаш пайда болғанын ескере отырып, осы түсініктердің өзіндік даму эволюциясын, әр кезеңде интерпретациясының өзгергенін байқауға болады.

Қазіргі кезеңде көптеген ғалымдар мемлекетті Батыста азаматтық қоғам мен ұлт құрады деп жазады. Ал посткеңестік мемлекеттерде мемлекет ұлт пен азаматтық қоғамды қалыптастырып отыр деген ойлар басымдыққа ие болып отыр. Әрине, біздің көпэтносты және көпконфессилы қоғамымызда жаңадан тәуелсіздік, сонымен қатар басты жағдай демократиялық мемлекеттің пайда болуы, Батыста қалыптасқан азаматтық қоғам түсінігінің өзі Қазақстан халқы үшін жаңалық болып табылатындығы анық. Сондықтан ұлттың, оның саяси мәніндегі ұғымы Қазақстан үшін дамытуды, қалыптастыруды қажет етеді.

Сондықтан да қазіргі кезеңде біздің қоғамымызда сол түсініктердің орны мен рөлі, оларды қоғам арасында дамыту үлкен жауапкершілік пен маңызды, ерекше назар аударуды талап етеді.

Конструктивистік әдістің жақтаушылардың ішінде ресей ғалымы В.Тишковтың пікірінше, ұлттық азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың әдістері мен жолдары қазіргі заманды ұлтты құрастыруда ұлттық бейнелер мен ресми идеологияны манипуляциялаудағы мемлекеттің рөлін түсінуге көмек береді [46].

В.Тишковтың пікірінше, Ресейде орыс мәдениеті мен тілі ресей мемлекеттігінің басты құраушы элементтері болып табылады. Өйткені, тіл мен мәдениетті ойдан ойластырып, дамыту еш нәтиже бермейді деп тұжырымдайды. Осы орайда ұлтты қалыптастыру белгілі бір ежелден келе жатқан мәдени құндылықтар негізінде қалыптастыру жөн деген тоқтамға келеді.

Азаматтық бірегейлікті түсіндірудегі *институционалды дәстүрі* азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы саяси өзгерістер мен мемлекеттік билік мәселелеріне аса назар аударып, саясатта немесе саяси мақсаттарда қолданылады деп көрсетеді. Осы орайда Хабермас әлеуметтік саяси қозғалыстарды талдай отырып, олардың негізгі өзара байланысқан екі рөлін көрсетеді:

1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік қозғалыстар білім алу мен бірегейліктің қалыптасуы жүзеге асатын әлеуметтік үдерісінің динамикалық элементі болып табылады. Мәдени дәстүр мен әлеуметтенудің жаңа формаларында пайда болатын потенциалды қолдана отырып, әлеуметтік қозғалыстар саналылықтың құрылымдарын әлеуметтік тәжірибеге енгізеді. Солардың көмегімен бірегейліктің жаңа түрлері орын алады.

2. Демократиялық жобалар үшін қозғалыс қоғам өмірінің қайта құрылуы, институционалдануы үдерісін бастамашылыққа итермелеу қабілетіне ие болады [103].

Осы орайда азаматтық бірегейлік қоғам өмірін демократияландыру, азаматтық қоғам құруда ерекше рөл ойнайды. Бұл орайда азаматтық бірегейліктің көп қырлы болуы байқалады. Бір қырынан еркіндік пен теңдік ұғымдарын қамтыса, екінші жағынан бір мәдени дәстүрге басымдылық беріп, ортақ мүддеген, бірегейлікке қамту қызметімен ерекшеленеді.

Көп қырлы азаматтық бірегейлік Ю.Г. Волков, В.Драч, В.Е. Давидович, Т.А. Матяш сияқты Ресей ғалымдарының зерттеу объектісі болып табылады. Олар бірегейлік пен бірегейлену үдерісінің мәнін қоғамның идеологиясымен, әлеуметтік, саяси өтпелі кезеңнің моральды, адамгершілікті құндылықтармен түсіндіреді [104].

Сонымен қатар, бірегейлік индивидтің белгілі бір дискурсқа үйлесімді енуінің нәтижесі ретінде қабылданады. Мысалы, В.И.Прижиленскийдің айтуынша, адамның азаматтық бірегейлену үдерісі үш жағдай барысында жүзеге асады: а) өткенді түсіндіру, б) болашақты болжау, в) қазіргі кезеңде іс-әрекетке бағдар беру [105]. Яғни, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда тарихтың үлесі қарастырыла бастады. Қазіргі таңда тарихтың ұлттық бірегейлікті қалыптастыру шеңберінде маңызды фактор ретінде қабылданып келе жатқандығы осыған дәлел болып табылады. Сонымен қатар, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттің стратегиялық жоспарлары, болашаққа деген позитивті ниеттері үлкен рөл атқарады. Мемлекет азаматтардың мүдделерін ортақ басты мемлекеттік мүдде арқылы жүзеге асыру мәселелері қолға алынады.

Осы орайда С.Ю.Иванова бірегейлікті тарихи және қазіргі заманғы азаматтық үдерістің субъектілігімен тығыз байланыста болатын құбылыс пен түсінік ретінде анықтайды [106, 776.].

Ғылымда азаматтық бірегейлікке қатысты түрлі ғылыми дәстүрлердің болуына қарамастан, қазіргі кезеңдегі жаһандану, саяси және әлеуметтік қарым-қатынастың модернизациясы азаматтық бірегейліктің мазмұны мен түрлерін өзгертті. Сонымен қатар, әр мемлекетте әр кезеңде ішкі әлеуметтік, демографиялық, саяси, экономикалық жағдайды ескере отырып, азаматтық бірегейлік индикаторлары әр түрлі болатыны байқалады.


Бірегейлік мазмұнының өзгеруі, және азаматтық бірегейлікті көп қырынан қарастыруға болатынын білдіреді.

Мазмұнының көптүрлілігі бірінші кезекте, қоғамның барлық салаларында орын алған бұқаралық, унификация және стандартты болуын дүниеге әкелген жаһандану үдерісімен түсіндірілсе, екінші жағынан, қоғам дамуының плюралистік парадигмасының әсерінен қоғам бір-бірінен өзгешеленіп, көптүрлілік қасиетке ие болады. Аталған екі тенденция да азаматтық бірегейліктің трансформациялануына бірден-бір септігін тигізеді, бірегейліктің сатыларын, индикаторларын өзгертіп отырады. Әрине, бұл орайда демократиялық үдерістердің азаматтық бірегейліктің мазмұны мен қалыптасу үдерісіне әсерін және орны мен рөлін атап кеткен жөн. Өйткені, қазіргі кезеңде

демократияның басты принциптері ретінде сөз бостандығы, өзіндік жеке таңдау, жүріс-тұрыс (заң шеңберінде) және т.б. болуы бір жағынан азаматтарға еркіндік бере отырып, азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен санада нығаюына деген ықпалдың болмауын білдірсе, қазіргі кездегі көптеген әдебиеттерде сол азаматтық бірегейліктің демократияның бір принципі ретінде, яғни басты көрсеткіші ретінде түсіндіретін әдебиеттер аз емес. Азаматтық бірегейлік бұл орайда азаматтық белсенділік, азаматтық қоғам бастауы, саяси мәдениеттің белсенді көрініс табуы сияқты саяси ғылымның категориялары шеңберінде қарастырылады. Мұндай түсіндірме, әсіресе, федеративті немесе көп ұлттан құралған мемлекеттерде басымдыққа ие болады.

Көптеген әдебиеттерде азаматтық бірегейлік адамның өзін ұлт ретінде анықтайтын бір қауымдастыққа топтық мүшелігін сезінуден бастау алады. Осы бірегейлік түрінің арқасында, физикалық қарым-қатынастың болмауына қарамастан азаматтар өздерін бір тілде сөйлейтін, бір территорияда мекен ететін және бір экожүйеге байланысын субъективті тұрғыда сезіне отырып, біртұтас халық ретінде санайды. Оларды көптеген дәстүрлер, өткен заман туралы тарихи жадыда қазіргі таңда жетістіктерге, елдің дамуына деген мақтаныш немесе тарихтағы жеңілістер үшін ұятқа қалу сияқты эмоциялық толқулар біріктіреді [107].

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен даму үдерісі негізінде өзін-өзі реттейтін үдеріс болып табылады, сонымен қатар мемлекеттің экономикалық әл-ауқатымен, әлеуметтік саясаттың ұтымды жүргізілуімен анықталады. Дегенмен азаматтық бірегейліктің мәселелері мемлекеттік деңгейде қарастырылып, шешілуді талап етеді. Азаматтық бірегейлік мәселелерін мемлекеттік деңгейде сәтті шешу бүкіл мемлекеттік механизмдердің және қоғамның тиімді қызмет етуінің кепілі болып табылады [56, 4б.].



Сурет 2 - Азаматтық қауымдастықтың өзіндік санасының қалыптасу тенденциялары [108]

Жоғарыда көрсетілген суретте азаматтық бірегейліктің консолидация мен дифференциация қызметтерін атқаратынын айтуға болады. Бір қырынан, басқа мемлекет азаматтарының азаматтық бірегейліктерінен ерекшеленсе, екінші қырынан, бір қауымдастықтың бірігуін жүзеге асырады.

Осы орайда азаматтық бірегейлік азаматтық қауымдастықтың айқындалуының, көрінісінің маңызды элементі болып табылады. Сонымен қатар азаматтық бірегейлік топтық өзіндік сананың негізі ретінде қабылданып, мемлекеттің халқын біріктіреді және мемлекет тұрақтылығының кепілі болып табылады [108].

Ресей ғалымы И.В.Конода азаматтық бірегейліктің қалыптасуында негізгі төрт бағытты анықтайды:

1. мемлекеттің азаматы болу эмоциялы-когнитивті және әлеуметтік-саяси құрамдас бөліктерден тұруы қажет. Бұл орайда мәселе мемлекеттік саясат (ішкі және сыртқы саясат) деңгейде шешілуі тиіс. Аталған бағыт азаматтық бірегейлік мемлекетпен жүзеге асатын саяси әлеуметтенудің контуры ретінде анықталады. Азаматтық бірегейліктің дамуы мемлекеттегі ішкі экономикалық-саяси жағдайлардан, сондай-ақ халықаралық саясатта жүзеге асатын мемлекеттің халықаралық мәртебесі мен имиджіне байланысты болады.

2. Азаматтық бірегейлену билікке қатысты азаматтық-саяси рөлдерді иемдену, саяси әлеуметтену үдерісінде құқықтар мен міндеттерді меңгеру,

билік институттарына, жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа қатысты нақты бір қарым-қатынасты қалыптастыру мен қоғамдық-мемлекеттік басқару жүйесінде өзінің орнын анықтау.

3. Белгілі бір азаматтық топ шеңберінде топаралық қатынастар деңгейінде азаматтық бірегейліктің қалыптасуы. Осы орайда азамат басқа да кішігірім топтар ішінде өзінің азаматтық бірегейлігінің маңыздылығын ортақ ретінде түсіну, қабылдау орын алады. Сонымен қатар, бұл контекстінде этностық, діни және азаматтық бірегейлік түрлерінің өзара қатынасы маңызды болып табылады. Көпэтносты және көпконфессиялы мемлекеттік құрылысты қарастыра отырып, азаматтық бірегейлік осы сарында бір мемлекетке біріктіруші механизм ретінде анықталады.

4. Азаматтық бірегейлік мемлекеттік және билік институттарына, сондай-ақ қоғам алдына өзінің азаматтық функциясын жетік түсінуге септігін тигізеді. Бұл орайда азаматтық белсенділік деңгейі, қоғам өмірі мен мемлекет өмірін өзгертуге деген ниет, жағымды азаматтық белсенділік мәселелері өзекті болып табылады [109].

Яғни, азаматтық бірегейлік мемлекеттің дамуы, билік институттарының сәтті қызмет атқаруы мен азаматтардың мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінуге өз елеулі әсерін тигізеді.

Дегенмен де азаматтық бірегейлік қазіргі таңда саяси, әлеуметтік ғылымда жария болған көптеген әдебиеттерде ұлттық-мемлекеттік немесе ұлтүстілік бірегейлік ретінде қарастыру дәстүрі кең таралуда. Көп жағдайда әлі күнге дейін халықтың ұлт ретінде қалыптаспаған мемлекеттерде азаматтық бірегейлік ұлттық бірегейлік ретінде түсіндіреді.

Бұл дәстүр өз бастауын Солтүстік Америкада тәжірибе жүзінде көрініске ие болып, кейінгі кезде көпұлтты құрамдас мемлекеттердің ішкі саясатында да қолданысқа ие бола бастады. Кейбір ғалымдардың пікіріше, азаматтық бірегейлік пен этностық бірегейлік мәселелері бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар, ұлтты құрауда қайсысына басымдық болу қажет сияқты мәселелер ретінде қарастырады. Бұл орайда этностық бірегейлік пен ұлттық бірегейлік, азаматтық бірегейлік ұғымдары мазмұнының ара жігін ажырата алу қажет.

Мысалы, Э.Д.Сүлейменованың пікірінше, азаматтық бірегейлік пен мемлекеттік бірегейлік арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Дегенмен де, азаматтық бірегейлік пен мемлекеттік бірегейлікті бір синоним сөздер ретінде қарастыру тек келесі компоненттерге назар аудармаған жағдайда ғана мүмкін: құндылықты бағдар, бірегей мәдениет, ортақ теорритория, бірыңғай тіл және т.с.с. [110, 48б.].

Яғни азаматтық бірегейлік пен мемлекеттік бірегейлік арасында айырмашылықты ажырату үшін олардың әрқайсысының мазмұны мен индикаторларына назар аударған жөн. Этностық бірегейлік бірінші кезекте, адамның белгілі бір этностық қауымдастыққа мүше болу, этнолингвистикалық ерекшеліктермен сипатталатын көрсеткіштер арқылы өзін анықтау, этностық өзіндік сананы білдіреді.

Сонымен қатар азаматтық бірегейлік ұлттық өзіндік санамен тығыз байланыста болатын ұғымдардың әсерінен күрделене түседі. Азаматтық

бірегейлікті жалпы азаматтық бірегейлік, ұлттық бірегейлік, мемлекеттік бірегейлік сияқты бірегейлік түрлерін салыстыра отыра анықтаған жөн.

Бірінші кезекте азаматтық бірегейлік пен мемлекеттік бірегейлік арасындағы ерекшелікті анықтап көрелік. Мемлекеттік бірегейлік адамның санасында бір мемлекетке мүше болуды білдірсе, азаматтық бірегейлік бір мемлекетке немесе ұлтқа мүше болумен қатар, сол қауымдастықтың болашағы үшін жауапкершілікті сезіну, қоғамдық, саяси өмірге белсенді араласу, ортақ мемлекеттік тіл, мәдениет, ортақ тарихты сезінуді білдіреді. Көбіне тәжірибе жүзінде мемлекеттік бірегейлік азаматтардың шетелге барған кезде аса анық көрініске ие болатының байқалады.

Азаматтық бірегейліктің екі деңгейі бар: микродеңгей (индивидтің азамат және бір саяси ұлттың мүшесі ретінде) және макродеңгей қоғамдық институттар арқылы азаматтық құқықтардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін және саяси ұлттың институционалды негіздемелері. Сонымен қатар «азаматтық бірегейлік» ұғымының астарында азаматтың мемлекеттік-саяси қауымдастыққа мүше ретінде қабылданатын нормативті мазмұн жатыр. Ол азаматтық бірегейлікке эмоциялы мән беріп, саяси іс-әрекетке трансформациялануында көрініс табады [67, 10б.].

Азаматтық бірегейліктің функциялары болып бірегей қоғамға ену, тұлғаның әлеуметтік маңызды іс-әрекетте өзін жүзеге асыру мен өзін көрсету, таныту табылады. Адамды қауымдастықпен біріктіретін «Біз» сезімі қорқыныш пен үрейді жеңуге септігін тигізеді, өзгеріп отырған әлеуметтік жағдайда сенімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді, индивидтің мүддесін жалпы әлеуметтік қауымдастықтың мүддесімен біріктіреді. Бұл өз кезегінде тұлғаның саяси және азаматтық белсенділігінде көрініс табатын азаматтық қауымдастыққа өз әсерін тигізеді. Осылайша, азаматтық бірегейлік қорғаныс функциясын және өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі жетілдіру, көрсету функциясын атқарады [111].

Ал ұлттық бірегейлікке келетін болсақ, әрине, бұл тұрғыда ұлттық бірегейліктің екі жақты мағынасын бөліп қарастырған жөн. Саяси ғылымда «ұлт» түсінігінің бірыңғай аудармасының болмауы немесе лингвистикалық ерекшеліктерге сәйкес «ұлт» бірінші кезекте орысша «нация» сөзінен саяси мағынадағы ұлт ретінде аударылады. Ал екінші тұрғыда, «ұлт» «национальность» немесе «этнос» сөздерінің мазмұнын білдіреді. Осы тұрғыда ұлттық (этностық) бірегейлік бір этностың мүшесі ретінде тарихи кезеңде қалыптасқан ортақ тіл, этномәдениет, этнодәстүрлер, этнопсихология сияқты категориялармен тығыз байланыста болатын адамдардың этностық өзіндік санасын білдіреді. Ал ұлттық бірегейліктің саяси мағынадағы ұлт түсінігі ұлттың әлемдік аренадағы ұлттық мүдде, ұлттық экономика, ұлттық білім беру, ұлттық қауіпсіздік категориялармен, яғни басқа ұлт-мемлекеттермен салыстыра отырып, өзінің мемлекеттен жоғары ұлттық сана сезімінің болуын білдіреді.

Осылайша, азаматтық бірегейлік ұғымының кең және күрделі құбылыс екені анықталады. Азаматтық бірегейлік белілі бір мемлекеттің азаматы ретінде барлық борыштарды орындау мен болашағы үшін ой толғау, қауымдастықтың (ұлттың) белсенді мүшесі болуын сезінетін қоғам санасындағы өзіндік

субъективті сана-сезім болып табылады. Яғни, қазіргі таңда ұлттық демократиялық мемлекетті құруда азаматтық бірегейліктің алар орны өте зор. Өйткені, ол тек қана белгілі бір бейнелер, стереотиптер, мәдениет арқылы ғана біріктіріп қоймай, мемлекет дамуының қозғаушы күші, азаматтық қоғамның дамуының негізі ретінде анықталады.

1.3 Ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастырудағы азаматтық бірегейліктің рөлі

Қоғамның қазіргі даму сатысында халықтың санасында «ұлт» түсінігінің мәні күннен-күнге артып барады. Бұл мемлекетті құру, мемлекеттің шынайы егеменділігін қамтамасыз ету мәселелер шеңберінде орны ерекше феномен болып табылады. Қоғамдық-саяси ғылымдарда «ұлт» түсінігіне байланысты ғылыми жұмыстар аз емес, дегенмен аталған саяси категорияның бірыңғай анықтамасының болмауы нақты қорытынды тұжырымдама жасауға кедергі келтіреді.

Көптеген ғалымдар «ұлтты» қоғам дамуының, нақтылап айтқанда, индустриалды қоғам жағдайында этностық қауымдастықтың дамуының ең жоғарғы сатысы деп анықтайды. Қазіргі таңда ұлт мемлекетті құраушы басты элемент ретінде қарастаратын ғалымдар саны да аз емес. Дегенмен көптеген мемлекеттерде ұлтты мемлекет қалыптастыру қажет пе, әлде ұлт мемлекетті құрау қажет пе деген мәселе әлі күнге дейін өз жауабын таппай келеді. Әрине, қазіргі таңдағы «ұлттық мемлекеттер» түсінігі мемлекетті ұлт қалыптастыратын тенденция, яғни төменнен жоғарыға бағытталған даму үдерісі бойынша сипатталады, ал кейбір мемлекеттер керісінше, жоғарыдан төменге бағытталған, азаматтық қоғам, ұлт құру сияқты мәселелерді шешумен айналысады. Әрине, мемлекеттің пайда болуының немесе басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттің негізгі көрсеткіші ретінде территория, бірыңғай орталықтанған егеменді билікпен қатар, ерекше орынды саяси ғылымда сол мемлекеттің ұлтының болуы да есептеледі. Осы орайда жалпы қазіргі таңда «ұлт» түсінігін қалай тұжырымдауға болады?

Ұлт – бұл адамдардың біртұтас азаматтылықпен біріккен, бірыңғай мемлекеттік-ұлттық бірегейлік негізінде пайда болған ұлттық мемлекетті қалыптастыратын әлеуметтік-экономикалық және саяси қауымдастығы болып табылады. Ол өзіне бір тіл, бірегей саяси және әлеуметтік институттар мен нақты белгіленген және жария етілген шекараны қамтиды. Әдетінше, өзінің келесі көрсеткіштері болады: бір ұлттық тіл, бірегей ұлттық мейрамдар, білім беру стандарттары және т.с.с. [112]. Көптеген дамыған елдерде «түпкілікті емес тұрғындар» мәселесін мемлекет «ұлт» және «мемлекет» түсініктерін теңестірілетін бірдей азаматтықты енгізу арқылы шешеді [113, 10б.].

Қазіргі ғылым ағымдарында «ұлт» түсінігінің бір жақты анықтамасы жоқ. Бұл өз кезегінде біздің мемлекетіміз үшін ұлтты құру бағыты бойынша саясаттың жетік әрі оңтайлы жүргізілуіне өз кедергісін келтіріп отырғанын көрсетеді. Өйткені қазіргі кезеңде бұрынғы «фашистік» ұлттың қалыптасуы, сонымен қатар ұлттық (этностық) мемлекет бағытын тез арада және кесілді таңдаған мемлекеттердегі тәжірибе (этносаралық жанжалдар) «ұлт» сөзінің

адамдар санасында негативті қырынан қабылдауға себеп болды. Осы орайда ұлт түсінігі қарамағында біршама дау, дискуссиялар орын алады.

Дегенмен бүгінгі әлеуметтік ғылымда ұлт ұғымы екі жақты мағынада пайдаланылады:

а) әлеуметтік теория қоғамды таптық, топтық кәсіби жіктермен бірге этностық қауымдастықтар мен этностық топтарға да бөледі, оларды кейде ұлт деп атап жатады.;

ә) ұлт терминін саяси ұлт мағынасында да, мемлекет азаматтарының қауымдастығы ретінде де пайдаланылады. Мемлекеттің ұлттық құрамы жөнінде сөз болса, біз қазақ, орыс, татар және басқаларды ұлттар, этностар деп айта береміз, ал Батыс ілімінде «ұлт» пен «мемлекет» ұғымы синонимдер [114].

Қазіргі заманғы саяси тарихта ұлттың пайда болуы және өміршеңдігі, дамуы мен шарықтау және құлдырау кезеңдері жалпы «ұлт» түсінігінің мазмұнын ашады. Өйткені, ұлт ол белгілі бір кезеңде пайда болуына алғышарттар жасалып, ұзақ уақыт бойы даму сатыларынан өтеді. Сонымен қатар, Арын Ризат өзінің зерттеу жұмысында ұлттық - мемлекеттік идея қандай да болмасын мемлекетке қажет деп тұжырымдайды. Алуан түрлі этностық топтарды біріктіріп, азаматтық қоғамды бағыттап, басқара алатын жүйеленген ілімді ұлттық-мемлекеттік идея деп атауға болады [113, 106.].

Осы тұста ұлттық мемлекет идеясының астарында қандай басты көрсеткіш жатуы қажет мәселесі өзекті болып отыр. Өйткені, қазіргі саяси тарихты алып қарасақ, көптеген ұлттық мемлекеттердің құрамы полиэтносты болып келеді. Яғни бұл орайда академик А.С. Балғымбаевтың сөзімен айтқанда, «саяси ұлт» түсінігінің аясында қарастырылады.

Кейбір ғалымдар ұлттық мемлекеттің пайда болуына екі жол әкеледі деп тұжырымдалады: біріншісі, азаматтық ұлтшылдық; екіншісі, этностық ұлтшылдық. Бірінші ұлтшылдықтың түрі Батыста орын алған либералды дәстүр бағытында азаматтардың тең құқықтары, еркіндіктері мен бостандықтары, этностық немесе басқа да түрлерге бөлінбей заң алдында біртұтас ұлт құрау мақсатын көздейді. Ал этностық ұлтшылдық мемлекеттегі төл этностың басымдыққа ие болуы, этностық көрсеткіш бойынша ұлтты құрау және т.с.с. мақсаттарды көздейді. Екі жақ мемлекеттің тек ұлттық болуы керектігін мойындайды, бірақ мемлекеттік-құқықтық мағынада ұлт ұғымы нені білдіреді деген сауалға жауап беруде бір-бірімен қарсыласады. Біреулері, азаматтық бірегейлікті этносаралық айырмашылықтардан басым түсетін, сондықтан да саяси ұлт болып шығатын бірегей халықтың мемлекеті мемлекет болады деп санайды. Олардың қарсыластары мемлекет тек төл ұлттың мемлекеті болып табылады және осы жағдайда ғана мемлекет ұлттық болып саналады деп пайымдайды. Дегенменде, азаматтық бірегейлік пен этностық бірегейлік бір-біріне қарама-қайшы келетін емес, бір-бірін толықтыратын түсініктер [57].

Б.Дүйсембінің пікірінше, алғашқы қауымдастықтар мен мемлекет қаңқасын құруға мұрындық болған тайпалар мен халықтар болса, қазіргі кезеңде мемлекеттерді сол аймақта тұрып жатқан этностар өкілдерін өз маңына біріктіріп, тек бір ұлт құрайтыны белгілі [115]. Сондықтан да ұлттық мемлекет түсінігі қазіргі кезеңде өзінің аясын кеңейтуді талап етеді. Дегенмен де ұлтты

(саяси мағынада) біріктіруші бірегей көрсеткіштер болуы тиіс. Ол бірінші кезекте, тіл, мәдениет.

Еуропадағы «ұлт» ұғымы бір тілде әлеуметтік қарым-қатынас жасайтын, мәдени құндылықтар жүйесі мен этностық тегі ортақ, тұтас аймақты мекендейтін адамдардың сана-сезіміндегі топтық даралық ретінде қалыптасты. Дамушы елдердегі ұлтшылдықты терең зерттеген аз ғалымның бірі – үндістандық әлеуметтанушы Дауа Норбу. Оның айтуынша, ұлтшылдықтың үш қыры бар: біріншісі, халықты өткенімен байланыстыратын және үзілмей келе жатқан өзектің бар екенін еске салатын дәстүр; екіншісі, бүгінгі әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдем қылатын ортақ мәдени-экономикалық мүдде; үшіншісі, ұлтты болашақпен жалғап тұратын саяси идеалдар [116].

Осы тұрғыда ғалым Амангельді Айталы «ұлт» түсінігінің этностық және саяси қырынан ажырату қажет деп есептейді. Өйткені, «ұлт мәселесі», «ұлт саясаты», «ұлтаралық қатынастар» кеңес заманынан қалған ескірген түсініктер болып отыр. Оның айтуынша, мәселе бүгін үзілді-кесілді ұлттың этностық мәнінен бас тартып, мемлекеттік, азаматтық мәнін ғана мойындауға итермелеуде болып отыр [114].

Ал ұлттық демократиялық мемлекет дегеніміз не? Ол мемлекет саясатының мемлекет құраушы ұлттың саяси, экономикалық, әлеуметтік мүддесін қорғауға бағытталған түрі. «Тарихи энциклопедияда» былай деп жазады: «Ұлттық демократия. Ұлттық демократиялық мемлекет дегеніміз – отарлық тәуелділіктен енді ғана құтылған елдің саяси және қоғамдық құрылысының түрі». Ал «Философиялық энциклопедия» бұл ұғымды тереңдете түседі: «Ұлттық демократиялық мемлекет – ұлт-азаттық революция үдерісінде туындаған және революцияны қозғаушы күш ретіндегі топтық одаққа арқа сүйейтін ауыспалы сипаттағы мемлекет; ұлт-азаттық революцияны одан әрі дамыту, тереңдету және аяғына дейін жеткізуді қамтамасыз ететін, империализмнің отарлау жүйесінің құлауына орай саяси тәуелсіздікке қол жеткізген елдердің мемлекеттік дамуының формасы» [117].

Ұлттық-мемлекеттік идея демократия дәстүрлеріне негізделген жағдайда ол толерантты қоғамның әлеуметтік-саяси тұрғыда қарқынды дамуына жол ашады. 2007 жылы өткізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша, болашақта ұлттық-мемлекеттік идеясының негізін, адамдардың құқықтары мен еркіндіктерін сақтау идеясы құрайды деуге толық болады. Респонденттердің 27% осы идеяға дауыс берсе, 25% теңдік идеясы мемлекеттің ұлттық идеясына ену қалауы керек деп ойлайды. Білімділік пен кәсіпкерлік қандай болмаса да мемлекеттің басты идеяларының біріне айналатынына 25,1% респонденттер сенеді [113, 106].

Жалпы ұлт дегеніміз – білгілі бір нақты территорияда тарихи мекен ететін, ортақ бірегейлікпен ұйымдасқан, бірегей мәдениеті бар, және өздерінің ұлттық мемлекеті бар адамдар қауымдастығы болып табылады деген қорытынды жасай отырып, осы ұлттың қалыптасуына азаматтық бірегейліктің орны мен рөлін талдау жөн екендігіне көзіміз жетіп отыр.

Өйткені, бірегейлік қазіргі кезеңде кез-келген ұлттық мемлекеттің өмір сүруінің басты шарты болып табылды [118, 66.].

А.К. Сәдуақасованың пікірінше, ұлт бірлігінің негізгі үш принципі бар:

1. бірлік принципінің операциялизациясы – азаматтық бірегейлік – бір мемлекетке тиісті болу, мемлекеттің азаматы ретінде өзіне құқықтар мен міндеттемелерді қамту, ортақ нормалар мен құндылықтарды бөлісу;
2. барлық азаматтардың олардың этностық және басқа да шығу тегінен, сенімі мен әлеуметтік мәртебесінен тәуелсіз теңдігі: дискриминацияның болмауы, толеранттылық, әлеуметтік жетістік;
3. біріктіруші және нығайтушы бастама ретінде Ұлт рухының нығаюы мен дамуы (дәстүр, тіл). Ұлт рухының ортақ өлшемі ретінде рухани құндылықтар, дәстүр, тіл, мәдениет, дін табылады [119].

Америка Құрама Штаттарындағы бірегейлік мәселелерінің жетекші expertі Чикаго университетінің профессоры Синтия Капланның пікірінше, азаматтық ұлттың қалыптасуының нәтижесі ретінде пайда болған азаматтық бірегейліктің өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік Америкадағы ұлттық бірегейлік (азаматтық) Қазақстандағы азаматтық бірегейлік арасындағы параллель жүргізу арқылы екі тәжірибенің түйіспейтіндігін айтады. АҚШ-тағы бұрыннан келе жатқан этнос – индеецтер, ал қалғандары мигранттар. Тек олар ғана «Бұл біздің мемлекетіміз, жеріміз» деп айта алады. Бірақ, мемлекеттің пайда болып, дами бергені сайын қазіргі таңда ол этнос ассимиляцияға ұшырап кетті. Қазақстандағы жағдай басқаша. Қазақстанда төл этнос бұрыннан өмір сүріп келе жатыр деп тұжырымдайды [120]. Бұл азаматтық бірегейлікті, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда бір елдің басқа елге мысал бола алмайтынын, бірегейлікті қалыптастыру механизмдерінің бір болуы мүмкін еместігін дәлелдейді. Осыдан шығатын қорытынды азаматтық бірегейліктің бір қалыптасқан үлігіс жоқ. Ол әр мемлекеттің ұлттық ерекшеліктері, тарихы, ұлтының менталитеті, дәстүрі мен мәдениеті тікелей байланытсы болып келеді. Сондықтан қазақстан қоғамының бірегейлігін қалыптастыруда біздің халықтың менталитетіне, тарихына, дәстүр-мәдениетіне назар аударған жөн.

Қазақстан Республикасындағы ұлтты қалыптастыру мәселелері төңірегінде азаматтық бірегейлік ұғымын анықтауда көптеген даулар орын алуда. Азаматтық бірегейліктің сынға ұшырауы батыс мемлекеттерінің ғалымдарының пайымдауындағы азаматтық бірегейлік бір этностық мәдениетке мән бермей, этностық әралуандылық идеясын ұстану мүмкіндігімен анықталады. Сол себепті кейбір ғалымдар азаматтық бірегейлік азаматтық ұлттың қалыптасуына әкеледі. Бұл орайда азаматтардың этностық көрсеткіштерінің негізінде емес, азаматтардың тиістілігі негізінде ұлт қалыптасады деген тұжырым орын алады.

Қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлік төл этностың басымдыққа ие болуына кедергі болады, немесе азаматтық ұлттың Қазақстан үшін қажеті жоқ деген пікірлер бар. Яғни, Қазақстандағы қазақ төл этносы үшін туатын қатер ретінде қарастырылады. Дегенмен де, қазіргі саяси шындықта кез-келген мемлекеттің легитимділігі үшін азаматтық бірегейліктің орны ерекше болып табылатыны анық. Мәселе тек ол азаматтық бірегейліктің индикаторларында немесе мазмұнында жатыр. Азаматтық ұлттардың пайда болуы, азаматтық ұлтшылдық идеялары тарих дамуымен қатар өздерінің сипаттамаларын өзгертіп келеді.

Осылайша, XX ғасырдағы ұлтшылдықтың либералды (азаматтық) түрі индивид үшін оның мәдени-ұлттық бірегейлігінің маңыздылығына негізделген пікірді ұстанатын ұлтшылдардың талаптарын қолдауға қажеттіліктің болуын талап етеді [121, 173б.]. Осы тұрғыдан азаматтық бірегейлік тек қана азаматтардың азаматтық тиістілігіне ғана емес, сол мемлекеттегі ортақ тіл мен мәдениеттің негізінде қалыптасу идеясы пайда болады.

Қазіргі кезеңде ұлтты қалыптастыру мәдени, әлеуметтік, руханидан гөрі саяси астарының жоғары болуына көз жеткізуге болады. Ұлт мәселесін, ұлттық идея мәселесін зерттеп жүрген кейбір қазақстандық ғалымдардың пікірінше, ұлт саяси мақсаттарға жету құралы ретінде қарастырылады. Мысалы, ұлттық идеяның қалыптасуына саясаттанулық талдау жасаған ғалым А.Қайдарованың ойынша, ұлт мәселесін зерттегенімізде көз жеткізгеніміз «ұлт» ұғымын саяси күштер өздерінің көкейкесті, стратегиялық мақсаттарына тікелей байланыстырып, соларға тәуелді етіп ұғындыруға тырысады. Мысалы, коммунистер үшін «ұлттардың өзін-өзі билеуі» доктринасы пайдалы болды. Бұл идея халықты революцияларға тарту үшін қолайлы болатын. Либералдар, демократтар үшін «мәдени-ұлттық автономия» идеясы қолайлы еді. Бір мемлекет ішінде әр этнос өз тілін, дәстүрін, мәдениетін дамытуы. Ал, трансұлттық корпорациялар мен әлемдік олигархиялық топтар үшін, және әлемдік державалар үшін «қайнаушы қазан» доктринасы қолайлы. Әлемдік бірігу ұранымен дамушы елдердің табиғи ресурстарын сору, тонау оңай боғандықтан бұл шын мәніндегі ассимиляторлық идея [122, 69б.].

Сондықтан мемлекеттің егеменділігі мен өзіндік ерекшелігін, ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында халықты жұмылдырудың оңтайлы жолы ретінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру жөн болып табылады. Өйткені азаматтық ұлтшылдық ұлттық-этностық көрсеткіш бойынша дискриминация жасамай, төл этносты құрайтын этностық көпшілік пен этностық азшылықтардың құқықтары арасында баланс орнатады. Саяси шешім қабылдауда демократиялық принциптер бойынша азаматтардың ортақтығы мен бір мүдделі болуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, билік легитимділігін нығайтуда, демократия принциптерінің жүзеге асуына септігін тигізеді.

Әйгілі ағылшын ғалымы Эрнест Геллнер ұлтты қалыптастыруда оны құрайтын үш компонент арқылы қарастырады. Біріншіден, нақты бір ұлттық (этностық) қауымдастықпен адамдардың бірегейленуі (ерік-жігер компоненті). Аталған компонентке сәйкес, ұлттар оларды құрайтын мүшелердің бар болған кезге дейін, яғни бір тұтас қауымдастыққа мүшелігін сезінген жағдайда, ортақ тарих, дәстүр, тіл ерекшеліктері орын алған кезде ғана өмір сүреді. Екіншіден, ұлттық қауымдастықтың мүшелері арасында әлеуметтік коммуникацияның құралы болып табылатын стандартталған («жоғары») мәдениеттің болуымен сипатталады. Ол ұлтты қалыптастырудағы мәдени компонентін құрайды. Үшіншіден, қауымдастықтың мәдени және саяси шекараларының түйісуін қамтамасыз ететін ұлттық мемлекеттің құрылуы (саяси компонент) [123, 187б.]. Осы үш компонент орын алған жағдайда ғана ұлтты толық қалыптасқан, өзінің ерекше объективті сипаттамалары бар феномен ретінде қарастыруға болады.

Жалпы азаматтық бірегейлікті ұлтқа қатысты талдау барысында оның екі жақты сипаттамасының болуын байқаса болады. Бірінше кезекте азаматтық бірегейлік адамның бір мемлекетке өзінің тиістілігін сезінуді білдірсе, екінші жағынан азаматтық бірегейлік мемлекетте ұлттық мүдделерді қамтамасыз етудегі белсенділігі мен саяси жүйедегі саяси шешім қабылдауда орнының маңыздылығын білдіреді. Яғни, ел азаматтары өздерінің санасы арқылы мемлекеттің егеменділігін сақтап қалу мүмкіндігін береді. Осы тұрғыда азаматтық бірегейлік барыншы мемлекет тарапынан қолдауға ие болуды қажет етеді.

Бұл орайда азаматтық бірегейлік – саяси жүйенің қызмет етуінің маңызды механизмі, саяси өмір мен бұқара сананың фундаменті, қоғамның саяси тұрақтылығының басты факторы ретінде қабылданады [56].

Азаматтық бірегейлікті түсіндіруде негізгі үш критерий бойынша анықтау мүмкіндікке ие болады. Осыған сәйкес, азаматтық қауымдастыққа мүше болу келесі критерийлер арқылы жүзеге асуы мүмкін: бір қауымға мүшелікті сезіну, қауым өміріне қатысу, қауым өміріне қатыса отырып, қоғамда болып жатқан саяси үдерістерге өзінің тиістілігін сезіну. Ең соңғысы билікке деген сенімнің арқасында ғана жүзеге асуы мүмкін. Өйткені, азаматтылық елдегі саяси, қоғамдық мәселе төңірегінде шешім қабылдауға өз әсері бар болған жағдайда ғана орын алады.

Азаматтылық және азаматтық бірегейлік саяси теория мен саяси психологияда ерекше орын алады. Біз азаматтық бірегейліктің әр түрлі мәндерін зерттейміз. Соның нәтижесінде азаматтық бірегейлік концепциясы субъективті және этикалық маңызы бар саяси аспект ретінде қарастырамыз. Азаматтық бірегейлік азаматтылықтың қалыптасуына маңызды әсер етеді. Сонымен қатар, біз жаһандану мен көшіп-қону туралы даудың өзегі болып табылатын азаматтылықтың контекстінде жүзеге асырылады.

Қазіргі кезеңдегі көптеген ғылыми еңбектер азаматтық бірегейлік әр түрлі көзқарастардың тіке-тіресінде ерекше орын алатынын көрсетеді. Яғни, ол психология, әлеуметтану, философия сынды ғылымның емес, саясаттану ғылымының да зерттеу объектісіне айналып бара жатқандығын көрсетеді. Азаматтық біртұтастық түрлері туралы білу тек моральдық жағынан ғана емес саяси тұрғыда да өте қажет.

Азаматтық бірегейлік азаматтылық және азаматтық қатысу жалпы ұғымдарының негізінде жатыр. Оның мәні болып өз еркімен мемлекетке деген азаматтылық жауапкершілікті сезіну, яғни бір жағынан, сайлауларға қатысу, ұлттық мүдделерді қорғау үшін саяси өмірге белсенді атсалысу табылады. Азаматтық бірегейлік азаматтық жүріс-тұрысқа мән беріп, белсенді әрекет етуге итермелейді. Осы орайда Д.Лейдет «күшті азаматтық тұлға өз мемлекетіндегі азаматтарды қоғамның саяси өміріне белсенді араласуға әсер етеді» деп есептейді [124].

Сондықтан да азаматтық бірегейлік азаматтылық пен ұлттық тарихтың негізі ретінде қоғам өмірін жігерлендіруде аса зор орын алады.

Жоғарыда айтылғандай бірегейлік түсінігі жиі әлеуметтік дискурста қолданылып келеді. Осының нәтижесінде ғылымда көптеген мәндері пайда

болды. Солардың бірі Р.Брубейкер мен Ф.Купердің пікірінше, бірегейлік ұғымы жеке мүдделерден тұратын көптеген мүдделерді білдіру үшін саяси дискуссияда қолданылады деп есептейді. Мысалға, «поезды жақсы көретін адаммын», «бір топтың мүшесімін» деп есептейтін адам, «әлеуметтік немесе саяси қозғалыстарда қалыптасатын әлеуметтік рөл, нақты аспектілерді білдіреді [125].

Бұл орайдағы «Мен» ұғымы әлеуметтік немесе уақыт жағдайына байланысты әрқашан өзгеріп отырады. Р.Брубейкер мен Ф.Купер бірегейлік терминінің қолданылуы әрқашан бір-біріне сәйкес болуы міндетті емес деп табады. Сондықтан да, түрлі ғылыми облыстарда «тұлға» термині әр түрлі мәндерге ие болды. Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда тек қана ішкі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайды ғана емес, сонымен қатар әлемдегі уақыт кеңістігінде сол уақыт арасында маңызды, шешуші ретінде сипатқа ие болатын идеологиялық жағдайға да зор назар аударған жөн. Өйткені, қазіргі бірегейлік мәселесі өзінің мемлекеттік шекарасынан өтіп, аймақтық бірегейлік түрлеріне өтетіндігі байқалуда. Сондықтан ішкі бірегейлік сыртқы саяси жағдаймен де ұштасуы қажет деп есептейміз. Өйткені, кейбір жағдайда мемлекет өзінің егеменділігін сақтап қалуда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ұмтылуы тиіс. Дәл осы жағдай біздің қоғамымызда қазіргі таңда өте өзекті болып табылады.

Философия ғылымында азаматтық бірегейлік уақыт кеңістігі тұрғысынан зерттеледі. Мысалы, тұлға көптеген философиялық әдебиеттерде уақыт кеңістігінде адамдар мен объектілердің сақталуын білдіреді. Ал адам объектілерін құрайтын элементтер ретінде тумысынан пайда болған әлеуметтік, мәдени құндылықтар табылады.

Адам өзінің болашағы туралы ойының негізінде уақыттың өзгеруінен тәуелсіз өзінің құндылықтарының өзгермеуі жағдайында ғана «тұлға» деп атауға болады. Бұл орайды, бірегейлікті қалыптастыру үшін адамның жынысы, этностық құрамы және де басқа да қасиеттері туралы сөз қозғалады. Бірегейлік туралы бұл түсініктер, әсіресе әлеуметтік психологияда, тұлға туралы ой-пікірлермен сәйкес келмеуі мүмкін.

Екінші келіспеушілік бірегейлікті анықтаудағы тұлғаның авторитеті арқылы анықтауда жатыр. Кейбір ғалымдар бірегейліктің өзін адамның көзқарасына сілтеме жасайтын жолмен түсіндіреді. Яғни адам кәсіби, топтық немесе мүшелік қатынасы бар белгілі бір бірегейліктің иесі ретінде қабылданады. Мысалы, Азия елдерін зерттейтін адам Азия елдерімен ешқандай да ынтымақтастығы, мәдениетімен ешқандай жақындығы болмаса да «азияттық» деп аталып кетуі мүмкін. Тұлғаны осылай түсіндіретін ғалымдар ең бастысы ретінде осындай әлеуметтік өзара байланыстар, адам өмірінің түрлі аспектілерін есептейді. Егер де адам оны «азияттық» деп атаса ол анықтама оның тәжірибесі мен өмірімен тығыз байланысты болғаны. Басқа философтар мен психологтар тұлғаға қатысты адамның көзқарастары субъективті болуы қажет деп санайды. Яғни, міндетті түрде адамның өзі туралы өзінің жеке ойына байланысты болуы шарт.

Біздің ойымызша, азаматтық бірегейлік қоғам өмірінде бір мүше ретінде адамның өзін сезіну туралы көзқарастар мен сезімдерімен түсіндіріледі. Қоғам өміріне қатысу формалары азаматтылықтың сипаттамалырымен түсіндіріліп, мыналарды қамтиды: дауыс беру, саяси өмірге қатысу, саяси шешімге әсер ету және т.с.с. Бұл қатысу формалары адамның өзінің ішкі дүниесімен өте тығыз байланыста болады. Мысалы Оңтүстік Африка сайлаушысы өзіне ақ нәсілді адамдармен қатар тұрып сайлауға баруы қаншалықты қиын болса, да ішкі ниеті күшті болғандығын жасырмайды. Яғни қоғамды дамытуда азаматтылықтың үлкен рөлі көрсетіледі. Азаматтылық тұлғаның белсенді түрде саяси жүйеде субъект ретінде танылуына негіз болады. Азаматтылық ол тек қана іштей өзін белгілі бір мемлекеттің азаматы ретінде түсіну ғана емес, ол өзіне жүктелген міндеттер мен құқықтарды толық орындауы болып табылады. Осы орайда азаматтылық кейде азаматтардың сайлауға баруымен анық анықталады. Бір қырынан, ол саяси мәдениеттің көрінісі ретінде қабылданса, екінші қырынан, өзін ортақ мүддеге, жауапкершілікке негізделген азаматтармен бірегейлендіру ретінде жүзеге асады.

Ирактың азаматы сайлаудың тәуекелді тұстары мен ұтымдылығын саралай отырып, «лаңкестіктер не істемесе де мен бәрібір сайлауға барар едім» деп топшылайды [126]. Сайлау бұл азаматтар үшін ішкі жан-дүниесінен шығады. Айтылған цитаталардың барлығы азаматтық қатысудың азаматтық бірегейлікте алатын орнынын ерекшелегін көрсетеді. Азаматтық бірегейліктің сезімі тарихи кезеңдерде және әр түрлі мемлекеттерде бір адамнан екінші адамға беріледі.

Әдетінше азаматтық бірегейлік қоғамдағы қауымдастықтармен тығыз байланысты. Олардың әр қайсысы нақты бір географиялық кеңістікте орын алады. Адам өзінің ауданының, қаласының немесе мемлекетінің белсенді мүшесі ретінде өзін мақтан тұтатын адам ретінде есептейді.

Осы орайды философтардың назарын аударатын басты мәселе бұл «Азаматтық бірегейліктің географиямен тығыз байланыста болуы қажет пе әлде болмауы шарт па?» деген сауал. Мысалға, «әлемнің азаматы» деп көп жағдайда тек қана өзін ойлайтын емес, бүкіл әлемнің денсаулығын, өсіп-өркендеуін ойлайтын адамды есептейміз. Ғылымда философтардың азаматтық бірегейлік, азаматтылық және бір нақты қауымдастық туралы көзқарастары әр түрлі болып келеді.

Яғни, кейбір ғалымдар азаматтық бірегейлік пен азаматтылық негізінде бірінші кезекте **тіл** жатуы тиіс деп есептейді. Тіл азаматтық қатысуды жандандырып, азаматтық бірегейліктің жоғары болуына тиімділік танытады деп біледі [124].

Келесі ғалымдар тобы азаматтық бірегейлік пен азаматтық сезімі тек қана бір жерге немесе әлеуметтік топқа ғана байланысты болуы тиіс емес деп санайды. Мысалға, В.Кумликаның пайымдауынша, әділеттілікті талап ететін адамдар белгілі бір саяси топтың шеңберінен шығып кетуі немесе территориядан ауытқып кетуі мүмкін деп есептейді [93]. Бұл орайды азаматтық бірегейлік нақты қауымдастық пен қоғамнан алшақ болады. Ол кең адамгершілікті бағдар алып, әмбебап моральды құндылықтармен тығыз байланыста болып табылады. Сондықтан да азаматтық бірегейлік тек бір ғана

территорияда орын алатын әлеуметтік топтармен тығыз байланыста болған жағдайда ғана бізге аса пайдасы зор болып есептеледі. Дегенмен де, азаматтық бірегейлікті қоғамдағы әлеуметтік топтармен теңдестіріп түсіндіруден бас тартуымыз керек.

Мысалға азаматтық бірегейлік ұлттық бірегейліктен ерекшеленеді. Адамдар азаматтық істерге араласуға аса назар аудармай, өздерін белігілі бір мемлекеттің мәдениетін бойын сіңіретін «американдық», «неміс» ұлты бола алады. Азаматтық бірегейлік бірінші кезекте қоғамдық өмірге араласуды білдіреді.

«Әлем адамы» сияқты моралдық бірегейлікке қарағанда азаматтық бірегейлік нақты бір әлеуметтік топтармен тығыз байланыста болады. Ұлттық бірегейлікке қарағанда азаматтық бірегейлік қоғамдық өмірдегі атқаратын іс-қимылды, әрекетті білдіреді. Бұл орайда адамдарға ең басты мәселе ретінде барлықтарының құқықтары мен міндеттері қарастырылады [127].

Азаматтық бірегейліктің маңызын азаматтылық түсінігін дәстүрлі көзқарастармен анықтау дұрыс. Осы орайда батыс ғылымдарының ойынша, азаматтылық көп жағдайда үш қасиеттен тұрады: мүшелік, құқық, қатысу [128].

Мүшелік адамның ұлт пен қауымдастыққа өзін азамат ретінде жатқызуды білдіреді. Азаматтар мүше болуға құқылы және де сол құқықтарды қалыптастыруға өздері қатысады.

Толық азаматтылық адамның қоғам өмірінде белсенді қатысуын білдіреді. Бір жағынан азаматтылық басқа азаматтармен ұқсасуды, бір болуды меңзейді. Демократиялық мемлекеттерде қатысу азаматтылық жиі сайлаумен, яғни дауыс беру мен сынасуға қатысқан адамдармен бірге мемлекеттілікті құрайтын адамдар мен құрылымдардан тұрады. Шынында да, көп жағдайда сайланбалы лауазымдарды иеленіп отырған адамдардың өздерінің халқы немесе мемлекет үшін жұмыс жасағанда ғана жақсы жұмыс істейді деп есептеледі. Саясаткерлердің жеке мүдделерінің бар болуына қарамастан, кез-келген әрекеттері (психологиялық немесе материалдық болсын) қоғамдық әл-ауқатты арттыруға бағытталуы қажет. АҚШ және де басқа мемлекеттерде мемлекеттік шенеуніктің өзінің жеке мүдделерін қоғамдық игілік арқылы жүзеге асыруға қатаң тиым салынған. Сонымен қатар, бірегейлік сезімі азаматтылықты қалыптастыруға басты қажетті шарт ретінде қарастырылады. Сайлаушылар мен үміткерлер қаншалықты өздерінің жағдайларын көп ойлағанмен де азаматтылық сезім қоғамның, мемлекеттің мүдделерін де назардан тыс қалдырмауға көмек береді.

Алдында айтылғандай қалыптасып келе жатқан демократия үшін мемлекеттің азаматтары өзгерістерге, дамуға өздерінің үлестерін тигізетінін сезіну аса қажет. Ондай сезімнің жоқтығы азаматтық өмірді төмендетеді, соның нәтижесінде барлық азаматтар ортақ қоғам игілігі туралы ой, іс-әрекеттерден аулақ болады. Бұл демократияның да дамуына нұқсан тигізеді. Дегенмен де өзін мемлекеттің дамуына ешбір үлесін қоспайтын адамды да «азамат» деп атауға болады. Бірақ та бұл демократиялық мемлекеттерде құпталмайды.

Қорытындылай келе, толық азаматтық бірегейлік төменгі үш құрамдас бөліктерден тұрады: мүше болу, қатысу және мемлекеттің болашағын қалауға

ортақтасу. Мысалы ұлттық бірегейлік сияқты азаматтық бірегейлік өзіне мүше болу мәнді қамтиды; сонымен қатар ол моральдық бірегейлік сияқты сезімді де қамтиды. Ал азаматтық бірегейлік қоғамдық өмірге белсенді қатысуда негізделіп, адамдарға жігер береді.

Азаматтық бірегейлік өзіне мемлекеттің болашағына ортақтасу, көзқарастар мен эмоциялар, мүшелікке, құқық пен қатысуға қатысты мәселелерді біріктіреді [128]. Дегенмен, Осы айтылған үш қасиет концептуалдық түрде бір-бірімен өзара байланысқан, психологиялық тұрғыда да бір-бірінен тәуелсіз болуы мүмкін. Осы орайда мемлекеттің даму стратегиясы үлкен рөл атқарады. Бұл концептуалдық тұрғыда әбден мүмкін. Мысалы, азаматтарды біріктіру үшін оларды жұмылдыратын ортақ мәселе болуы шарт. Олардың қатарына азаматтардың құқықтары, қоғам өмірі, саяси қатысу жатуы мүмкін.

Азаматтық бірегейлік адамдарды жұмылдырып, тәуелсіз даму траекториясына бағыттауы мүмкін. Сонымен қатар, олардың әр қайсысының маңызы, мәні әртүрлі әсер етуде көрініс табады. Мүше болу және бір құқыққа ие болу адамда ерте кезден бастап пайда болады. Мысалы, М.Баррет, Х.Уилсон мен У.Лайонс 5 жастағы ағылшын оқушыларының Британ азаматтарын Германия мен Америка Құрама Штаттарының азаматтарынан айыра бастағанын зерттеулерінде дәлелдейді. Олардың пайымдауынша, ұлттық бірегейлік бала жастан бастап аса маңызға ие болып өсе берген сайын күшейе береді [129].

Азаматтық бірегейлік пен азаматтылық қазіргі кезеңде әлеуметтік, экономикалық және саяси өмірдің жаһандану атты ірі жүйеге өзгеру жағдайында аса өзекті мәселе болып табылады.

Этностық және нәсілдік көптүрлілік мемлекеттегі тұрақтылықты шайқалтуы әбден мүмкін, себебі түрлі нәсіл мен этностық топтың адамдары бір-бірімен шектеулі игілік үшін тайталасқа түседі. Мұндай үрдістер өздерін барынша толерантты деп есептейтін мемлекеттерде де көрініс табады деп тұжырымдайды [130].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл мәселені шешудің ең ұтымды жолы ретінде қалыптасқан мемлекеттік құрылыс моделін өзгерту, яғни біртіндеп этностық бірегейлікті төмендете отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру болып табылады [131, 178б.].

Дегенмен де этностық бірегейлікті төмендету әлемде жүзеге аспағандығын көрсетеді. Өйткені, ұлттық бірегейлік әрқашан да бір этностық бірегейлікке негізделеді. Ортақ құндылықтар жүйесі этностық ерекшеліктер негізінде пайда болады. Осы тұста Андерсонның пайымдауынша, қоғамды біріктіру жолында жасанды мәдени құндылықтарды ойлап тауып, іске асыру еш нәтиже бермейді. Этностық бірегейліктің жоғарғы деңгейі мен ұлттық бірегейліктің төмен деңгейі модернизацияның әсерінен ғана жойылып кете салмайды. Сонымен қатар этностық бірегейлікті төмендету, әсіресе, кедей және этностық топтары мол елдерде қиынға соғатыны белгілі.

Қазіргі заманғы пікірлерді саралайтын болсақ, азаматтық бірегейлік әлеуметтік және саяси жағдайларға аса тәуелді болып саналатынын байқаймыз. Және олардың әрқайсысында өзіндік функциялары болады. Азаматтық

бірегейліктің психологиялық аспектісіне келетін болсақ, бірінші кезекте сенім ерекше орын алады. Сенім – бұл басқа адамдардың әділетті болуына, сенімге ие болу қабілетінің болуына және ол сенімнің қайта өзіне қайтатындығына сену. Бұл азаматтылықтың психологиялық іргетасы болып табылады [132]. Зерттеулер сенімнің азаматтық қатысуға үлкен әсер ететіндігін және азаматтық бірегейліктің маңызды компоненттерінің бірі болып табылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, сол сенімнің ұлғайған сайын басқа адамдармен бірегейлену ынтасы да арта беретінін көрсетеді.

Азаматтық білімдер саяси қатысу мен құқықтарды таңдаумен өте тығыз байланысты. Шындығында да, азаматтық білімдердің азаматтылықпен бірігуі көптеген азаматтық бағдарламалардың негізі болып табылады. Өйткені, азамат өзінің білімдерін жүзеге асыруға бар күш-жігерін салады.

Адамзаттың пайда болуы мен өмір сүруіне көз жүгіртетін болсақ, мүше болу қасиеті адамдарды біріктіруге негізгі серпінді күш болып табылады. Осы орайда туындайтын бір мәселе бар. Ол ұлтқа мүше болу ниетінің қаншалықты деңгейінде адамдар азаматтық бірегейлікке әсер ете алатындығында жатыр. Әрине бұл құбылысқа әсер етуші факторлар көп. Мысалы, ұлттық және этностық бірегейлік сияқты.

Азаматтық бірегейлік саяси климаттың да жемісі болуы мүмкін. Дегенмен де ол қоғамда әр түрлі түрде көрініс табады. Ол бәсекелесіп отырған көзқарастарды басу үшін де қолданылуы ғажап емес. Мысалы, Д.Харт пен Р.Галан қоғамдағы саяси белсенділік саяси протестке қоғамның ашық болуына тәуелді болады деп есептейді. Саяси белсенділіктің мүлде болмауы ұлттың және қоғамның өміріне салғырт қарауды білдірмейді. Бұл тек оппозицияға қоғамның жабық болғанынан қорқынышты мойындау ретінде көрініс табуы мүмкін [133].

Ж.Торни-Пурта, Б.Уилкенфелд пен К.Барбер саяси тиімділік азаматтық бірегейлікке қаншалықты әсер ете алу қабілетімен өлшенетініне байланысты деп есептейді. Ал азаматтық құқықтар мен азаматтық еркіндіктер көп мөлшерде берілген сайын саяси тиімділік, яғни саяси әсер ету төмендей береді [134]. Бір жағынан, азаматтардың құқықтарының шеттелмеуі олардың мемлекетпен өзара бір-бірінен тәуелділі болуын тежейді.

Сонымен қатар қазіргі таңда елдегі экономикалық жағдай азаматтардың азаматтық бірегейлігіне елеулі әсер етеді деген пікірлер көбею үстінде. Ондағы анық байланыс экономикалық жағдайдың нашарлауы азаматтық бірегейлік деңгейінің төмендеуімен сәйкес болуында көрініс табады.

Ұлттық экономиканың жай-күйі азаматтық бірегейлікке әсер етуде маңызды рөл атқарады. Яғни, ғылымда экономикалық жағдайдың нашарлануы азаматтық бірегейліктің қалыптасуын баяулатып, азаматтылықты қалыптастырмайды. Күрделі экономикалық жағдайлар түрлі әдістер арқылы азаматтық бірегейлікке кері әсерін тигізеді. Сондықтан елде азаматтардың бойында көші-қон ниеті қалыптасады. Аталған мәселені алдын-алу мақсатында бірінші кезекте елдегі экономикалық жағдайды түзеп алу қажеттігі байқалады. Өйткені, экономикалық, материалдық жағдайсыз азаматтардың азаматтылық сезімі орын алмайды.

Сонымен қатар азаматтылық бірегейлік тікелей этностық бірегейліктің деңгейіне тәуелді болады. Өйткені, көптеген зерттеулер көрсеткендей, тұрақты даму үдерісімен ерекшеленетін мемлекеттерде этностық бірегейлік азаматтық бірегейліктен төмен тұрады және керісінше. Этносаралық қайшылықтар мен қақтығыстар орын алған мемлекеттер қоғамының бірегейлік иерархиясында этностық бірегейлік азаматтық бірегейліктен жоғары тұрады. Дегенмен де екі бірегейлік түрлері арасында өзара байланыс пен тәуелділік орын алады. Бұл дегеніміз этностық бірегейліктің азаматтық бірегейлікті тежеуді немесе бәсекелесуді білдірмейді. Мемлекет алдында екі бірегейліктің алтын орнын табуға итермелейді. Яғни, олар қазіргі таңда бір-бірін толықтырушы ұғымдар болуы тиіс.

Азаматтық және этностық бірегейлік арасында ортақтықты табу көбіне мемлекет құраушы бір ұлты бар полиэтносты мемлекеттерге тән және қажетті құбылыс болып табылады. Өйткені, төл этностың мүдделерін барша халық мүдделерен түйыстыру қажет.

Осы тұста этностық біртұтастықтың болмауы адамдарда азаматтылықтың қалыптасуына кедергі жасауы мүмкін. Р.Путман мен С.Хантингтонның ойынша, политэтносты болып табылатын мемлекеттер әлеуметтік капитал мен ұлттық бірегейліктің қалыптасу үрдісінің қиындықтарына тап болады. Бұл жерде барша қоғамға ортақ құндылықтар анықтау мен азаматтылықты қалыптастыру мәселелері қарастырылуы қажет.

Азаматтық бірегейлікпен тығыз байланыста болатын және оған тікелей әсер ететін фактор ретінде халықтың демографиялық көрсеткіштері жатады. Өйткені, Х.Меллер халықтың жастар құрамы басқа жас топтарына қарағанда азаматтық бірегейлікке бейім болып келеді деп есептейді. Оны тархита орын алған азаматтық қозғалыстарға қатысушылардың басым көпшілігі жастар болғандығымен түсіндіреді. Оның пайымдауынша, жастар түрлі қоғамдық қозғалыстарға аса қызығушылық танытып, тез іліп алып кетеді [135].

Сонымен қатар, жастардың қоғамдық өмірде алатын орындарын Д.Харт өзінің еңбегінде атап кеткен. Оның ойынша қоғамда ересек адамдарға қарағанда жастар пайызының жоғары болуы қоғамда түсініксіз, негізделмеген өзгерістерге алып келеді. Себебі, қоғамда ересек адамдар саяси мәдениет пен азаматтылықты келесі ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады. Ал ондай топтың аз болуы есебінен жастар азаматтық тұрғыда өздерін толыққанды мемлекеттің азаматы деп есептемейді. Соның салдарынан қоғам мен мәдениет туралы білімдері саяз болып келеді де, саяси және әлеуметтік үдерістерді радикалды түрде өзгертуге тырысады. Ғалымдардың пікірінше, азаматтық білімнің төмен болуы жастар тобын саяси өмірдің экстремистік түріне қатысуға алып келеді [136]. Халықтың демографиялық құрылымы жағынан қарастырғанда, азаматтық немесе этностық құндылықтарды дәріптейтін ұлт зиялылары мен элитаның ролін айтып кеткен жөн. Өйткені, кез-келген қоғамда идея ұсынушы әрі азаматтарды жетелеуші ретінде зиялы азаматтар тобы қатысады. Осы орайда басты назар әр мемлекеттегі зиялы қауым өкілдерінің әсер ету қабілеті мен саяси элитаның қызметінің тиімділігіне аударылуы қажет деп есептейміз.

Жалпы ағылшын тіліндегі жария болған ғылыми еңбектерде азаматтық бірегейлік пен ұлттық бірегейлік бір ұғымдар ретінде қарастырылады. Өйткені, қазіргі таңдағы көпұлтты мемлекеттер ұлттық мемлекеттер (саяси мағынада) ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ұлт түсінігі «мемлекет», «азаматтар» түсініктерінің синонимі ретінде қабылданады. Ал барлығының бір ортақ қорытындысы: «Ұлт болып қандай қауымдастықты табамыз?» деген сауалға жауап беруде ұлтты құрастырушы ерекшеліктер ретінде тіл, мәдениет, дін, саяси және басқа да институттар, тарих, ортақ тағдырға деген сенім сияқты жауап алдық.

Азаматтық бірегейлік біріктіруші және ажыратушы секілді екі тенденциялар арқылы реттеледі. Біріншісі, адамдардың қауымдастығын басқа қауымдастықтардан ажыратса, екіншісі адамдарды бір қауымдастыққа біріктіретін интеграциялық функцияны атқарады. Ол қоғамда бейнелер арқылы (мемлекеттік рәміздер, тарихи ұлттық батырлар, тарихи және қазіргі заманға мемлекетке аса маңызды жағдайлар, тұрмыстық рәміздер), мемлекет шеңберінде барша халыққа ортақ құндылықтар (егеменділік, тәуелсіздік, жауапкершілік, қоғам дамуына деген үлес, елдің болашағы үшін ой толғау) арқылы қалыптасады. Бір қырынан азаматтық бірегейлік азаматтардың ортақ нормалар мен жүріс-тұрыс ережелеріне сәйкес әрекет етуді білдіреді.

Ы.Смельзердің айтуынша, азаматтық бірегейліктің ұлтты құраудағы басты механизмі этностық бірегейлік арқылы жүзеге асады. Яғни, этностық бірегейліктің функционалды трансформациясының арқасында азаматтық қауымдастыққа мүше болатын қоғамға біріктіру рөлін атқарады. Бұл орайда этностық бірегейліктің өзі құнды, және екіншіден, аймақтық, ұлттық, азаматтық, жалпы азаматтық бірегейліктердің құрамдас бөлігі болып табылады [137]. Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастырмас бұрын этностық интеграция мен этностық бірегейлікке үлкен назар аударған жөн.

Ұлттың қалыптасуының басты сатысында болашақ «ұлт» ретінде адамдардың бір этностық қауымдастықпен өзін сәйкестендеруінде этностық бірегейлік маңызды орынға ие [138]. Бұл орайда азаматтарды азаматтық бірегейлендіру үдерісіне этностық ерекшеліктерді тарту мүмкіндігі өз септігін тигізеді.

Қазіргі таңда ұлтты қалыптастыру мәселелерінде көптеген отандық ғалымдар азаматтық бірегейліктің этностық құрамына ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл орайда қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлік мәселелері бір қырынан елдегі «бірлік көптүрлілікте» принципімен жүзеге асатын елдегі көптеген этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін дамытуға мүмкіндік бере отырып, барлығына ортақ қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде, сонымен қатар қазақ халқының белгілік ерекшеліктері көрсетілген мемлекеттік рәміздер, қазақ тіліндегі әнұран сияқты қазақ төл этносының этностық белгілері арқылы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру тенденциясы орын алуда.

Әрине азаматтық бірегейліктің этностық компоненті өз маңыздылығын кейбір тарихи кезеңдерінде жоғалтып алса, кейбір қоғам дамуының нақты бір сатысында орны мен рөлінің зор болуын көрсетеді. Ол қоғамның әлеуметтік-

саяси, экономикалық, геосаяси факторлары мен ерекшеліктерінен тәуелді болады.

Азаматтық бірегейлік үшін этностық қауымдастықтардың іс-әрекетіндегі ерекшеліктер аса маңызға ие. Өйткені, этностық бірегейлік азаматтардың әрекетіндегі мақсаттылықтың негізі, өзара біріге отырып, ұжымдық мүдделерді білдіруде ерекше мәнге ие болады. Бұл орайда азаматтық бірегейлік барлық азаматтарға, ұлтқа ортақ ұлттық болмыс, ұлттық бірлік, ұлттық менталитет, ұлт-азаматтық қозғалыстар сияқты құбылыстар мен категориялармен тығыз байланыста болады.

Дж.Фридманның айтуынша, ұлтты құраудағы бірегейліктің саясаты өткен шақпен тығыз байланыста болуы қажет. Ол тарихи естелік пен жадыда сақталатын немесе пайда болатын миф арқылы жүзеге асады [139]. Осы орайда қоғамның ежелден келе жатқан тарихи жадысын жаңғыртып, ұлттық мақтаныш сезімдерін ояту маңызды болып табылады.

Полиэтностық қоғамда ұлттық-мәдени өзіндік анықтауынсыз түрлі этностық, әлеуметтік, саяси және де басқа күштердің өзара үйлесімділігі мен өзара ұтымды әрекеті жағдайы ретінде азаматтық бірегейлік қалыптаспайды және нығаймайды [98, 43б.] Сондықтан азаматтық бірегейлікті дамытуда түрлі этностық топтардың бір үйлесімге, ортақ құндылықтарға келуі шарт.

Демократиялық мемлекеттерде этностық көптүрліліктің артуы әлеуметтік ынтымақтастық пен азаматтық әлемге мүмкін болатын қауіп-қатер ретінде есептеледі [140]. Өйткені, полиэтносты қоғамдарда демократияны орнату этностық құндылықтардың сақталуы мен дамуына жағдай жасайды. Осы тұста толеранттылық сезімдері нық қалыптаспаған, ортақ мүдделері негізінде бірікпеген қоғамдарда этносаралық қақтығыстар орын алады. Ал оның салдары ретінде кішігірім этностық топтарда азаматтылық деңгейі төмендей береді. Бұл өз кезегінде халықтың бір ұлт болып сақталып, қызмет етуіне кері әсерін тигізеді.

Осы орайда полиэтностық қоғамдарда азаматтық тұжырымдаманың әлеуметтік үйлесімділікке жету мақсатындағы маңыздылығын бірнеше себептермен түсіндірсе болады: ұлттық тиістіліктің мықты сезімі азаматтардың мемлекетке, мемлекеттік институттарға сенімін арттыруға септігін тигізеді, ұжымдық бірегейлік жеке мүдделердің саяси шешімде көрініс табуына көмек береді, сонымен қатар ұлттық бірегейлік кішігірім топтардың ішіндегі бәсекелестікті бәсеңдетеді.

Қазіргі кезеңде этностық ерекшелік арқылы азаматтық бірегейлікті азаматтардың санасында нығайтып келе жатқан Батыс елдерінің саны аз емес. Қазіргі кезеңде көптеген Еуропа, Шығыс Еуропа елдері азаматтық бірегейлік арқылы ұлттық мемлекет құрып келеді. Қазіргі кезеңде азаматтық бірегейлікті зерттеуде орын алған пікір ол - Балтық елдері неғұрлым демократиялық болғанымен соғұрлым ұлтшыл мемлекет болып есептеледі.

Ұлттық мемлекет құрмайынша, отарсыздандыру үрдісін жүргізбейінше, азаматтық қоғам ел ішін ала тайдай бүлдіреді, азаматтық белсенділіктің орнына азаматтық алауыздық бел алып кетері анық [141]. Сондықтан елдің

егеменділігін, бірлігін сақтап, дамытуда азаматтылық, азаматтық белсенділікті арттыру қажет. Азаматтарды бір шаңырақ астында біріктіру керек.

Осы орайда ұлттың өзін өзі ұлттық және мәдени анықтауы алғашқы ұлттар мен ұлттық мемлекеттердің пайда болуымен қатар жүреді. Бұл кезекте ұлтты құраудағы азаматтық бірегейлік екі тенденция арқылы жүзеге асты. Бірінші мысал ретінде, азаматтық бірегейлік «қайнаушы қазан» принципі бойынша ұлттық ерекшеліктерге қарамастан этностықтан жоғары ұлттық-азаматтық бірегейліктің қалыптасуы арқылы жүзеге асса, екінші мысал, ұлт-азаматтық қозғалыстардың нәтижесінде, ұлттық, этностық топтың басымдығы арқылы пайда болған азаматтық бірегейлік түрімен сипатталады. Аталған мәселе келесі бөлімде толық қарастырылатын болады.

Осы бөлімдегі біздің мақсатымыз қазіргі замандағы азаматтық бірегейлік туралы түрлі көзқарастарды есекере отырып, азаматтық бірегейліктің сипатын зерттеу және азаматтық бірегейлік пен азаматтылықтың арақатынасын анықтау, азаматтық бірегейліктің ұлттық демократиялық мемлекетке әсерін талдау болып табылатын. Біз анықтағандай азаматтық бірегейлік субъективті және азаматтық қасиеттермен қатар жүреді. Демек, бұл дегеніміз, тұлғаның бір қауымдастықтың немесе ұлттың мүшесі ретінде өзін сезініп, сол топтың әлауқатын, жағдайын арттыруға барынша күш-жігерін салып, құқықтары мен міндеттерін толыққанды орындау. Бұл жердегі азаматтық бірегейлік адамның басқа да әлеуметтік топтың ішінде мүше ғана болғандықтан емес өзі туралы ішкі сезіміне негізделеді. Сонымен қатар бірегейліктің басқа да түрлерінен (ұлттық, этностық, моральдық) ерекшеленеді.

Азаматтық бірегейлікке деген қазіргі заманғы қызығушылық жаһандану мен көші-қон салдарынан артып кетті. Бұл орайда мемлекеттің тәуелсіздігі мен беріктігін сақтау жолында азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға үлкен мән берілуі қажет.

Ұлттық мемлекет идеясының кристаллизациясы белгілі бір теорриториядағы халықтың саяси және мәдени бірегейліктерінің сәйкес келуін қамтамасыз етеді және күрделі рәміздік және эмоциялық міндеттемелерді көтереді [142, 476.]. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру және оның психологиялық маңызы әлеуметтік, демографиялық және саяси факторларға тәуелді болып табылады. Басқа да бірегейлік түрлеріне қарағанда азаматтық бірегейлік адамның мүше болу сезімі, қатысу, азаматтық құқықтар мен міндеттер сияқты психологиялық және әлеуметтік мәселелерге аса назар аударады. Мысалы, жұмыста көрсетілгендей ұлтшылдық азаматтық бірегейліктің бір көрінісі ретінде мемлекет халқының жастар құрамына байланысты болып келеді. Бұл зерттеу азаматтық бірегейліктің қазіргі заманда алатын орны ерекше екендігін көрсетеді. Ол қоғам мен қауымдастықтың жақсы өмір сүруіне бірден-бір себебін тигізеді.

1.4 Саяси-салыстырмалы контекстегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі

Ұлт пен ұлттық мемлекеттердің қалыптасу мәселелері қазіргі таңда ұлт құрау саясатында өзекті тақырыптардың біріне айналып келеді. Бұл бір

қырынан, жаһанданып отырған жағдайда мемлекеттердің тұтастығын қамтамасыз етуде көрініс тапса, екінші кезекте ішкі саяси тұрақтылығымен көзге түсетін әлемдік аренада толық құқықты субъектілі ұлттық мемлекет құрауда өз орнын табады. Оған біздің түсінігіміздегі азаматтық бірегейлік арқылы қол жеткізуге болады. Дегенмен мемлекеттердің пайда болуы, егеменділігіне, тәуелсіздігіне ие болу ұлттың ұлт ретінде қалыптасуы үдерісінің әр түрлілігінің болуымен сипатталады.

Өйткені мемлекет пен ұлт арасындағы байланыс пен өзгешелік бір-бірінің құзырында болады. Алдыңғы бөлімде айтылғандай, мемлекет пен ұлттың пайда болуы тарихта не бірінің, не екіншісінің еншісінде болып келді. Кейбір жағдайда мемлекет ұлттан бірінші пайда болып, ал ұлт Б.Андерсонның сөзімен айтқанда «елестетілген қауымдастық» ретінде кейін пайда болады. Ал кейбір жағдайда ұлт идеясы мемлекеттің тәуелсіздігі мен егеменділігі жолында құрал ретінде пайдаланылып келеді. Бірінші жағдай көбіне Батыс мемлекеттерінде, миграциялық, қоныстану жолымен пайда болған мемлекеттер Америка мен Африка мемлекеттерінде орын алса, екінші жағдай Шығыс Еуропа елдері, бұрынғы КСРО мемлекеттеріне кірген елдер мен Азия мемлекеттерінде орын алды.

Осы орайда ұлттық демократиялық мемлекеттердегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісіне салыстырмалы тарихи саяси талдау жасап көрелік.

Қазіргі таңда әлемге өзінің бірыңғай ұлтымен, дамыған демократиясымен ерекшеленетін ұлы держава Америка Құрама Штаттарындағы азаматтық бірегейлік мәселелері «ұлттық бірегейлік» ұғымымен ауыстырылады. Өйткені, Америкадағы мемлекетті ұлттың (саяси мағынада) өзі құрады. Сондықтан ұлттық (азаматтылық мағынада) бірегейлік мемлекеттен бұрын пайда болды дегуге болады.

XIX ғасырдың өзінде саяси ұйымның пайда болуының мақсаты мемлекеттің ұлттық бірлігін құру болып табылды. Осы орайда «азаматтылық негіздері» бойынша америкалық оқу құралдары пайда болды. Мигранттарды америкалық қоғамға, азаматтық қоғамға мүше болуға деген дайындықта, азаматтарды демократиялық тәрбиелеуде Қоғамдық ғылымдардың Америкалық ассоциациясы (1865), Саяси ғылымдардың академиясы (1880), «Саяси ғылымдардың хабаршысы» (1886) өз септігін тигізді [143, 71б.].

Ал жалпы Америкадағы ұлттық бірегейлік үш құрамды компоненттен тұрады: саяси институттар, әлеуметтік-экономикалық жағдай, мәдени бірегейлік. Саяси институттар: демократия/республика (билік балансы, заң, билік легитимділігі), екі партиялық жүйе (адамдардың мемлекеті, адамдар үшін құрылған мемлекет), конституция (құқықтар билі, азаматтық либерализм), заңның жоғары болуы (ұлттық мемлекет). Ұлттықтан жоғары бірегейлік АҚШ-тың халықаралық ұйымдардағы көшбасшылық рөлі, халықаралық арендағы барлық мемлекеттермен мойындалған экономикалық және әскери күші, әлемнің Батыс аймағындағы батыс құндылықтардың көшбасшылығында көрініс табады.

Сонымен қатар азаматтық бірегейліктің қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары әр адамның индивидуалды рөлін, оның ішінде жауапкершілігін, басқа жақтан келетін қатерлерге жауап ретінде топтасуын, сонымен қатар қоғамның рөлін (мүдделердің агрегациясы мен артикуляциясын), және де ең маңыздысы, этностық, нәсілдік, гендерлік және де басқа ерекшеліктерге қарамастан ортақ топтық бірегейліктің жоғары болуын, жеке тәрбиелеуді білдіреді (білім беру, қаржылық жетістік және т.б.).

Америка Құрама Штаттарындағы мәдени бірегейлік ортақ азаматтық бірегейліктің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Бұл орайда мәдени бірегейліктің келесі компоненттеріне ерекше мән беріледі: дін, ағылшын тілі, тарихи этностық көптүрлілік, әдебиет пен өнердің рөлі, құқықтар мен міндеттердің ортақтығы.

«Біз кіміз?» атты С.Хантингтон өз еңбегінде ұлттық бірегейлік сыртта жау орын алып тұрғанға дейін жоғары болады. Ал сыртта жау, қауіп-қатерлер жоқ болса [144, 176.].

Дегенмен де АҚШ мемлекетінде ұлттық (азаматтық) бірегейлік бір дегеніннен пайда болған жоқ. Америка тарихында азаматтық бірегейліктің бастауында этностық, нәсілдік, идеологиялық бірегейліктер болды. Осыған дәлел ретінде афроамерикандық нәсілдің біраз уақытқа дейін дискриминацияға ұшырауын айтуға болады. Америка ұлтының орын алуына осы этностық, діни, мәдени, идеологиялық көптүрлілік, ежелден келе жатқан ортақ тарихи өткен шақтың болмауы өз үлесін қосты. Сонымен қатар Томас Джефферсон алғаш ұсынған «америкалық кредо» сенім идеясы себеп болды. Бұл идеяның өзі XVII—XVIII ғасырда пайда болып, оның негізгі элементтері ретінде ағылшын тілі, евангелияның 10 тұжырымдамасы, заңның жоғарылығы, билеушілік пен бағынушылардың жауапкершілігі, протестанттық құндылықтар, оның ішінде индивидуализм, жұмыс этикасы, осы өмірді жақсартуға деген сенім болды. Көптеген мигранттар Америкаға осы мәдениет және мемлекет беріп отырған мүмкіндіктердің артынан келді. Қазіргі таңдағы Эллис аралында орнатылған «Еркіндік статуясы» осы америкалық арманның символы ретінде тұрғызылған болатын.

Америкалық ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ағылшын протестанттық мәдениеттің де рөлі зор болып есептеледі. Протестанттық мәдениет америкалық азаматтарды біріктіріп, басқалардан өзгешелейді [144, 196.].

Америкалық азаматтық бірегейліктің қазіргі кезеңдегі қалыптасуына патриоттық тәрбиенің мәні зор болды. Өйткені, штаттардың қазіргі ішкі саясаты жас буыннан бастап, яғни баланың дүниеге келе салысымен мемлекеттік рәміздерді (ойыншықтар, киімдер, интерьерде және т.б. тұрмыстық жағдайларда) қолдану бала кезден бастап америкалық құндылықтарды, бейнелерді бойға сіңіруге үлесін тигізеді.

Ал Америка мемлекетінің мемлекеттік туы әр үйдің жанында ілулі тұруы азаматтылықтың, патриоттықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар АҚШ азаматтыр үшін мемлекеттік мейрамдарға үлкен мән беріледі. Оның ішінде ең бастысы Америка азаматтары үшін 4 маусым «Тәуелсіздік күні» ерекше аталып өтіледі. Бұл күні мемлекеттік тудың «көк, қызыл, ақ» түстерін

кез-келген жерден байқауға болады, ал мемлекеттік әнұран әр ұйым, үйде естіліп тұрады.

Стэнли Хоффман америкалық бірегейліктің негізгі мазмұнын екі фактормен ашады: «материалды фактор» - иммиграцияның салдарында пайда болған этностық көптүрлілік, және «идеологиялық фактор» - либералды-демократиялық кредо [145].

Қазіргі таңда этносаясатты жүргізуде АҚШ мысал алу керек деген пікірді ұстанатын азаматтар да баршылық. Кейбіреулер тарихи, мәдени жағдайлар әртүрлі және аралығы тым қашық екендігін ескерместен, Америкада бізге өнеге болатын жағдайлар көп деп есептейді [146]. Америка Құрама Штаттарындағы бізге өнеге ретінде ондағы азаматтардың бойында патриоттық сезімді дамыту үлгісі ұтымды болады.

Осы орайда қазір ресми құжаттарымыз бен саяси идеологияны қарайтын болсақ, біздің АҚШ-тан еш айырмамыз жоқ. Дегенмен де этномәдениет, этностың территориясына тәуелді мемлекет қатарына жатпайды. Ол адамның шыққан тегіне, тілі, діні, этносына қарамастан, сол аумақтағы белгілі бір шарттарға мойынсұнған азаматтарды жасанды символдар төңірегіне біріктіреді [147]. Бір сөзбен айтқанда қазіргі кезеңде Америка ұлттық саясатын «қайнаушы қазан» саясаты деп атауы бекер емес. Ол бірнеше кішігірім мәдениеттерді қамтып, ортақ мәдениетті анықтады. Ал ол тұрғыда этностық ерекшеліктерге, яғни бір этностың доминанты болуына жол берілмегендігін көрсетеді.

Біздің полиэтносты қоғамымыз бір ұлттың мемлекетқұраушы ұлттың төңірегінде ұйысу мәселесі көтеріліп отырған жағдайда бұл идеяның өміршеңдігі төмендейтінін байқаса болады. Кейбір ғалымдар, сонымен қатар ұлттық-патриоттар тобы АҚШ-тың азаматтық ұлт қалыптастыру дәстүрі бізге үлгі бола алмайды деп есептейді. Аталған идеяны көбіне қазақ ұлты өкілдерінің ұстанатынын байқаса болады. Яғни олардың пайымдауынша ұлт құрудың американдық үлгісі бізге тиімді болып есептелмейді.

Батыс демократиясының келесі ұлы мемлекеті ретінде Ұлыбритания мемлекетіндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісіне талдау жасайық. Қазіргі таңда Ұлыбритания үшін бірегейлік мәселесі өте өзекті мәселелер қатарына жатады. Бұл мемлекет те полиэтносты, полимәдени мемлекеттер қатарына жатады. Сонымен қатар қазіргі таңда көпетеген зерттеушілердің сөзімен айтқанда «Үлкен қоғам» идеясын, мультимәдениет үлгісін жүзеге асырып отыр.

Э.Смиттің айтуынша Ұлыбританиядағы ұлт «этностық басымдыққа ие болған ядро» ретінде көптеген жылдар бойы қалыптасты. Ал азаматтық бірегейлік XVIII-XIX ғасыларда мемлекеттік ұлтшылдықтың негізінде пайда болды. Бұл орайда Ұлыбританияның қарамағында автономды мемлекеттердің орын алуын естен шығармаған жөн. Сондықтан бұл мемлекеттегі азаматтық бірегейлік ұлтүстілік бірегейлік түрінде дамып келеді. Бұл үдерісте маңызды компонент ретінде мәдени бірліктің жүзеге асуына үлесін тигізген ағылшын тілі, ағылшын тілінің мәдениетіне, ағылшын халқының тарихы мен мақтаныш сезімі болып табылады.

Жалпы Ұлыбританияның азаматтық бірегейлігінің қалыптасуында келесі мәселелердің орны ерекше болып есептеледі:

- Азаматтық борыш пен жүріс-тұрыс, соның ішінде сайлауларға жүйелі түрде қатысу;

- Легитимділікті сезіну, саяси билік пен механизмдерге сенім мен монархияны қолдау;

- Қоғамдық тәртіпті қолдаудың басымдылығы, үкіметтік мәселелерді халықтың шеше алуы;

- Ұлттың «этностық» тұжырымдамасы [148].

Ағылшындықтарды біріктіретін өзіндік мәдениеті мен менталитеті қалыптасқан, және ең бастысы барлық халыққа ортақ ұлттық мінез, жүріс-тұрыс орын алады. Яғни, бұл орайда азаматтық бірегейліктің ежелден келе жатқан ағылшын салт-дәстүрінің ерекше рөл атқаруын көрсе болады.

Сонымен қатар Батыс әлемінің ұлттық мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейлікті талдайтын болсақ, Ульям Брубейкердің «Франция мен Германиядағы азаматтылық пен ұлт» атты философия докторы ғылыми атағын алу үшін дайындалған ғылыми еңбегі үлкен ақпарат береді [149] Алғашында Еуропа мемлекеттерінің негізгі азаматтары ретінде бұрыннан келе жатқан, сол территорияда мекен ететін тайпалар, этностық топтар құраған болатын. Оларды біріктіруші фактор ретінде бірінші кезекте тіл және мемлекеттілікті қалыптастыру идеясы алға қойылған.

Дегенмен де қазіргі кезеңде бұл мемлекеттердегі азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың мәселелері иммигранттардың ағып келіп жатқан үдерісімен сипатталады. Әрине, батыс мемлекеттері үшін ұлттық мемлекеттің пайда болуында азаматтық бірегейлік ерекше рөлге ие болды. Бұл оларды қазіргі кезеңде ұлттық мемлекеттер ретінде анықтауда үлкен үлес қосады. Дегенмен де алғашында ұлттық мәдени ерекшеліктер негізінде пайда болған ұлт қазіргі кезеңде басқа мемлекеттерден келген иммигранттар үшін еніп кететін, яғни өздерін «француз» немесе «неміс» деп атап кету мақсатында ұлттық саясат жүргізіліп отырғандығын байқаса болады.

Қазіргі таңда мультимәдениеттіліктің өзі аталған мемлекеттер үшін Ангела Меркелдің айтуынша «қатер» төндіреді. Өйткені, ұлттық бірегейліктің кішігірім топтық бірегейліктерге бөлініп кету, яғни қоғамның ыдырап кетуіне жол береді деп есептейді.

Мысалға Бельгия, Германия, Франция, Дания, Голландия, Великобритания мен Швеция мемлекеттеріндегі жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша, мультимәдени қоғам идеясына азаматтар кері пікірді білдірген, олардың айтуынша діни, мәдени және нәсілдік көптүрлілік қоғам өмірінде позитивті рөл атқарады дегенге сенімдік білдірмейді [150]. Яғни, қазіргі кезеңде полиэтносты қоғамда азаматтық бірегейліктің либералды мазмұны қатты сынға ұшырап отырғанын көрсетеді.

Батыстық ұлттық мемлекеттер үшін *бірінші* кезекте мемлекеттің унитарлы, яғни мемлекеттік бірегейліктің эгалитарлы типі сәйкес болуы қажет. Ал *екіншіден*, азаматтардың мемлекетке тиісті болуы өзіндік қасиетті мәнге ие болуы қажет. Бұл орайда мемлекеттің болашағы үшін өзін құрбан етуге дайын

болуы керек, «қасиетті актілерді» орындауы қажет. *Үшіншіден*, мемлекетке мүше болу ұлттық бірегейлікке негізделуі қажет. Яғни, саяси қауымдастық өз кезегінде мәдени қауымдастық болуы шарт, ортақ тіл мен ортақ менталитет, ұлттың заңды өкілі болуы керек. Егер де сол мемлекетке бір тілді тарататын ұлт болмаса басқа мүшелер ассимиляцияға ұшырауы керек. *Төртіншіден*, мемлекетке мүше болу демократиялық принциптердің орындауымен жүргізілуі қажет. *Бесіншіден*, әрбір адам тек бір мемлекетке ғана мүше болуы керек. Ең соңында *алтыншыдан*, мүшелік әлеуметтік жанамалы сипатқа ие болуы керек. Яғни, бір мемлекетке тиісті болу азаматқа артықшылықтар әкеліп, үнемі мадақталып отыруы жөн. Ол объективті және субъективті түрде жоғары бағалануы тиіс [149].

Азаматтық бірегейліктің азаматтық ұлтшылдық негізінде пайда болған Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттеріндегі түрі осы елдерде өзіндік ерекшеліктерге тап болды. Бұл мемлекеттілік дәстүрдің азаматтық саясатқа әсерінде көрініс табады. Мысалға, Германия, Швеция, Ұлыбритания, АҚШ және Канада арасында азаматтық бірегейліктің қалыптасу механизмдерінде өзгешеліктер бар.

Бұл орайда АҚШ пен Канада мемлекеттері таза иммиграциялық жолмен пайда болған мемлекеттер болып табылады. Ал Батыс Еуропа мемлекеттері туралы классикалық иммиграцияның негізінде пайда болған мемлекеттер деп атай алмаймыз. Бұл Еуропа мемлекетінде мүлдем иммиграциялық үдерістің болмағандығын білдірмейді. Тек сол мемлекеттердегі ұлттың пайда болуы тарихи кезеңнен келе жатқан бір ұлттың айналасында пайда болғандығын көрсетеді.

Америкалық ғалымдар саяси бірегейлік сезім мен өзінің ұлт-мемлекетіне деген тиістілігін тұрақты сезімінің екеуінің де маңыздылығы жоғары деп есептейді. Жаңа мемлекеттер азаматтық мәдениетті құру үшін азаматтарды біріктіретін рәміздер және шынайы сезім қажет. Олар бір рәмізге айналатын оқиға немесе харизмасы жоғары көшбасшыға деген сенім сияқты жұмылдырушы ортақ факторлар қажет болып табылады. Сонымен қатар, мысал үшін, Германия мемлекетінде азаматтық бірегейлікті нығайту үшін үкімет өзінің міндеттері мен халық алдында уәделерін орындап отыруы тиіс [149]. Яғни белгілі бір саяси жүйеге тиістілігін жүзеге асыруда азаматтық бірегейліктің компоненттері ретінде әлеуметтік сенім мен азаматтық ынтымақтастық өзінің елеулі ықпалын білдіреді.

Екінші ерекшелік аталған елдердегі мемлекеттік бірегейлікті қалыптастырудағы ұлтқа мүше болу арқылы жүзеге асыруға негізделеді. Дегенмен де екі топта да ұлттың түсінігі мен мазмұны бір бірінен өзгешеленеді. Франция, Германия, Швеция мемлекеттері унитарлы мемлекеттер қатарына жатса, Швейцария, Ұлыбритания, АҚШ және Канада федеративті, көпқұрылымды мемлекеттер қатарына жатады. Бұл ұлттың кеңістік аймағын белгілейді. Дегенмен де Батыс Еуропа мемлекеттерінің арасында бір-бірінен айырмашылықтары бар. Мысалы, Франция ұлтының қалыптасуы алғашында саясат пен мәдениеттің өзара қиылысу нүктесінде қалыптасты. Ал,

Германиядағы бірегейлік мәдениеттің негізінде орын алды және азаматтық идеяларын көтермеді.

Қазіргі таңда азаматтық бірегейліктің тікелей елдегі ішкі экономикалық жағдайға тікелей байланысты болып келеді деген тұжырымдар өте көп. Дегенмен де азаматтардың экономикалық және этностық жағдай бойынша өздерінің қажеттіліктері орын алады. Мысалға, Канада өзінің экономикалық тұрғыда дамыған мемлекеттер қатарына кірсе, азаматтар оның ішінде квебек этностық топтары ол мемлекеттен бөлініп кетуді қалайды. Бұл орайда Канадада экономикалық жағдайдан гөрі этностық бірегейліктің жоғары тұрғанын көруге болады. Канадағы азаматтық бірегейліктің, ұлттың қалыптасуында ағылшын тілді және француз тілді азаматтардың бірегейлігінің қақтығыстары орын алады. Бұл этностық бірегейліктің маңызды сипатқа ие болған мемлекет ретінде тануға болатынын көрсетеді. Яғни бұл жерде азаматтық бірегейліктің қалыптасуында этностық бірегейлік арасында қақтығыстардың орын алғанын көруге болады. Дегенмен де қазіргі кезеңде Канада этностық бірегейлігін сақтап қалған азаматтық ұлтының болуымен сипатталады.

Азаматтылық бірегейлік Франция халқы үшін иммигранттардың бірігуінің (азаматтылық саяси мағынада) алғышарты болса, Германиядағы азаматтылық этномәдени қарым-қатынаспен анықталады [149].

Дегенмен де қазіргі саяси тәжірибеде бірегейліктің мәдени, этностық түрлері басымдыққа ие болып бара жатқанын байқауға болады. В.С.Мартьяновтың айтуынша, Еуро Одақ, АҚШ, Ресей, Үндістан және де басқа мемлекеттердің тәжірибесіндегі «қайнаушы қазан» идеологиясының өміршеңдігінің қысқалығын көрсетеді. «Бірінші әлем елдері» үшін «қайнаушы қазан» идеясы этностық азшылықтың ассимиляцияға ұшырауы орындалмас арман екендігін, ал мультимәдени қоғамдарда субмәдениеттердің күресі күрделене бергендігін көрсетеді [151, 396]. Бұл құбылысты кейбір ғалымдар «мәдени жатақханалар» деп атайды. Өйткені аталған мемлекеттерде аралас нәсілдік адамдар өкілдері күннен күнге көбейе береді [152]. Ал олардың мемлекет пен азаматтық қоғам дамуына үлесі анықталмайды деп көрсетеді.

Бұл мемлекеттердегі мультимәдениеттіліктің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалға, Батыс Еуропа мемлекеттерінде қазіргі иммигранттардың көптеп келуі мемлекеттің ішінде кішігірім мәдени, этностық анклавтардың пайда болғандығын байқауға болады. Ол анклавтар бір аудан аймағында өмір сүріп, тілі, мәдениеті, дінін сақтап қалу мен нығайту режимінде өмір сүреді. Мысалға, Париж қаласының өзінде бір аудан аймағында тек араб тілінде сөйлейтін, араб мәдениетін ұстанатын қауымдастықтар бар. Олардың барлығының күн көріс әдісі, дүкендері, асханалары, яғни кішігірім бизнестері бар. Дегенмен де олар Франция ұлтын құрайды. Сондықтан да Франция халқын біріктіретін ортақ адамзаттық, мемлекеттік құндылықтар мен рәміздер қолданылады.

Жалпы батыс мемлекеттеріндегі ұлтты құрау демократиялық идеялармен ұштасып келді. Бұл орайда ұлттар тек қана саяси ұжым, әлемді территориялды бірліктерге бөлетін ұғым ғана емес, сонымен қатар биліктің қайнар көзі – халық түсінігінің де мәнін ашты. Ұлттың негізгі басты элементі азаматтылық, ал ұлттың барлық мүшелері демократиялық саяси үдеріске қатысатын тең әрі

еркін азаматтардан тұрады [153]. Азаматтылық сезімсіз ұлттың қалыптасуы мүмкін емес. Өйткені тек азаматтылық қоғамды саяси өмірге араластырып, мүдделерін білдіруге септігін тигізеді.

Дегенмен де ұлттық мемлекеттердегі ұлттың қалыптасуын тек қана азаматтық алғышарттар ғана емес, сонымен қатар этностық, мәдени компоненттер де орын алатынын байқауға болады. Бұл шынайы «азаматтылық ұлтшылдықтың» үлгісі ретінде Америка ұлтының қалыптасу тарихында америкалық ұлтшылдықта да көрініс табады. Мысалға, С.Хантингтон Америка ұлтының қалыптасуына нәсілдік, этностық және діни қасиеттердің ұйыған ақ англо-саксондық протестанттың ықпалы зор болды деген қорытындыға келеді [144, 496.].

Осы орайда ұлтты қалыптастырудағы екі бағыт немесе жол қалыптасады: этностық ұлтшылдық пен азаматтық ұлтшылдықты бір-біріне қарама-қарсы ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Әр ұлт жобасында азаматтық және этностық компоненттер орын алады. Мәселе тек осылардың өзара пропорциясы мен механизмдерінде жатады [145]. Азаматтық ұлтшылдықтың таза мысалы ретінде алынған Америка Құрама Штаттарындағы ұлттың қалыптасу үдерісі осыған дәлел болады.

Азаматтық бірегейліктің батыс мемлекеттер мысалында ерекшелігін анықтау мақсатында Шығыс мемлекеттері арасында параллель жүргізіп көрелік. Қазіргі кезеңде саяси ғылымдардың этносаясат саласында ең үздік үлгі ретінде Азия мемлекеттері ішінде Сингапурдың ұлт құрау тәжірибесі үлкен қызығушылық туғызады. Көптеген шығыс мемлекеттер секілді колониялды биліктен ХХ ғасырда ғана азат болған мемлекеттер ішінде Сингапур үдемелі модернизациялық даму үдерісі тұрғысында алдыда келе жатыр. Сингапур әлемдегі көп полиэтносты мемлекеттер қатарына жатады. Сингапур халқы біркелкі емес. Ондағы тек қана тілдік емес, діни, мәдени, дәстүрлі көптүрлілік орын алады. Және ол ерекшеліктері әр адамның санасында берік нығайған. Дегенмен де Сингапур халқы ағылшын тілі арқылы бірігіп отыр және ұлт құрауда Азия халықтарының дәстүрлік құндылықтарын үйлестіре білді.

Сингапур халықтарының азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда бірден бір үлкен үлесін қосқан мемлекеттің экономикалық жүйені модернизациялау арқылы қол жеткізген «экономикалық жетістік» есептеледі. Сингапурдың экономикалық ғажайыбы және әлеуметтік қауіпсіздікке бағытталған жүйелі саясаты өз кезегінде мемлекетті, халықты, қоғамды біріктіретін түрткі күш ретінде қабылданды.

Соңғы екі жылдықта Сингапур постиндустриалды қоғамдар үшін авторитарлы саяси режим негізінде азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың озық үлгісі болып табылады. Ол саяси еркіндіктер мен саяси қатысудың мүмкіндігін шектейтін квазиазаматтық бірегейлікті дүниеге әкелді. «Ортақ құндылықтар идеологиясы» шеңберінде мемлекет қатаң әлеуметтік иерархияға бағдар алған «азиялық бірегейлікті» қалыптастыру мен қолдауға ұмтылды. Сингапур билігі бір қырынан, Батыс мемлекеттеріндегі мәдениетті есепке ала отырса, екінші қырынан, «азиялық ұлттың» жүріс-тұрыс пен моралдық принциптердің дәстүрлі шығыстық үлгісін – ұжымдық, келісушілік

бағдарларды, отбасылық құндылықтар, нәсілдік және діни толеранттылықты қамтыды [154].

Сингапурдағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуына үлкен үлесті әлеуметтік саясат қосады. Мемлекет халықты елде өмір сүру жағдайын экономикалық жетістік арқылы жақсарту жолында қалаулы мемлекетке айналдыру міндетін қойды. Бұл орайда тұрғын үймен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау саласына аса назар аудару, өмір сүру және жалақы деңгейін көтеру және т.с.с. мәселелерді шешуге басымдық берілді.

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттер азаматтық бірегейлік қалыптасуының озық тәжірибесінің үлгісі болғанымен, салыстырмалы саясаттану принциптеріне сәйкес біздің елімізге барынша саяси шындығы жақын келетін, ортақ тарихы мен азаматтылық бірегейліктің қалыптасуының бірдей алғышарттары мен мүмкіндіктері ортақ болып келетін посткеңестік мемлекеттердің тәжірибесін қарастыруды дұрыс деп табамыз.

Диссертациялық зерттеу жұмысы шеңберінде саяси-салыстырмалы зерттеу жүргізуде аса қызығушылықты бұрынғы КСРО мемлекетінің орнына пайда болған жаңа демократиялық мемлекеттердің тәжірибесі тудырады. Кеңестік Социалистік республикалар Одағы ыдырағаннан кейін 15 мемлекеттердің барлығы (Эстония, Литва, Латвия, Әзірбайжан, Грузия, Ресей, Өзбекстан, Молдова, Украина, Беларусь, Түрікменстан, Армения, Тәжікстан, Қазақстан, Қырғызстан) төл халықтың атымен аталатын болды.

Сонымен қатар мемлекеттің егеменділігі төл этностың атымен жарияланып, мемлекеттік тіл ретінде төл этностың тілі таңдалды. Жаңадан тәуелсіздік алған мемлекеттердің халқының алдына бір қырынан, этностық, екінші қырынан азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселесін қойды. 70 жыл бойы ұлтүстілік бірегейлікке «Кеңес адамы» түсінігі, бірегейлігі берік нығайған азаматтардың өзіндік санасында аяқ асты өзгеріс енгізу қиынға соқты. Өйткені, мемлекетті қалыптастыруда этностық ұлтшылдық пен азаматтық ұлтшылдық қатар жүрді.

Көптеген мемлекеттер этностық құрамы бойынша қиыншылықтарға дұшар болды. Өйткені тәуелсіздік алған мезетте елдің этностық құрамында төл этностың үлесі елу пайыздан төмен болмады. Сонымен қатар, көптеген этнос өкілдері, көптеген мәдениет өкілдері мемлекеттің полиэтносты, полимәдени, поликонфессиялы құрамын анықтады.

Сонымен қатар аталған мемлекеттердің барлығына «ағадан» мұра ретінде азаматтылықтың кеңестік түрі берілді. Яғни қазіргі кезеңде посткеңестік мемлекеттердегі тәуелсіздік алған жылдары азаматтық бірегейлік төмендегі жағдайлармен қалыптаса бастады:

- азаматтық бірегейліктің этностық бірегейлікпен қатар жүруі;
- азаматтық бірегейліктің демократиялық құндылықтармен баюы;
- азаматтық бірегейліктегі «кеңестік адам» компонентінің орын алуы;
- мемлекеттік рәміздер, құндылықтардың өзгеруімен (ту, елтаңба, әнұран, мемлекеттік тіл және т.б. сипатталды);
- азаматтық бірегейлік азаматтық, мәдени интеграция арқылы жүзеге аса бастады;

- жаңа мемлекеттік-азаматтық бірегейлік қалыптаса бастады.

КСРО мемлекетінде орын алған этносаяси жағдай көп орайда халықтың азаматтық және этностық бірегейлігін анықтады. Аталған екі бірегейлік те өз кезегінде кеңестік азаматтық сана сезімде күрделі сипатқа ие болды. Формальды түрде КСРО-да екі азаматтылық орын алды: бірі жалпы одақтық, екіншісі республикалық. Дегенмен де республикалық азаматтылықтың мәні одақтық азаматтылыққа қарағанда маңызды болмады [155, 4б.].

Нұртай Мұстафаев анықтағандай, көптеген посткеңестік мемлекеттер үшін азаматтық бірегейліктің қалыптасу мәселесі өзекті болып келеді. Бұл бір қыранан, КСРО-ның ыдырауы алдында этностық қауымдастықтардың саяси қауымдастыққа трансформациялануымен анықталады [156]. Бұл ретте ұлтты қалыптастырудың саяси мәнін, мағынасын айтып кету жөн. Өйткені, этностық топтар арасындағы либералды құндылықтар, теңдік пен өзара ынтымақтастық Қазақстанның көпвекторлы саясатына жағымды әсер еткендігі байқалады. Оның үстіне этностық азшылықтың мәдениеті мен дәстүрінің сақталуына оңтайлы жағдай жасау тек қана ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етпей, Қазақстанның да әлемдік сахнада көрші мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнатып, толерантты мемлекет атағына ие болуға септігін тигізді.

Дегенмен де ғылымда КСРО ыдырағаннан кейін әлемдік аренадағы жаңадан пайда болған мемлекеттердегі ұлттың қалыптасуын Г.Смит келесі ерекшеліктермен сипаттайды: 1) ұлттың примордиялануы, яғни бұл ретте этностық бірегейлікті бір қисынды, тұрақты және өзгермелі ретінде сипаттайды; 2) мемлекеттер ұлтты тарихтандырады, яғни ұлт тарихында «алтын ғасырды» анықтап, ұлттық батырларды насихаттайды; 3) ұлтты ортақтандырады, яғни адамды «ұжымдық тұлға» ретінде ортақ ұжымдық жады мен ортақ отан негізінде біріктіреді [157].

Қазіргі таңда Ресей Федерациясында азаматтық бірегейліктің қалыптасу мәселесіне көптеген ғылыми мақалалар мен диссертациялық жұмыстар, монографиялар жарияланып жатыр. Жалпы сол ғылыми жұмыстарды талдай отырсақ, басым көбісінде азаматтық бірегейлікті патриотизм, саяси әлеуметтену, саяси мәдениет қырынан қарастыру тенденциясы басым болып табылады. Бұл әрине, бірінші кезекте мемлекеттің тұтастығыны, егеменділігін, тыныштығын сақтауда үлкен үлес қосады. Өйткені, Ресей федеративтік мемлекет болып табылады. Олардың ұлтты қалыптастыру үдерісі бірнеше автономиялы мемлекеттерді біріктіре отырып, барлық халыққа ортақ «ұлтүстілік» немесе «мемлекеттік-азаматтық» бірегейлікті қалыптастыру арқылы жүзеге асып отыр.

Осылайша Ресейдегі азаматтық бірегейліктің құрылымы ретінде келесілер анықталған:

- мемлекеттік бірегейлік – адамның нақты бір мемлекетке тиістілігін сезіну, конституциялық құқықтар мен міндеттерді қабылдау;
- патриотизм – мемлекеттік бірегейлікті құндылықты мазмұнмен толықтыру;

- азаматтылық – мемлекеттік белсенді мүшесі ретінде және мемлекеттік өміріне шынайы әсер ете алатын азаматтың қасиеттерін бойына сіңіру [158, 176.].

Қазақстан азаматтық бірегейлігінің қалыптасу үдерісіне ұқсас тәжірибе ретінде Эстония, Беларусь мемлекеттерінің үлгісін анықтауға болады. Қазіргі көптеген әдебиеттерде посткеңестік мемлекеттердің трансформациясының эстондық үлгісі сәтті болып табылады. Қазақстан мен Эстония мемлекеттері модернизациялану үдерісінің алдында ұқсас жағдайда болды. Екі мемлекет те этностық қайшылықтарды айналып өтті деуге болады. Сондықтан қазіргі кезеңде азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісінің мысалы ретінде Эстония Республикасының тәжірибесін қарастырып көрейік.

Көптеген зерттеушілер Батыс және Шығыс Еуропа мемлекеттерінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда үлкен өзгешелік пен айырмашылық бар деп есептейді. Эстония батыс үлгісінде ұлттық мемлекетті құраудың ерекше мысалы болып табылады.

Эстония Республикасы қазіргі таңда тәуелсіз демократиялық парламенттік республика болып табылады. Тәуелсіздік алған жылы Эстония халқының құрамы эстондықтар 61,5%, орыстар 30,3%, украиндықтар 3,1%, белорустар 1,8%, финдіктер 1,1%, басқалары 2,2% тұрды. Мемлекеттік тілі ретінде эстон тілі, ал орыс тілі жалпы қолданыстағы тіл болып табылды [159].

Эстония Республикасының азаматтық бірегейлігінің қалыптасуы 1918 жылдарда қалыптасты деп айтуға болады. Өйткені мемлекет ретінде Эстония 1918 жылы алғашқы егеменділігіне жетіп, КСРО құрамында болғанмен, өзінің «Тәуелсіздік күнін» 1918 жылдан бері өткізіп келеді. Бұл мемлекеттің ұлттық-мемлекеттік құрылысы өзіндік екі тенденциямен сипатталады: біріншісі, демократиялық мемлекет ретінде (азаматтық бірегейліктің либералды тұжырымдамасын қолдау), екіншіден, этностардың, этностық мәдениет пен тілдік интеграциясы. Дегенмен де Эстонияның ортақ азаматтық бірегейлігінің қалыптасуына әсер еткен мәселелер орын алды. Олар бірінші кезекте, орыс этносымен тығыз байланысты болды.

Эстония ғалымы Райво Ветик өзінің «Посткоммунистік трансформация мен жаһандану контекстіндегі ұлттық құрылыс: Эстония мысалында» атты еңбегінде Эстония халқының азаматтық бірегейлігін дамытуда орыс тілінің кедергі болғандығын айтады [160, 106.]. Өйткені, орыс тілді халық этностық изоляционизм жағын қолдады. Бірден эстон тіліне бет бұруға қарсы болды. Осы орайда ғалымдар этностық азшылықтың төл этноспен өзара байланысқа, қатынасқа келуі мәселені шешуде үлес қосады деп есептеді. Себебі, тек қана *мықты біріккен әлеуметтік-саяси қауымдастық* қана күшті азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда қажетті шарт болып табылады.

Жалпы Эстония мемлекетіндегі азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында келесі мәселелерді шешуді жүзеге асыру көзделді:

1. тіл мәселесін шешу;
2. мемлекет болашағы үшін ортақ жоспарларды анықтау;
3. демократияның нығайуы мен тереңдеуі;
4. мемлекетке деген сенімді нығайту.

Ал ұлттық құрылыста Эстония Республикасы үш үлкен кезеңнен өтті: бірінші кезең 1988-1995 жылдар аралығын қамтиды. Аталған кезеңде мемлекетте (этностық) ұлттық құрылыс саясатына бет бұрғандығы көрініс табады. Екінші кезең 1995-2001 жыл аралығында жалпы ұлттық консолидация және интеграция саясатының жүргізілуімен сипатталады. Ал үшінші кезең 2001 жылдан басталып, ұлттық құрылыстағы Еуро Одаққа мүше болу контекстінде қалыптаса бастады. Бұл кезеңде Еуро Одақ пен ЕҚЫҰ ұйымдарының азаматтылықты қалыптастыруда этностық азшылық құқықтарын қорғау, жалпы ұлттық азаматтылықты құрудың батыстық либералды дәстүр бойынша жүргізілуіне әсер етті. Этностық тиістілігіне тәуелсіз азаматтылықты анықтау процедуралары жетіле бастады. Дегенмен де қазіргі кезеңде ұлт тұжырымдамасы мәдени ұлт тұжырымдамасымен сәйкес келеді.

Қазіргі таңда 2011 жылғы мәлімет бойынша халқының құрамы эстондықтар 68,7%, орыстар 24,8%, украиндықтар 1,7%, белорустар 1%, финдіктер 0,6%, басқалары 3,2% тұрады.

Эстонияда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда эстон халқы мен орыс ұлт өкілдері арасындағы бәсеке мәселені күрделене түсіреді. Ондағы ашық қақтығыстар азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы компоненттер мен индикаторларды анықтауға кедергілер келтіріп отыр. Мысалға Эстониядағы азаматтық және этностық бірегейлікті зерттеу барысында ақпараттың рөлінің зор екенін анықтай отырып, газет беттерінде орыс тілді басылымдар негатив мақалаларды көп жарияланғаны анықталды. Оның ішінде орыс тілді «Правда» газетінде 27 пайыз негатив болса, эстон тіліндегі газеттерде тек 7 пайыз негативтің болғанын көруге болады. Азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы мемлекеттің экономикалық жағдайын ескеретін болсақ, Эстониядағы орыс ұлт өкілдері Ресейдегі экономикалық жағдайдың нашарлығынан көшуді қаламайды [120]. Сондықтан әр елдің азаматтық бірегейлігінің қалыптасуы өзіндік ерекшеліктерге тап болатынын көреміз.

Қазақстан Республикасында мекен ететін этностардың құрамына келіп тоқталатын болсақ, қазіргі таңда қазақтар 68,5%, орыстар 22,3%, өзбектер 2,9%, украиндықтар 1,9%, ұйғырлар 1,4%, татарлар 1,2%, немістер 1%, басқалар 3,4% құрайды. Осылайша жалпы саны бойынша басым қазақ, орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар, неміс сияқты 7 этносты есептемегенде басқа ұлт өкілдері Қазақстан халқының тек 3,39% құрайды екен. Сондықтан Қазақстан халқының құрамы Эстония мемлекеті халқының ұлттық құрамымен ұқсас екеніне көз жеткізуге болады. Дегенмен де алғашқы ірі этностық топтарға көз жүгіртетін болсақ, Эстонияда славян халқының басымдығын көреміз. Яғни, бұл орайда діни, тілдік, мәдени тұрғыда эстон халқы бір-біріне ұқсас болып келді. Ал біздің мемлекетте славян халқы мен түркітілдес халықтың орын алғандығын көруге болады. Бұл өз кезегінде барлығына ортақ құндылықтар мен мәдениетті қалыптастыруда кедергі болып табылады. Өйткені, біздің мемлекеттегі этносаралық жағдайлар дәлелдегендей, түркітілдес халықтар үшін, оның ішінде өзбек, ұйғыр, татар, түрік, әзірбайжан және т.б. тілдік лингвистикалық ұқсастықтардың негізінде қазақ тілін меңгеру қиынға соқпады. Бұл тілі, мәдениеті, діні ұқсас болған топтардың бірігуіне жеңілдік жасайды деуге

болады. Сондықтан да эстон халқы үшін бірегей қоғамды құру айтарлықтай қиыншылыққа соқпады.

Дегенмен азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда әр мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері мен өзіндік мүдделердің, саясатының бар болуы заңдылық болып есептеледі.

Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісі этностық бірегейлікпен қарама-қайшы келе жатқанын байқауға болады. Дегенмен де ғалымдар мен саясаткерлер азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда этномәдени ерекшеліктерген, оның ішінде мемлекетқұраушы төл этностың ерекшеліктеріне назар аудару қажет екенін айтады.

Әр мемлекеттегі азаматтардың азаматтық бірегейлігінің қалыптасуы өзіндік жолмен өтеді. Кейбір мемлекеттерге тек қана мәдени дәстүрді, менталитетті дәріптеу жеткілікті болса, кейбір мемлекеттерге міндетті түрде азаматтардың азаматтық белсенділіктерін арттыру, мемлекетке деген сенімді күшейту, ортақ мүдделерге мойынсыну арқылы жүзеге асады. Бұл азаматтық бірегейліктің бір елде қалыптасу үдерісі екінші елге мысал бола алмайтынын дәлелдейді. Яғни, мемлекет өз халқының азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда өзінің ішкі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық жағдайын ескеру қажет.

Осы орайда Қазақстан Республикасында ұлттық демократиялық мемлекетті құрауда тек азаматтық немесе этностық бірегейлікке негізделу дұрыс еместігіне көз жеткізуге болады. Жоғарыда көрсетілген мысалдар бойынша азаматтық бірегейлік этностық бірегейлікті ығыстырмайды. Керісінше бір-бірін толықтырып отырады. Сондықтан Қазақстанда этностық белгілерге негізделген барша халыққа ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастыру қажет деп есептейміз. Бұл орайда әр халықтың этностық бірегейлігінің қалыптасуы мен дамуына барынша жағдай жасала отырып, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру қажет екенін байқауға болады.

Дегенмен де Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңде азаматтардың өзіндік азаматтық бірегейлігі қалыптасты. Азаматтық бірегейліктің қалыптасуы белгілі бір кезеңдерден өтіп, айрықша белгілерге ие болды. Жалпы Қазақстандағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуының өз ерекшеліктері барына көз жеткізсе болады.

2 ҚАЗАҚСТАНДА ДЕМОКРАТИЯЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ

2.1 Қазақстандағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуының ерекшеліктері: кезендері және спецификасы

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының азаматтарының бойында азаматтық бірегейліктің қалыптасуы үдерісі өзекті болып табылады. Мұндағы мәселе азаматтық бірегейліктің жоқ болуында емес, оны сақтап және дамытуда жатыр.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бастап-ақ қоғамның санасында азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды қолға алды деуге болады. Оның дәлелі ретінде елдегі жүргізіліп жатқан көптеген іс-шараларды айтуға болады. Сонымен қатар елдің ұйытқысы болған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың аталған жолда елеулі еңбек сіңіргенін атап кету жөн. Өйткені, қазіргі таңда қазақстан халқы барша әлемге толерантты халық ретінде танылып, этносаралық ашық қақтығыстарды болдырмай, әлеуметтік, саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп келді. Ендігі кезек сол қалыптасқан тұрақтылықты сақтау міндеті алда тұр. Ал ол қазіргі кезеңде тек Қазақстан үшін ғана емес барша мемлекетке өзекті болып отырған қоғамның бірегейлігін қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асуы мүмкін.

Қазақстан халқының азаматтық бірегейлігін қалыптастыру өзіндік ерекше жолмен өткендігін айтып кеткен жөн. Бір қырынан, Батыс мемлекеттерінің ұлттық қалыптастыру үдерісінен үлгі алса, екінші қырынан, мемлекетқұраушы қазақ ұлтының да елде алатын орнына үлкен мән берілді. Дегенмен де Қазақстан Республикасында ұлтты қалыптастыру үдерісі әлі де аяқталған болып табылмайды. Елді біріктіру мен ортақ мүддеге мойынсу қазіргі кезеңде, әсіресе жаһандану жағдайында тиянақты қарастыруды талап етеді.

Жаһандану жағдайында бірегейлену үдерістері әлеммен интенсивті диалог құруға әсер етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстаннан елді жұмылдырып, халықтың мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін көрсете отырып, бірегей мемлекет ретінде әлемге танымал болуына әсерін тигізеді [118, 766]. Дегенмен қазіргі таңда мемлекетте азаматтардың кішігірім топтарға бөлшектеніп бара жатқанын байқауға болады. Қоғамда азаматтардың түрлі бірегейліктерінің пайда бол бастауы көрінеді.

Басылымдардағы бірегейлену дағдарысының мәселесі әр түрлі көрініс табады. Мысалға, Батыс әлемі үшін бірегейлік дағдарысы бірегейліктің жаңа түрінің жалпы Еуропалық ұлттықтан жоғары бірегейліктің пайда болуымен сипатталады. Ресей ғалымы М.Берендеевтің айтуы бойынша, еуропалықтар ежелден бері барлық мемлекеттерге ортақ шынайы саяси одақ құрғысы келді. Бұл еуропалықтарды жұмылдыратын еуропалық бірегейлік арқылы мүмкін болады [2].

Қазақстан Республикасында қоғамның азаматтық бірегейлігінің қалыптасу үдерісінде өзіндік ерекшеліктер болды. Бір қырынан, тарихты зерделейтін болсақ, азаматтық бірегейліктің қалыптасуы жетпіс жыл бойы кеңестік сияқты

бір бірегейлігін халық санасында нығайып келгенін айтуға болады. Осы тұста кеңестік бірегейліктің ұрпақтан-ұрпаққа берілгендігін ескеретін болсақ, Кеңес Үкіметінің ыдырап кетуі азаматтардың бойында бірегейлік дағдарысының орын алуына себепші болды. Бірегейлік дағдарысы келесілерде көрініс тапты: коммунистік жүйенің құлдырап, орнына ешкімге мәлім емес жаңа демократиялық жүйенің орнауына бет алу, коммунизмге жету арманының жойылуы, барша халықтың бір қауымдастық ретінде ыдыруы, демократиялық құндылықтармен сипатталатын, сонымен қатар жаңа ұлттық мемлекеттердің қалыптасуымен ерекшеленетін жаңа құндылықтар пайда болуы, әр мемлекеттегі мемлекеттік тілге басымдылық берілуі және т.б.

Бірегейліктің дағдарысы, жаңасын іздеу мәселелері посткеңестік мемлекеттер үшін және батыс демократиялық мемлекеттер үшін өтпелі кезеңде тән мәселе болып келеді. Өйткені қоғамның жаңарып, модернизациялану, жаңа құндылықтардың орын алуы адамдардың санасындағы бұрынғы бірегейліктің жойылуына себеп болды. Сонымен қатар қазіргі таңда бірегейліктің көп түрлерінің көбеюі мәселені күрделендіре түсуде. Саяси бірегейлік туралы сөз қозғамай тұрғанның өзінде қазір халық өздерін қай ұйымға, қай бірлестікке, қауымдастыққа, жатқызатынын білмейді. Қазіргі таңда «Мен кімін?», «Маған қандай бірегейлік қажет?», «Қоғамды қалай біріктіру қажет?» деген тақырыптарға көптеген жарияланымдар орын алуда. Жеке адамның өзі «Мен кімін?» деген сұраққа жауап бере отырып, қоғамдағы түрлі топтар мен таптардың арасында өзін-өзі анықтаудан бастап, түрлі саяси қозғалыстар, ұйымдар, саяси партиялардағы адамның сол ұйымдарға мүшелігін шынайы сезінумен қатар мемлекет деңгейінде де қоғамды тұрақтандыру мақсатында елді біріктіре бірегейлікті қалыптастыру тенденциясы орын алуда [161, 72-79б.].

Сондықтан мемлекетте елді жұмылдыру мәселесі бірінші кезектегі күнтізбесіне қойылды. Ал тәуелсіздігін жаңадан алған, демократиялық жолмен даму бағытын таңдаған Қазақстан Республикасы үшін бірегейлік мәселесі өзекті болып келеді. Бұл бір қырынан елді жұмылдыра отырып, елде тұрақтылықты сақтаудың кепілі ретінде саналса, екінші қырынан әлемдік қауымдастық арасындағы мемлекеттің егеменділігін сақтап қалудың мәселесін шешетін бірден-бір маңызды категориялардың бірі болып табылады. Қазақстан ғалымдарының пікірінше, ұлттық және мемлекеттік бірегейлік арқылы ғана қазіргі жаһандану кезеңінде басқа әлемдік қауымдастық алдында Қазақстан өзінің орны мен рөлін сақтап және жаһанданудың қатерлеріне жауап бере алады. Сонымен қатар бірегейлікті сақтау арқылы елдің ары қарай өркениетті даму мүмкіндігіне ие болады [3, 3б].

Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін азаматтар өздерін қалай анықтайтынын білмей қалды. Яғни, кеңестік идеологияның күшті болуынан халықтың алдында бұлыңғыр болашақ елестетілді. Осы тұрғыда өздерін жаңа Қазақстанмен бірегейлендірмейтін азаматтар көшіп те кетіп жатты. Ал қалған азаматтардың санасында «мен Кеңес Үкіметінің азаматамын» деген бірегейлік түрі сақталып қалды.

Гумбольд атындағы Орталық Азия форумының зерттеушісі, Германия азаматы Др.Беате Эшменттің «Проблемы государственной идентичности Казахстана: взгляд извне» атты мақаласында Қазақстан азаматтары өздерін мемлекетпен бірегейлендірмейді, ал бұл өз кезегінде мемлекеттің тұрақтылығына тиетін қауіп ретінде қабылданады деп түйіндеген [4, 376.]. Сондықтан Қазақстан өзінің әлеуметтік, саяси тұрақтылығын орнату үшін мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру өзекті болып табылды. Осылайша халықты бір арманға жетелейтін демократиялық құндылықтар алғашқы рет насихаттала бастады. Яғни, жаңа Қазақстан үшін негізгі идеологиялық бағыт ретінде мемлекеттің демократиялық жолмен дамуы табылды. Оның ішінде теңдік, еркіндік, заң мен құқықтың жоғары тұруы сияқты либералдық құндылықтар басты болып есептелді. Сонымен қатар азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үшін мемлекеттік билік алдында әлеуметтік, саяси, және ең бастысы экономикалық мәселелерді шешу басты мәселелердің бірі болып табылды.

Қазақстан осылайша жоспарлы экономикадан бас тартып, нарықтық экономикаға бет бұрды. Мемлекет өз алдына демократиялық даму жолын таңдап, нарықтық экономикаға бет бұрды. Бұл орайда елдегі жекешелендіру мәселесінен бастау алды деп айтса болады. Яғни қоғам алдына өз күнін өзі көретіндей режимге ауыстырды. Кеңес үкіметі кезінде экономика негіздері құлдырап, мемлекеттік биліктің ескі институттары өз өміршеңдігін жойып, қоғам өмірінің әлеуметтік саласының негіздері өзгерді. Осы орайда Қазақстан үшін тарихи маңызды мәселені – ендігі даму жолының негізгі құндылықтары, принциптері қандай болу керектігін шешу қажет болды.

Бірегейлік мәселесін жаһандану контекстінде зерттейтін отандық ғалым А.Г.Бейсенованың ойынша, Қазақстан өз реформаларын күрделі кезеңде бастады. Егер дамыған мемлекеттер тұрақты дамудың басым болған мәселелерін ғана шешуді көздесе, біздің елдің басшылығы мемлекеттің өмір сүруінде бірінші рет және бір дегенде көптеген мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «тірі қалып өмір сүру жылдары» деп атады [66, 1456.]. Аталған кезеңде қоғамның санасында бірегейлік дағдарысы орын алып жатты. Яғни, ескі қалыптасқан құндылықтар жүйесі құлдырап, коммунистік идеология шайыла бастады. Бір бірегейліктің құлдырауы екінші бірегейліктің қалыптаса бастауымен сипатталды. Яғни, бұл дегеніміз жаңа бірегейліктің қалыптасу үдерісінің алғашқы кезеңі орын ала бастағанын білдіреді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, Қазақстанда қазақстандық азаматтық бірегейліктің қалыптаса бастауы 1986 жылдан бастап бастау алды. Бұл кезеңде кеңестік бірегейліктің сынға алынып, ұлттық мемлекеттің құрылуымен сипатталды. Сондай-ақ кейбір ғалымдар аталған кезеңді этностық бірегейліктің өршуімен байланыстырады.

Қазақстандағы ғылыми басылымдарда жалпы бірегейлену үдерісі 1986 жылы басталып бірнеше кезеңдерден өткендігін көрсетеді. Мысалға 2001 жарыққа шыққан «Қазақстан Республикасындағы бірегейлену үдерісінің

ерекшеліктері» атты ғылыми мақалада Ю. Булуктаев Қазақстандағы бірегейлену үдерісінің келесі кезеңдерін көрсетеді:

Бірінші кезең (1986-1990ж.) кеңестік саяси жүйенің бірегейлік құндылықтарының құлдырай бастауымен сипатталады. Қазақстан халқының бірегейлігінің қалыптасуына Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі әсерінен елде ұлттық-этностық бағдар өрши бастауымен сипатталады. Сонымен қатар азаматтардың ірі топтық ұйымдар мен қауымдастықтарға: партия, комсомол, кәсіподақтарға, жалпы мемлекетке мүше болуының өзіндік санасы төмендей бастады. Сонымен қатар бірегейлену үдерісіне елдегі жаңа қозғалыстар мен ұйымдардың пайда болуы мүдделердің дифференциациясының жаңа фазасы орын ала бастады.

Екінші кезең (1991-1993ж.) бір жағынан, адамдардың ұлы державаның азаматтары ретінде өздерін сезінбей бастауы, бірегейлік дағдарыстың алғашқы көріністерімен сипатталса, екінші жағынан, тәуелсіздікке ие болумен байланысты жаңа бірегейленудің бағдарының пайда болуымен ерекшеленеді. Өмір сүру жағдайы өзгере берген сайын ескі құндылықтар өзгеріп, жаңа топтар пайда болады. Оған дәлел ретінде Қазақстандағы жаңа партиялық жүйенің қалыптасу үдерісін атауға болады. Яғни бірегейліктің бұрынғы Кеңес коммунистік партиясының орнына жаңадан «Қазақстанның социалистік партиясына», «Қазақстанның халық конгресі» партиясы, «Алаш», «Азат» партияларға және де басқа қоғамдық ұйымдарға мүше болу тенденциясы, яғни бірегейлену үдерісінің жаңа қыры қалыптасты.

Үшінші кезең (1993 тамыз айы мен 1995 жыл аралығы) азаматтардың бірегейлігінің дифференциациясының күшеюімен, соның ішінде этностық бірегейліктің өрши бастауымен өзгешеленеді. Аталған кезең мемлекет индивидтің азаматтық бірегейлігін этностық бірегейлікке тәуелді етуге талпынысымен сипатталады. Бұл тенденцияның дамуына Қазақстан дамуының ұлттық-этностық және жаңа азаматтық параметрлерінің 1993 жылдың қаңтар айында Республиканың Конституциясында бекітілуі әсер етті. Конституцияға өзгерістер енгізу нәтижесінде «Қазақстан – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет. Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді» дей отырып, төл этносты саяси субъект ретінде қабылдауды бекітті. Осы кезеңде орыс тілінде сөйлейтін халықтың елден көшіп кету науқаны басталды. Осылайша 1994 жылдың өзінде Қазақстанды 400 мыңға жуық адам тастап көшіп кетті, ал халықтың жалпы саны 7 жылдың ішінде 2 миллионға азайды.

Төртінші кезең 1995 жылдың тамыз айынан қазіргі кезеңге дейін жалғасып келеді. Бұл жалпы қазақстандық азаматтық бірегейліктің нығаю үдерісімен тығыз байланысты кезең ретінде қарастырылады. Бұл қадамға әсерін 1995 жылы енгізілген өзгерістер тигізді. Дәлірек айтқанда, жаңа Конституцияның преамбуласында «Біз, Қазақстан халқы» деп, яғни биліктің субъектісі ретінде барша халық есептеле бастады [162, 19-21б].

1986 жылдағы жастардың көтерілісін көптеген әдебиеттерде ұлттық сананың өршуімен байланыстырады. «Желтоқсан көтерілісі» қазақ ұлтының Ресейдің құрсауына қарсы білдіріп, өзінің этностық сана-сезімінің белең

алуымен ерекшенеді. Бұл орайда тек қана Қазақстанда емес басқа посткеңестік мемлекеттерде этностық сананың өршуі байқалады. Кеңес Үкіметі ыдырағаннан кейін үлкен мемлекеттің орнына кішігірім бірнеше ұлттық типтегі мемлекеттер пайда болады. Олардың барлығы төл этностың, яғни басым этностың атымен аталып, ұлттық, этностық сипатқа ие болды. Мемлекет этностық негізде пайда болды деп айтуға болады. Бұл үдеріс елдегі оқу орындарындағы ұлттық педагогика, ұлттық тәрбие және т.б. ұғымдардың пайда болуымен ерекшеленді. 1990 ж., басқа да республикалардағыдай, бізде де ұлттық қозғалыстар мен партиялар пайда болды [163].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, Қазақстанның ұлттық мемлекет ретінде бой көтеруі үдерісі 1991 – 1995 жылдар аралығында өз деңгейінде қамтамасыз етілді. Аталған уақыт шеңберінде мемлекет мемлекет құраушы этностың, яғни қазақ ұлтының этностық санасының нығаюы мен дамуына жағдай жасады. Атап айтсақ, бұл уақыт аралығында тәрбие берудің алғашқы баспалдағы ретінде жалпы білім беру ұйымдарында білім беру үдерісі ұлттық тәрбие үдерісімен қатар жүргендігін көруге болады. Білім беру кезінде ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, шешендік өнер және т.с.с. кең қолданылып, балғын бала ұлының өнерін, салт-дәстүрін қызықтамай, оның керемет құдіретін бойына сіңірмей, сол жерден сусындамай өз елін, жерін, ата-анасын қадірлей білмейді деп көрсетеді. Ұлттық педагогиканың басты мақсатын ретінде еліміздің болашағын қорғайтын, саналы, иманды азаматтарды тәрбиелеу болып табылды [164, 726.].

Қазақстанның 1991 жылдан бастап 1995 жылға дейін ұлттық мемлекет құрауда, оның ішінде төл этностың негізінде ұлттық мемлекет құру жолы бекерге таңдалған жоқ. Тәуелсіздік алған мемлекет өзінің егеменділігін тек қана ұлттық бірегейліктің қалыптасуында ғана қамтамасыз ете алады. Сол себепті Қазақстан өзінің егеменділігін жоғалтып алмас үшін, халықаралық аренада өзін субъективті, өзінің ұлты бар мемлекет ретінде позициялануды мақсат етті. Бұл орайда азаматтардық этностық бірегейлігін қамтамасыз етпей жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан жаңадан тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан барынша қазақ ұлтының ұлттық сана-сезімін жаңғыртуды күн тәртібіне қойды. Ол үдеріс бірінші кезекте мемлекеттік тілді қазақ тілі ретінде бекітуден басталды деуге болады.

Дегенмен де аталған кезеңде ұлттық бірегейліктің қалыптасуы азаматтық бірегейлікті қалыптастырумен қатар жүрді. Оны ұлтаралық тіл ретінде орыс тілінің қабылдауымен түсіндіруге болады.

Сонымен қатар аталған кезең ішінде елдің Ата заңы Конституцияға өзгерістер енізілді. Ол өзгерістер бінші кезекте қазақ ұлтына үлкен мәртебе берумен сипатталды. Мемлекеттің ірі субъектісі ретінде қазақ ұлты табылды. Ал қалған этностық топтар диаспоралар ретінде анықталды. Дегенмен, Конституциядағы аталған өзгерістер басқа ұлт өкілдері тарапынан үлкен сынға ұшырады. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда мүдделер қақтығыстары орын алды. Басқа ұлт өкілдері өздерінің мемлекеттегі саяси жағдайымен қатты уайымдай бастады. Өздерінің мүдделерін қамтамасыз етуге барынша талпынды. Осылайша 1993-1995 жылдар аралығында аталған Конституция

үлкен сынға түсіп, 30 мыңға жуық ұсыныстар түсіп, ҚР Президентінің басшылығымен эксперттік-кеңестік бюро құрылып, ұсыныстардың мыңнан астамы ескерілді, нәтижесінде Конституцияның 99 бабының ішінде 55 бабы (яғни жартысы деуге болады) өзгеріске ұшырады [165].

Біздің ойымызша, 1993 жылы қабылданған Конституцияға өзгерістер енгізілуіне бірнеше себептер әсер етті. Әр фактор өзіндік елеулі әсер етті. Қазақстанның қазақ ұлты негізінде ұлтты қалыптастыру үдерісіне қарсы әсер еткен факторлардың қатарында демографиялық фактор, саяси фактор, мәдени фактор, геосаяси фактор, экономикалық факторларды атауға болады.

1993 жылы қабылданған Конституцияның өзгеруіне бірінші кезекте **демографиялық фактор** әсер етті. Аталмыш фактор елдің ұлттық мемлекет ретінде қабылданып дамуына бірінші кезекте елдегі халықтың ұлттық құрамы әсер етті деуге болады. Өйткені, тәуелсіздік алған жылы Қазақстан Республикасында 1989 жылғы санақ бойынша қазақтардың үлес салмағы небәрі 6534616 адамды құраса, орыс ұлтының саны 6227549, 332017 өзбек, 896240 украин және т.с.с. болды [166]. Қазақ халқы жалпы халықтың 40%-ын ғана құрады. Бұл мемлекеттің қазақ ұлты негізінде дамуына айтарлықтай кедергі келтірді. Сонымен қатар, сол замандағы ауыл мен қала халқының үлес салмағына, оның ұлттық құрамына назар аударатын болсақ, қазақ халқының көбінесе ауылдық жерлерде көп шоғырланғандығын көруге болады. Бұл дегеніміз саяси шешім қабылдауға әсер етуде қазақ халқының орталықтан алшақ болғандығын көрсетеді. Бұл бірінші кезекте елдің экономикасының дамуына үлес қосуда қазақ халқының арасында кәсіби мамандардың аз болуымен сипатталады. Қазақ халқы көбінесе жер, мал шаруашылығымен айналысты.

Сондай-ақ демографиялық факторға басқа ұлт өкілдерінің басқа елге көшіп кету тенденциясын атауға болады. Ресейдің отарлау саясатының нәтижесінде басқа ұлт өкілдері, оның ішінде орыс, украин, неміс, беларус және т.б. кәсіби маманданған азаматтар болып есептелді. Олардың көбісі ірі завод, фабрикаларда жұмыс істеді. Сондықтан олардың көшіп кетуі мемлекетке экономикалық тұрғыдан кәсіби мамандардың жетіспеушілігін тудырды. Сонымен қатар, көшіп кеткен азаматтар еңбекке жарымды жастарымен ерекшеленді. Бұл жұмыс күшінің азаюына бірден-бір себеп туғызды. Яғни халықтың ішінде ұлттың жас көрсеткіші ұлғая бастады.

Елдегі Конституцияның өзгеруіне келесі әсер еткен факторлардың ішінде **мәдени фактордың** да әсері жоғары болды. Бұл орайда мәдени факторды екі жақты қарастыруға болады: бірінші жағдайда мәдени фактор елдегі азаматтардың саяси мәдениетінің өзгеруімен сипатталса, екіншіден, елдегі халықтың этномәдени ерекшеліктерімен анықталады. Бірінші жағдайда жетпіс жыл бойы қалыптасқан саяси мәдениет құндылықтарының құлдыруымен сипатталады. Мұнда белгілі – бір мемлекеттің азаматы болудың мән, мағынасы өзгере бастады. Мемлекет демографиялық жолды таңдап, тоталитарлы, бағынышты саяси мәдениет түрінің орына демократиялық құндылықтар орын ала бастады. Бұл орайда басқа ұлт өкілдері өздерінің мүдделерін ашық жеткізе алу мүмкіндігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, мемлекетте әлі де болса сол

жаңа саяси мәдениеттің қалыптасып бітпегендігімен түсіндіріледі. Мысалға 1996 жылғы Қазақстан даму институтымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде «Өзіңізді кіммін деп есептейсіз?» деген сауалға азаматтардың 11%-ы ғана Қазақстан азаматы ретінде жауап берді, ал КСРО азаматымын деп 22,1% есептесе, жаңадан құрылған мемлекетаралық ұйым Тәуелсіз мемлекеттер достастығының азаматымын деп азаматтардың басым бөлігі 39,4% жауап берген [162, 256.]. Ал екінші жағдайда мемлекеттегі қоғам этномәдени бытыраңқылықпен ерекшеленді. Осы жерде атап өтетін жай, кейбір ғалымдардың дәлелдеуінше, республикадағы партноменклатураның ұлттық бірлестіктерді 1990 жылдың аяғына таман қолдауы, орталықтың үстемдігін алмастыруға ұмтылып, өз биліктерін сақтап қалу деп бағалады. Ал интеллигенция тобы, ұлттық идеяларды барынша қолдап, насихаттағанымен, бейтарап позициядағылар көп болатын [163]. Яғни, этномәдениеттің бірден-бір анық көрсеткіштері ретінде тілдің орны мен рөлі жоғары болды. Ұлттық мемлекет қалыптастырудағы бастама қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қабылдануымен сипатталса, сол замандағы билік басындағылардың көпшілігі қазақ тілін жетік меңгерген азаматтардың қатарында болмады. Яғни қазақ тілін дамытуда демографиялық потенциал болмады. Орыс тілі мен қазақ тілі арасындағы бәсекелестікте қазақ тілі орын беріп отырды. Елді жұмылдыруда үлкен рөл атқара алмады.

1993-1995 жыл Қазақстанның әлі де болса Ресейден тәуелсіздігін әлсірете алмағандығымен сипатталады. Бұл үшінші **геосаяси фактор** ретінде қарастырылады. Аталған фактор еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1995 жылы Қазақстан халықтарының бірінші Ассамблеясында «Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын» атты баяндамасындағы сөзінде көрініс тапты. Онда Н.Ә.Назарбаев: «Ішкі мәселелермен, оның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Көптеген елдерге тән этникалық сан алуындылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақыт пен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті» деп талқылайды. [167, 156.]. Яғни елдің егеменділігін сақтап, нығайтуда этносаралық келесімнің геосаясатта рөлі зор екендігі анықталды. Оның үстіне, басқа потскеңестік мемлекеттердегі этносаралық жанжалдар сыртқы саяси жағдайға да өз әсерін тигізетінін көрсетті. Бұл орайда мемлекет сыртқы саяси жағдайды да ескерді деуге болады. Өйткені, Қазақстанда орыс ұлты санының басым болуы ескеретін болсақ, ұлттық негізде оларға қысымшылық көрсету Ресеймен қарым-қатынасты нашарлатып алудың қаупі ретінде қарастырылады. Сондықтан сыртқы мемлекеттермен достық, ынтымақтастық қатынасты сақтау үшін сол мемлекеттің ұлтына әлеуметтік, мәдени, экономикалық жағдай жасалу керектігі алға қойылды.

Елдегі ұлттық негізде қалыптасуына кедергі келтірген төртінші фактор ретінде **саяси факторды** атауға болады. Көптеген посткеңестік мемлекеттер мемлекеттік құрылыстың, дамудың мінсіз мысалы ретінде Батысқа көз сала отырумен түсіндіріледі. Өйткені, тоталитарлық жүйенің құлдырап орнына

ешкімге түсініксіз, бірақ мемлекеттік дамудың эталоны ретінде демократиялық даму жолы бәріне қызығушылық білдірді. Сонымен қатар саяси фактор егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этностық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі – Еуразиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы деп таңдауымен тығыз байланысты болды [167, 14б.]. Яғни бұл тұста Қазақстан Республикасы халықаралық аренада өзін толерантты хылқымен ерекшеленетін, бейбіт, этносаралық келісім орнаған мемлекет ретінде позицияланумен сипатталады. Бұл көп векторлы саясаттың бір көрінісі ретінде барлық мемлекеттермен достық қарым-қатынасты орнату ниетімен түсіндіріледі.

Экономикалық фактор. Жоғарыда айтылып кеткендей, елдің азаматтық бірегейлігінің қалыптасуына елдегі экономикалық жағдай тікелей әсер етеді. Оның дамуы мен керісінше нашарлауы өз кезегінде азаматтардың миграциялық көңіл-күйлеріне өз әсерін тигізеді. Сонымен қатар сыртқы саясатта белгілі бір мемлекетпен экономикалық тұрғыда ынтымақтасуға мемлекеттің ішкі жағдайы да маңызды болып есептеледі. Осы орайда Қазақстандағы 1993-1995 жылдардағы Конституцияның өзгеріске, елдегі этносаясаттың ұшырауына, бесінші фактор ретінде экономикалық фактор елеулі үлес қосты. Бұл біріншіден, жаңадан тәуелсіздік алған Қазақстанның Ресейден экономикалық тұрғыда тәуелді болуымен анықталады. Өйткені экономиканың 6% ғана республикалық биліктің тікелей бақылауында болса, экономиканың 43% Мәскеу тікелей басқарып отырды, ал қалған үлес екі мемлекеттің бірігіп саясат жүргізуіне тиеселі болды [66]. Ал бұл орайда жаңа қалыптасқан мемлекет үшін экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында Ресеймен тығыз байланыста болуын қажет етті. Сонымен қатар, Қазақстанға жаңа инвестициялық қайнар көздер керек болды. Ал бұл өзінің тұрақтылығымен сипатталмаған мемлекеттерде мүмкін емес еді.

Қазіргі таңда сол 1995 жылы әр этностық құқықтық, саяси мәртебесі заңды түрде анықталғаннан бастап елде басты жалпы ұлттық Қазақстан азаматтарын құру идеясы орын алып келеді. Дегенмен де бұл этностық әралуындылық жағдайында қазақ ұлтына мемлекетті құраушы, тұрақтылықты қамтамасыз ететін, елдегі үдерістерге, мемлекеттің болашағына жауапты ұлт ретінде анықтап келеді. Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әрбір мінбеден айталатын баяндамасында көрініс табады. Қазақстандағы бір бірегейлікті нығайтудың қиындығы Қазақстан қоғамы өтпелі қоғам ретінде түрлі топтардың мүдделерін қамту қажеттілігінен туындады. Өйткені Қазақстанда этностық, демографиялық, діни, идеологиялық, экономикалық әралуандылық орын алған болатын [161, 73б.]

Бірегейлікті қалыптастыру үдерісінде **бесінші кезенді** де бөліп қарастыруға болады. Аталған кезең **2002 жылдан бастап 2009 жыл** аралықты қамтиды. Бұл кезеңде жалпы азаматтық құндылықтарды дамыта отырып, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда этносаралық келісім мен бейбітшілік, «бірлік көптүрлілікте» сынды идеялар орын алып келгенін байқауға болады. Аталған кезеңде этносаралық және конфессияаралық келісім Қазақстанның халықаралық аренада тұрақты, демократиялы мемлекеттер қатарына жатқызуға

үлкен септігін тигізді. Өйткені, аталған кезеңде Қазақстан әлемдік сахнада өзінің белсенді қызметімен ерекшеленді. Бұл орайда ішкі тұрақтылық пен бейбітшілік басты фактор рөлін ойнады [161, 72-79б.].

Елдің біртұтастығы «бірлік көптүрлілікте», этносаралық келісім, қазақстандық ұлт сынды идеялар төңірегінде жүзеге асып келді. Ол Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары баяндамаларында көрініс тапты. Аталмыш идеяның ресми түрде бекітілуі «Ел бірлігі» доктринасында көрініс табылуы қажет болатын. Дегенмен де Ұлтты қалыптастырудағы жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін саясат «Ел бірлігі» доктринасының өмірге келуімен қатты сынға алынған болатын. Осылайша мемлекеттегі қазақ интеллигенциясының бастауымен талқылауға ұсынылған «Ел бірлігі» доктринасындағы қазақ ұлтына ерекше мәртебе беру мәселелері көтерілген еді. Бұл Қазақстандағы бірегейліктің жаңа кезеңге ауысқандығымен сипатталады. Өйткені, ескі құндылықтар өз өміршеңдігін жойды деуге болады.

Осылайша Қазақстан халқының бірегейленудің бесінші кезеңі 2009 жылдан бастап қазіргі таңға дейін этносаралық қатынастарды реттеуде қазақ ұлтына үлкен жауапкершілігінің артуымен сипатталады. Аталған кезеңнен бастап, елдің тұрақтылығын қамтамасыз етуде қазақ ұлтына үлкен жауапкершілік жүктелді. Ол Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында келесідей көрініске ие болды: «Ұлттардың этносаралық келісіміне ерекше жауапкершілік біздерге, қазақтарға артылады. Біз қазақ халқына, біздің мәдениетіміз бен тілімізге қатысты тарихи әділдікті қалпына келтірдік. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналды».

Осылайша Қазақстанның бірегейлену үдерісі қиын әрі күрделі кезеңдерден өткендігін байқауға болады. Қазіргі таңдағы «Қазақстан халықтарының бірлігі», «Бірлік көптүрлілікте» сынды мемлекеттік идеялардың орын алуы да бекер емес. Қазақстанның бастапқыда ұлттық негіздегі мемлекет болып қалыптаспағандығына, яғни Конституциядағы өзгерістер ензілгендігіне, қазақ халқының саяси субъект ретінде танылмағанына қанағаттанбайтын тұлғалар баршылық. Дегенмен де Қазақстан өз егеменділігін сақтап қалу мақсатында жоғарыда аталған қадамдарға баруға тұра келгендігін көруге болады. Мемлекеттің ішкі саясатын анықтауға бірнеше факторлар әсер еткендігіне көз жеткізуге болады. Осындай саясаттың нәтижесінде, «қазақстандық ұлт» жобасы өмірге келді. Мойындау керек, осы бір идеологияның Қазақстандағы тұрақтылықты сақтап қалуға қосқан үлесі өлшеусіз. Қазіргі таңда мемлекет құраушы қазақ ұлтының салмағы артуына байланысты бұл идеологиядан бас тартатын кез жетті» деп тұжырымдайды Е.Әлімханұлы [168, 24б.].

Яғни Қазақстанда бірегейлену үдерісі мемлекеттің ішкі қажеттіліктерін нәтижесінде жүзеге асады. Азаматтық бірегейліктің мағынасы әр кезеңде әр

түрлі сипатқа ие болады. Немесе оның анықтаушы қасиеттері өзгеріп отырғандығын көруге болады. Демек мемлекет өз халқының азаматтық бірегейлігін анықтау мақсатында өзінің мүдделері мен халық мүддесінен шығу керек. Ал бұл тұста қазіргі кезеңдегі Қазақстанның азаматтық бірегейлену үдерісінің жаңа кезеңге өтуді талап ететіндігін көруге болады. Ал бұл орайда төл этнос санының өсіп келе жатқандығын ескере отырып, азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың жаңаша көзқарас керектігі анық болып отыр. Яғни ХХІ ғасырдағы қазақтар мемлекеткұраушы ұлт ретінде жаңа белеске көтеріліп, Қазақстан халқының берік өзегіне, сенімді діңгегіне айналуда. Қазақстан тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеуі үшін, нығайуы үшін қазақтың - өзіміздің ұлттың бірлігі керек [169].

Дегенмен де халықаралық аренада өзінің толеранттылығы мен этносыралық келісім арқылы саяси имиджін қалыптастырып келген Қазақстан үшін қазақстандықтардың ортақ азаматтық бірегейлігін қалыптастыруды жалғастыра беру қажет. Яғни, елдегі этносаралық және конфессияаралық келесім қаматасыз етілуі қажет. Әр қазақстан азаматы өзін толыққанды мемлекеттің мүшесі ретінде сезінуі қажет.

Қазақстан халқына ортақ азаматтық бірегейліктің мағынасын толықтыру қажеттігі орын алып отыр. Ал ол «қазақстандық бірегейлік» сынды анықтамамен анықталуы қажет. Ал «қазақстандық бірегейлік» төл этностың этностық бірегейлігімен қатар жүруі керек. Ал ол өз кезегінде институционалдық өзгерістерсіз мүмкін емес.

Осылайша Қазақстан азаматтарының бірегейлену үдерісі күрделі кезеңдерден өтіп, қазіргі таңда ғылыми қауымдастықта жаңа кезеңге өтуі қажеттілігі мойындалып отыр. Дегенмен, мемлекеттегі тұтастықты сақтап қалу мақсатында бүкіл әлемде өзекті мәселелердің қатарынан табылатын азаматтық бірегейлікті қалыптастыру арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Ал азаматтық бірегейліктің өзі ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастыруға бірден-бір ұтымды жолы ретінде қарастыру керек.

Осыдан Қазақстанның бірегейлікті қалыптастыру үлкен әрі күрделі жолдан өткендігіне көз жеткізуімізге болады. Ол өзіндік қиыншылықтар мен кезеңдерден өтіп, қазіргі кезеңде біртұтас қазақстан халқын жұмылдыруға үлкен үлесін тигізді. Оны сақтау мен ары қарай нығайту келесі ұрпақтың үлкен міндеті ретінде қарастырылуы қажет.

2.2 Қазақстанда азаматтық бірегейліктің трансформациясына институционалды өзгерістердің әсері

Қазіргі таңда жаңа бірегейліктердің қалыптасуына ең қолайлы жағдай болып әлеуметтік және интеллектуалды трансформацияны бастан кешіп отырған «өтпелі қоғамдар» саналады. Өйткені, қоғам бір қалыптан екінші қалыпқа ауысқан жағдайда әрқашан жаңалық пен өзгеріске есік ашады. Осы кезекте бірегейліктің бір түрінен екінші түріне ауысу үдерісі жүзеге асады.

Индустриалды, инновациялық қоғам құру идеясын алға қойып отырған Қазақстан үшін өтпелі кезең азаматтық бірегейліктің трансформациялануы байқалады. Бұл бір қырынан, Кеңестік идеология мен тәрбиенің өзгерісі, екінші

қырынан демократиялық құндылықтардың енуі, үшіншіден, жаһандану әсерінің салдарынан көрініс табады. Кеңес үкіметі ыдырағаннан бастап қазіргі біздің қоғамда ұлттық-демократиялық мемлекеттің бірегейлігі қалыптаспаған.

Қазіргі таңда азаматтық бірегейліктің қалыптасу мәселелері қазіргі әрқилы қоғам дамуының басты шарттарының бірі болып табылады. Бұл бағыттағы түрлі іс-шаралар мемлекеттің өсіп-өркендеуінің кепілі болмақ. Өйткені қазіргі кезеңдегі қоғамның азаматтық бірегейлігіне көптеген сыртқы факторлар әсер етуде. Бір қырынан, азаматтық бірегейлігі нық орныған мемлекеттерде бірегейліктің одан әрі нығайуы байқалса, тәуелсіздік туын жаңадан желбіреткен мемлекеттер үшін азаматтық бірегейлікке жаһандану, аймақтық интеграцияны күшейту, ұлт-мемлекеттерінің әлсіреуі, сонымен қатар «демократиялық транзитті» бастан кешіп отырған мемлекеттердегі демократиялық институттардың қызмет етуінде кездесетін кедергілер кері әсерін тигізеді [158].

1 Ғалымдардың пікірінше, институционалды трансформацияны басынан кешіп отырған қоғамдарда саяси бірегейлік элементтерінің асығыс орын алуы азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісін тежейді. Оларды этноконфессиялық, тайпалық, және де басқа квазисаяси өзіндік бірегейліктер алмастырады. Дәстүрлі құрылымдардың қазіргі заманға бейімделіп өзгеруі нәтижесінде гибриді бірегейліктер пайда болады. Олар бір қырынан модернизацияның қайнар көзі болса, келесі қырынан мемлекеттік қауымдастықтың демодернизациясы мен дезинтеграциясына септігін тигізеді. Осы орайда мемлекет элитасының саяси және экономикалық дамуға бет бұруы, оның бірегейлігі осындай жағдайда осы динамикаға түрткі ретінде маңызды фактор болып табылады [67, 106.].

Алдыңғы бөлімде айтылып кеткендей, 1996 жыл Қазақстан халқының азаматтық бірегейлік деңгейінің төмендігімен сипатталады. Бұл Кеңестік бірегейліктің ыдырауымен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар азаматтық бірегейлікке мемлекеттегі институционалды өзгерістердің ықпалы зор болды.

Бір қырынан, қоғамға үйреншікті болып қалған, ел сенімінің негізі ретінде Коммунистік партияның жойылуы тікелей әсер етті деуге болады. Сондай-ақ аталмыш өзгеріске құқық институтының да рөлі зор екендігін айтып кету қажет.

Қазақстан халқының азаматтық бірегейлігіне мемлекеттің тәуелсіздігі жарияланған уақыттағы қиын-қыстау кезеңде әсерін Қазақстан халқының бірінші форумында 1992 жылы Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен аталған форумды тұрақты түрде ұйым етіп тіркеу идеясы тигізген болатын. Осылайша 1995 жылдың 1 наурыз айында елдің жалпы ұлттық бірлігін қамтамасыз ететін институт – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылған еді. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Аталған бастама мәдениет аралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып

табылды [170]. Этносаралық келісім мен толеранттылықты дамыту жолында алғашқы ресми құжаттардың бірі болып 1993 жылы жарияланған «Қоғамның идеялық консолидациясы» атты тұжырымдама табылды. Аталған құжатта келесі мақсат пен этносаясаттың бағыттары көрсетілді:

1. реформалардың тиімді жүзеге асуының басты саяси шарты ретінде тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді орнату;
2. барлық азаматтардың әл-ауқатының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін қоғамның дамуы;
3. этностық өзіндік жағдайды дамыту мен Қазақстанның ұлттық-мәдени көптүрлілігін сақтау;
4. демократиялық қайта құруларды тереңдету мен саясатта плюрализмді қамтамасыз ету [54].

Мемлекеттің басты заңында, елдің территориясында тұрақталған барлық ұлттардың құқықтық теңдігі жарияланған және кепілдік берілген. Этносаралық ынтымақтастыққа және жемісті этносаралық келісімге қол жеткізудің тиімді құралы - Қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Бұл құрылым кеңес-мәжілістік түрден конституционалды түрге дейінгі эволюциядан өткен және оның қызметтері заңнама түрінде тиісті құқықтық актілерде анық бекітілген [57, 76.].

Аталған институт азаматтық бірегейліктің мазмұнын жалпыадамзаттық, еркіндік, бірлік, ынтымақ сияқты түсініктермен ашқан болатын. Осылайша Қазақстанда бірегейліктің жаңа түрін қалыптастыру мәселесі көтерілді. Сонымен қатар, бірінші кезекте республиканың алдына азаматтардың мемлекетке бірегейлігін қалыптастыру күнтәртібінде тұрды. Өйткені, басты мақсат қоғамның мемлекетке, мемлекеттің болашағына деген жауапкершілігін сезініп, өзінің мемлекеттің бір мүшесі ретінде анықтауын жетілдіру еді.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясындағы жарияланған тұжырымдар 1996 жылдың 23 мамыр айында жарияланған №2995 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру туралы тұжырымдамасы туралы» Жарлығында бекітілген еді.

Аталмыш құжатқа сәйкес, Қазақстан алдына этносаясатты қалыптастырудың үш үлгісі қарастырылды:

- 1) Қазақ мемлекеттілігінің үлгісі, бұл үлгіге тек қана тарихи мұра немесе тарихи-құқықтық зерттеудің пәні ретінде қарамай, жағымды тәжірибенің қайнар көзі ретінде қарастыру жөн;
- 2) Ресей империясы мен КСРО мемлекеттілігінің үлгісі (мазмұны бойынша империялық);
- 3) Демократиялық құқықтық мемлекеттіліктің үлгісі. Аталған үлгі әлемнің көптеген елдерінде ұтымды қолданады және Қазақстан осындай үлгіні қалыптастыруға ұмтылады [171].

Мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру туралы тұжырымдаманы азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың алғашқы қадамы ретінде анықтаса болады. Өйткені, құжат азаматтың этностық тиістілігіне басымдық бермей, барша халықты заң алдында тең, біртұтас ұжым ретінде халықты

жұмылдыруды мақсат етіп қойды. Мемлекеттілікті дамытуда ұлтаралық келісім мен Қазақстан халқының бірлігі сияқты мәселелерге аса зор көңіл бөлінді. Бұл орайда мемлекеттік-азаматтық бірегейлікті батыс ғылымында және мемлекеттерінде жүзеге асқан азаматтық ұлт қалыптастыру идеясымен тығыз байланыста болды.


1996 жылы Қазақстанның даму институты бүкіл халықтық әлеуметтік сауалнама жүргізген болатын. Сауалнама Қазақстанның 19 облыстары мен Алматы қаласында респонденттердің жалпы саны 2910 азаматтарға жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша азаматтарға «Сіз өзіңзді кіммін деп есептейсіз?» деген сұраққа респонденттердің 11% - ы ғана Қазақстан Республикасының азаматымын деп жауап берген. Ал 22,1% КСРО азаматы және 39,4% ТМД елдерінің азаматы деп ақтаған болатын [172]. Бұл мемлекеттік бірегейліктің, азаматтық бірегейліктің төмен болғандығын көрсетеді. Сондықтан мемлекеттің бірінші кезекте мемлекеттік бірегейліктің дәрежесін көтеру ниеті орынды әрі қажетті мәселе болып табылды. Мемлекеттік бірегейліктің төмен деңгейі жоғары бөлімде айтылған бірегейлік дағдарысы нәтижесінде орын алды деуге болады. Сонымен қатар азаматтық бірегейліктің төмен деңгейі азаматтардың әлі де болса Қазақстанды өзінің мемлекеті ретінде есептемеу сезімі негізінде қалыптасты. Сондықтан аталған мәселе төңірегінде біршама мемлекеттік істер атқарылды. Оның ішінде саяси институционалды өзгерістер орын алды. Жалпы тәуелсіздік алған жылдардан бастап елде жаңа институттар құрылып, құқықтық институт біршама өзгерістерге ұшырады.

Сондықтан азаматтық бірегейліктің дамуына жоғарыда көрсетілген институционалды өзгерістер әсер етті деуге болады. Өйткені, 2004 азаматтық бірегейліктің деңгейі 11%-дан 44%-ға өскендігін байқауға болады (төмендегі суретті қараңыз).

Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық бірегейлік деңгейін анықтау мақсатында көптеген әлеуметтік, философиялық, психологиялық зерттеулер жүргізілді. Сол зерттеулердегі азаматтық бірегейліктің даму динамикасын анықтау мақсатында оларды біздің жұмысымызда жүйелеуді алға міндет етіп қойдық.

Осылайша зерттеулерге сәйкес азаматтық бірегейліктің Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдан бастап өзгеру динамикасын байқауға болады.

Азаматтық бірегейліктің ең төменгі көрсеткіші 1996 жылы белгіленгенін көрігу болады. Ал ең жоғарғы көрсеткіш 2009 жылы анықталды. Ал қазіргі таңда соңғы 3-4 жыл ішінде азаматтық бірегейлік бір деңгейде 40% дың төңірегінде белгіленген. Аталған көрсеткіш салыстырмалы төмен болғанымен, Ресейдегі соңғы мәліметтер бойынша азаматтардың азаматтық бірегейлігін 40%-ға жеткізу қажеттігін ескеретін болсақ, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда Қазақстанның дұрыс саясат жүргізіп келе жатқанын байқауға болады. Әрине, бұл тұста Ресейдің федеративтік мемлекет құрылыс ескерген жөн.



Сурет 3 - Қазақстан Республикасы халқының азаматтық бірегейлігінің өзгеру динамикасы

Аталмыш динамика 1996 жылы Қазақстанның даму институтымен жүргізілген «Азаматтық бірегейлену» атты сауалнама, 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ жүргізген «Қазақстан халқының азаматтық бірегейленуінің мәселелері мен болашағы» атты еңбек, 2009 жылы Қазақстан әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжам институтының «Этносаралық өзара әрекет: интеграция мен дезинтеграцияның ресурсты потенциалы» атты ғылыми еңбегі, 2010 Этносаралық қатынастар мәселелерін зерттеу орталығының «Қазақстан этностарының азаматтық бірдейлігінің қалыптасу аспектілерін зерттеу» атты ғылыми зерттеуі, 2013 жылы аталмыш зерттеу жұмысын жүзеге асыру барысында жүргізілген авторлық сауалнама қорытындылары негізінде жасалынды.

Қазақстанда 1996 жылдан бастап этносаралық және конфессияаралық келісім саясаты жүргізіліп келеді. Ол 1997 жылы қазан айында жарыққа шыққан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында алғаш рет көрініс тапты.

Аталмыш құжатта тау онжылдықта мемлекет қызметінде бес негізгі бағыттың ішінде ұлтаралық келісімге басымдық берілді. Мемлекеттің этносаясатында азаматтық бірегейліктің либералды дәстүрі көп дәріптеле бастады. Оны Н.Ә. Назарбаевтың «...қандай да бір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда, басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз - халықтығы көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздері саликалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі» деген сөздерінен байқаса болады [1].

Осылайша азаматтық бірегейлікті алғаш қалыптастыруда либералды дәстүрдің басым болғаны байқалады. Егеменді ел болғанның алғашқы жылдарында мемлекеттің алдында ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастық басты мақсаттардың бірі болып табылды. Сондықтан халық үшін заң алдындағы теңдік пен толеранттылық сезімді қалыптастыру бірден-бір ұтымды жолдардың бірі болып табылды. Белгілі бір этносқа артықшылық берілмей, барша халықтың мемлекет алдында бірдей болу принципі жүзеге асырылды.

Оның дәлелі ретінде 1997 жылы 11 шілдеде қабылдаған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңындағы қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде мәртебе біріліп, орыс тілінің мемлекеттік қазақ тілімен қатар бекітілгендігін атауға болады. Өйткені, 1989 жылы қабылдаған «Тілдер туралы» Заңға сәйкес орыс тілі ұлтаралық тіл ретінде бекітілген. Осыған сәйкес, қазіргі таңда орыс тілі тек қана этносаралық тіл ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметте, сот, атқару, заң шығару құрылымдарында қазақ тілімен бірдей, тең қолданыста жүретін тіл ретінде орын тапты. Бұл бір қырынан, бүкіл іс-қағаздарды мемлекеттік тілге ауыстыру қиыншылықтарымен, екінші қырынан, мемлекеттік тілді жетік меңгерген азаматтардың аз болуымен, үшіншіден, елде этносаралық келісім орнатып, тіл төңірегінде этносаралық жанжалдарды болдырмаудың алғышарттары ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар мемлекеттік іс-қағаздарды қазақ тіліне біртіндеп көшірудің алғашқы қадамдары ретінде қабылдаса болады.

Аталған құжат тек қана қазақ және орыс тілінің мәртебесін анықтап қана қоймай, елдегі тұрып жатқан көптеген басқа да этностар тілінің сақталуы мен дамуына жағдай жасады.

Дегенмен, ресми құжатта қазақ тілін білу әрбір азаматтың міндеті емес борышы ретінде анықталады. Бұл өз кезегінде этносаралық қатынастарды реттеу мақсатында бір тілдің төңірегінде емес, әр азаматқа тілді таңдау мен қолдану еркіндігін беруді білдіреді.

Осылайша Қазақстан өзінің мультиэтностылығына қарамастан салиқалы ішкі саясаты арқасында этносаралық жанжалдарды болдырмай, тұрақтылық пен этносаралық бейбітшілікті қамтамасыз етіп келді.

Мемлекеттегі этносаралық қатынастар «бірлік көптүрлілікте» атты саяси формула арқылы жүзеге асып келді [173, 11б.].

Азаматтық бірегейліктің елде жүргізілген сауалнама нәтижелерінде көрініс тапқандай жоғарылауы (11% -дан 44%-ға шейін) этносаралық қатынастардың түйіткісі болған Қазақстан халқы Ассамблеясының қызмет етуімен тығыз байланысты болды.

Алғашында тек түрлі этностардың диалогты алаңы болуға арналған бұл құрылым өз даму кезеңдерінен өтіп қазіргі таңда кеңес беруші органға айналуы этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз етуде өз септігін тигізді. Аталған құрылымның дамуына мән беретін болсақ, бірнеше кезеңдерден өткендігін байқауға болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мазмұны жағынан өзгеруі мен дамуы 2002 жылы «Қазақстан халықтары Ассамблеясының даму стратегиясы: ұлттық

келісім, қауіпсіздік, азаматтық әлем» атты кезекті ІХ сессиясында елді түйістіруші фактор ретінде сыртқы түрлі қауіптерден қорғану әрекеті көп талқыланды.

Аталған кезеңнен бастап 2007 жылға дейін аралықты қамтыған Ассамблеяның даму стратегиясында көрсетілгендей аталмыш органның қызметі кеңейе бастады. Аталған стратегияға сәйкес, Ассамблея көптеген құзыреттерге қол жеткізді: мемлекеттің этносаясаты жөнінде ұсыныстар мен тұжырымдамаларды жасақтау, этносаралық келісім мен бірлікті мәдени-тәрбиелік іс-шаралар негізінде нығайту және Қазақстан Республикасында этносаралық қатынастар мәселелеріне арнайы зерттеулер жүргізу, этносаралық қатынастарды реттейтін нормативті-құқықтық базаны дамытуға атсалысу [173, 11б.]. Сондай-ақ қазіргі таңда этносаралық, конфессияаралық мәселелерді талқылайтын Қазақстан халқы Ассамблеясының жанында экспертті кеңес құрылды. Эксперттік кеңестік басты мақсаты елдегі этносаралық келісім мен тұрақтылықта қамтамасыз етуде туындайтын қатерлерді анықтап, бейбітшіл ел болашағының жолын анықтау болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясымен қатар этносаралық келісімді орнатуда Астанада ашылған бейбітшілік пен келесім сарайының орны да бөлек. Көптеген түрлі мәдениет өкілдерінің бас қосып, ортақтаса отырып, мәселелерді талқылауға арналған ғимарат шындығында да елдегі өзіндік бейбітшілік символына айналды.

Яғни Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап мемлекет тарапынан азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оларды төмендегі бағыттар бойынша бөліп қараса болады:

Бірінші кезекте азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда құқық институты біршама өзгерістерге ұшырады. Бұл Конституциядан бастау алып, заңдарға өзгерістер енгізулерде орын тапты.

Екіншіден, этносаралық қатынастар мәселелерін реттеуші, конституциялық құрылым Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылып, өз жұмыстарын жүргізді.

Үшіншіден, мемлекетте келісім мен тұрақтылықты сақтау жолында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар қабылданып, іске асырылды.

Төртіншіден, қоғамның демократиялануы жолында азаматтардың азаматтық санасын жетілдіруге септігін тигізетін кішігірім ұйымдар мен институттарға қолдау көрсетілді.

Аталған әрекеттердің барлығы мемлекеттің басты міндеттері қатарында табылды және табылуы тиіс. Осы орайда көптеген жұмыстарды да әлі атқаруы қажет деген қорытындыға келеміз.

Ал саяси институттардың қатарында саяси партиялардың азаматтық бейбітшілік пен этносаралық ынтымақтастықты күшейтудегі үлесі зор. Бұл, біріншіден, этносаралық қатынастар саласындағы демократиялық негіздерін қолдайтын «Нұр Отан» партиясы. Алайда, этносаралық ынтымақтастық шешуші деңгейде конфессиялар, үкіметтік емес ұйымдар және кәсіподақтар тәрізді азаматтық қоғамның құрылымдарына байланысты. Азаматтық қоғамның даму барысында әлеуметтік келісім орнатылады [57, 19б.].

Қоғамдық-саяси институттарды мемлекетке деген сенімді арттыру, азаматтылықты қалыптастыру жолында үлесін айтып кеткен жөн. Сондықтан да елдегі азаматтық бірегейлікті қалыптастыру мәселелерін саяси институттарға жүктеген абзал.

Қазақстан Республикасы халқының санасында азаматтық бірегейліктің қалыптасу үдерісіне әр кезеңде елдегі институционалды өзгерістердің әсері зор болды.

Оның ішінде саяси институт ретінде мемлекеттің үлесі жоғары болғандығын көруге болады. Сондықтан мемлекетті азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың бірден-бір маңызды институты ретінде қарастыру қажет. Сонымен қатар басқа шет ел мемлекеттерде теңдесі жоқ Қазақстан халқы Ассамблеясының азаматтық бірегейлікті қалыптастыру жолында елеулі үлес қосқандығына көз жеткізуге болады.

Бұл институционалды өзгерістер азаматтардың санасында кеңестік бірегейліктің қазақстандық бірегейлікке трансформациялануына өз септігін тигізді. Мемлекеттік азаматтық бірегейлік қалыптастыру міндеті өз шешімін тапты. Осылайша қазіргі таңда Қазақстанда қазақстандық бірегейлік, қазақстандық ұлт сынды ұғымдар қалыптасты.

Осылайша түрлі институционалды өзгерістердің салдырынан Қазақстан халқының азаматтық бірегейлігі өзінің трансформациясын өткізіп отыр. Қазіргі таңда азаматтық бірегейлікті құратын жаңа мазмұнның қажет екендігі мойындалуда.

2.3 Қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудың қазіргі жағдайы

Қазақстан үшін азаматтық бірегейлік қазіргі таңда қазақстандық бірегейлікпен анықталып келеді. Яғни, бұл дегеніміз қазақстандық бірегейліктің жалпы адамзаттық немесе барша халықты бір ортақ бірегейлікке түйістіруді білдіреді. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізген уақыттан бастап, аталған бірегейлік елдің саяси-әлеуметтік тұрақтылығына үлкен септігін тигізіп келді. Мемлекет тек бір ғана ұлтқа басымдық бермей, ұлтты қалыптастыруда либералды әдістің негізге алына отырып, бір жағынан халықаралық аренада тұрақты, этносаралық қайшылықтары жоқ мемлекет ретінде мәртебесі өсті.

Қазақстанның көптеген азаматтары қоғамда қалыптасқан экономикалық және саяси еркіндікті құндылық ретінде бойларына сіңірді. Дегенмен қалыптасып қалған саясат пен билікке деген негативті көзқарастарын білдірді. Бірақ та, азаматтық сананың басты элементтерінің бірі болып табылатын халық пен билік арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктеріне сену қазіргі кезеңдегі енді қалыптасып келе жатқан азаматтық сана мүмкін болатын ішкі этносаралық және конфессияаралық жанжалдарды алдын-алуға, елдегі ынтымақтастықтың орнауына, сонымен қатар экономикалық дамуға елеулі әсерін тигізетін фактор болып табылады. Азаматтық сана азаматтар мен биліктің арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықтың принциптеріне негізделе отырып, азаматтардың экономикалық белсенділігін дамытудағы түрткі болатын негіздерді құрайды [111].

Қазақстанда полиэтностық жағдайда қоғамның интеграциясы бір қырында қарастырылмай, көпжақты ірі құбылыс шеңберінде қарыстырылып келді. Бұл бір этносқа басымдылық білдірмей, барша халықты ортақ азаматтық құндылықтар негізінде жұмылдыру идеясы негізінде жүзеге асты. Яғни, қазақстан қоғамы өзін «Біз – Қазақстан еліміз» сынды ортақ бірегейлік түрі қалыптасты.

Ортақ бірегейліктің іргетасы ретінде – елде мекен етіп отырған 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдерін бір шаңырақтың астына жинап, бейбітшілік пен келісімді орнату идеясы жатты.

Сонымен қатар, әрине, Қазақстан қоғамының күрделі этностық құрамын, тілдік, мәдени, діни түрлілігін көзден таса қылмау қажет. Біз қазіргі таңда дәстүрлі қоғамда өмір сүрген «ұжымдық адамының» жасырын шекарасын азаматтық қоғамдағы «индивидуалды адам» иеленетін әлеуметтік-мәдени сипаттамаларды игеру үшін аттап отырған қадамымызды естен шығармауымыз керек. Өйткені, жаңа, яғни, полиэтносты болып табылатын азаматтық қоғамға тұлғаның жаңа тарихи түрі керек [111, 276.].

Қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда этносаясат келесі екі принципке негізделіп келді: бір жағынан, мемлекеттік саясат этностың дамуын және этностық топтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп келсе, екінші жағынан, қоғамның демократиялануы және жеке адамның құқығының сақталуына назар аударылып келді. Бұл үдеріс негізгі екі кезең бойынша жүзеге асып келді: бірінші кезең этноұлттық саясаттың басымдылығымен сипатталып келді. Бұл кезеңде мемлекет аз уақыт аралығында ұлттық мемлекеттіліктің негізін салып, қазақ халқының рухани және басқа да ресурстарын жұмылдырып үлгерді. Ал екінші кезеңде қазіргі кезеңде қолданыста жүрген қазақстандық ұлт пен қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудың негізі салынды [174].

Осылайша Қазақстанда этностық интеграция толеранттылық, достық қарым-қатынас, құрмет сияқты басты құралдар арқылы қалыптастып келді. Нәтижесінде мемлекеттік саясатта келісім, ынтымақ, бірлік достық ұғымдары кеңінен дәріптелді. Ішкі және сыртқы саясатта Қазақстан өзінің этносаралық келісім мен бейбітшілік, саяси тұрақтылығын үлкен жетістігі ретінде жариялап келді.

Этносаясаттағы басты мақсат – азаматтардың саяси қауымдастығы ретінде қазақстандық ұлты қалыптастыру болды. Ол қоғамның азаматтық тегіне байланысты бірігуін білдірді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы посткеңестік мемлекеттер арасында салиқалы этносаясаты арқасында ұлтаралық жанжалды айналып өтті деуге болады. Бұл жетістікке этносаясаттағы бірлік, теңдік, ынтымақтастық идеялары үлкен рөл атқарды. Дегенмен де мемлекетті құраушы қазақ ұлтына да үлкен мәртебе берілді. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жария салысымен өзін ұлттық мемлекет ретінде көрсетті. Ол дегеніміз бір ұлттың (қазақ ұлтының) негізінде пайда болған мемлекет ретінде жариялауын білдірді. 1991-1995 жж. аралығында этностылықтың саясаттандырылғанына көз жеткізуге болады. Бұл бірінші кезекте мемлекетқұраушы төл этностың этностық санасының жаңғыруы жолындағы бастапқы қадам ретінде қабылданды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік ішкі саясатта халықты белгілі бір ұлттық негізде емес, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыру ісі жүзеге асырылып келеді. Осылайша қазіргі кезеңде ұлт қалыптастыру нәтижесі ретінде «қазақстандық қоғам» дүниеге келді. Аталған құбылыс батыс мемлекеттерінде орын алған азаматтық ұлт терминімен ұштасады. Бұл әрине Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуі, халықаралық аренада беделінің өсуіне үлкен септігін тигізді. Өйткені, көптеген батыс ғалымдары үшін Қазақстан барша әлемге толерантты, бейбітшіл, тұрақты мемлекет ретінде позицияланады. Әлбетте, бұл қазақстандықтар үшін үлкен жетістік.

Дегенмен уақыт өте азаматтардың санасы, құндылықтар жүйесі де өзгерістерге ұшырайды. Азаматтардың этностық санасы оянып, өздерін ұлттық-патриоттар ретінде жариялап келген ұлттық интеллигенция бастаған этностық ұлтшылдықтың көріністері пайда бола бастады.

Осылайша азаматтық бірегейлік төңірегінде, атап айтсақ, қазіргі қоғамдағы дау туғызған «қазақстандық ұлт» ұғымы баспа беттерінде өзекті мәселелердің қатарында табылды. Қазақ тілінің, қазақ этносының мәртебесі өзекті бола бастады. Орыс бұқара ақпарат құралдарында жоғарыда аталған «қазақстандық ұлт» ұғымы жағымды тұрғыдан талқыланса, қазақ тілді ақпарат құралдарында «қазақстандық ұлтқа» деген қанағаттанбаушылық сезімі білдіріледі. Аталған мәселені анық түсіну мақсатында республикалық баспа беттерінде, оның ішінде газеттерде аталмыш ұғымға контент-талдау жүргізілді.

2008 жылдың соңында халықтық талқылауға ұсынылған «Ел бірлігі» доктринасындағы аталмыш ұғымның қолданылуы қоғамның кейбір белсенділері арасында келіспеушіліктер, наразылықтар тудырды. Осылайша, ғылыми-зерттеу, жазушылар, саясаткерлердің арасында осы ұғымның мазмұны туралы жарияланымдар көбейе бастады.

Қазақстан Республикасының азаматтарының бойындағы тиімді азаматтық бірегейліктің индикаторларын контент-талдау арқылы анықтау мен талқылау мақсатында контент-талдау жүргізілді.

Контент талдаудың бірлігі ретінде қоғамдық-саяси газет-журналдардағы мақалалар алынды. Мақалалардың жарияланған периоды 2009-2012 жыл аралығын құрайды. Контент талдаудың сөздік бірлігі ретінде «қазақстандық ұлт», «қазақстандықтар», «азаматтық ұлт» секілді сөз тіркестері алынды.

Жалпы диссертацияны жазу барысындағы контент-талдау келесі кезеңдерден тұрды:

- Бірінші кезең, мәтіндерді жинақтау әрі іріктеу;
- Екінші кезең, мәтіндерді жүйелеу;
- Үшінші кезең, мәтіндерге мазмұндық талдау жүргізу.

Контент-талдаудың негізгі мақсаты жарияланымдардағы мақалалардың мазмұнына терең зерттеу жүргізі, мақаланың саяси идеологиялық бағытын анықтау болып табылады.

Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты негізгі үш тармақ бойынша анықталды: *либералды, шамалау-прагматикалық, ұлтшылдық*. Либералды саяси бағыт мақалалардағы адам құқықтары мен мүдделердің басым болуы, мемлекеттің этносаралық қатынастар мәселелеріне аз араласу сияқты

мәселелермен көрсетілсе, шамалау-прагматикалық мақалаларды саяси центризм, саяси мәселелерге мемлекет қырынан қарау, анық идеологиялық артықшылықтар берілмеу арқылы іріктейді. Саяси-идеологиялық бағыттың үшінші тармағы ұлтшылдық белгілі бір этностық құндылықтарға басымдылық беру, этностық ұлтшылдық бойынша анықталды.

Жалпы 2009-2012 жылдар аралығында барлығы 830 мақала іріктеліп зеттелінді. Оның ішінде 302 орыс тілінде болса, 517 мақала қазақ тілінде жарияланған болатын. Ескертіп өтетін жәйт, «қазақстандық ұлт» ұғымы өзінің этностық, ұлтшылдық мағынада көбіне қазақ тіліндегі баспаларда басымдыққа ие болды. Бұл бір қырынан, қоғамдағы этностық (қазақ) бірегейлігінің қалыптаса бастауының көрінісі ретінде қарастырылады.

Өйткені, мақалалардың ең көп үлес салмағы (310) ұлтшылдық (этностық) саяси идеологиялық бағытта жарық көрді. Екінші орынды шамалау-прагматикалық бағыттағы (264) мақалалар иеленді. Бұл «қазақстандық ұлт» ұғымының мемлекеттік ресми саясатындағы жиі қолданылатын ұғым ретінде талқыланғандығын көрсетеді. Ал кейінгі орынды либералды саяси-идеологиялық сипаттағы мақалалар (245) жарық көрді. Бұл бағыттағы мақалалар «қазақстандық ұлт» ұғымының мемлекеттік не болмаса, белгілі бір этностық түсінікте қабылдамай, мемлекеттің азаматы ретінде жалпы адамзаттық, құқықтық мағынада жарияланғандығын білдіреді.

Кесте 2 - Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты

Жарияланымдардың жылы	Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты	Либералды		Шамалау-прагматикалық		Ұлтшылдық (этностық)		Жалпы саны
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	
2009		32	21	40	32	68	16	209
2010		25	43	45	20	78	20	242
2011		41	42	38	50	74	11	256
2012		20	21	22	17	34	9	123
Жалпы саны		118	127	145	119	254	56	830
		<u>245</u>		<u>264</u>		<u>310</u>		

«Қазақстандық ұлт» ұғымы төңірегіндегі мақалалардың басым легі 2009 жылдан бастап 2010-2011 жылдары көбейе бастады.

Бұл 2008 жылғы 23 қазанда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті берген тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында жүргізілген жұмыстың нәтижесі ретінде «Ел бірлігі» доктринасының қоғамға талқылауға ұсынылғаннан кейінгі кезеңнен басталды деуге болады. Өйткені, қоғамымыздағы ұлттық мәселелерді көтеріп жүрген көптеген зиялы қауым өкілі аталмыш құжаттағы мәселелерге өз

келіспеушіліктерін, наразылықтарын білдіре бастады. Олардың наразылықтары тілшілер, ғылым өкілдері тарапынан қолдауға ие болды. Ол контент-талдау жасау барысында анықталды.

Республикалық жариялымдардың ішінде қазақ тілінде шығатын «Жас Алаш» газетінде бұл тақырыпқа ең көп мақала жарыққа шықты. «Жас Алаштың» оқырмандарының көп болуын ескерсек, аталған мәселе республикалық деңгейде барша Қазақстан азаматтарына жеткендігін байқауға болады.

Дегенмен де 2012 жылы «қазақстандық ұлт» ұғымы төңірегіндегі пікірталас баспа беттерінде төмендей бастады. Аталмыш жағдай «Ел бірлігі» доктринасының халық арасында талқыланып, жаңа жобасының қабылданғандығымен түсіндіріледі.

Орыс ғалымдары Григорян Л.К., Лепшокова З.Х., Рябиченко Т.А. пікірінше, батыс әдбиеттерінде азаматтық бірегейлік екі басты өлшемдер бойынша анықталады – ұлтшылдық және отансүйгіштік. Олар көп жағдайда ғалымдардың пайымдауынша бір-бірен қарама-қайшы қойылады. Осылайша ұлтшылдық кең мағынада қарастырылып, өз мемлекетін басқа шет мемлекетімен салыстыру негізінде пайда болатын халықтың жағымды бағасы ретінде анықталады. Бұл орайда мемлекет басқа мемлекетті басып озу, жоғары болуға құқығы болады деп түсіндіріледі. Ал отансүйгіштік халықтың өз мемлекетін басқа мемлекетпен салыстыру арқылы емес, іштей мемлекетке жағымды оң баға беруі ретінде қарастырылады [175]. Сондықтан Қазақстанда қазақстандық бірегейліктің қалыптасуы бастапқыда отансүйгіштік сезімді дамыту негізінде қалыптасты деп айтуға болады.

Азаматтық бірегейлік өз кезегінде Қазақстанның Ел Бірлігі доктринасында көрсетілгендей ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген ұлт бірлігінің жемісі болып табылады [176].

Кесте 3 - Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты (Этносаралық қатынастарға баға беру бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Либералды	Шамалау-прагматикалық	Ұлтшылдық (этностық)
<i>Этносаралық қатынастарға баға</i>			
Елдегі этносаралық қатынастардың жағдайы	58	77	109
Мемлекеттік этносаясат	70	88	75
«Қазақстандық ұлт» ұғымы	70	85	78
Жалпы саны	198	250	262

2009-2012 жылдар аралығында баспа беттерінде жарық көрген мақалалардағы саяси-идеологиялық бағытын этносаралық қатынастарға баға,

этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері, ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдары сияқты ірі тақырыптар арқылы анықтау алға қойылды. Жалпы этносаралық қатынастарға баға елдегі этносаралық қатынастардың жағдайы, мемлекеттік этносаясат, «қазақстандық ұлт» ұғымы жарияланымдардың саяси мазмұны негізінде анықталды.

Зерттеу қорытындылары бойынша елдегі этносаралық қатынастарға баға беруде ұлтшылдық саяси-идеологиялық бағыттағы мақалалар басымдыққа ие болды (262). Оның ішінде елдегі этносаралық қатынастардың қазіргі жағдайы ұлтшылдық сипатта қарастырылады (109). Бұл көбіне қазақ тіліндегі баспаларда көптеп кездеседі.

Ал мемлекеттегі жүргізіліп жатқан этносаясат (88), сонымен қатар, «қазақстандық ұлт» ұғымы шамалау-прагматикалық саяси-идеологиялық бағытта талқыланады. Яғни «қазақстандық ұлт» ұғымы қазіргі таңда мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына тән құбылыс ретінде қарастырушылар басым екендігін көрсетеді.

Екі жақ мемлекеттің тек ұлттық болуы керектігін мойындайды, бірақ мемлекеттік-құқықтық мағынада ұлт ұғымы нені білдіреді деген сұрағында бір-бірімен қарсыласады. Біреулері, азаматтық бірдейлікті этносаралық айырмашылықтардан басым түсетін, сондықтан да саяси ұлт болып шығатын бірегей халықтың мемлекеті мемлекет болады деп санайды. Олардың қарсыластары, мемлекет тек титулды ұлттың мемлекеті болып табылады және осы жағдайда ғана мемлекет ұлттық болып саналады деп пайымдайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл қазіргі кезеңнің талаптарына сай келеді және саяси қауымдастық ретінде мемлекеттік бірлікті, азаматтық қоғамды және этносаралық ынтымақтастықты нығайтуға жағдай жасайды [57].

Келесі зерттеу объектісіне этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептерін саяси-идеологиялық мазмұны бойынша анықтау міндет етіп қойылды.

Кесте 4 - Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты (Этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Либералды	Шамалау-прагматикалық	Ұлтшылдық (этностық)
<i>Этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері</i>			
Қазақ тілі мәртебесі	48	57	139
Мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәртебесі	25	22	121
Қазақстан қоғамындағы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті, тіл мәртебесі	48	27	
Жалпы саны	121	106	260

Жоғарыда көрсетілген кестеге сәйкес, этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептерін анықтауда ұлтшылдық сипаттағы мақалалардың басым болуына көз жеткізсе болады (260). Яғни, бұл елдегі орын алып жатқан түрлі этносаралық қақтығыстар мен келіспеушіліктердің себептерін этностық тұрғыда анықтауды білдіреді. Мақалалардың саяси-идеологиялық бағыттағы ұлтшылдық сипатта жарық көруі бірінші кезекте мемлекеттік тіл – қазақ тілі мәртебесінің қазіргі жағдайы мен мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәртебесінің жай-күйімен сипатталады.

Этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері қатарына қазақ тілі мәртебесін жатқызу шамалау-прагматикалық бағыттағы жарияланымдарда көптеп кездеседі. Яғни мемлекеттік тіл саясатындағы қазақ тілінің мәселесі этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері қатарында табылады.

Ал Қазақстан қоғамындағы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті, тіл мәртебесі либералды саяси-идеологиялық бағытта талқыланады (48).

Кесте 5 - Мақаланың саяси-идеологиялық бағыты (Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдары бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Либералды	Шамалау-прагматикалық	Ұлтшылдық (этностық)
<i>Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдары</i>			
Ұлт Рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру;	34	23	10
Мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру;	27	30	111
Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау;	28	29	17
Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру.	22	23	12
Жалпы саны	111	105	150

Қазіргі таңда ұлтты ұйыстырушы ресми құжат ретінде 2010 жылдың сәуір айында жарыққа шыққан «Ұлт Бірлігі доктринасы» қабылданған болатын. Ендігі кезекте сол құжатта көрсетілген мемлекеттің этносаясаты мәселелерді

шешу жолдарының республикалық қоғамдық-саяси басылымдардағы орны мен маңызы, саяси мазмұны айқындау зерттеудің келесі міндеті болып табылды.

Контент-талдау қорытындысы бойынша Ұлт Бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдарының бірі ретінде анықталған мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру басылымдарда ұлтшылдық бағыттағы мақалалардың көптілігімен сипатталады (111).

Ал жалпы либералды саяси-идеологиялық бағыттағы мақалаларда этносаралық мәселелерді шешу жолдары ретінде бірінші кезекте Ұлт рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру табылады. Екінші орында Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау (28) қарастырылса, мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру (27) үшінші орынды иеленді. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру бұқара ақпарат басылымдарында аз көтерілген.

Шамалау-прагматикалық саяси-идеологиялық мазмұнды мақалаларда Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдардың ішінде мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру (30), Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау (29) сияқты әрекеттерге аса назар аударады. Бұл Қазақстан республикасындағы ресми ішкі саясаттың мақсат-міндеттерін қазіргі таңда айқынайтынының дәлелі болып саналады.

Мақалалардың ұлтшылдық/этностық саяси-идеологиялық бағыттағы басым көпшілігі Ұлт Бірлігі доктринасында көрсетілген мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге басымдық беруді қолдайтыны байқалады. Атап кететін жәйт, бұл жердегі ұлтшылдық бағыт көбіне қазақ ұлтының мәртебесімен сәйкестендіріледі.

Сонымен қатар ұлтшылдық бағыттағы мақалалар Ұлт рухын дамыту және нығайту, осының еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру бойынша небәрі 10 мақала жарияланған. Бұл бір қырынан, Доктринада көрсетілген Ұлт Рухын терең түсінбеуімен анықталса, екінші қырынан ортақ бір рухты қалыптастыру жолында көптеген қиыншылықтармен кездесетіндіктен болуы мүмкін. Яғни, басылымдарда ұлттық рухты нығайтуға байланысты мақалар өте аз кездесетіндігін көрсетеді.

Саясаттанушы Рүстем Қадыржановтың айтуынша, олимпиада кезінде Қазақстан тұрғындары жүлде алған спортшылардың ұлтына назар аудармай, олар әкелген жүлделерге риясыз қуанып, ортақ жеңіс ретінде қабылдады деп пайымдайды [177]. Бұл өз кезегінде Ұлт Бірлігі доктринасында келтірілген Ұлт Рухының пайда болып келе жатқандығының көрінісі болып табылады. Сонымен қатар Қазақстанның ортақ жеңістері азаматтардың бойында мақтаныш сезімдерін оятып, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға септігін тигізетінін анықтауға болады.

Кесте 5 - Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі (Этносаралық қатынастарға баға беру бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі	Мәтіннің авторына сәйкес жіктелуі			
		саясаткерлер	публицисттер	эксперттер	Жалпы саны
<i>Этносаралық қатынастарға баға</i>					
Елдегі этносаралық қатынастардың жағдайы	Елдегі этносаралық қатынастардың жағдайы нашарлауы мүмкін	39	27	20	86
	Елдегі этносаралық қатынастардың жағдайы жақсаруы мүмкін	15	29	26	70
Мемлекеттік этносаясат	Ұлт бірлігі доктринасы маңызды	10	17	13	40
	Ұлт бірлігі доктринасының тәжірибелік маңызы жоқ	51	15	15	81
«Қазақстандық ұлт» ұғымы	«Қазақстандық ұлт» ұғымы дұрыс	3	5	3	11
	«Қазақстандық ұлт» ұғымы дұрыс емес	69	24	19	112

Зерттеу барысында жүргізілген контент-талдаудың келесі бағыты ретінде жарияланымдардың авторларына назар аударуды жөн деп таптық. Осылайша мақалаларды саясаткер, эксперт, публицист авторлары арқылы іріктелді.

Сонымен қатар басылымдардағы этносаралық қатынастар жағдайының дамуына болжам жасау, мемлекет этносаясатындағы Ұлт бірлігі доктринасының маңыздылығын анықтау, «қазақстандық ұлт» ұғымының қолданылу қажеттігін анықтау бойынша мақалалар талданды.

Бірінші елдегі этносаралық қатынастардың жағдайына келіп тоқталатын болсақ, жарияланымдардың басым көпшілігінде (86) елдегі этносаралық қатынастар нашарлауы мүмкін деген болжам жасалады. Мақалалардың авторларына назар аударсақ, жағдайдың күрделенуін саясаткерлер (39), сосын публицисттер (27) және эксперттер (20) атады. Бұл Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңде жүргізіп отырған саясатына сын білдіруді білдіреді. Аталмыш сұрақта тағы бір ескеретін жәйт, мақалалардың көпшілігінде қазақ тілінің қазіргі мәртебесі өзекті талқыланып, қазіргі жай-

күйінің болашақта этносаралық қатынастардың ұшығуына әкеледі деген тұжырым жасауға болады.

Зерттелініп отырған кезең шеңберінде этносаралық қатынастардың болашақ дамуына болжам жасауда пікір екіге бөлінді деп айтуға болады. Өйткені, елдегі этносаралық қатынастар болашақта жақсаруы мүмкін деп 70 автор ойларын бөлісті. Олардың ішінде оптимистік көзқарасты публицисттер (29) және эксперттер (26) ұстанады.

Мемлекеттегі этносаралық қатынастардың жақсаруы немесе нашарлауы қазіргі кезеңдегі этносаяси жағдайды талқылау негізінде анықталды. Яғни, мемлекеттің қазіргі саяси курсы, яғни «бірлік көптүрлілікте», полиэтносты қоғамды дамыту сынды идеялары қазақстандық басылымдардағы жарыққа шыққан мақалаларда кері пікір туғызған.

Қазіргі кезеңде Қазақстан халқын жұмылдыру, қоғамды ұйыстыру мәселелері өздерінің шешімін «Ұлт Бірлігі» доктринасында көрініс тапты. Бір қырынан, елдегі ұлтшылдықты жақтаушы, қазақ тілінің мәселесін көтеріп жүрген зиялы қауым өкілдері ойларының жүзеге асу тетігі ретінде қарастырылса, екінші қырынан, елдегі жүргізіліп жатқан этносаясаттың ресми жалғасы ретінде анықталады. Өйткені, қанша айтқанмен мемлекеттегі халықтың ұлттық құрамының 22,3% көрші ағайынды – орыстар құраса, 11,9%-ын басқа ұлт өкілдері құрайды. Ал халықтың 2012 жылғы мәлімет бойынша 65,8%-ын қазақ ұлты құрайтыны белгілі. Дегенмен де, саны бойынша басым қазақ, орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар, немістер сияқты 7 этносты есептемегенде басқа ұлт өкілдері Қазақстан халқының тек 3,39% құрайды екен [166].

Контент-талдау нәтижесінде ұдайы көрсеткіш 81 мақалада «Ұлт бірлігі» доктринасының маңызы жоқ деп есептейді. Көбіне мұндай ойды саясаткерлер жиі көтерген болып табылады. Бұл жерде ескеретін жағдай, «Ұлт Бірлігі» доктринасының екінші талқылаудан кейін ғана, 2 жыл өткен соң қабылданғандығы. Өйткені 2008 жылы ең алған халыққа талқылауға ұсынылған «Ел бірлігі» доктринасының қоғам тұрғысынан қатты сынға ұшыраған еді. Сондықтан аталмыш құжаттың баспа беттерінде қажеттілігінің болмауы осы жағдаймен түсіндіріледі. Өйткені, 2010 жылы қабылданған доктрина төңірегінде айтарлықтай қатты сын-пікірлер айтылған жоқ.

Қазақстандық баспа беттерінде контент-талдаудың объектісіне айналған «қазақстандық ұлт» ұғымы төңірегінде саясаткерлер, эксперттер, публицисттердің пікіріне назар аударылды. Мақалалардың басым көпшілігінде (112) «қазақстандық ұлт» ұғымы дұрыс емес, оның қолданылу аясын шектету қажет деген пікірді білдіреді. Аталмыш мәселе жоғарыда айтылып өткен 2010 жылы қоғамға талқылауға ұсынылған жобадан кейін аса зор талқылана бастады. Көптеген мақалаларда «қазақстандық ұлт» деген ұғым жоқ, Қазақстанда тек бір ғана «ұлт» бар ол – қазақ ұлты деген тұжырымдамаларға тоқтаған болатын.

Кесте 6 - Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі (Этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі	Мәтіннің авторына сәйкес жіктелуі			
		саясаткерлер	публицисттер	эксперттер	Жалпы саны
<i>Этносаралық қатынастардағы мәселелердің себептері</i>					
Қазақ тілі мәртебесі	Қазақ тілі мәртебесі жоғары болуы тиіс	88	33	27	148
Мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәртебесі	Мемлекет құрушы қазақ ұлтының елді жұмылдырудағы рөлі зор	63	38	28	129
Қазақстан қоғамындағы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті, тіл мәртебесі	Қазақстан қоғамындағы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті, тілін дамыту	23	25	39	87

Жарияланымдардағы этносаралық қатынастардағы мәселелер қатарында бастапқы орын алған қазақ тілі мәртебесі саясаткерлердің мақалаларында жиі кездеседі. Ол жарияланымдарға сәйкес, саясаткерлердің басым көпшілігі елде қазақ тілінің мәртебесі жоғары болуы тиіс деп есептейді. Яғни этносаралық қатынастардағы мәселе қазақ тілінің мәртебесімен сипатталады. Бұл орайда қазақ ұлтының өз тілінің мәртебесімен қанағаттанбауы ішкі саяси тұрақтылық пен келісімге өз әсерін тигізуі мүмкін.

Келесі мәселе мемлекет құрушы қазақ ұлтының мәртебесі төңірегінде саясаткерлер, публицисттер қазақ ұлтының мәртебесі жоғары болуы қажет деп есептейді (63, 28). Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген Қазақстан қоғамындағы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті, тілін дамытуға басымдық беру бойынша 87 мақала жарияланған болатын. Сонымен қатар, аталған мәселені қолдаушылардың қатарында бірінші кезекте эксперттер табылды.

Яғни эксперттердің пікірінше, қазақстан қоғамы дамуының қайнар көзі болып Қазақстан Республикасының әрбір халқының рухани мәдениеті табылуы тиіс. Аталған даму деңгейінің жоғарылағаны сайын әрбір ұлттық мәдениетте жалпы қазақстандық қасиеттер басым болады [178]. Яғни бұл тұста жалпы халыққа ортақ қазақстандық мәдениетті қалыптастыру үшін барша азаматтарға ортақ мәдениеттің құрамдас бөліктерін анықтау қажет. Сонымен қатар ұлттық идеологияның нақты нұсқасы қажет.

Кесте 7 - Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі (Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдары бойынша)

Жарияланымдардың саяси мазмұны	Саясаткерлер, публицисттер, эксперттердің мәтіндеріндегі кең таралған пікір және оның жиілігі	Мәтіннің авторына сәйкес жіктелуі			Жалпы саны
		саясаткерлер	публицисттер	эксперттер	
<i>Ұлт бірлігі доктринасында көрсетілген мәселені шешу жолдары</i>					
Ұлт Рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздегі әрбір азаматтың өмірлік бағдарына айналдыру; мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру; Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау; Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің кепілі ретінде интеллектуалды ұлт қалыптастыру.	22	24	21	67	
	66	54	48	168	
	22	24	22	68	
	26	15	16	57	

«Ұлт бірлігі» доктринасында көрсетілген этносаралық қатынастарды реттеудің тиімді әрі ұтымды жолы ретінде контент-талдау бойынша мемлекеттік тілді дамытуға және оның аясын кеңейтуге ұлт бірлігін нығайтатын фактор ретінде басымдық беру анықталады. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын этнос өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, салтын, тілін дамытуға жағдай жасау қажет деп есептеледі. Өйткені, қазіргі кезеңдегі өтпелі қоғамда айтарлықтай даулы, жанжалды жолды айналып өтіп, бейбітшілік жолмен ұлттық мемлекетті құру идеясын жүзеге асыру керек.

Көптеген сарапшылар «қазақстандық» ұғымы 10 жылдан кейін “қазақ” ұғымына орын беріп, толықтай жойылады деп есептейді [177].

Барша қазақстандықтарды біріктіретін Ұлт Рухын дамыту және нығайту, осыны еліміздің әрбір азаматының өмірлік бағдарына айналдыру мәселелеріне де аса зор назар аударылады. Яғни, қазіргі таңда Қазақстан Республикасы алдында тұрған көкейкесті мәселе – ұлт қалыптастыру. Қазіргі таңда елде ұлт жоқ деп атауға болмайды, дегенмен «ұлт» түсінігінің сипаттамасын кеңейтіп, азаматтардың ортақ мүдде төңірегінде жұмылған ұйым ретінде анықтау қажет.

Елде түрлі этностардың ұлттық-мәдени мүдделерін жүзеге асыратын қоғамдық институттар көптеп ашылады бастады. Қазақстанда мекен ететін этностардың өз этнос тілі мен мәдениетін сақтау мен дамытуға көптеген жағдайлар жасалды. Сонымен қатар Ассамблеяның басты міндеттерінің бірі ретінде азаматтарды отансүйгішті қасиеттерге баулу мен жоғары адамгершілікті мәдениетті дамыту болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XI сессиясында мемлекеттің алдында тұрған басты мақсат - өркендеген көпұлтты Қазақстанды құру үшін азаматтық бейбітшілік пен келісімнің мемлекеттік саясатын, этносаралық және конфессияаралық диалогты нығайту қажет деп көрсетілген [173, 726.].

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда либералды дәстүрдің басымдыққа алынғанын 2007 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутатты Қазақстан Республикасының Парламентіне сайлауды енгізуде байқауға болады. Бұл өз кезегінде Қазақстан қоғамының демократиялану жолында үлкен қадам болып есептелді. Өйткені Қазақстан Республикасында осындай шара басқа дамыған елдерде қолданылмаған еді. Осылайша әрбір этностың мүдделері заңшығару билігінде қамтамасыз етіле бастағанының айғағы болып табылады.

Дегенмен де Қазақстан халқы Ассамблеясы ғалымдардың көптеген сындарына ұшырады. Бастапқыда құрылу идеясы жақсы болғанымен айтарлықтай қызмет істей алмады. Бірақ жалпы ұрпақты тәрбиелеуші, жетектеуші ұлттық интеллигенция мен беделді тұлғаларды атасақ, Ассамблеяға мүше болған этнос өкілдерінің көпшілігі сол әрбір этностың беделді тұлғалары болды. Бұл өз кезегінде этностардың бейбіт өмірде жұмылуының факторы ретінде қарастырылады.

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауларында көрініс тауып отырды.

2012 жылдың өзінде мемлекетте толеранттылық пен ұлтаралық біртұтастық, келісімді насихаттау жолында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің өзі Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс XVIII сессиясын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен «Тұрақтылық, бірлік, модернизацияның қазақстандық жолы» күн тәртібімен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XIX сессиясын, АӨСШҚ мемлекеттерінің толеранттылық мәселелері жөніндегі азаматтық форумын, «Шаңырақ» этножурналистиканың республикалық конкурсын және т.б. өткізді. Сондай-ақ жыл сайын аталған мемлекеттік құрылым үкіметтік емес ұйымдарға қолдау ретінде этносаралық және конфессияаралық келісімді дәріптейтін жобаларды, конкурстарды жариялайды.

Қазіргі таңда елде этносаралық қатынастарды реттеуде қазақ ұлтына өзіндік миссияны орындау міндеттелді. Қазақ ұлты мемлекетқұраушы ұлт ретінде елдегі бірлік пен келісім, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, сақтауда үлкен борышқа ие болды. Бұл бір қырынан, қазақ ұлтына деген елді жұмылдырушы, тұрақтылықты қамтамасыз етуде жауапты рөл арттырғанын білдірсе, екінші кезекте ұлтшылдық, сепартистік пиғылдарды алдын алу шара ретінде қабылданады.

Өйткені, қазіргі жастардың бойында айтарлықтай ұлттық құндылықтар қалыптасып, отансүйгіштік қасиеттер байқалуда. Ал осы орайда азаматтық бірегейлік ұлттық құндылықтар мен ұлттық сананың негізінде ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастыруда үлкен рөл ойнайды.

Тәуелсіздік туын жаңадан желбіреткен Қазақстан егемендік ала салып өзін демократия мемлекет ретінде жариялауы өз алдына көптеген іс-шараларды, міндеттерді орындауды мақсат етіп қойды. Елде демократиялық институттар пайда болып, саяси жүйе күрделі трансформацияға ұшырады. Осы орайда демократиялық мемлекет құруда елдің бірлігі мен тұрақтылығына аса зор назар аударылғандығы бекер емес.

Демократиялық жүйе демократиялық мемлекет, демократиялық қоғам мен демократиялық тұлға сияқты ұғымдардың жиынтығы ретінде өзінің өміршеңдігінде жүйенің бірілігі мен дамуы маңызды болып есептеледі. Ал олар өз кезегінде әлеуметтік және саяси тұрақтылық арқылы жүзеге асады. Жүйенің демократиялық жолда дамуы азаматтардың саяси сауаттылығы мен тәрбиесі арқылы қамтамасыз етіледі [143, 71б.].

Сондықтан мемлекеттегі халықтың азаматтық тәрбиесіне үлкен мән беру қажет. Ал ол тәрбие бірінше кезекте патриоттық сезімнің негізінде қоғамға мүше болудан басталады.

Аталған жолда этносаралық қатынастарды реттеудің «қазақстандық жолы», яғни қазақстандық ұлтты, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру өзіндік жағымды үлес қосты деп айтуға болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларында «Құрметті, қазақстандықтар» деп бастауының үлкен маңызы бар. Бұл барлық азаматтарға ортақ бірегейлікті қалыптастырудың алғышарты ретінде қарастырылады.

Осылайша мемлекетте азаматтардың бірегейлігінің трансформациясы кезінде көп дәріптеліп жүрген «қазақстандық ұлтты» қалыптастыру өз кезегінде елдегі тыныштықты сақтауға көп үлесін тигізді деуге болады.

Азаматтардың бірегейлігі уақыт өте келе, заман ауыса келе өзінің даму шырқына жетіп, өзгерістерге ұшырап отыр. «Біз қазақстандықтармыз» идеясы өзінің өзектілігін жоғалтып бара жатыр. Қазіргі таңда сол идеяны алмастыратын уақыт жеткен сияқты.

Осы орайда азаматтық бірегейлікті келесі сатыға көшіруде «Ел бірлігі доктринасын» талқылау мен қабылдауда қиыншылықтар кездескені де заңдылық болып табылады.

Екінші талқылаудан кейін ғана қабылданған «Ел бірлігі доктринасында» «қазақстандық ұлт» терминін пайдаланбауы күн тәртібіне қойылған еді. «Ел бірлігі доктринасының» соңғы нұсқасында «Қазақстан Республикасы қазақ халқының сан ғасырлық мемлекеттілігінің құқықтық, тарихи жалғыз дара мұрагері және оның саяси, мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасы болып табылады. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттілігін күшейту жолындағы барлық шараларды атқарады.» делінген [176].

Қорытындылай келе қазақстандық бірегейліктің өзекті мәселелер қатарында тұрғандығы байқалады. Сонымен қатар қазақстандық бірегейліктің құрамдас компоненттерін анықтау мақсатында көптеген ірі зерттеу мен талқылауды қажет ететіндігі көрінеді. «Қазақстандық ұлт», «қазақстандық бірегейлік» ұғымдары әр түрлі тұрғыда талұыланады.

Контент-талдаудың қорытындысы бойынша орыс тілді және қазақ тіліндегі баспалардағы мақалалар екі түрлі құндылықтарды дәріптейтіні байқалады. Орыс тілді басылымдарда азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда түрлі этнос өкілдеріне еркіндік пен бстандық беру, мәдениеті, тілі дамуына жағдай жасау мәселелері жатуы керек деп тұжырымдаса, қазақ тілді

мақалаларда азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы төл этностың орны мен рөлі туралы көптеген пікірлер білдіріледі.

Сонымен бірге ұлт қалыптастырудағы мәселелер әр түрлі көзқарастар қырынан қарастырылады. Бұл өз кезегінде мемлекеттегі ортақ қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан қазақстан қоғамының ортақ азаматтық бірегейлігінің индикаторларын анықтап, құрамдас компоненттерге ерекше мән беру қажет. Барша қазақ және орыс тілді азаматтар, түрлі мәдениет пен этнос, конфессия өкілдерін жұмылдыратын құндылықтарды жетілдіру қажеттігі байқалады.

3. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

3.1 Қазақстан қоғамының бірегейлік иерархиясындағы азаматтық бірегейліктің орны

Азаматтық бірегейлік елдің әлеуметтік және саяси тұрақтылығының кепілі ретінде қоғамда алар орны өте зор. Ол халықты тек біріктіріп қана қоймай, мемлекет дамуына өз септігін тигізеді. Сондықтан Қазақстан азаматтарының санасында азаматтық бірегейліктің жоғары тұруы өз кезегінде жағымды тұстарымен сипатталады. Әр мемлекет өтпелі кезеңде өзінің азаматтық бірегейлігінің құрылымын өзі анықтайды. Бұл бір қырынан азаматтық бірегейліктің саяси жүйені қолдаудың механизмі ретінде қабылданады. Өйткені азаматтық бірегейлік азаматтардың бір мемлекетке тек қана субъективті пассивті тиістілігін ғана білдіріп қоймай, оның ұлттық демократиялық болып дамуына елеулі үлесін қосады.

Әрине, ғылымда демократиялық жолды таңдаған мемлекеттер демократиялық принциптерді басшылыққа ала отырып, оның ішінде еркіндік, таңдау бостандығы сияқты категорияларды ұстануы өз кезегінде азаматтарға белгілі бір бірегейлік түрін күштеп дамыту немесе мойындату мәселелері сынға алынады. Дегенмен де қандай да болмасын өзін шынайы демократиялық мемлекет ретінде жария еткен мемлекеттерде сол азаматтық бірегейліктің нығаюы, беріктігі байқалады. Бұл жердегі мәселе бір мемлекеттің азаматы болудың астарында бірнеше анықтамалардың болуын меңзейді. Мысалға, Қазақстан Республикасының азаматы болу мемлекеттің заңдарын сақтау, борыштарды орындау, нормативтік, құқықтық базаны білу, қоғамдық-саяси іс-шараларға белсенді араласу, мемлекеттік тілді жетік меңгеру сияқты әрекеттермен анықталады. Бұл демократияның орнығуына, азаматтардың мүдделерінің мемлекет мүдделерімен ортақтасуына септігін тигізеді. Сондықтан азаматтық бірегейлік деңгейіне үнемі мониторинг жүргізіліп отырылуы тиіс.

Сонымен қатар азаматтық бірегейліктің деңгейі елдегі әлеуметтік және экономикалық жағдайға да тығыз байланысты болып келеді. Өйткені, экономикалық және әлеуметтік жағдайға қанағат тұтпаған азаматтардың төмен азаматтық бірегейлігі байқалып, көші-қон көңіл-күйі орын алады. Жалпы жоғары азаматтық бірегейлік мемлекетке, билікке деген сенімнің жоғарылауымен арта түседі.

Азаматтық бірегейліктің Қазақстан үшін өзекті болып қазіргі кезеңдегі қазақстан қоғамын біріктіретін идеяны қалыптастыру, дамыту мен нығайту қажеттілігімен түсіндіріледі. Оның үстіне қоғамды ары қарай демократияландыру халық мүддесінің мемлекеттің даму мүддесімен тұспа-тұс келу, мемлекеттік саясатты қолдайтын азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігімен де айқындалады.

Ал этностардың азаматтылығына саяси, экономикалық және мәдени мәселелерді шешу барысында үдемелі коммуникация арқылы қол жеткізуге болады [178].

Сондықтан бір ұлттың қалыптасуы туралы сөз қозғағанда ол ұлттың тек қана субъективті санасына назар аудармай, шынайы өмірде мәселелерді ортақтаса отырып шешу қабілетіне де мән берген жөн. Ал азаматтардың саяси шешімге араласуы мемлекеттік билікке деген сенім арқасында жүзеге асатынын естен шығармаған жөн.

Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық бірегейлік деңгейі, сондай-ақ азаматтардың мемлекетке, билікке деген сенімін анықтау мақсатында 2013 мамыр-маусым айларында әлеуметтік сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама 1600 респондентті қамтып, квотты іріктеу талабы бойынша өтті. Квотты іріктеу еліміздің аймақтары, ауыл/қала, халықтың жасы, жынысы, ұлты бойынша анықталды.

Азаматтардың субъективті бірегейлік иерархиясын анықтау мақсатында ғылымда әмбебап қолданылатын «Мен кімін?» деген сауал қойылды. Респонденттер ашық жолдарға ойларына бірінші келген жауапты жазу ұсынылды. Осылайша, жауаптардың рейтингісі келесідегідей болды.

Жалпы адамзаттық бірегейлік	22,2
Кәсіби бірегейлік	20,2
Отбасылық бірегейлік	15,2
Азаматтық бірегейлік	15
Ұлттық бірегейлік	11,4
Діни бірегейлік	8,8
Жыныстық бірегейлік	7,2

Сурет 4 – Қазақстан халқының бірегейлік иерархиясы (%)

Сауалнаманың нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтары «Мен ...» деген сауалға бірінші кезекте «мен адаммын» деген жауап беріп, өздерін жалпы адамзаттық бірегейлікпен байланыстырады екен (22,2%). Бірегейлік иерархиясында екінші орынға кәсібилік бірегейлік орналасты (20,2%). Бұл орайда респонденттер өздерін иемденетін әлеуметтік категориялар, топтар, лауазымдар арқылы анықтады. Отбасылық бірегейлік (15,2%) бірегейлік иерархиясында бастапқы үштіктің қатарына қосылды. Респонденттер өздерін туыстық, бауырластық тиістілікпен байланыстырды.

Біздің зерттеуіміздің объектісіне айналған азаматтық бірегейлік тек төртінші орынды иемденді (15%). Аталған жағдай азаматтық бірегейліктің азаматтардың санасында аса маңызды орындардың қатарына табылмайтынын көрсетеді. Дегенмен, назар аудартатын жағдай, азаматтық бірегейлік зерттеуіміздің бірегейлік иерархиясында ұлттық бірегейлік (11,4%), діни бірегейлік (8,8%) және жыныстық бірегейліктің (7,2%) көрсеткіштерінен жоғары тұр. Ол азаматтық бірегейліктің қазіргі таңда кішігірім бірегейліктерден басым екендігін көрсетеді.

Аталған сауал азаматтардың субъективті, ішкі сезімін, тиістілігін көрсетеді. Осылайша жалпы адамзаттық бірегейліктің бірінші болуы психология тұрғысынан құпталады. Сонымен қатар ол бір қырынан гуманистік қасиеттердің және ұжымдық тиістіліктің, сана-сезімнің бар болуын білдіреді. Ал екінші орындағы азаматтардың әлеуметтік мәртебесі елдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелері өзекті болуын білдіреді. Сонымен қатар, шығыс халықтарына тән қасиет отбасылық бірегейлік қоғамдағы туыстық, бауырластықтың тереңдеп, индивидуалдық сана-сезімнің орнына ұжымдық сананың басым болуын көрсетеді. Ал ұжымдық бірегейліктің келесі бір түрі ретінде азаматтық бірегейлік қоғамдағы патриоттық, елдің болашағы, өркендеуіне деген алаңдаушылықтың негізінде артты деуге толық негіз бар.

Өйткені, әлеуметтік сауалнамамыздың азаматтарға қойылған «Қандай жағдайда өзіңізді мемлекеттің азаматы ретінде сезінесіз?» деген келесі сұраққа респонденттердің 45,1% болатын оқиғаларға байланыссыз әрқашан сезініп жүремін десе, халықтың 22,1% «елдің жеңістері мен жетістіктерін естіген кезде» деп жауап берді.

Елдің жеңістері мен жетістіктерін естіген кезде	22,1
Әрқашан сезінемін	45,1
Жаңалықтар көріп, мемлекет үшін уайымдаған кезді	16,4
Төл құжаттың болуы	3,6
Шет елге шыққан жағдайда	9,7
Сезінбеймін	3,1

Сурет 5 - «Қандай жағдайда өзіңізді мемлекеттің азаматы ретінде сезінесіз?» (%)

Респонденттердің мемлекеттің азаматы ретінде өзін сезінуі шет елге шыққан жағдайда жүзеге асса (9,7%), халықтың 3,1% мемлекеттің азаматын растайтын төл құжаттың болуы ғана жеткілікті екен. Ал азаматтардың 3,1% өздерін мүлдем мемлекеттің азаматы ретінде сезінбеймін деп жауап берген.

Соңғы кездегі халықаралық деңгейдегі өтіп жатқан спорттық жарыстар, олимпиадалар, сондай-ақ түрлі байқаулар елді жұмылдырушы фактор ретінде рөл ойнаған. Осындай іс-шаралар бұрын өтіп жатқанымен отандастар айтарлықтай үлкен жеңістерге қол жеткізбеген болатын. Ал қазіргі кезеңде қысқы Ақия олимпиадасы, Лондонда өткен спорт олимпиадаларында біздің жерлестердің жеңіспен оралуы Қазақстан Республикасының барша азаматтары үшін мақтаныш сезімін ұялатып, елді ортақ мүддеге итермелейді. Сонымен қатар, республиканың соңғы онжылдықтарында экономикалық жағынан өсуі, халықтаң әл-ауқатының артуы да елеулі үлес қосты деуге болады.

	Елдің жеңістері мен жетістіктері н естіген кезде	Әрқашан сезінемі н	Жаңалықта р көріп, мемлекет үшін уайымдаған кезді	Төл құжатты ң болуы	Шет елге шыққан жағдайда	Сезінбеймі н
Қазақ	20,1%	51,0%	15,4%	3,4%	6,7%	3,4%
Орыс	34,6%	19,2%	23,1%	3,8%	19,2%	
Басқа ұлт өкілі	20%	35%	15%	5%	20%	5%

Сурет 6 - «Қандай жағдайда өзіңізді мемлекеттің азаматы ретінде сезінесіз?» (ұлт бойынша)

Ұлт өлшемі бойынша қазақ ұлтының 51%-ы және басқа ұлттардың 35%-ы «әрқашан сезінемін» деген жауапты таңдап өздерінің отансүйгіштік қасиеттерімен көзге түссе, орыс ұлтының өкілдері (34,6%) өздерін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде елдің жеңістері мен жетістіктерін естіген кезде ғана сезінеді екен. Ал басқа ұлт өкілінің 5%-ы өздерін ешқашан Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сезінбейтіндігін айтты. Бұл өз кезегінде патриоттық сезімнің деңгейін көрсетеді. Қазақ ұлты басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда өздерінің әрқашан патриоттық сезімі болатындығын айтады. Бұл патриоттық сезім туа бітісімен қалыптасады деуге болады. Өйткені, мемлекет үшін уайымдау, болашағына үлес қосу үшін мемлекет тарапынан ешқандай да әрекет жасалмаған жағдайда да көрініс табатынын көрсетті. Сол себепті мемлекетке ұлтқа деген патриоттық сезім басқа ұлт өкілдеріне де үлгі ретінде қалыптастыру қажет. Өйткені тек төл этнос өкілдері ғана өз мемлекетінің болашағына шынайы қамқор бола алады.

Дегенмен де, Қазақстан халқының 75,9%-ы өздерін шынайы Қазақстан Республикасының азаматы ретінде есептейді. Респонденттердің 16,9% ғана өздерін елдің азаматы ретінде сезінсе, 5,1% сұраққа жауап беруден бас тартып, 2,1% елдің азаматы ретінде сезінбейтінін жеткізді.

Кесте 8 – «Сіз өзіңізді мемлекеттің толыққанды азаматы ретінде сезінесіз бе?» (%)

Иә, мен мемлекеттің азаматымын	75,9
Кейде есептеймін	16,9
Жоқ	2,1
Жауап беруге қиналамын	5,1

Бұл реттегі азаматтылықты сезіну тек объективті тұрғыдан сипатталуы мүмкін. Мысалға сол мемлекетте туылып, тұрғандықтан азаматымын дегендей. Бірақ та мемлекет үшін азаматтылықтың субъективті, эмоциялы болғаны құпталады.

Респонденттердің жас көрсеткіші бойынша «Сіз өзіңді мемлекеттің толыққанды азаматы ретінде сезінесіз бе» деген сауалға толыққанды ҚР азаматы ретінде жастардың (77,9%) сезінетіндігі анықталды. Бұл әрине жастардың бойындағы болшаққа деген сенімділік пен күш-қуат пен отансүйгіштіктің шыңға жеткен дәрежесі ретінде қарастыруға болады. Өйткені, кез-келген мемлекетте болсын кез-келген уақытта жастар өздерінің амбициялық қасиеттерімен ерекшеленеді. Осы уақытқа дейінгі елдегі, көрші мемлекеттегі қоғамдық, саяси мәселелерге жастардың белсенді араласатындығы дәлел болып табылады. Әрине, кейде жастардың белсенділігін, сөзге ілесушіліктерін кейбір саяси күштер өздерінің пайдасына жарытып жататындығын естен шығармаған жөн.

Дегенмен де жастардың бойында қазір Отанға деген сүйіспеншілік, мемлекеттің болашағына деген алаңдаушылық байқалады.

Азаматтық бірегейліктің төмен дәрежесі 30 бен 39 жас аралығындағы азаматтардың бойында анықталған (65%). Бұл аталған жас көрсеткішіндегі азаматтардың өмірдегі күйбелең тіршіліктің артында қалып, жеке бастың мүдделерінің басымдыққа ие болатын кезбен түсіндіріледі.

Респонденттердің білім дәрежесіне шаққанда мемлекеттің толыққанды азаматы ретінде сезім білімнің жоғарыла бастаған сайын артатындығын көрсетеді. Осылайша, ең жоғарғы көрсеткіш жоғары білімді азаматтардың 80%-ында байқалады. Бұл азаматтардың жоғары оқу орындарында алатын білімдерінің маңыздылығы мен құқықтық сананың артуының нәтижесі ретінде қарастырылады.

Ал аяқталмаған орта білімі бар азаматтардың 40%-ы ғана өздерін толыққанды азамат ретінде сезінеді.

Азаматтардың азаматтық бірегейліктерінің көрсеткіші халықтың елден басқа шет елге көшіп кету ниеттерінде көрініс табады.

Өйткені елге деген сүйіспеншілік, отансүйгіштік қасиет шет елге көшіп кету ниетінде анық байқалады. Сондықтан респонденттерге «Басқа елге көшіп кетуді қалайсыз ба?» деген сауал қойылды.

Кесте 9 – «Басқа елге көшіп кетуді қалайсыз ба?», (%)

Жоқ, осы елде қалғым келеді	43
Басқа елге кеткім келеде, бірақ уақытша ғана	42,1
Бір жола көшіп кеткім келеді	9,7
Жауап беруге қиналамын	5,1

Респонденттердің 43%-ы өздерінің болашағын Қазақстан Республикасымен тығыз байланыстыратынын көрсетті. Ал 42,1% уақытша, белгілі бір уақытқа ғана оқу немесе жұмыс сапармен кеткісі келетіндіктерін білдірді. Халықтың 9,7% мемлекеттен шет елге біржола көшіп кетуді қалайтындықтарын айтты. Ал 5,1% респондент мүлде жауап беруден бас тартты.

Жас көрсеткіші бойынша аталған сұраққа «жоқ, осы елде қалғым келеді» деген жауапты көбіне 40 жастан асқан респонденттер жауап берді. Бұл бірінші кезекте, аталған жас аралығында материалдық, тұрмыстық жағдайдың тұрақталуымен түсіндіріледі.

Уақытша ғана шет елге кетуді қалайтындардың арасында 40 пен 49 арасындағы және 18 бен 29 аралығындағы жастардың табылатындары байқалады. Кейінгілері қазіргі таңда әртүрлі мемлекетаралық білім гранттарының, шет ел жоғары оқу орындарында білім алудың мүмкіндіктерінің бар болуымен түсіндіріледі.

Ал 50 мен 59 жас аралығындағы және 30 бен 39 жас аралығындағы респонденттер мүлдем Қазақстан Республикасынан көшіп кетуді қалайтындарын білдірді. Сонымен қатар, аталған респонденттердің категорияларындағы білім деңгейі аяқталмаған орта болып табылады. Ал уақытша кетуді қалайтындардың білімі - аяқталмаған орта. Білімі жоғары респонденттер өдерінің елден мүлдем кеткісі келмейтінін байқатты.

Кесте 10 – «Басқа елге көшіп кетуді қалайсыз ба?» (респонденттердің ұлты бойынша, %)

	Жоқ, осы елде қалғым келеді	Басқа елге кеткім келеде, бірақ уақытша ғана	Бір жола көшіп кеткім келеді	Жауап беруге қиналамын
Қазақ	48	47,3	2,7	2
Орыс	31,2	19,2	30,4	19,2
Басқа ұлт	20	37	33	10

Төл қазақ ұлты сауалнаманың нәтижесінде Қазақстан Республикасынан белгілі бір мақсаттармен аз уақыт аралығына ғана кетуді қалайтын болса (47,3%), қазақ халықының жартысына жуығы (48%) «жоқ, осы елде қалғым келеді» деген жауапты таңдаған болатын.

Елден біржола көшіп кетуді қалайтындардың алдыңғы легінде басқа ұлт өкілдері тұр (33%). Сонымен қатар орыс ұлтының 30,4%-ы өз болашақтарын Қазақстанмен байланыстырмайтындығын көрсетті.


Айта кететін жағдай, сауалнама шеңберінде сұрақтар респонденттің қарым-қатынас жасау тіліне байланысты талданған болатын. Сауалнама нәтижесінде өз этносының тілінде сөйлейтін азаматтар Қазақстаннан біржола көшіп кетуді қалайтындықтарын білдірген болатын. Бұл бір қырынан көп жағдайда өз этносының тілінде сөйлеу нәтижесінде пайда болған лингвистикалық барьердің әсері ретінде қабылдасақ, екінші тұрғыдан қазіргі кезеңдегі қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде кең таралуының нәтижесі ретінде айтуға болады.

Кесте 11 – «Басқа елге көшіп кетуді қалайсыз ба?» (респонденттердің қарым-қатынас жасау тіліне байланысты, %)

	<i>Жоқ, осы елде қалғым келеді</i>	<i>Басқа елге кеткім келеде, бірақ уақытша ғана</i>	<i>Бір жола көшіп кеткім келеді</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
Қазақ тілі	54,1	41,8	3	1,1
Орыс тілі	30	42,1	17,1	10,8
Өз этносымның тілі	4,5	18	77,2	0,3
Екі тілде (Орыс және қазақ тілдерінде) бірдей	40	53,3	6,7	0

Қазіргі қоғамда атап айтсақ, 2009 жылдан бері көптеген жарияланымдарда дау көтеріп жүрген ««қазақстандық» терминін қалай қабылдайсыз?» деген сауал қойылды. Бұл орайда халықтың пікірі екі жаққа бағытталғандығын көруге болады. Өйткені респонденттердің жартыға жуығы «қазақстандық» терминін жағымды қабылдаса, 33,8% халық негативті тұрғыдан қарастырады екен.

Сауалнама жүргізу барысында респонденттердің көпшілігі жоғарыда көтерілген мәселеден бейхабар екендігін көрсетті. Көпшілігі «қазақстандық» ұғымының астарында ешнәрсе жоқ, халықты біріктіретін ұғым ретінде қабылдаса болады деген пікір білдіріп жатты. Бұл сонымен қатар халықтың «қазақстандық», «қазақстандық ұлт» төңірегінде жағымды ойдың көрінісін білдіреді. Өйткені, Қазақстан азаматтарын қазақстандықтар деп атағаннан басқа анықтаманың болуы да мүмкін болмайтынын көрсетеді. Яғни, қазіргі таңда қазақстандықтар бүкіл елдің азаматтарының ортақ анықтамасы ретінде қабылданады. Бұл орайда азаматтарды «қазақтар» деп атаудың әлі ерте деп есептейміз. Өйткені, қазақтар деп бүкіл қоғамды анықтау үшін ішкі қазақ этностық интеграциясының нәтижесі ретінде бірегей қазақ ұлтының бірегейлігі нық қалыптасуы қажет. Сонымен қатар, елді біріктіруде қазақ этностық құндылықтар мен мәдениет, тілдің мәртебесі жоғары болып, ұлтты қалыптастырып, жұмылдыратындай қабілеті болуы қажет. Ал ол тек қазақ этносының біріккен күшті қауымдастық болып қалыптасқаннан кейін мүмкін болады.



Сурет 7 – «Қазақ интеллигенциясында көптеген наразылық тудырған «қазақстандық» терминін қалай қабылдайсыз?», (%)

Әр этностың идеясы ұлттық деңгейге көтеріліп, ұлттық- мемлекеттік идеяның мақсаттарымен ұштасып жату керек. Қазақстандағы төл этностың идеясы өзін сақтап қалып, өз атамекенінде басым этносқа айналып, дамып, еліміздегі тұрақтылықты нығайтып, толерантты қоғамда жақсы өмір сүріп, еңбек етіп, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін мәдениеті мен ғылымын, әдебиеті мен өнерін, рухани мұрасын дамытуға мүмкіндіктер алу болып отыр. Бұл идеялар төл этностың идеясына айналу үшін төл этностың әр өкілі осыны қолдап, бұл менің этносымның идеясы болуға тұрарлық деу қажет. Керек болған жағдайда ол өз идеяларын қорғай алуы да керек [113, 106.]. Сондықтан төл этностың салт-дәстүр, мәдениет, тілімен қатар тарихтың да ұлтты біріктіруде рөлі зор.

Бүкіл әлемде елді біріктіру мен жұмылдыруда тарихтың орны ерекше екені баршаға мәлім. Ұлттық тарихи сана азаматтық бірегейліктің сонымен қатар азаматтарға қазіргі кезеңде маңыздылығын анықтау мақсатында «Қазақстанның қандай тарихи оқиғалары қазақстан қоғамы үшін маңызды?» сауалы қойылған болатын.

Сауалнама нәтижесінде Қазақстан азаматтары үшін бірінші кезекте Қазақстан Республикасының құрылуы маңызды болса (31,8%), екінші орында респонденттердің 27,2%-ы Қазақ хандығының құрылуы беделді тарихи оқиға болып табылады деп есептейді. Бұл өз кезегінде ұлттық сананың нығаюының көрінісі ретінде қарастырылады.

Кесте 12 – «Сіздің ойыңызша, Қазақстан қоғамы үшін Қазақстан тарихында қандай тарихи оқиғалар маңызды болып табылады?» (%)

Моңғол басқыншылармен күрес	7,2
Қазақ хандығының құрылуы	27,2
Ұлт-азаттық қозғалыстар	6,7
Ресей құрамына кіру	5,6
Қазақ КСР құрылуы	4,6
Қазақстан Республикасының құрылуы	31,8
Халықаралық ұйымдарға қатысу	8,7
Жауап беруге қиналамын	8,2

Ұлт өлшеміне келетін болсақ, қазақ ұлтына Қазақстан Республикасының құрылуынан да қазақ хандығының құрылуы маңызды тарихи оқиға болып табылатыны байқалады. Бұл қазақтардың өздерін байырғы ұлттық хандықпен тығыз байланыстыратынын көрсетеді. Сондықтан қазақ ұлтты біріктіру жолында қазақ хандарын, батырларын, билерін негізге ала отырып, ұлттық идеяны құру елді біріктіруде үлкен рөл ойнауы мүмкін болып есептеледі. Сонымен қатар, біздің ойымызша, Қазақстан тарихын дәл Тәуелсіздік күнінен емес, қазақ хандығының құрылуынан бастауы елдің ұлттық санасын қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті дамытуда үлес қосады.

Орыс ұлты үшін бірінші кезекте Қазақстан Республикасының құрылуы емес, Қазақстанның халықаралық ұйымдарға мүше болуы үлкен маңызды

тарихи оқиға болып табылатыны байқалады. Бұл орыс ұлт өкілдерінің әлі де болса санасында Одақ мемлекеттердің азаматы болу бірегейлігінің басым екендігін көрсетеді.

	Моңғол жаулаушылармен күрес	Қазақ хандығының құрылуы	Ұлт-азаттық қозғалыстар	Ресей құрамына кіру	Қазақ КСР құрылуы	Қазақстан Республикасының құрылуы	Халықаралық ұйымдарға қатысу	Жауап беруге қинал амын
қазақ	6,7%	34,2%	8,7%	3,4%	3,4%	32,2%	4,7%	6,7%
орыс	11,5%	3,8%		11,5%	7,7%	23,1%	26,9%	15,4%
басқа ұлт өкілі	1,3%	5,0%	0,4%	15,4%	11,0%	37,3%	14,7%	14,9%

Сурет 8 – Сіздің ойыңызша, Қазақстан қоғамы үшін Қазақстан тарихында қандай тарихи оқиғалар маңызды болып табылады? (ұлт бойынша)

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттік тілдің рөлі зор. Ал оның қазіргі кезеңде елді жұмылдыру функциясын атқара алуы мемлекеттік тілдің халық арасындағы маңыздылығына тікелей байланысты болып келеді. Зерттеу қорытындысы бойынша қазақ ұлты үшін мемлекеттік тілдің маңызы өте зор болып есептеледі. Бұл мемлекеттік тілді қазақ егеменділігінің құралы ретінде айқындауды білдіреді. Өйткені, кез-келген қоғамның бірігуі тілдік интеграция арқылы жүзеге асады. Қазақ тілінің маңыздылығы қазақ этносының маңыздылығымен барабар. Өйткені, тіл этностық айқындаудың құралы. Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, оның ішінде қазақ бірегейлігін қалыптастыру мақсатында тілдік ортақтықты, мемлекетті қазақ тілінің кеңістігіне аудару қажет. Бұл мемлекет тарапынан көптеген әрекеттерді талап етеді. Қазіргі таңда қазақ тілінің таралуына, меңгерілуіне байланысты көптеген шаралар атқарылып жатыр. Дегенмен де бұлардың барлығы біздің ойымызша жеткіліксіз. Ал қазақ ұлтының қазақ тіліне деген қажеттілігі айқын. Яғни, қазақ этносы жағынан қазақ тілін дамытуда барынша қолдау көрсетілетіні байқалады.


Ал орыс және басқа ұлт өкілдері үшін мемлекеттік тілді білу қазақ ұлтының жауабымен салыстырғанда маңыздылығы төмен болып табылады. Олар мемлекеттік тілді тек кейбір жағдайларда ғана маңызды деп есептейді. Сонымен қатар елеулі басқа ұлт азаматтар тобы үшін мемлекеттік тіл ешқандай маңызға ие еместігін жеткізді.

Кесте 13 – «Мемлекеттік тілді білу қаншалықты маңызды?»

	Ерекше маңызға ие	Тек кейбір жағдайларда ғана маңызды	Жоқ, маңызды емес	Жауап беруге қиналамын
Қазақ	87,9%	8,1%	1,3%	2,7%
Орыс	30,8%	26,9%	23,1%	19,2%
Басқа ұлт өкілі	20,0%	40,0%	30,0%	10,0%

Азаматтық бірегейліктің мазмұнын азаматтардың өзін мемлекеттің болашағымен тығыз байланыстыру ғана ашады. Сол себепті азаматтық бірегейлік деңгейін анықтау мақсатында халықтың өз Отанына деген қамқорлығын анықтау қажет. Сондықтан респонденттерге «Болашаққа деген жоспарыңыз қандай?» деген сауал қойылды.

Сауалнама нәтижесінде тұрғындардың 62,6% - ы өз болашақтарын қоғамға қызмет ету, Қазақстанның дамуы мен өркендеуіне үлес қосумен байланыстырады. Ал респонденттердің 35,4% жеке тұрмыс жағдайын жақсартуға тырысып бағатынын айтты. Көші-қон ниетін тек 1,5% азаматтар білдірді.



Сурет 8 –«Болашаққа деген жоспарыңыз қандай?» (%)

Сауалнама қорытындылары бойынша азаматтық тәрбиені бірінші кезекте азаматтар отабасынан алатындары анықталды. Қазіргі кезеңде отбасы тәрбиесіне үлкен мән беріліп, отбасы институты күшейтілуі қажет екендігін дәлелденді.

Сонымен қатар азаматтардың әлеуметтенуіне білім беру мекемелері зор үлесін қосатындығы байқалады. Үшінші орында азаматтық бірегейлікті

калыптастыруда бұқара ақпарат құралдарының тұруы да өз кезегінде әсер етуші фактор ретінде қабылдау мүмкіндігіне ие болатынын көрсетеді.

Кесте 14 – «Сіздің азаматтылығыңыз бен көзқарастарыңызға қандай факторлар әсер етті?»

Отбасы	37,8%
Мектеп, институт	24,1%
Бұқара ақпарат құралдары (телеарналар, радио, баспа, интернет)	16%
Жолдастар, замандастар, таныстар	11,2%
Саяси партиялар, жастар ұйымдары, түрлі үйірмелер	5%
Жауап беруге қиналамын	5,9%

Қазіргі таңда барша әлемде осы жоғарыда айтылған мәселені жүзеге асыру үшін түрлі мемлекет, азаматтық қоғам институттарының ұйыса отырып, іс-әрекет етуі шарт болып отыр. Қазіргі демократиялану тенденциясы төңірегінде бір қырынан азаматтық бірегейлікті дамыту өз бетінше жіберумен сипатталмай, керісінше, азаматтық бірегейліктің мемлекет тарапынан демеп, қолдау көрсету қажеттігін білдіреді. Азаматтылықтың қалыптасуына отбасының әсері жоғары екендігін айта келе, Қазақстанда отбасы институтына үлкен мән берілуі қажет деп есептейміз. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарғысы бойынша қазан айында «Отбасы күнін» атап өту аталған мәселе жолында үлкен тиімділік әкелуі сөзсіз. Дегенмен де отбасы тәрбиесінде азаматтылық құндылықтарды барынша дамыту мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажеттілігін білдіреді.

Азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда, яғни азаматтарды әлеуметтендіруде білім беру ұйымдарының орны мен рөлін қозғай отырып, олардың толыққанды азамат қалыптастыруда назар аудару қажет. Бұл орайда біздің ойымызша, кеңестік жүйені үлгі ретінде алуға болады. Яғни, мемлекетке деген тиістілікті жас кезінен, мектеп қабырғаларынан бастап бойға дарыту.

Азаматтық бірегейліктің патриоттық компоненті өз мемлекетіне «Отан Ана» ретінде отансүйгіштік сияқты қасиетінің болуы елдің даму болашағына үлкен серпіліс беретіні анық. Осы орайда Қазақстан халқының басым көпшілігі өз мемлекетіне деген мақтаныш сезімінің жоғары болуымен сипатталады. Әлеуметтік зерттеу қорытындысы бойынша респонденттердің 89,7% Қазақстан үшін мақтаныш сезімде болатынын білдіреді.

Ал сол мақтаныш сезімді респонденттердің ширек жартысы «мемлекеттің дамуы мен өркендеуі» атты жауапты таңдады. Сонымен қатар қазіргі қазақстан қоғамы үшін мемлекеттің әлемдік аренадағы рөлі үлкен маңызға ие болатыны байқалады. Бұл Қазақстанның соңғы онжылдықта әлемдік кеңістікте өзін халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісі болып қалыптасуы, сондай-ақ көптеген ірі халықаралық ұйымдарда төрағалық етуі, халықаралық тұрақтылықты орнатудағы бастамалары қоғам санасында жағымды пікір

қалыптасқандығын көрсетеді. Аталған элементтер мемлекет тарапынан және де бұқара ақпарат құралдары арқылы кең насихатталуы да өз үлесін тигізді деп айтуға болады.

Кесте 15 – «Келесілердің қайсысы мемлекетке деген Сізде мақтаныш сезімді оятады?», (%)

Мемлекеттің әлемдік аренадағы рөлі	20,5
Рухани құндылықтар	17,4
Спорт жетістіктері	12,8
Мемлекеттің дамуы мен өркендеуі	25,6
Экономикалық дамуы	4,1
Саяси тұрақтылық	9,2
Ешнәрсе	5,6
Тарих (ата-бабамыздың жетістіктері)	1,5
Барлығы	3,1

Сонымен қатар респонденттердің 17,4% қоғамда мақтаныш сезімді рухани құндылықтар оятады деп есептейді. Бұл бір қырынан қазіргі таңда елдің этносаясаттағы басты жетістігі этносаралық келісім мен толеранттылықтың жоғары деңгейімен түсіндірілсе, екінші қырынан қазақ қоғамының қонақжайлылығымен, өзіндік этностық санадағы басты рухани құндылықтарының жоғары болуымен анықталады. Өйткені, ұлт бойынша рухани құндылықтарды көбінесе қазақ ұлт өкілдері белгілеген болатын.

Халық санасында мемлекеттік биліке деген сенім мен үміт азаматтық бірегейліктің нығаюына үлкен септігін тигізеді. Сондықта да әлеуметтік зерттеу барысында сауалнамаға «Қазіргі биліктің жүргізіп отырған саясаты қаншалықты Сіздің ойыңыздан шығады?» секілді сұрақты енгіздік. Алынған нәтижелерге сәйкес, елде қазіргі таңда жүргізіліп жатқан биліктің саясатына, жұмысына халықтың ришалығы байқалады. Респонденттердің жартысынан көбі үшін биліктің саясаты ойынан шығаты, дегенмен де айтарлықтай жетіспеушіліктер барына назар аудартады. Билік жұмысымен азаматтардың қанағаттануы қазіргі таңда Қазақстанның әр қырынан даму жетістіктері өз әсерін көрсетеді. Өйткені, өткен жылдармен салыстырғанда қазақстандықтардың әл-ауқытаның жақсарғандығы, ішкі өнімнің көрсеткішінің артуы орын алған. Сол себепті азаматтардың басым бөлігі мемлекеттік билікті қолдайтындығын білдіреді.

Кесте 16 – «Қазіргі биліктің жүргізіп отырған саясаты қаншалықты Сіздің ойыңыздан шығады?», (%)

Толығымен қанағаттандырады	19,0
Қанағаттандырады, бірақ толық емес	54,9
Қанағаттандырмайды	26,2

Ал респонденттердің 26,2% үшін қазіргі билік тарапынан жүрігіліп жатқан іске көңілдері толмайтындығын байқатты. Жалпы халықтың билік саясатына көңілі толмауы немесе қанағаттанбауына мемлекет саясатындағы соңғы уақыттағы әлеуметтік-экономикалық реформалар мен өзгерістер әсерін тигізді деп айтуға болады. Яғни, азаматтар өздерінің наразылықтарын әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайлармен білдіруі мүмкін. Бұл соңғы кезеңдегі тұрғын үй мәселесінің шешілмеуі, зейнетақы жасының ұлғаюы, жәрдемақы төлемдірінің қысқарылуы және т.с.с. өз септігін тигізбей қоймады.

Сондықтан азаматтық бірегейліктің компоненті ретінде билікке деген сенімді арттыру мақсатында халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайларын жақсартуды басты міндет ретінде танып, халықтың мүддесін жоғару қою тиіс деп ойлаймыз.

Сонымен қатар мемлекеттік билік құрылымдарының халықтың қауіпсіздігі мен құқығын қамтамасыз ету жолында барлық әрекеттердің жүргізіліп жатқандығы өз нәтижелерін берді. Себебі, респонденттердің жартысына көбі билік қауіпсіздік пен құқықты қамтамасыз етіп отыр деп тұжырымдаған.

Кесте 17 – «Сіздің ойыңызша, билік Сіздің қауіпсіздігіңіз бен құқығыңызды қамтамасыз ете алады ма?», (%)

Ия	24,6
Мүмкін	34,9
Білмеймін	23,1
Жоқ	17,4

Әлеуметтік зерттеу қорытындысы көрсеткендей, азаматтық бірегейлік деңгейі төмен емес. Жалпы халықтың азаматтылық дәрежесі жоғары. Дегенмен де патриоттықты ұлтқа шаққанда төл этносының бойында жоғары екендігін көреміз. Сондай-ақ төл этностың этностық, ұлттық санасының жоғарылуы, жандануы байқалады. Оны мемлекеттік тілге, тарихқа қатысты, азаматтардың болашағын айқындау сұрақтарында байқаса болады.

Осылайша Қазақстан қоғамының азаматтық бірегейлігін қалыптастыру жаңа кезеңге өту қажеттігін көрсетеді. Бұл кезеңде барша қазақстан халқын, оның ішінде мемлекет құраушы қазақ этносының бірігуі мәселесі шешемін табуы қажет. Өйткені, қазіргі таңда азаматтық бірегейлік тек қана басқа ұлт өкілдері емес қазақ халқының бойында дамытуды талап етеді. Ұлттық саясатты жетілдірмейінше, қазақ ұлтының санасында өз этносының жағдайымен қанағаттанбау елде этносаралық қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Ал бұл орайда азаматтық бірегейлікті қалыптастыру үдерісі кезінде этностық көп түрлілік пен қазақ бірегейлігіне үлкен назар аудару қажет. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, келесі кезеңге өткізуде қазақ халқының мәдениеті, тілі, тарихын ескерген жөн. Ұлтшылдықты сыни көзқараспен қарауға алшақ болуымыз шарт. Өйткені кез-келген ұлтшылдық ұлттың (саяси мағынада) қалыптасып,

сақталуына негіз болады. Мәселені тек демократиялық жолмен шешіп, елде этносаралық қақтығыстардың алдын алу қажет.

3.2 Азаматтық бірегейліктің қалыптасуындағы қазақ бірегейлігінің орны

Қазіргі таңда Қазақстан халқының санасында «қазақстандық» ұлтүстілік бірегейлік қалыптасып келеді. Кеңестік бірегейліктен кейінгі адам санасына жақын аталған бірегейлік тез арада қалыптастып үлгерді деп айтуға болады. Дегенмен де қазіргі саяси шындық қазақстандық бірегейлігінің өзгеруі, мазмұнының баюы қажеттілігін көрсетеді. Қазақстан Республикасында ұлт біреуі – ол қазақ ұлты, ал қалғандары этностар болып табылады. Сондықтан Қазақстанды көпұлтты емес, полиэтносты деп атаған дұрыс деген тұжырымды алғаш рет философия ғылымдарының докторы, профессор Л.Байдельдинов ұсынған болатын.

Ғалымның пікірінше, қазақ ұлтының ұлт болып қалыптасуы үшін бірінші кезекте, қазақ ұлтының барлық қырынан бәсекеге қабілетті болуы қажет деген пікірді ұстанады. Сондықтан қазіргі кезеңде қазақ ұлтының елді жұмылдыру жолында өзінің бәсекеге қабілетті және толыққанды бір қауымдастық ретінде біріктіру мәселесі өзекті болып отыр.

Қазіргі таңда әдебиеттерде Қазақстанның тарихи қалыптасқан полиэтносты құрылымында төл этностың этнократиялық талпынысы тұрақсызданудың факторы ретінде қабылданады, ал оның катализаторы ретінде этностық азшылық топтардың сепаратистік пиғылдары табылады. Қазіргі кезеңде төл этнос та, диаспоралар да Конституция бойынша саяси субъектілер болып табылмайды. Төл этносқа саяси субъектілік тек бірінші алғаш Конституцияда «Қазақстан – бұл өзін-өзі анықтаған қазақ ұлтының мемлекеті» деген анықтамада көрініс тапқан. Ал қазір жағдай басқаша. Саяси субъектілік құқығы белгілі бір этносқа берілмеген деген пікірлер кездеседі [180].

Мемлекеттің тұрақты дамуы, елдегі саяси тұрақтылықты орнату жолында этносаралық келісімді қамтамасыз етудің жолы дұрыс таңдалған болатын. 20 жылдың ішінде қазақстан халқын толерантты, бейбітшіл халық ретінде әлеммен мойындауына қол жеткіздік. Бұл үлкен жетістіктерінің бірі болып бағаланады. Әрине, мұнда барша халық тарапынан үлкен күш жұмсалып, ортақ еңбектің арқасында жеттік деуге болады. Этносаралық келісім мен бейбітшілікті орнатуда қазақ халқының да үлесі аз болмады. Ежелден қонақжайлылығымен, кең пейілділігімен ерекшеленетін қазақ халқы Ресейдің отарлау саясатының құрбаны болған азаматтарды кең құшақпен қарсы алды. Қазақ халқына артылған жүк әлі де аяқталған емес. Осы орайда елдің ұйытқысы болуда қазақ ұлтына үлкен жауапкершілік артылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Барлық ұлт өкілдерімен тіл табысып, тату-тәтті, бейбітшілік пен келісімде өмір сүру – **барша қазақтың басты қағидасы** болуы шарт» деп көрсеткен. [1]. Бұл бір қырынан, қазақ

ұлтшылдығының алдын алу әрекеті ретінде қарастырылса, екінші қырынан, қазақ ұлтының өз жерінің иесі ретінде мәртебе берілгендігін көрсетеді.

Дегенмен де этносаралық келесім мәселелері бірегейлік, ұлттық идея арқылы орнауы мүмкін емес. Ол бірнеше жылдар бойы халықтың санасында қалыптасып, дамуы қажет. Сонымен қатар қазіргі кезеңде елдің демократиялық даму жолында елді жұмылдыратын бірден-бір ұтымды жол ретінде азаматтық бірегейлікті қалыптастыру табылады.

Ал азаматтық бірегейліктің негізінде адамның тумысынан қоғамға мүше болу қажеттілігі жүзеге асады. Ол қажеттілік қазіргі таңда отан, мемлекет, ел іспеттес құбылыстармен тығыз байланыста болады. Аталмыш құбылыстардың қоғамға қажетті құндылықтар мен мақсаттарды айқындауы уақыт өте, заман өзгере берген сайын ауысып, күрделене береді. Елу жыл бұрынғы құндылықтар қоғам санасында өз қажеттілігін жояды. Оның орнына заман талабына сай жаңа құндылықтардың келуі заңдылық ретінде қарастырылады. Осы орайда қоғамға қажетті заман талабына сай, қоғамның тыныштығы, қауіпсіздігін сақтау мақсатында мемлекет өз алдына жаңа мақсаттар мен міндеттерді айқындауы шарт.

Ғылымның мәдениеттану саласы терең зерттегендей қоғамның санасындағы құндылықты бағдар мен жаңа сананың орнауына бірнеше жылдар қажет болады. Ал құндылықтардың дер кезінде анықталмауы, жүзеге аспауы қоғам мен мемлекеттің арасындағы мүдделік қарама-қайшылықтарға әкеліп соғады. Сондықтан қазіргі кезеңде этностық құндылықтар аса назар аударылып келеді.

«Қазақстанның бәсекеге қабілетті әлемнің 50 мемлекеттері қатарына кіру стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция нәтижесінде қазақстандықтардың азаматтық және этностық өзіндік санасы, оның ішінде қазақ өзіндік санасы қоғам алдында тұрған көптеген шығармашылық мәселелерді шешуде стратегиялық ресурс болып табылуы мүмкін деп көрсетіледі [60].

Сондықтан қазақстандық бірегейлігінің мазмұнын тереңдету қажеттілігі орын алуда. Өйткені, қазіргі таңда «қазақ» пен «қазақстандық» бірегейлік арасында біршама алшақтықтар байқалып келеді. Шет елге білім сайысына барған жас орыс ұлтының өкілі өзіне «қазақ» деп қайырылса, «мен қазақ емеспін, қазақстандықпын» деп өзінің қазақ ұлтына емес жалпы адамзаттық, Қазақстан қоғамына тиістілігін көрсету орын алып келеді. Ал қазақ жастарының арасында көбінесе «қазақ» ұғымын патриоттық ұғыммен тең қабылдауы жиілеп келеді. Бұл орайда аса назар аудруды талап ететін жәйт, қазақ патриоттығының мемлекеттік патриоттығымен анықталуы.

Сонымен қатар шет елге барған Қазақстан азаматтарды көп жағдайда «kazakh» деп атап ұлттық бірегейліктің көрінісі байқалады. Бір қызығы Америка Құрама штаттарына көшіп барған Қазақстан азаматтарын үлкен Уикипедия ақпарат беру сайтында «Kazakh Americans» деген анықтама береді. Бұл бір қырынан азаматтың шығу тегіне мән берілсе, екінші қырынан «үлкен қайнаушы қазан» саясатын ұстанып келген АҚШ өзінің азаматы ретінде ортақ бірегейлікке бағындырғанын көрсетеді.

Ал ішкі мемлекеттегі жағдай мүлдем басқаша. Қазіргі таңда түрлі этнос өкілдері өздерін «қазақстандықпыз» деп атаса, қазақ ұлтының өкілдері өздерін «қазақпыз» деп анықтайды. Яғни, бұл орайда үлкен мәселе «қазақ» бірегейлігінің астарында тек қана этностық құндылықтар орын алған. Бұл өз кезегінде қоғамның ішінде азаматтардың бөлшектенуіне әкеліп соғады. Осы орайда қазақ ұлты санының күннен-күнге өсіп келе жатқандығын, сонымен қатар қоғамішілік мәдени, әлеуметтік айырмашылықтардың ұлғая бастағынын ескере отырып, қазақ ұлтының азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда үлесіне мән беру қажет.

Соңғы кезеңдегі қазақ ұлтының өзіндік этностық санасының жанданып, дамып келе жатқаны байқалады. Сондықтан, қазақ ұлтының санының күннен-күнге өсіп келе жатқанын ескере отырып, азаматтық бірегейлікті қазақ бірегейлігінің негізінде қалыптастыру мәселесі орынды деп есептейміз.

Ал қазақ ұлтының қазіргі таңда бірнеше бірегейлікке бөлінгендігін ескеретін болсақ, осы тұста азаматтық бірегейлікті қалыптастыру арқылы да ортақ мүддеге мойынсұнып, бір шаңырақтың астында бірігуіне қол жеткізуге болады. Сонымен қатар «бірлік көптүрлілікте» идеясы өзінің қажеттілігін жойып бара жатқан сияқты. Мұны әлемдік тәжірибе де дәлелдеп келеді. Осы уақытқа дейінгі мультимәдениеттілік батыс ғылымында кері әсері жағынан көп сипатталуды. Әлемдік саясатта мультимәдениеттілік идеясын Германияда А.Меркель, Ұлыбританияда Д.Кэмерон, Францияда Н.Саркози қатаң сынға алды. Бұл көптүрлілікте бірлікте сақтау мүмкін еместігін білдіреді. Әрине, аталған мемлекеттерде мультимәдениеттіліктің анық көріністері әрбір аумақта мемлекетішілік топтардың мекен ететін мәдени анклавтарында байқалады. Дегенмен де Қазақстанның кейбір аумақтарында, кішігірім ауылдарында сол батыс мемлекеттеріне ұқсас аудандардың бар екеніне көз жеткізуге болады. Осы тұста Қазақстан халқын біріктіру жолында бір мәдениеттің қажеттілігі орын алып отыр.

Сондықтан қазіргі кезеңде біздің қоғам басынан кешіріп отырған жүйелі дағдарыстың жағдайында халықтың түрлі полиэтносты құрамы әлеуметтік консолидация үдерісін тежейтін мүмкін болатын қауіп ретінде бағаланады. Ол кейбір жағдайларда этномәдени көрсеткіштер бойынша ішкі қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыратын фактор болып табылуы мүмкін [181, 186].

Өйткені, кейбір ғалымдардың пайымдауынша, Қазақстанда этносаралық қатығыстар орын алды. Ондағы ұлтаралық қатығыстардың акцияларына келесілерді жатқызуға болады: Жаңаөзендегі этностық қатығыстар, Талдықорған облысы Қазансу ауылындағы, Алматы облысы Ұзынағаш қаласындағы, Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласындағы, Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы ұлтаралық қатығыстар [182]. Дегенмен де олардың барлығы қатығыстардың себептері тұрғысынан басқа елдерде өтіп жатқан қатығыстардан ерекшеленеді. Қазақстандағы этносаралық қатығыстардың басты себептері ретінде мәдени ерекшеліктер, этнократиялық пиғылдар емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар болып есептеледі. Сондықтан да ғалымдар елдегі қатығыстарды тұрмыстық жанжалдар деп есептейді. Ал қазақ этносының ұлттық санасының жанданып бара жатқан

жағдайда этносаралық қатығыстардың ылдын-алу үшін ұлттық идеологияны бекітіп, азаматтық бірегейлікті қалыптастыруды қолға алу қажет.

Осы орайда қазақ халқының құндылықтары негізінде азаматтық бірегейліктің басты компоненттерін анықтау қажеттілігі орын алады.

Қазақстан мысалындағы азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бір мемлекет құраушы этностың негізінде қолға алу көптеген кедергілерге ұшырайды.

Бірінші кезекте, ұлтты біріктіруші фактор ретінде барлық мемлекеттерде ұтымды қолданылып келген тілдік ортақтық Қазақстан халқы, оның ішінде қазақ ұлты өкілдерінің арасында толық меңгеруде қиыншылықтарға толы болып отыр.

Ал азаматтық бірегейлікті тек қана қоғамның либералды құндылықтарының негізінде қалыптастыру уақыт өте келе және заң алдында теңдік басымдығын ұстанып келген жағдайда ұлттық диаспоралардың органикалық дамуы мен қалыптасуы орын алып, мемлекетте ірі этносаралық жанжалдар мен қатерлер орын алуы мүмкін. Сондықтан елдің этностық көптүрлілік қасиетін сақтау отырып, қазақтардың консолидациясын ұлттық саясаттың басты бағыты ретінде қарастыру және бүкіл этностық топтарды біздің ортақ Отанымыздың өркендеуі идеясы төңірегінде топтастыру қажет [183].

Ал бұл кезекте қазақ бірегейлігінде де кездесетін мәселелер аз емес. Қазақ бірегейлігі күрделі, көп деңгейлі құрылымды қамтиды. Сонымен қатар қазақ бірегейлігінде көптеген кішігірім локальды қазақ бірегейліктерінен тұрады. Олар әлеуметтік теңсіздік, діндарлықтың деңгейімен, тұрғылықты мекені бойынша (ауыл/қала), қазақ тілін меңгеру деңгейімен («таза қазақ», «шала қазақ», т.с.с.), «асфальтті қазақтар», яғни қалада өскен қазақ азаматтары негізінде бірнеше топтарға бөлінеді. Сонымен қатар қазақтардың тағы бір жеке тобын шет елден қайтқан оралмандар құрайды. Ішкі этностық бірегейлікке тағы елеулі әсер ететін фактор қазақтардың жүзге, руға бөлінуі. Мұның барлығын қазақтардың ішінде жүретін ішкі этностық шекаралар ретінде қабылдаса болады. Қазақтар арасында бірегейлену үдерісінде тағы бір кездесетін мәселе этносаралық некеден туылатын балалар [184, 266.]. Сондықтан қазіргі кезеңдегі мемлекет алдында тұрған басты мақсат қазақ этносішілік интеграцияны ұлттық мемлекеттік негізі ретінде тану, қазақ бірегейлігін нығайту. Бұл өз кезегінде ұлттық бірегейлікті қалыптастыра отырып, елдің біртұтастығының кепілі болмақ.

Б.Әбдіғалиевтің пікірінше, мемлекеттегі саяси және әлеуметтік тұрақтылық, оның қазіргі жай-күйі мен болашағы мемлекет құраушы ұлт – қазақ ұлтының даму деңгейінен тәуелді болып табылады. Қазақтардың басым бөлігінің материалдық, әлеуметтік-психологиялық жай-күйінің нашарлауы, өздерінің тіл мәртебесіне қанағаттанбауы, ұлттық мәдениет пен білім берудің жағдайына көңіл толмауы, сонымен қатар аталған мәселелерді түрлі саяси күштердің пайдалануы Қазақстан үшін күрделі қауіп төндіреді [183].

Осы орайда азаматтық бірегейлікті қазақ ұлттық бірегейлігінің негізінде қалыптастыру келесі мәселелерді шешуге септігін тигізеді деп есептейміз:

1. бүкіл Қазақстан азаматтарын тілдік және ұлттық тарих, патриоттық сезім негізінде біріктіру;
2. қазақ ұлтының арасындағы түрлі кішігірім бірегейліктердің басымдыққа ие болуын алдын алу;
3. мемлекеттің дамуына өз септігін тигізетін белсенді азаматтарды тәрбиелеу;
4. ұлттық демократиялық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру.

Қазіргі таңда бүкіл халықты біріктіру мен жұмылдыруда көптеген ресми, мемлекеттік құжаттар бекітіліп, жүзеге асуда. Дегенмен де қазақ ұлтын біріктіретін құжат жоқтың қасы. Осының салдарынан қазақтардың ортақ бірегейлігі нық қалыптасты деп айтуға болмайды.

Кез-келген бірегейлік уақыт пен кеңістіктің жемісі ретінде ұрпақтар арасында жалғасып, өзгеріске ұшырап отыр. Қазақстанда елді біріктіретін ортақ бірегейліктің болмауы кеңестік бірегейліктің сипаттары әлі сақталғандығының нәтижесі ретінде түсіндіріледі. Әрбір ұлттық идеология элитамен құрылатынын есепке алатын болсақ, қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасындағы саяси элитаның басым бөлігі сол кеңес заманының өкілі болып табылады. Бұл өз кезегінде ұлттық мемлекетті қалыптастыруда кедергілер келтіретінін білдіреді.

Қазіргі кезеңде көптеген зерттеулер қазақтардың бірегейлену үдерісінде тек қана Қазақстанның ғана емес, басқа шет елде мекен етіп отырған қазақтардың этностық, ұлттық бірегейлігі ерекше, маңызды орынды иемденеді. Бұл азаматтық бірегейліктегі этностық компоненттің дамып, маңызды бола бастағанымен тығыз байланысады [185, 35б.].

Сондықтан азаматтық бірегейлікті қалыптастыруда төл этностың рухани, мәдени, тарихи алғышарттар негізінде дамыту елдің болашақтағы саяси, әлеуметтік тұрақтылығына үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Ал қазақ бірегейлігі – бұл үштіктің бір элементі болып табылады. Үштік қазақ бірегейлік, ұлттық идея, қазақ мемлекеті сияқты басты элементтерден тұрады деп есептейді Е.Ерғалиев [186].

Азаматтық бірегейлік қалыптасуының қазақстандық үлгісін С.Хантингтон ұсынған үштіктің негізіне салып көретін болсақ, яғни тіл, мәдениет, дін (АҚШ-тағы ағылшын тілі, англо-саксондық мәдениет және протестанттық дін) Қазақстанда сол үшеуінің де осал қалыпта екенін көруге болады.

Қазақстанда әлі де болса қазақ тілінің таралуы, барша халықтың қазақ тілінде сөйлеу үдерісі аяқталмады деуге болады. Қазақ тілі әлі де тек кеңею үстінде. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болып, мемлекеттік тараптан қазақ тілдің дамуына барша жұмыстар жасалғанымен қазақ тілі елді жұмылдырушы, барша қазақстандықтарды біріктіруші құралға айналмағандығы байқалады.

Р.Қадыржановтың пікірінше, республикада басқа этностардың тілдерінің ішінде қазақ бірегейлігінде басты орынды қазақ тілінің мәртебесі атқарады. Қазақ тілінде сөйлейтін азаматтар ғана өздерін толыққанда «мен қазақпын» деп анықтайды. Сол себепті қазақ бірегейлігі ұлттық бірегейлікке сәйкес болуы қажет деп есептейді [187, 56б.].

Сонымен қатар мемлекеттік қазақ тілін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралы ретінде айқындау орынды. Өйткені, Қазіргі заман жағдайында мемлекеттіліктің келешегі тікелей мемлекеттің ұлттық құндылық жүйесін қорғау және оны дамыту қабілетіне тәуелді. Ұлттық құндылықтарды қорғау елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында басты шарттардың бірі болып табылады. Сол сияқты, өзін өзі тануды мемлекетпен жоғалту мен тұтас құндылық базаның жоқтығы ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төнуді білдіреді. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды фактор мемлекеттік тіл болып табылады. Яғни, Мемлекеттік тілдің дамуы Қазақстан азаматтарын біріктіріп, ел ішінде әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлесін қосады [188, 40б.].

Л. Пуховичтің пікірі бойынша ұлттық идентификацияның бір бөлігі ретінде мемлекеттік тіл мәселесі елдің қауіпсіздігіне және тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, тіл мәселесінің сәтті шешілуі демократияның дамуына айтарлықтай септігін тигізеді және мемлекеттің бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруіне алғы шарттар туғызады [189, 440б.].

Жоғарыдан байқағанымыз, тілдік ортақтық халықтарды біріктіру мен қоғамдық, этносаралық келісімді нығайтуды үлкен рөл атақарады, сол сияқты этносаралық қатынастарды үндестірудегі факторы болып табылады.

Б. Әдіғалиевтің ойы бойынша, ұлттық тұтастықтың жаңа негіздерінің бірі Қазақстан азаматтарының қазақ тілін білуі болып табылады. Тұрақтылық пен өркендеудің кепілі қазақстандықтардың тілдік ортақтығында жатыр, яғни орыс және қазақ тілдері өзара түсінушілік пен сыйласу нышаны болып табылған кезде аталмыш жетістіктерге жетеміз [182]. Сондықтан мемлекеттік тілге тек қана қатынас, байланыс құралы ретінде ғана қарамай, өзара түсінушіліктің, достастықтың, құрметтің белгісі ретінде қарастыру жөн.

Жалпы, тіл қатынас, байланыс құралы, сол сияқты Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев айтып кеткендей «қазақстандық халықты біріктіре алатын қуатты қару да болып табылады» [190]. Оның ойы бойынша, жойылуға жақын болған қазақ тілі, беделге ие болып, тәуелсіздікпен бірге қайта жанданды.

Мұндағы мемлекеттік тіл ұлттардың шынайы мемлекеттілігін алу үдерісі барысында мақсатқа жетудің құралы ретінде алдыңғы қатарлы қызмет атқаратындығын ерекшелеп айтуымыз жөн, себебі, мемлекеттік тіл – біртұтас ұлтты қалыптастырумен қатар, тәуелсіздікті сипаттаушы фактор. Ал оның дамуы Қазақстан азаматтарын біріктіріп, ел ішінде әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлесін қосады. Демек, мемлекеттік тіл мәселесі еліміздің қауіпсіздігіне, мемлекеттің нығаюына тікелей қатысты мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі ел ішіндегі тұрақтылықпен қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының әр азаматының қоғамда тату-тәтті өмір сүруі — қауіпсіздіктің нышаны. Мұны негізге алып әр Қазақстан азаматы жекеленбей біртұтас Қазақстан Республикасының азаматы екенін сезініп, өз жерінің патриоты болу өзекті. Басты қағида – мемлекеттік тілді меңгеру, оны қорғау. Қазіргі таңда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне деген үлкен үміт артуда. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-

коммуникативті және жұмылдырушы қызметін кеңейту өзекті мәселе, себебі елдің тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тең. Қазақстанның барлық этнос өкілдеріне қазақ тілін қолдану келешегі ассимиляция саясаты болып табылмайды, тек елде ұлттық идентификацияны құруға септігін тигізеді [188].

Осы тұста ғылымның алдында тұрған үлкен мәселе шындығында да қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде елді жұмылдырушы рөл атқара алады ма?

Президенттің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттерді басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тіл саясатында жаңаша бір тың көзқарас пен серпін пайда болды. Мұндағы басты ерекшелік «Үш тұғырлы тіл» болып табылады. Қазақстан Республикасында үш тұғырлы тіл саясатын дамытудың өзектілігі мен мәнін мойындай отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілі саяси, экономикалық және кадрлық қолдауды қажет ететіндігін ескерді. Қазақстан Республикасы бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылу қажеттігін ерекшелеп өткен болатын (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі) [188].

Осылайша мемлекет тарапынан қазақ тілін дамыту «үштұғырлы тіл» жобасы арқылы жүзеге асыру саясаты қолға алынған болатын. Аталған жобаға сәйкес, қазақ тілі орыс және ағылшын тілдерімен қатар барлық меңгерілуі тиіс деп табылған. Алайда «үштұғырлы тіл» жобасы қазақ тілінің дамуына айтарлықтай үлес қоспағандығы байқалады. Дегенмен де «үштұғырлы тіл» жобасының басты идеясы үш тілді бірдей сөйлейтін азаматтардың бойында толеранттылық сезімді дамыту еді. Өйткені, көптеген зерттеулер дәлелдегендей көп тілде сөйлейтін азаматтардың бойында толеранттылық сезімі анық байқалады.

Дегенмен де қазақ тілі аймақтық ерекшеліктерге тап болды. Қазақстан Республикасында қазақ тілінде барлық аймақ тұрғындары бірдей сөйлемейді. Яғни қазақ тілінің қолдану аясы әр аймақ, облыста өзіндік ерекшеліктеріне кездеседі. Сондықтан тілдік ортақтықты, азаматтық бірегейлікті талқыламас бұрын әр аймақтағы тілдік жағдайға мән беру қажет.

Осы орайда ғалымдардың айтуынша Кеңес уақытындағы Қазақстандағы тілдік жағдай төмендегімен ерекшеленеді:

- Біріншіден, қазақ тілі мен орыс тілінің қолдануы өздерінің аясы жағынан бірдей болған емес;

- Екіншіден, қазақ тілі мен орыс тілінде сөйлейтін адамдар бір-бірімен аз араласты, өйткені орыс тілді азаматтар көбіне тек ірі қалаларда тұрса, қазақ тілінде сөйлейтін адамдар ауылдар мен кішігірім қалаларла мекен етті [191].

Ал Қазақстан тәуелсіздік алып, мемлекеттік тіл ретінде – қазақ, ал ресми тіл ретінде – орыс тілін тану, тіл саясатын жүргізу нәтижесінде елдегі ішкі аймақтарда тілдік жағдай өзгере бастады. Бұл бір жағынан, әр аймақтағы этнос өкілдерінің түрлі шоғырлануымен байланысты болса, екінші жағынан, аймақтық тіл саясатының толық қалыптасып бітпеуімен, нақты мақсат, міндеттерінің жоқ болғандығымен түсіндіріледі [188].

Оның үсетіне елде қазақ тілін меңгерген азаматтар санының аз болуын байқауға болады. Сонымен қатар, барша халықтың санасында, түрлі этностар өкілдерінің санасында мемлекеттік тілді меңгеру міндет ретінде қабылданбайды. Мемлекеттік тіл коммуникациялық функция атқармай, тек бейнелік функция атқаруы байқалып келеді. Қазақ тілі тек қана мемлекеттік құжаттарда, хат алмасуларда, ресми жарияланымдарда қолданылып келеді. Осымен бірге Қазақстанның жиырма жылдық Тәуелсіздігіне қарамастан, мемлекеттік тіл қазақстан қоғамын біріктіруде елеулі рөл атқара алмай келе жатқандығын көрсетеді.

«Үш тұғырлы» тіл жобасына қатысты ғалымдардың пікірінше, Қазіргі таңдағы билік қазақ тілі елдегі тұрып жатқан барлық этнос өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастаған кезде ғана мемлекеттік тіл болып дамитынын жетік түсінбейді. Дегенмен де олар мемлекеттік тіл мәселесін шешуден бас тартатындар позициясы күшейіп келеді. Кезінді Қазақстан орыс тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру мәселесі талқыланған жағдайда қатты сыни талқылаулар көбейіп кетті. Сол себепті билікте отырған сол күштер өздерінің ойларын жүзеге асыру мақсатында «Үштұғырлы тіл» жобасын ұсынған болатын [192].

Сонымен қатар қазіргі кезеңде бұқара ақпарат құралдарында дуалистік бастаманың орын алатыны көзге түседі. Яғни, қазіргі таңда орыс және қазақ тіліндегі бұқара ақпарат құралдары екі түрлі құндылықтарды дәріптеп келеді. Қазақ тілді басылымдарда, телеарналарда, ғаламтор беттерінде этностық ұлтшылдықтың көріністері орын алады. Сондықтан этностық тиістілігіне назар аудармай, халықты біріктіретін жол іздестіру қажеттігі орын алып тұр.

Осылайша азаматтық бірегейлікті қалыптастыру жолында бірінші кезекте бүкіл әлемде ұтымды қолданып жүрген, халықтың жұмылуына бірден-бір басты фактор ретінде мемлекеттік тілді жалпы халықтық қолданыста жүретін тілге айналдыру қажет. Ол үшін мемлекеттік іс-қағаздарды қазақ тілінде ғана жүргізу қажет деп есептейміз.

Сонымен, ұлттық (азаматтық) идентификацияның бөлігі ретінде мемлекеттік тіл мәселесі қазақстандық қоғамында сәтті интеграциялық процесінде маңызды рөл атқарады. Мұнда жаңа азаматтық тұтастықтың негізі ретінде Қазақстан азаматтарының мемлекеттік тілді білуінде болып табылатындығы объективті құбылыс ретінде көрініс табады.

Сонымен бірге қазіргі таңда қазақ бірегейлігін, өзіндік санасын дамытуда Қазақстандағы қазақ тілін латын тіліне көшіру мәселесі үлкен рөл атқаруы мүмкін. Аталған қадам қазақ тілінің отаршылдық әсерден бас тарту ниеті ретінде қарастырылады. Қазіргі кезеңде бүкіл түріктердің ұлы Президенті Кемаль Ататүріктің латын әліпбиіне көшіру қазіргі кезеңдегі түріктерді ұлт ретінде қалыптастыруда үлкен үлес қосқандығы анықталды. Сол себепті қазіргі кезеңде ұлт қалыптастырудың әлемдік тәжірибесін қарастыра отырып, аталған қадамның оң нәтиже беретіндігі байқалады.

Латын тіліне көшіруді қазіргі Қазақстан халқының қолдауы қоғамның бір қырынан «дертіне», екінші қырынан, коммуникация алаңына айналған әлеуметтік желілерде қолданысқа ие бола бастағанынан көрсе болады.

Көптеген ғаламтор пайдаланушылар латын тілінде ойларын жеткізуге бет бұра бастағанын байқауға болады. Дегенмен де қазақ тілінің латын тіліне көшуі күрделі зерттеулер мен ұзақ уақытты талап етеді.

Мемлекеттік тіл мәселесі Қазақстан Республикасының әрбір азаматына әсіресе, қазіргі жаһандану үдерісінде өркениетті болашақ үшін өзекті болуда. Себебі мемлекеттік тіл ұлт пен этностардың арасындағы қарым-қатынасты нығайтатын механизм ретінде ынтымақтастықты арттырады. Мысалға, мемлекеттегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренудегі талпынысы өз тілін білмейтін азаматтарға мемлекеттік тілді меңгеруге ынталандыру механизміне айналуы мүмкін. Ал бұл өз бетінде қоғамды бір жүйеге келтіріп, ынта бірлікті нығайтады. Демек, мемлекеттік тіл саясаты бүкіл Қазақстанда тұратын этнос өкілдерін ыдырату мақсатын көздемей, керісінше, бүкіл Қазақстан халқын біріктіруші құрал рөліне ие. Егер кез келген этнос сол халықтың жерінде тұрып жатқанын, оның табиғи, материалдық, мәдени және рухани байлықтарын пайдаланып жатқанын ескеретін болсақ, сәйкесінше, сол халықтың тілін меңгеру, білу міндет. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ортақ тілдің болуы мемлекеттік бірлікті құру мен қоғам тұрақтылығын сақтаудың аса маңызды бөлігі болып саналады [188].

